Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

ӘОЖ: 821.512.122.0 Қолжазба құқығында

Оспанова Гулмария Турысбековна

Қазіргі қазақ әңгімелеріндегі этномәдени құндылықтар көрінісі

6D021400 – Әдебиеттану

Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесші:
филология ғылымдарының кандидаты,
А.Ш.Асқарова

Шетелдік кеңесші:
доктор, профессор
Диана Немец-Игнашева

Алматы, 2024

МАЗМҰНЫ

АНЫҚТАМАЛАР
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР
КІРІСПЕ.....6
1 ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ӘҢГІМЕЛЕРІНДЕГІ ЭТНОМӘДЕНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ӨРІСІНІҢ ТАРИХИ БАСТАУЛАРЫ
1.1 Этномәдени құндылық ұғымының тарихи негіздері.....10
1.2 Қазіргі әңгімедегі этномәдени құндылықтар дискурсы.....25
1.3 Шерхан Мұртаза әңгімелеріндегі этномәдениет интерпретациясы...36
1 тарау бойынша тұжырым.....61

2 ҚАЗІРГІ ӘҢГІМЕДЕГІ ЭТНОМӘДЕНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ ҰЛТТЫҚ СИПАТЫ.....64
2.1 Салт-дәстүр арқылы көрініс тапқан этномәдени құндылықтар.....65
2.2 Ұлттық құндылық ретінде дәріптелетін рухани-адамгершілік қасиеттер.....92
2.3 Асқар Алтай әңгімелеріндегі аксиологиялық парадигмалар.....118
2 тарау бойынша тұжырым.....136
ҚОРЫТЫНДЫ.....138
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....142

АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі анықтамалар сәйкес терминдер қолданылған:

Дискурс (франц. discours, ағылш. disourse) – структуралистер енгізген көп мәнді ұғым. Дискурс – түрлі дискурстық тәжірибелерде жүзеге асатын семиотикалық үдеріс. Дискурс – жазба немесе ауызша сөйлеу қызметін ұйымдастырудың ерекше тәсілі мен ережесі.

Интертекст – бір мәтіннің басқа мәтінмен байланысы, мәтін мағынасын автор белгілегендей етіп өзгеретін мәтіндердің диалогтық қарым-қатынасы. Модернизм мен постмодернизмдегі мәтіннің басқа мәтіндерден алынған дәйексөздерден, реминисценциядан құралатындығына негізделген көркем мәтінді құраудың негізгі тәсілі.

Парадигма (гр. – мысал, үлгі деген мағынаны береді) – зерттелетін мәселені шешу үшін үлгі ретінде алынған теория; теориялық көзқарастардың методологиялық принциптердің, әдістемелік қабылдаудың және эмпиризмдік нәтижелердің бірігу жүйесі; ғылымның белгілі бір даму кезеңінде ғылыми қауымдастықпен қабылданған және болжамдарды ғылыми ұғыну үшін, ғылыми таным процесінде туатын міндеттерді шешу үшін үлгі, модель, стандарт ретінде пайдаланылатын теориялық және әдістемелік ережелер жиыны.

Постмодернизм (лат. post. – кейін, фр. moderne – жаңа, қазіргі) – тарихи, әлеуметтік, ұлттық мәнмәтінге байланысты жылжымалы, әрі көп мәнге ие философиялық, эпистемологиялық, ғылыми-теориялық ұғым-түсініктердің, тұжырымдамалардың жиынтығынан тұратын бағыт.

Этникалық мәдениет – этникалық өзгешелігі бар мәдени элементтер мен құрылымдардың жиынтығы. Ол – адамның қоршаған ортаға бейімделуіне бағытталған *адамзат мәдениетінің аймақтық көрінісінің негізгі түрі.* Этникалық мәдениет – этнос мәдениетінің маңызды компоненті, әр түрлі элементтер мен құрылымдардың ерекше этникалық бояуының болуына тәуелсіз, аймақтық топтарға, аталған этностың жеке өкілдеріне тән болатын мәдени жетістіктердің жиынтығы ретінде түсіндіріледі.

Идеология (ideology) – Карл Маркс үшін билеуші таптың билік жүргізу идеялары. Уақыт өте келе адамдардың экономикалық өмірінің өзгеруіне қарай байлық пен билікті әділетсіз бөлуді ақтап алатын идеялар да өзгеріске ұшырады. Иерархия алдындағы борыштар сезімін мойындаған ежелгі діни идеялар «ақсүйек» деп қабылданған әлеуметтік топтармен бірігіп, қасиетті касталардың билігін заңдастырды. Кейін азаттық немесе еркіндік идеялары саудагерлер мен өнеркәсіп иелерінің шағын тобына байлықты шектен тыс жинауды заңдастырып берді. Француз философы Луи Альтюссер идеологияны жеке даралық қасиеті деп сипаттады (адам өзін капитализм ережелеріне бағындыратын мектеп, білім сияқты институттар шеңберінде қоғам мен

мәдениеттегі рөлдер мен тәртіп ережелерін бойына сіңіруші етіп емес, иллюзияның арқасында барынша еркін адами субъект ретінде сезінеді).

Мәтін мәтіндік (text, textuality). Жак Дерриза адам әдебиеттегі мәтіннің мағынасына ұласып, айтылған дүниенің соңына жеткенде әдеби мәтіннің сөздік құрылымынан шығармадағы идеяға немесе шығарманың мәніне немесе референтке (мысалы, автордың өміріне) өтер болса, фактілер текстураның бір түрінен екіншісіне, референттің бірінен екіншісіне өтеді дегенді алға тартты.

Біз мағыналық процестер мен құрылымдар әдеби шығарма шеңберінде ғана аяқталады деп ойлаймыз, ал оның сыртында тұрған дүниелерді «шынайы», «мәнді», «материалды», «тарихи», «әлеуметтік», «семантикалық», «концептуалды» және «биографиялық» т.б. деп ойлаймыз. Бірақ сыртқы әлемдегі бұл заттардың барлығының әдеби мәтіндегі текстурадан ешқандай айырмасы жоқ өзіндік текстурасы бар. Олардың барлығы мәтіндегідей бір-бірімен байланысты және әрқайсысы өз кезегінде сыртқы көрінісі үшін маңызы зор тағы бір бөлшекпен байланысып тұрады. Әлем әдеби мәтіннен өзгеше емес. Оның текстологиясы бар.

Біз дифференциялды қатынастан өте алшақ кейіпте санамызда ғана өмір сүретін «шынайы» ақиқат бар деп ойлаймыз. Бірақ бұл – жаңсақ пікір.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚР - Қазақстан Республикасы
ҚР БжҒМ - Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі
ЖОО - жоғары оқу орыны
PhD - философия докторы
т.б. - тағы басқа

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Әдебиетте жалпыадамдық құндылықтар – жеке ұлттық мәдени, рухани игіліктерді сақтап отыратын мәдени құбылыс ретінде әрдайым өзекті. Мәдени кеңістік адамның тұлғалық қалыптасуында аса ықпалды категорияның бірі ретінде ұдайы назарға алынып отырады.

Этномәдени құндылықтар және оның көркем әдебиет арқылы көрініс тауып, дәріптелуі тұрғысында қазіргі заманғы әлеуметтік ортаның жағдайы, не жеке тұлғаның кісілік қалпы, құлқы мен әрекеті және оның көркем образ деңгейінде ашылу құбылыстары – арнайы зерделеуді қажет ететін маңызды рухани жалпыадамзаттық факторлар. Осыған орай, қазіргі уақытта әлеуметтік орта құндылықтарын әлеуметтану, психология, тарих, педагогика сынды ғылым салалары арнайы зерттеу нысаны етіп қарастырады. Этномәдени құндылықтар – адам баласының өзін қоршаған табиғи, әлеуметтік ортамен қарым-қатынас ұстанымы, өзіне қатысты, туған ұлтына қатысты бұлжымайтын, тұрақты рухани тіректері болып табылады.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Этномәдени құбылыстың жекелеген салт-дәстүрлер, ғұрыптық ерекшеліктер, әдеп пен әдет төңірегінде ғана танылмайтындығы, адам баласының тіршілігінде қастер тұтатын ұлттық дүниесінің барлығы – құндылық екендігі бағамдалды. Олар жұмыста ең біріншіден, табиғатқа және адамның айналасындағы заттарға қатысты – *материалдық құндылықтар,* екіншіден, «өзім және өзге» қарым-қатынас жүйесін анықтайтын – *әлеуметтік құндылықтар,* үшіншіден, жеке адамға қатысты «мен» және «менікі» - *этникалық рухани-адамгершілік құндылықтар* болып қарастырылды. Сондықтан «құндылық» ұғымын айқындайтын термин сөздердің өзінен бір жеке зерттеу жазуға болар еді. Демек, қазіргі жаһандану дәуірінде көп өзгерістерді сіңіріп, түлеп, трансформацияланып жатқан этномәдени құндылықтардың әдеби шығармадағы көрінісі – тарихи, әлеуметтік, ұлттық мәнмәтінге байланысты қолданбалы әрі көп мәнге ие философиялық, эпистемологиялық, ғылыми-теориялық ұғым-түсініктердің жиынтығы мәнінде қарастырылды.

Зерттеудің мақсаты: қазіргі қазақ әңгімесіндегі этномәдени құндылықтар жүйесінің көрініс беру ерекшеліктерін зерттеп, оның отандық әдебиеттегі рухани-эстетикалық ықпалын анықтау.

Диссертация жұмысының мақсатына жету үшін қойылған **міндеттер**:

- Тәуелсіздік тұсында қазақ әңгіме жанрында этномәдени құндылықтарды өзек еткен қаламгерлердің (Ш.Мұртаза, Қ.Жұмаділ, М.Мағауин, Б.Нұржеке, Т.Нұрмағамбетов, А.Алтай, Н.Ораз, Ж.Қорғасбек, Р.Мұқан, А.Кемелбаева) жазу тәсілін мазмұндық, құрылымдық, стильдік тұрғыдан саралау;
- әлемдік әдеби дамудың жаһандану тұсында қазақ әңгімесінің трансформациялануын салыстыра қарастырған зерттеулерге талдаулар жасау;

- әдебиеттегі аксиология тұрғысындағы пайымдаулар негізінде қазақ әңгімесіндегі аксиология проблемасын нақты мәтіндер негізінде зерделеу тәжірибесін қалыптастыру бойынша жұмыс жүргізу;

- XXI ғасырдағы әдеби дамудың этномәдени құндылықтар бағытындағы ерекшеліктерін қазақ әңгімесінің қазіргі көркемдік өрісі бойынша бағамдау, тану ұстанымында ғылыми-теориялық байламдар жасау.

Зерттеу әдістері. Этномәдени құндылықтар теориясын, қазіргі заманғы қазақ әңгімесіндегі этномәдени құндылықтар көрінісін, поэтикалық элементтерінің қолданылу қисындарын зерттеу барысында тарихи-салыстырмалы әдіс, интертекстуалдылық, құрылымдық, семиотикалық, герменевтикалық зерттеу әдістері ғылыми басшылыққа алынды.

Тақырыптың зерттелу деңгейі. Қазақ әңгімесінің жанрлық сипаттамасы бойынша қазіргі әңгімедегі тәуелсіздік идеясы, ұлттық құндылықтар бағытында XX ғасырдың өн бойында, кейінгі кезеңде жазылған зерттеулерде әңгіме жанрының қазақ әдебиетіндегі қалыптасу, даму тарихы, көркемдік-теориялық негіздері, жанрлық бағыттарындағы әлемдік әдеби үдеріс ықпалы, жаңа беталыстар, әңгімедегі ұлттық рух, ұлттық идея, ұлттық бірегей болмыс нышандары жан-жақты сараланып, әңгіме жанрының теориялық тарихы түзіліп, жаһандану дәуіріндегі жаңа жазу өлшемдері айқындалу үстінде.

Әңгіме жанрының теориялық негіздерін зерттеу, көркемдік өрісін саралауда А.Байтұрсынұлы [1], Е.С.Ысмайылов [2], Қ.Жұмалиев [3], З.Қабдолов [4], Р.Нұрғалиев [5], С.Қирабаев [6], Т. Кәкішев [7], Р. Бердібай [8], С. Әшімбаев [9], С. Жұмабек [10], Б. Майтанов [11], Ж. Дәдебаев [12], Т. Есембеков [13], Д. Ысқақұлы [14], Қ. Әбдезұлы [15], А. Ісмақова [16], Ж. Жарылғапов [17], Г. Пірәлі [18], Қ. Жанұзақова [19], Г. Балтабаева [20], А. Қалиева [21], Ә. Бөпежанова [22], Г. Елеукенова [23], А.Е. Құлымбетова [24], В.В. Савельева [25], Л.Сафронова [26], Б.А.Жетпісбаева [27], Х.Н. Садықов [28], А.Б.Темірболат [29], Г. Ержанова [30], Н. Смағұлова [31], Ұ. Ибрагимова [32], Б. Қанарбаева [33], М. Көпбаева [34], Т.Тебегенов [35], А.Толысбаева [36], Р. Тұрысбек [37], Г. Орда [38], Г. Сәулембек [39], Н. Қуантайұлы [40]; шетел филологиясындағы А.Н. Веселовский [41], М.М. Бахтин [42], В.Е. Хализев [43], Р. Барт [44], Ж. Бордийяр [45], Ю.Б. Борев [46], Дж. Ривкин, М. Райан [47], Б.В. Томашевский [48], З. Фрейд [49], В. Шмид [50], К.Н. Юнг [51], К. Бремон [52] сынды ғалымдардың зерттеулеріндегі әңгіме жанрының теориялық негіздері мен ұлттық даралық сипаттарына қатысты толымды пайымдаулар мен байламдар назарға алынды.

Сондай-ақ, тақырыпқа қатысты энциклопедиялық анықтамалықтар, салалық сөздіктер, көптомдық басылымдардағы материалдар пайдаланылды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы. Қазіргі отандық қаламгерлердің әңгіме жанрындағы этномәдени құндылықтардың көрініс беруі көркемдік өріс тұрғысынан кешенді талданып, нақты зерттеулер жүргізілді.

Зерттеуде Ш.Мұртаза, Қ.Жұмаділ, Б.Нұржекеев, Т.Нұрмағамбетов, т.б. жазушылардың шығармашылықтарындағы этномәдени құндылықтарды көркемдік шешімге кіріктірудегі өзіндік дара қаламгерлік қолтаңбасы, шеберліктің жаңа сипаттары анықталды. Этномәдени құндылықтарды мәтін мазмұнына сіңірудегі қаламгерлік мұрат, шығармашылық жазу тәсілдері Ш.Мұртаза, А.Алтай, Н.Ораз шығармалары негізінде алғаш рет зерттеліп, жүйеленді. Қаламгерлер туындыларындағы этномәдени аксиологемалар ұлттық формада және жалпыадамзаттық құндылықтар парадигмасында көрсетілді.

Зерттеу жұмысының теориялық және практикалық маңызы. Зерттеу жұмысының нәтижелері қазіргі қазақ әдебиетін және оның даму заңдылықтары мен үрдістерін этномәдени құндылықтар және оның көркемдік өрісі мәселелерінде танып, зерттеудің қазіргі заманғы әдеби ағымдар мен бағыттар ықпалындағы өзіндік айрықшалықтарын зерттеуде дәйек, дереккөз бола алады. Сонымен бірге орта, арнайы, жоғары мектептерде жүргізілетін «Қазіргі қазақ әдебиеті», «Әдебиет теориясы», «Әдебиет поэтикасы» сынды негізгі және арнаулы курстарында, тәжірибелік сабақтарда оқу материалы ретінде пайдалануға болады. Этномәдени құндылықтарды пәнаралық негізде зерттейтін жеке жобаларда да қажетті материалдарын пайдалану мүмкіндігі жоғары.

Қорғауға ұсынылған негізгі тұжырымдар. Зерттеу нәтижесінде мынадай тұжырымдарды қорғауға ұсынуға болады:

- әдеби шығармадағы этномәдени құндылық – танымға қарай өзгермелі эстетикалық, философиялық, психология-педагогикалық тарихи концепциялар жиынтығынан тұратын, пәнаралық зерттеулер негізінде айқындалатын категория;
- қазіргі қазақ әңгімесіндегі этномәдени құндылықтар жаһандану дәуіріндегі мәдениеттер тоғысында айқындала түсіп отырған рухани әлеуетімен маңызды;
- қазіргі қазақ әңгімесіндегі этномәдени құндылықтар жүйесі мен сабақтастығы әлем халықтары әдебиеті тарихындағы осы бағыттағы туындылардан өзіндік төлтума, ұлттық негізді сипаттарымен ерекшеленеді;
- қазақ әңгімесіндегі этномәдени құндылықтарды мәтіндік арқауда баяндау, орнықтыру формалық ізденістерге негізделген авторлық дара қолтаңба негізінде айқындалды;
- қазіргі қазақ әңгімесіндегі этномәдени құндылықтар осы заманғы өмір шындығына негізделіп көрініс тапқан;
- қазақ қаламгерлері этномәдени құндылықтар арқылы ұлт болмысын айшықтауда аксиологиялық көркемдік кеңістік қалыптастырды.

Зерттеу жұмысының сыннан өтуі мен жариялануы. Диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелері мен қорытындылары бойынша отандық және шетелдік басылымдарда, түрлі халықаралық ғылыми-теориялық және тәжірибелік конференцияларда 11 ғылыми мақала жарияланды. Оның ішінде Скопус (Scopus) мәліметтер базасында – 1; халықаралық конференцияларда –

4; ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы қадағалау комитеті бекіткен тізімге енетін журналдарда – 5; ұлттық қоғамдық-саяси журналда 1 мақала жарияланды.

1 ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ӘҢГІМЕЛЕРІНДЕГІ ЭТНОМӘДЕНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ӨРІСІНІҢ ТАРИХИ БАСТАУЛАРЫ

1.1 Этномәдени құндылық ұғымының тарихи негіздері

Әрбір жеке этностың жасампаздық тәжірибесінде салт пен дәстүр, т.б. қилы рәсімдер аса ықпалды факторлар болып саналады. Белгілі бір дәуірлерде қалыптасып, қанат жайған салт, дәстүрлер ұзақ жасайды, өміршең, озықтығын, айнымас тұрақтылығын ғасырдан-ғасырға жалғап отырады. Әлеуметтік ортақ жады, ұлттық код сол негізде қалыптасып, мызғымас, бұлжымас тұғырға айналады. Осы негізде адамның өмір тәжірибесі, тіршілік дағдылары жинақталады, олар заман ағымына қарай жаңғырып, түлеп отырады.

Этномәдени құндылықтарды әлеуметтік құндылықтар ауқымында тануда бірнеше нақты міндеттер алға қойылды:

- белгілі бір этникалық топтардың әлеуметшілдік ынтасымен тікелей байланысты құндылықтар және де жеке тұлғаның мәдени кемелденуі;
- этномәдени құндылықтар әлеуметтік құндылықтардың бір бөлшегі мәнінде нақтылы бір этностың сапалық жүйесін айқындайды;
- этникалық мәдениеттің құндылықтары мен өлшемдері өзара тығыз байланыстағы қорғаныс механизмін құрайды, этникалық мәдениет этникалық топтарды сақтап қалады;
- этникалық мәдени дәстүр ұлттық төлтума ерекшеліктер және де тұтас ұлттық салттың тұрақты тұғыры болып табылады.

Әдебиетте жалпыадамдық құндылықтар – жеке ұлттық мәдени, рухани игіліктерді сақтап отыратын мәдени құбылыс ретінде әрдайым өзекті. Мәдени кеңістік адамның тұлғалық қалыптасуында аса ықпалды категорияның бірі ретінде ұдайы назарға алынып отырады. Дүниетаным көкжиегін кеңейтіп, жеке тұлғалық тәжірибесін шыңдап, қарым-қатынас, сөйлеу, әрекет айналымындағы ізгілік негіздерін бекітіп, құнарландырып отыратын сөз өнеріне адам баласы әу бастан-ақ тым ынтық, ынталы болды. Ауызша туып, ауызша тарап, ауызша сақталған кезеңдерінде әдеби туынды адамның өмір сәулесін мәңгілік баянды тіршілік нұрымен тұтастандыру бақытын бастан кешіп, түсініп оқу қанағатын әрдайым бағалайды. Әр дәуірдің көкейкесті, рухани зәру құбылыстары өз уақытының адамын бір сәтке де бейжай қалдырмайды. Адамзат тарихи тәжірибе бесігінде үздіксіз тербеліп, ер жету кезеңдерінен өтіп келе жатыр. Қазіргі қазақ әңгімесіндегі кейіпкердің өмір ортасы мен ой-танымын, шешімді әрекет-қарекетін осыдан бірнеше ғасыр бұрынғы, тіпті бір ғасыр, жарты ғасыр бұрынғы қазақтың бітім-болмысымен біте қайнастыратын оның ішкі тұрақты мазмұны. Ғасырлар бойы ұлттық өмір дағдысынан таңбаланып бекіген ішкі тіні, ұлттық негізі. Бұл бағытта иман, ар-ұят, ынсап, қанағат, ақжүрек, кеңпейілділік сынды жалпыадамзаттық категориялардың қазақы жаратылысы салтанат құрады.

Этномәдени құндылықтар және оның көркем әдебиет арқылы көрініс тауып, дәріптелуі тұрғысында қазіргі заманғы әлеуметтік ортаның жағдайы, не жеке тұлғаның кісілік қалпы, құлқы мен әрекеті және оның көркем образ

деңгейінде ашылу құбылыстары – арнайы зерделеуді қажет ететін маңызды рухани жалпыадамзаттық факторлар.

Жалпы құндылықтардың табиғаты туралы ғылыми дереккөздерде жазылып жүргендей этномәдени құндылықтарды ең алдымен қоғамдық ұлттық сана тұрғысында және этникалық топқа тән қоғамдық өмірдің әртүрлі салаларындағы кемелдік пен ізгілік туралы идеяларды қалыптастырушы факторлармен негіздеуге болады. Әрине оның арғы түбінде халық өмірінің тарихы мен тәжірибесі жатыр. Демек, біз этномәдени құндылықтардың құрылымын ұлттық дүниетанымнан, ана тілінен, жалпыадамзаттық құндылық мұраттарынан, рухани және материалдық мәдениеттен, өнерден, жеке тұлғалалық әлеует, оның идеялары мен ізгіліктерін білдіретін жүйе ретінде қарастырамыз. Кезінде Л.Н.Гумилев, Д.С.Лихачев «әлемнің мәдени тұлғасының» жоғалуы, ұлттық бірегейліктің және мәдениеттердің алуан түрлілігінің жоғалуы туралы ерекше алаңдаушылықпен айтты [53, 48]. Өйткені дәл бүгінгі техногенді таңда тэтномәдени заттарды, тарихи-мәдени құндылықтарды жаңғырту, сәндеу үрдісі қауіп төндіреді. Өкінішке қарай, халық мәдениетінде дәстүр болып қалыптасқан құндылықтарға да қауіп төніп тұрған бүгінгі таңдағы этномәдени құндылықтардың заман ағысындағы даму үдерісіне мән беру маңызды болып отыр. Бұл мәселені түсінбеу этномәдениеттің, оның-тілінің, содан кейін халықтың жоғалуына дейін апаратын немқұрайдылыққа жеткізуі мүмкін. Сондықтан кез-келген халықтың этномәдени құндылықтарын және олардың ұлттық сана-сезімінің негізінде мәдени жаңғыру үдерісін саралау, бағамдау қажеттілігі артып келеді.

Қазіргі уақытта әлеуметтік орта құндылықтарын әлеуметтану, психология, тарих, педагогика сынды ғылым салалары арнайы зерттеу нысаны етіп қарастырады. Этномәдени құндылықтар – адам баласының өзін қоршаған табиғи, әлеуметтік ортамен қарым-қатынас ұстанымы, өзіне қатысты, туған ұлтына қатысты бұлжымайтын, тұрақты рухани тіректері.

Бүгінгі ғылыми әдебиеттерде этникалық құндылықтар әлденеше жүйеге бөлініп зерделенеді. Орыс этносының өмірлік ұстанымдар тәжірибесіне орай А.О.Бороноев пен П.И.Смирнов қазіргі заманғы құндылықтар классификациясын бес топқа жүйелеп қарастырады:

1) әлеуметтік маңыздылық модулі, бұл әрекет иесінің түпкі мақсатын құрайтын құндылықтар *(жан байлығы, білім, атақ-даңқ, шеберлікке жету, қарекет, билік, байлық);*

2) әлеуметтік шыққан тегінің құрамдас құндылықтары *(құқық, әділет, бостандық азаттығы, ынтымақтастық, мейірім);*

3) табиғи құндылықтар құрамы *(тіршілік, сана, денсаулық, икемділік, қуат, әдемілік);*

4) субъектінің табиғатпен астасқан түпмақсат құндылықтары *(зат, күш-қайрат, кеңістік);*

5) жалпыадамзаттық рухани құндылықтар *(жаратушы, қоғам, туған ел, адам («жақын адамы»)* [54,73].

Жоғарыдағы топтастырудан әрбір этномәдениеттің өзіндік ерекшелігі оның құрамдас бөлігінен көрінетіндігін байқаймыз. Яғни, тіл, дәстүр, құндылықтар ұрпақтан-ұрпаққа этностың тәжірибесі түрінде беріліп отырады. Бұл адам әлемі мен оның әлеуметтік қатынастардағы тіршілігі өзекті дегенді білдіреді.

Демек, құндылықтар – норма және идеалдармен бірге адамзат мәдениетінің маңызды бөлігі болып саналады. Құндылық философиялық, аксиологиялық, лингвистикалық әрі әдеби бірлік ретінде өзіне дейінгі ата-бабалардың өмірлік тәжірибесін бойына сіңіре отырып, белгілі бір ұлтың мәдениетінің көрсеткіші ретінде адам өмірінің барлық салаларына әсер етеді.

Жалпыадамзаттық құндылықтар, кезеңдік құндылықтар, жеке буындар – ұрпақтар құндылығы, адамның жасына байланысты құндылықтар, ұлттық құндылықтар, әлеуметтік жіктердің құндылықтары, кәсіби топтар құндылығы, отбасылық және жеке бас құндылықтары құндылық категориясының әр қилы деңгейін, ықпалдастық өрісін, құндылықтардың алмасып отыру үдерісін нақтылы мәнде зерделеудің рухани жиынтығы, қалыптасқан қағидалары мәнінде назарға алынып отырады. Әрбір жеке дәуір, ұрпақтар буыны, ұлт, халықтың төл мәдениетіне, дүниетаным кеңістігіне, өмір салтына телінген өз құндылықтар жүйесімен таңбаланады.

Жеке тұлға бойындағы құндылық негіздері әрдайым оның түп тегімен, ата-бабаларының қастерлі ұстанымдарымен байланысты. Ол ұдайы рухани-ізгілік нәрінен сусындап отырады. Бұл дәстүр, ұлттық мінез-құлық, адамның өмір дағдысында, ортамен, жеке тұлғамен қарым-қатынас ұстанымдарынан айқын көрінеді. Адам баласы қашанда рухани құндылықтарды ұстануға, дәріптеуге, соған қарайлап отыруға, санасуға бейім және ынтық. Адам баласының тіршіліктен мән іздеуінде, құндылықтар құндағына бөленіп ғұмыр кешу құштарлығында жас мөлшеріне, өмір кезеңдеріне, жағдайға байланысты ұстанымдары болады. Яғни, этномәдени құндылықтар тұғыры белгілі бір этнос өкілінің жеке бас өмір ұстанымдарын түзіп, қалыптастырудағы шешуші факторлардың бірі болып табылады.

Ф.Феникс жеке адам мен әлеуметтік ортаның тоғысын өмір мәні туралы ұғым қалыптастыратындығын айтады. Ол этномәдени құндылықтарды бойына сіңірген тұлғаның маңызды алты түрлі ұстанымын көрсетеді:

– символика – языковые и иные структуры для выражения и эмпирика есть фактическое знание о действительности;

– эстетика – искусство, воплощающее уникальную субъективность автора;

– синноэтика – сфера значимых межличностных отношений;

– этика – смысль моральных обязанностей и принимаемых решений;

– синоптика объединяет историю, философию и религию, осуществляет смысловую интеграцию личности в этнокультуру» [55,15].

Әрбір нақтылы этнос жүздеген жылдар бойы түзілген игі мұраттар бойынша өмір сүруге тырысады, бұл жерде тұрақты өмір ұстанымдарындағы әрдайым ізгілікке ұмтылу аңсары басым.

Өмір салтындағы салқынқанды сабырлылық, еңсесін биік ұстау, ар-ождан, парыз, белсенділік, әрекет, сүйіспеншілік сынды дара қасиеттер – әрбір тұлғаның аңсары. Бұл қасиеттер адамның тіршілік тірегі сынды сапада маңызданады. Онсыз адам да, этникалық қауым, орта да қалыптасып, айқындалуы, сындарлы болмысын көрсетіп, таңбалануы да болмас еді. Саналы ғұмыр кешудің қолайлы тұрағы – осы.

Қоғамда оң бағаланатын ізгілік бағдарлары – адамсүйгіштік қасиет, ұжымшылдық, жанкешті еңбек, тұтастық, белсенді қайраткерлік. Кез келген этникалық қауымдастық осы негізде қалыптасып, тіршілік етеді. Ақиқат, мейірім, сұлулық пен әділет сынды қастерлі ұғымдар философиялық мұраттар болып есептеледі. Әрбір этнос ақиқатқа жетуді аңсайды; мейірім адамның ең бір ізгі сапасы болып бағаланады; сұлулық адамның, белгілі бір этникалық қауым өкілінің жан сұлулығы мен тән сұлулығының көз қуандырар үйлесімі мәнінде қастерлі; шындық адам баласының өз этникалық ортасының талаптарына сай орныққан мінез-құлық, әлеуметтік мәртебесінде әрекет етуінің бағасы мен жазасына қатысты қастерлейтін құбылысы болып есептеледі.

Осы бағыттағы зерттеулер қазіргі заманғы этномәдени құндылықтарды тарихи, психологиялық, философиялық тұрғыдан ғылыми негізде, типологиялық нышандарында айқындап, таңбалау, жүйелеу үдерісінде жан-жақты, жеке бір мәселелер бойынша қарама-қайшы таным қалыптастырып отырғандығы байқалады. Не дегенде де қазіргі заманғы адамзаттың өмір ортасын әлеуметтік, этнографиялық, тарихи, психологиялық, педагогикалық, әдеби шығармашылықтағы көркемдік кеңістігі мәнінде зерттеп, зерделеу күрделі кезеңде адамға «дұрыс» өмір сүрудің таңдау құқын мүмкіндігінше бағдарлап отыру ортасын қалыптастыратын ғылыми кеңістік түзіп отырғандығын көреміз.

- «Приобщение личности к этнокультурным ценностям происходит на микро-, мезо- и макроуровнях. На микроуровне ребенок проживает этнокультурные ценности своего микросоциума – семьи, в результате чего он приобщается к этнической культуре своего народа. Мезоуровень связан с освоением ценностей различных этнических обществ, проживающих в том или ином регионе, на этом уровне выявляется единство социокультурных устремлений этнических групп, формируются ценностное отношение к культуре других народов. Макроуровень обеспечивает постижение общечеловеческих ценностей» [55, 16]. Демек, ұлттық мәдени құндылықтың ұдайы көрініс беріп отыру фактісі ана тілдің; ұлттық бірегей мінез болмысының; «кіндік кесіп, кір жуған туған жер», ата-баба дәстүрлері; ислами құндылықтар құнарымен сабақтас рухани, баяндылық өрісінде тұрақтанып, бекіп отырады.

Жалпыадамзаттық құндылықтарға келгенде, «Құндылық» ұғымын арнайы, нақтылы мәнде алғаш рет Кант айналымға қосқандығы айтылады. Оның пайымдауында құндылық дегеніміз адамның өз алға қойған мақсатына

жетудегі ерік-жігерін шыңдаудағы жұмылуы. Ол ықтимал ахуал мен қалауын, міндеттілік пен мүмкіндікті бағамдауға бастайды.

Гегель құндылықтарды экономикалық және рухани құндылықтар деп қарастырған. Людвиг Фейербах, барша неміс классикалық философиясының тоқтамындағыдай, адамның ең басты құндылығы бостандық деп санайды.

Аксиологиялық бағыт философиялық зерттеулердің жеке бір арнасы болып орныққан тұста құндылықтар тұрғысында бірнеше теориялық негіздемелер пайда болды.

Табиғи психологизм теориясы бойынша (Дж. Дьюн) құндылықтар ақиқат дүниенің сыртқы факторларынан түзіледі. Бұл теория бойынша адамдардың қандай да бір қажеттілігін өтейтін кез келген зат құндылық болып табылады.

Келесі бір бағыт – аксиологиялық трансцендентализм (В. Виндельбанд, Г. Риннерт) құндылық шынайы өмірде емес, ғажайып тұрмыс деген тоқтам жасайды. Мұнда құндылықтар адамның арман-тілегіне байлаулы емес.

Құндылықтарды әлеуметтанушылық ұстанымда айқындауды негіздеген М.Вебер әлеуметтануға құндылықтар мәселесін қосты. Ол құндылық әлеуметтік субъект үшін белгілі бір маңыздағы бағдар деген тоқтам айтады.

Психология ғылымында құндылық философиялық айқындамадан өзгеше өлшемдермен негізделеді. Аксиологтар құндылық дегеніміз не, қоғамдағы құндылықтар арақатынасын неден көреміз туралы талдау жасаса, психологтар құндылықтардың қалыптасу үдерісін және оны қалыптастыратын не дейтін мәселені зерделеуді мақсат тұтады.

Құндылық категориясы адамға да, қоғамға да тиесілі. Қоғам, орта ұсынатын құндылық нөпірінен адам өзіне қажетін таңдайды, бірін мүлде жақтырмайды, жақындатпайды, енді бірін өз өмір дағдысына ынтыға бейімдеп, бойына сіңіреді.

С.Л. Рубинштейннің айтуынша: «Құндылықтар – бұл біз ақысын төлеп алатын дүние емес, сол үшін өмір сүреміз» [56, 5].

Қазақ сөз өнері тарихында ұлттық бітім, ұлт болмысын қалыптау бағыты өнімді, үздіксіз шығармашылық арна түзіп отырды. «Мен – қазақпын» дейтін деңгейде әдебиет тарихында орныққан көркем бейнелердің тұлғалық мазмұнында ұлттық бірегейлік сипаттар тұнып жатыр. Бір ғасырдан астам қалыптасу тарихында қазақ әңгімесі ондаған кесек тұлғалардың ұлттық даралық болмысын ашуда ондаған, жүздеген этномәдени құндылықтарды көркемдік кеңістікке тартып, көркемдік кәдесіне жаратып отырды. Осы тұрғыда қазақ әдебиеттану ғылымында тақырыбымыз бойынша мақсатты зерттеулер тұрақты қалыптасты деп айта алмаймыз. Кеңестік кезең әдебиеттануының басым бағыттары, негізгі бағдарлары негізінен орыс әдебиеттану ғылымының ыңғай, өлшемінде, әдіснамалық негіздерінде өрістеді.

Этномәдени құндылықтардың әдеби шығармадағы көркемдік өрісі тұрғысында кейінгі кезеңде Ресей әдебиеттану ғылымында түзіліп отырған жаңа аксиологиялық бағдарлар нендей өзекті мәселелерге зер салып отырғандығын арнайы қарастыру – жалпы рухани танымның уақыт туындатып

отырған өзектілігімен сабақтас құбылыс. Отарланушы ел ретінде этномәдени құндылықтарымыз бүгінгі күнге қалай жетті деген мәселенің ұлт үшін маңызды екендігі даусыз. «Кімде-кім «өзінің» этностық мәдениетін көрсеткісі келсе, оны қалай жүзеге асыра алады? Дәстүрлі құндылықтар мен қазіргі заманғы өзгерістер көрініс табуы мүмкін қос мәдениеттің арасында қалған мәдениеттің бірегейлігі қандай болады? Жалпы, кең таралған мәдениетте ондай бірегейлік кім үшін және қандай себептерге байланысты пайда болады?» [57, 24.],- деген сұрақ осы орайды өрбитіндігі де сондықтан.

Аксиологиялық әдіснаманың қазақ әдебиеттану ғылымындағы өрістеу үдерісі тұрғысында кешенді, кең таным қалыптасқандығы жөнінде айтуға әлі ерте. Кейінгі кезеңдегі қазақ әдебиетінің тарихын дін желілерімен сабақтастыра жүргізілген, соның ішінде ортағасырлық түркі әдебиеті мен қазақ әдебиетінің сабақтастық арналарын қозғап жазылған XV-XIX ғасырлардағы әдеби мұраға тиесілі зерттеулер нәтижесі мен тәжірибесін қазіргі қазақ жазба әдебиетінің аксиологиялық мәселелеріне де қатысты пайымдау өзектілігі күн тәртібінде тұр деуге де болады.

Әдеби мұрадағы ұлттық құндылықтардың діни арқау негіздері қазіргі қазақ ғалымдары тарапынан өнімді зерттеу бағытын түзіп отырғандығы, бұл проблеманың жалпыадамзаттық деңгейдегі мән-маңызы осы тұрғыда кең, кешенді зерттеулер жүргізуді міндеттейді. Қазіргі қазақ әңгімесінің көркемдік тініндегі басты қозғаушы күш туралы жаңаша пайымдаулар қажеттілігі бар.

XX ғасырдың екінші жартысында, XXI ғасырдың басында болып жатқан өзгерістер аксиологиялық зерттеулерде дәстүрлі әдіснамалық ұсыныстармен ғана шектелудің мүмкін еместігін анықтады. Ғылымның өзінің дамуының классикадан кейінгі кезеңіне кіру дәуірінде аксиологиялық зерттеулердің базалық философиялық және теориялық-әдіснамалық негіздерін өзгерту, оларды, біріншіден, қазіргі әлемде қалыптасқан жаңа дүниетанымдық және құндылықтық ұстанымдарға, екіншіден, классикадан кейінгі ғылымның мазмұны мен принциптеріне сәйкес келтіру қажеттігі туындайды.

«...научные публикации свидетельствуют, что в методологическом плане ситуация по выработке современной стратегии и исследовании ценностей весьма противоречивая. С одной стороны, убедительно доказывается, что феномен ценности многообразен и многозначен, с другой стороны, многочисленные исследования содержат попытку однозначно эксплицировать поняти «ценности» [58, 3].

Қазіргі уақытта ресейлік анықтамалықтарда «ценность» – «құндылық» ұғымының жиырмадан астам анықтамасы бар екен.

«Аксиология – это учение о ценностях (от др. – гр.axios – ценный). Термин «ценность» упрочился в философии и гуманитарных науках благодаря философскому трактату немецкого мыслителя Р.Т. Лотце (1860-е годы) и трудам неокантианцев (начала XX в.). В отечественной философии аксиология ярко представлена работой Н.О. Лосского «Ценность и бытие» (1931). Но понятие ценности появилось задолго до упрочения аксиологии, со времен

античность, где фигурировало слово agatos (в переводе на рус.яз. – благо)» [59, 31].

Аксиосфера аталған құндылықтар әлемі сан қырлы, сансыз көп. Аксиосфера адамдардың рухани болмысын қалыптайтын онтологиялық, яғни *асқақ, жоғары* мұраттармен мазмұндалады. Танымның ақырғы таңдау мақсаты *ақиқат,* адамгершіліктің тіні *мейірім,* сұлулық ең бастапқы эстетикалық категория болатындығы сынды. Осы қатарда махаббат пен мейірімділік, азаттық, әділет (шындық – әділет), тұлға тұрады.

Құндылықтар тарихи айнымалы, ауытқулы болады. Қилы кезеңнің, түрлі этностардың, географиялық аймақтардың өзіндік төлтумалық нышандары қанық құндылықтары қалыптасып отырады. Мәселен, Еуропада бағзы замандарда ең басты игілік болып сұлулық, ақиқат, әлеуметтік сәйкестік, христиандық, Орта ғасырларда дін елшісі Павел ұсынған «сенім, үміт, махаббат» үштігі есептелетін.

Қайта өрлеу дәуірінде байлық, сый-құрмет, күш-қуат, денсаулық, сұлулық сынды витальды (затты сезіну) құндылықтар жоғары бағаланды. Жан мен тән қажеттілігін қанағаттандыруға негізделген витальды құндылықтар.

XX ғасырдың аксиологиялық жағдайына Ницшенің «барлық құндылықтарды қайта бағалау» туралы тезисі белсенді әсер етті. Әмбебап рухани бағдарлар ретінде ғасырлар бойы тамыр жайған ақиқат, жақсылық және сұлулық туралы ұғымдарды батыл қабылдамай, ол оларға жоғары және жалғыз шынайы құндылықтар ретінде қарсы қойды, олардың көрінісі аристократиялық азшылықта көрінеді. Қайта өрлеу ойшылдары сияқты Ницше де батылдықты, бейқамдықты, жан-тәнінің денсаулығын, қаһарман авантюризмге бейімділікті қолдайды. Ең жақсы адамдық қасиеттер – философтың көз алдына «мақтаныш, тәуекел, батылдық, өзіне деген сенімділік» болып көрінді. «При всей ее полемической избыточности и односторонности аксиология Ницше во многом отвечала логике развития гуманитарной мысли XX столетия. Опираясь на опыт «переоценки всех ценностей» и в то же время его корректируя, многие мыслители обратились к «философии жизни», разрабатывая такие категории, как интуиция, инстинкт, влечение» [43, 33]. Осы мәнде құндылықтар құрдымға кетіп жатқан қатыгез ғасырда Ницшенің қаламайтын мейірім мен жанашырлығы, қатыгездікті қолдап, күштіні жақтау ыңғайы жаһандық соғыстар мен өктем тәртіп жайлаған заманға дөп келе қалғандығын, мұның өзі адамзат үшін кесірлі, кері кеткен құбылыстар болғандығын баяндайды. Адам баласының ғасырлар бойы түзген, түйген орасан бай тәжірибесін бұлайша астаң-кестең ету күні бүгінге шейін ұшы-қиыры көрінбей келе жатқан «аксиологиялық ымырасыздықтың өткен ғасырдағы бел алуына бола оны адамзат баласының бар өмір тарихына тән құбылыс деуге әсте болмайтындығын көрсетеді.

«Общебытийные ценности по своей сути взаимодополняющи, родственны одна другой, дружественны их совокупность является не средоточием антагонизмов, а своего рода симфоническим единством. Немаловажная грань этого единства (пусть порой и нарушаемого) –

ценностная диада «эстетическое и этическое», которую древние греки называли калонагатией и которая была актуализирована в средние века» [43, 34].

Қазіргі генетика ілімі адам нәсілін географиялық тұрағына қатысты бес топқа бөліп отыр. Этникалық негіз мәселесінде түрлі ғылым салалары сан тарап болжам, байлам жасап келеді.

«Ұлт – бұл уақыт ағысымен көбеюдің тұрақты үлгісі. Одан басқа ештеңе емес. Біздің мұндай этностық ортақтастыққа тартылу сезіміміздің соншалықты күштілігіне (меншік тұрғысынан біздің күшті сезімімізге) қарамастан, әдетте ұлт мүшелері бір-біріне ұқсай бермейді. Олардың «ұқсас» тұстары – бурыл шаштары, қара терілері, бадам көздері. Көбею үрдісі бірте-бірте ұқсас белгілерді тудырады. Бірақ бұл қасиеттер – тарихи дәуірдің белгілі бір кезеңінде пайда болған кездейсоқ құбылыс, олар әлеуметтік аралас неке мен географиялық тұрғыдан іргелес қауымдар ішінде өсіп-өну арқылы өріс ашады. Егер әлеуметтік қауымдар ортасы мен көші-қон үрдісі өзгеретін болса, бұл ортақтастықтың бірте-бірте жоғалып кетуі мүмкін. Біз тері түсі сияқты сыртқы көрінісіміз ішкі нәсілдік сипатымызды да білдіреді деп ойлауға бейімбіз. Олар әлеумет өмірінен бұрын, тарихтан тыс дәуірде қалыптасқан.

... Тоқетері, бір ұлттың баласын басқа ұлттан ерекшелейтін қасиет жоқ. Бала туғанда бірден ирланд немесе еврей болып тумайды. Таяу Шығыста өмір сүретін еврейлер Израильдегі басқа еврейлерге қарағанда қаны жағынан Палестина тұрғындарына жақын келеді. Этностық ерекшелік – бұл тұқым қуалайтын белгілердің жиынтығы. Бұл үшін шаштың түсі, терінің реңі т.б. маңызды емес» [60, 184]. Осында нәсіл мен ұлттық қасиеттерінің тарихи даму тізбегіндегі өзіндік ықпалы мен мәні тұрғысында М. Райан кеңестік таным кеңістігінде қозғалмаған, посткеңестік ұлттар мен нәсілдерге тән тың пайымдаулар жасайды.

«Ескі оқиғалардың сарыны бүгін де естіліп тұр. Тони Моррисонның XX ғасыр соңындағы этностық жазбаның көрнекті үлгісіне жататын «сүйікті жар» кітабын оқып отырып, қаранәсілділер тақырыбын әдеби талдаудан не үшін алып тастауға болмайтынына көз жеткізесіз. Шынымен де олардың Америкадағы тауқыметке толы тарихы бүгінге әсерін тигізіп отыр. Этностық ерекшелік экономикалық жіктелуде анық сезіледі. Өйткені бұрын нәсіл бір топтың екіншісін экономикалық құлдануымен байланысты еді.

Құлдық мұның айқын мысалы бола алады және осы тәжірибенің мирасы Америка мен басқа елдерде де байлық пен экономикалық игілік тұрғысынан ақ және қаранәсілділер арасындағы терең жіктік жалғасуына әкелді. Этностық әдебиет мүлдем бөлек мәдени, әлеуметтік және психологиялық ақиқатты көз алдымызға тосады» [60, 184].

Бұл қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымы үшін де қажетті, әлеуметтанушылдық, тарихи, рухани, мәдени кеңістікте ойлана қарайтын, көңіл қоятын ақиқат пайымдардың бірі болып табылады. Жүздеген жылдар жаттың қолтығында жалтақтап ғұмыр кешу бақытсыздығынан енді енші алған

қазақ ұлтының этномәдени құндылықтары аса басым қозғалатын да, айналымда жүретін де дара бір кеңістігі – көркем әдебиет.

Қазақ ғұрпының, қазақ салтының, қазақ жанының, қазақы болмыстың қазіргі уақыт жоғалтып алған көп құндылықтың таңбасы, дерегі көркем шығарма аясында сақталып отырғандығы, қазақ қаламгерлерінің әдеби мұраны этникалық айрықшалықта қалыптағаны тұрғысында ауыз толтырып айтарлықтай рухани олжасы бар. Қазіргі қазақ әдебиеті ұлттық мұраттар аңсарында туып, жасап отырған зор рухани әлеует. Өз алдына бір этномәдени құндылық.

Этнопсихология – әрбір халықтың рухани әрекетін (миф, фольклор, тіл, дәстүр, салт, әдет-ғұрып, діл, дін, т.б.), жемісін сол халықтың психологиясын, сана-сезімін көрсететін негізгі өлшемдер деп есептейді. Этнопсихология жеке ғылым ретінде XIX ғасырдың орта шенінде Ресейде, кейінірек Батыс Еуропа елдерінде (Лакарус, Штейнтал, Вундт, т.б.) пайда болды. Қазақ топырағында бұл мәселемен көбірек айналысқан Шоқан Уәлиханов еді. Оның еңбектерінде «Халық рухы» дейтін ұғым жиі кездеседі. Мұны «халықтық психология» ұғымының синонимі деуге болады. Бұдан біртуар ғұлама ғалымның еуропалық этнопсихологтардың еңбектерінен біршама хабардар болғаны байқалады. Этнопсихология зерттейтін проблемалар (этностереотип, этноцентризм, ұлттық тұрпат, халық рухы, ұлттық намыс, ұлттық сана, дәстүр, салт, т.б.) сан алуан» [63].

Қазақтың этникалық мәдениет құндылығының бірі – қазақ халқының этникалық бірегей болмысы, оның ұлттық мінезі, кісілік ұстаным құндылықтары, арғы замандардан бері жалпақ жұртқа жаққан қонақжай пейілі, кішік көңіл ақжарқындығы, өмірдің сынақ сәттеріндегі төзім-шыдамы, барға қанағат, жоққа салауат айтқан ынсаптылығы тұрғысында ұдайы айтылады.

Бұл қатарды әлі де толып жатқан ізгі қасиеттермен жалғастыра беруге болады. Әдептілік, құймақұлақтық, елжандылық, бірбеткейлік, намысқойлық, шешендік-сөзшеңдік, әдептілік, бауырмалдық, қайырымдылық, аңғарымпаздық, т.б.

«Ғасырлар бойы көшіп-қонып жүрген халық өзі өмір сүрген ортаның әлеуметтік-экономикалық жағдайларына, мәдениеті мен тарихына, табиғатына орайлас жас буынға тәлім-тәрбие берудің айрықша талап-тілектерін дүниеге әкелді. Мәселен, бұлар жас адамның жұртқа танымал моральдық-психологиялық нормасын «сегіз қырлы, бір сырлы» делінетін қанатты нақыл сөздермен қисындады. Осынау аталы сөздің мән-мағынасы мыналар еді: көшпелі мал шаруашылығын жете игеру; еңбек сүйгіштікпен қиыншылыққа төзе білу; ел намысын қорғау; жаудан беті қайтпау; ата тегін жадында сақтау; сөз асылын қастерлеу; тапқырлық пен алғырлық; ат құлағында ойнау; ата салтын бұзбау (жасы үлкенді сыйлау, құдайы қонақтың меселін қайтармау, көрші хақын жемеу, т.б.)» [61,408].

Көшпелі өмір салты біртіндеп қалыптастырған әдет-дағдылар қазақ ұлтының бірегей кісілік қалпын орнықтыруда елеулі мәнге ие болды. Дені де,

жаны да сау ұлттың жасампаздық тарихы әлемге аңыз болып тараған замандар көш түзді. Епті, икемді, оңтайлы, шапшаң, ұқсатымды өмір дағдылары тек физикалық әрекет көрінісі емес. Бұл қағылездіктің түпкі тұрағы жан байлығымен мазмұндалған, мызғымас кісілік ұстанымдар құнарланған айрықшалықтар болатын. Көпшіл, ағайыншыл пиғыл адам баласын өзіме ғана болсын деген ашкөздік, оқшау, оңаша эгоның дағдарыс күнәларынан сақтап отырды.

Қазіргі қазақ әдебиеті, дәстүрге берік қазақ сөз өнерінде көркем туындының орталық тұлғасы, негізінде, қазақ ұлтының өкілі болып отырады. Демек, олардың кез келгенінің мінез-құлық ерекшелігі – бір мәнде ұлттық этномәдени құндылық. Зерттеу тақырыбын осы бағытта зерделеу көркем шығармадағы ұлттық тұлға, ұлттық характер, ұлттық мінез, кейіпкер даралығы мәселелеріне қатысты пайымдаулар жасау болып табылады.

«Көшпелі өмір тіршілігі қара күшке мығым, қиыншылыққа төзімді, құбылмалы табиғат жағдайына тез икемделгіш болумен бірге, жан-жүйесі жағынан да жан-жақты жетілген, кемел адамдарды қалыптастырады. Үйде де, түзде де бала ес білгеннен бастап із кесіп, жол қарап, жұлдыз санап өсті. Олардың көзі қырағы, құлағы сақ, қияндағыны шалатын болды. Аң аулап, мал бағып, күнделікті күйбең тіршілікпен жүрсе де жас өскін ақынның сөзін, жыраудың жырын, әншінің әні мен әуенін қалт жібермей тыңдап, ел аузындағы ұғымды мақал мен мәтелді, ертек пен жұмбақты, терме мен шежірені жадында сақтап, халық даналығын өзіне рухани азық етіп отырды»

Көшпелі тұрмыстың қауымшыл, ортақшыл, қарындасшыл құнды, әр адамды ортадағы мәртебесіне қарай бағалап, қастерлеу, ортақ мүдделілік, көзқарас сәйкестігі әлеуметтік қатынастарда елеулі орын алды. Оған «Психологиялық тұрғыдан «бірауызды» болып қауымдасқан жандар үнемі өздерінің рулық одағына етене сіңіскен салттар мен дәстүрлерді ұстанды. Осыған орай көшпелі тұрмыс тәліміне лайықталған бата беру, ант ішіп ақталу, айтысқа, дау-дамайға төрелік айту сияқты этностық таптаурындар (стереотип) кең өріс алды» [61, 405], - дейтін пікірін келтіруге болады.

Бүгінгі қазақ әдебиетінде қазіргі қазақтардың психологиясында этностық біртұтас тіршілік құндылықтары әлі де сақталып отыр. Жалпыадамзаттық кісілік ұстанымдар мен этностық бірегей айрықшалық белгілері әр адамның бойында бар. Адам характерін ашуда, даралық дарытуда көркем әдеби шығармада этностық мәдени құндылықтармен құнарландырып отыру – аса елеулі көркемдік факторлардың бірі. Ұтымды да оңтайлы әдіс. Тиімді тәсіл. Ұлттық қасиеттерді қастерлеуде, ұрпақ тәрбиесінде көркем әдеби шығарма көп жүк көтеріп келеді.

Қазақ халқына тән айрықша мінездің бірі – елжандылық туралы да психолог ғалым Құбығұл Жарықбаев былай дейді: «Халқымыз кір жуып, кіндік кескен атамекенін аялап, елін аялап, елінің тілі мен мәдениетін, әдебиеті мен тарихын, біртуар аяулы перзенттерін мақтан тұтып, қадірлеп-қастерлеуді ұрпағына аманат еткен. Бізде қай жүзге жататынынды, қай рудан екеніңді білу ес жиып, есейгеннің белгісіндей деп отыра, мұның түпкі мақсат-мұраты біреу,

ол – ынтымақты ел болуға бағытталған. Ер-азамат үшін туған халқын жан-тәнімен сүю, оның шаруашылығы мен мәдениетінің өркендеп, көркеюіне бар күш-жігері мен білімін, еңбегін жұмсап, үлес қосу перзенттік парыз болған» [61, 411].

Қазақы тұрмыстың тұрақты атрибутттарының бірі – қонақжайлылық. Қонақжайлылық концепті туралы айқын таным түзетін ғылыми негіздемелер бар. Бұл қасиеттің астарында ізгілік, адамдар арасындағы бауырмалдық, адамды сүю, қастер тұту ұстанымдары орныққан. Қазақ қонақты міндетті рәсім деп қана атқармайды. Бұл ең алдымен әдепті білдіреді. Әдептілік категориясының да қазақ халқының ұлттық ерекшелігіне тән сыры мен сәні бар. Әдеп сақтау – ортада, отбасында қалыптасқан мінез-құлық нормалармен санасып отыруға байланысты ұғым.

«Халқымыз қонақты ілтипатпен қарсы алу, оны күту, құрметтеп шығарып салу дәстүрін ерекше қастерлеп, оны ұрпақтан ұрпаққа үлгі-өнеге ретінде үйретіп, мұны отбасы тәрбиесінің басты бір саласы деп түсінген. Қонақ келсе жадырап, қуанып, абдырап, алып-ұшып мәре-сәре болады. Барын бай пейілмен, барша ниетімен, пейілін төгіп, жарылқанып ұсынады. Қонақ күтуде, риясыз күтуде әлемде қазақтан асқан этнос жоқ та болуы мүмкін. Қазақтың жаны қонақты тілеп тұрады.

Келген қонаққа қонақасы беруде де үлкен мән бар. Қазақ халқы қонақ күтуде әрдайым дайын отырған. Ол үшін үйде ас-дәм қорын жиған, тіпті соятын малын өріске жібермеген. Қонаққа дәмді аспен бірге жылы лебіз де керек. Оларды құшақ жайып, қуана қарсы алып, жағдай жасау – үй адамдарының басты міндеті. Келген кісіні аттан түсіріп алу, ат-көлігін жайлау, сырт киімін шешкізіп ілу, төрге шығарып, қолына су құйып, сүлгі ұсыну, т.б. игі, ілтипатты отбасында негізінен жас балалар атқарған» [61, 419].

Демек, қонақ күту этикеті – үлкен мәдениет. «Қонақ кәде», «ауылдың алты ауызы» сынды рәсімдер кішігірім мерекеге ұласып, қонақ келген ауыл-үй тұтас бір сергіп, серпіліп, өнер жарыстырып, рухани байып, бір-бірімен араласып, жақын танысып, жөн сұрасып, дала төсіндегі, көшпелі өмірдегі бір сәнді сәттерді бастан өткеретін.

Ас үстіндегі этикет өз алдына бір тәрбие институты. Кәделі қонақтың лайықты сыбағасын тарту, асқа бата жасау, ас қайыру, үлкеннің кішіге, кішінің үлкенге ілтипатын қосып отырып «асату» рәсімі, «сый аяқ» құю сынды міндетті түрде орындалып отыратын ықыласты сыйласымдық қазақ шаңырағының құты іспетті. Қонақ түспейтін, қонақ күтпейтін үй болмаған қазақта. Ханы да, қарашасы да қолында барын қонаққа тосатын дәстүр атадан балаға жалғасып, қазірде де жасалып отыр. Осында ұлттық бірегейлікке қатысты нақтылауды айқын ажыратып, тұрақты рухани құндылық мәнінде қастерлеуді қажет ететін құбылыстар бар. Бұл, негізінде, ең әуелі кейіпкер болмысынан, оның мінез ерекшелігінен, әрекет шешімінен көрініс тауып отыратын бірегейлік нышандары. Мысалы, Мұхтар Мағауиннің «Аласапыран» дилогиясында суреттелетін қазақы болмыс, қазақтың ұлттық бірегей қасиетіне ғана тән бір оқиға бар. Оразмұхамед сұлтан түн ортасында

жолай суыт келіп түскен бір кедей үйдің иесі бала-шағасы сүтін ішіп отырған жалғыз сиырын қонақасыға сояды. Аса бір Қарынбай, сараңы болмаса бар қазақ – осы. Қазақ – қайырымды, бауырмал. Бұл – адам баласының биік мәдениет, парасатын, айрықша зыйындылығын көрсететін қасиеттердің бірі.

Ағайындық, рулық институттың артықшылықтарының бірі де өзара қайырым, туысқанға қарайлап ғұмыр сүру дағдыларымен ұштасып жатыр.

«Қайырымдылық – кең мағыналы ұғым. Мәселен, отбасындағы үлкеннің кішіге қамқорлығы, кішінің үлкенге ізеті, баланың ата-анаға, әке-шешенің бала-шағасына мейір-шапағаты, ұл мен қыздың ер жеткен соң еліне қызмет етуі – қайырымдылықтың түрлі көріністері мен қайнар көздері. Халқымыз өз ұрпағына осы қасиетті ес біліп, етек жаба бастаған кезден үйреніп, мұны тұрмыстық салтқа, адамгершілік дәстүрге айналдырып отырған. Халық «Бір үйлі жансың, бір-біріңе меймансың», «Бір-біріңді сыйласаң – жан семіреді» деп қайырымдылық қасиетті ұрпағына мирас етіп, ерекше қадір тұтып, қастерлеп келгенін біздер еш уақытта естен шығармауымыз қажет» [61, 421].

Қазақ халқының өмір салтында орныққан озық, ізгі салт-дәстүрлер оның сөз өнерінде ғасырлар бойы ұлттық тұлға, ұлттық болмыс, ұлттық бірегей даралық сипаттар арқылы дәріптеліп, айшықталып, айқын көркемдік шешімін тауып отырған.

Әдеби шығарма және топонимдер. Топонимдер және этномәдени құндылық. Бұл ұғымдарды тоғыстырып тұрған құбылыс – тұтас ұлттық болмыс. Ұлт бірегейлігі.

Қазіргі қазақ әдебиетіндегі топонимдер мәселесінде көрнекті әдебиеттанушы Мекемтас Мырзахметұлының «Әдебиет және топонимика» зерттеуі осы бағыттағы алғашқы арнайы еңбек деуге де болады. Автор топонимдерді лексикология тұрғысынан емес, саяси, тарихи, идеологиялық; ұлттық болмыс бірегейлігі, ұлттық этноқұндылық мәнінде зерттеуге басым ден қояды. Ғалымның күн тәртібіне алып шыққан бұл өзекті мәселесі қазірде де кең зерделене қойған жоқ.

Қазақ халқының әлемдік қауымдастықтағы тарихи тұғырын бекемдеп тұрған рухани-танымдық факторлардың бірі – ұлттық топонимика. Туған жер, ата қоныс – қазақ этносы үшін ежелден киелі, қастерлі құбылыс. Қазақ баласы туған жерге, кіндік кесіп, кір жуған ата жұртына қастерлеп атау беруде алдына жан салмайды. Ұлттық бірегей болмысының кіндік қаны тамған қара жермен мінсіз байланған тылсым сырлары мазмұн тапқан тарихи жер-су атаулары қазақ әдебиетінде, көркем шығармадағы уақыт пен кеңістік мәнінде де, кейіпкердің географиялық мекен, ортасы мәнінде де ата-бабадан қалған ұлы жәдігер қалпында ұдайы «бой көрсетіп» қатысып отырады.

Әдебиет және топонимика тақырыбы қай халықтың көркем сөз өнерінде болса да өз көрінісін, сөз етілу себебін, кейіпкер әрекет еткен географиялық ортасы мен табиғатқа қарым-қатынасын белгілі дәрежеде білдірмей тұра алмайды. Бұл айтулы ерекшеліктің есте жоқ ескі замандар қойнауында туындаған халық ауыз әдебиетінен бастап, дәл бүгінгі көркемдік сананың биік

деңгейіне көтерілген жазбаша әдебиет үлгілеріне дейін қанат жайған ортақ құбылысқа айналғанын танимыз.

Халқымыздың көркем ой шежіресіне айналған халық ауыз әдебиетінің бар саласы мен жазба әдебиетімізде өз көрінісін берген географиялық жер атаулары тарихи таным мен кейіпкер әрекетіне орай жиі ұшырасып отырады. Міне, осы құбылыстың бар болмысын танып білу мәселесі, әсіресе, мектептер мен жоғары оқу орындарында әдебиет, тарих, тіл ғылымы, география пәндерін оқып меңгеру үстінде пәнаралық байланыстарды іске қосу арқылы жүргізу өз жемісін бермек» [62, 329].

Жер-су атаулары, ұлттық топонимдер қай халықтың да рухани құндылықтарының, бірегей дүниетаным, тіршілік ұстанымдарының көрінісі болып табылады. Мысалы, бұған *Нұрғали Ораздың «Қазығұрт оқиғасы»* әңгімесін келтіруге болады. Бұл шығарма жеке тағдырлар өмірін баяндауда жер киесі ұғымына айрықша кідіріс жасай отырып жазылған туынды. Басты нысан – оңтүстіктегі, қазақ жеріндегі Қазығұрт тауы.

Қазығұрт. Қазақ ұғымында бұл сонау замандардағы дін тарихы, Нұх пайғамбардың кемесімен сабақтас аңызы қалған. Адамдар әрдайым оған қарайлайды. Алланың мейірі түскен бір мекен мәнінде қастерлейді.

Жазушы бұл әңгімеде Қазығұртқа қатысты авторлық баяндауында да, кейіпкерлердің тау тұлғасына қарайлап ғұмыр кешу үдерісінде де, ұдайы «киелі» сөзін Қазығұртпен қосарлап қолданған. Қиын-қыстауда да бағытын түзеткен, бағдар болған құт мекенді қолтығындағы қайран жұрты кеше де, бүгін де қастерлеп, қарайлап ғұмыр кешеді... Міне, туған жер, атамекен құндылығы жазушы шығармасында осылай көрініс табады.

«Ру, тайпа, халық, мемлекет атаулары, көбінесе халықтың өзін-өзі тану саласымен тікелей байланыста жатуы себепті, олар саяси-этикалық, рухани, дүниетанымдық ұғымдармен астасып әлеуметтік қатпар құрап жатуы да түсетін барлық саладағы топонимикалық ұғымдар құрамында өткен замандағы тарихымыздың қилы-қилы тағдыры, сүрлеу жолы, рухани болмысымыздың да көріністері белгі беріп жатады» [62, 329].

Жалпы ономастиканың, соның ішінде топонимдердің ғылыми-теориялық айқындамасында бұл саланың ұлттық бірегей болмыспен негізделу айрықшалықтары да аталып отырады.

«Топонимдер – жер бетіндегі кез келген табиғи немесе адам жасаған объектілер атауынан тұратын жалқы есім түрі. Топонимдер гидроним, ороним, ойконим, урбаноким, спелеоним, дроконим, ареноним, дримоним, т.б. түрлерге бөлінеді» [63,42]. Географиялық атаулардың ұлттық менталитет, ұлттық таным ерекшеліктерінде халықтың тіл жүйесі заңдылығы; қоршаған орта болмысының сипаты; адами құндылықтар ақпараты; мазмұндық тарихи, әлеуметтік, географиялық, басқа да экстралингвистикалық факторлар; ұлттық тілдің таңбаланушы белгілері көрініс тауып отырады.

Топонимикада әлеуметтік материалды және рухани мәдениетін білдіретін лексемалар негізін құрайтын географиялық нысандар атауларын «адам-табиғат» байланысы туралы айтылады.

Ономастика теориясы мен практикасына қатысты зерттеулерде оның түбегейлі мәселелерінің этномәдени құндылықтарға қатыстылығы аталып отырады. Бұған ден қойылып, мән беріледі. Шығарманың көркемдік құрылымын саралау ең әуелі оның тілдік құрылымынан, тілдік негізінен бастау алатындығы тұрғысында бұл диссертациялық еңбекте жалпы ономастика, соның ішінде ұлттық топонимдердің қазіргі қазақ әңгімесіндегі этномәдени құндылық мәніндегі мазмұн, маңызына нақтылы қаламгерлердің жекелеген туындыларының негізінде саралау жасауды мақсат еттік. Топонимдер белгілі бір көркем шығармада өзіндік көркемдік жүк артады, айрықша ұлттық этномәдени сипатта мазмұндалады.

«Ұлттық ономастиканың ерекшеліктері олардың белгілі бір ұлттық тілге қатыстылығында ғана емес, сонымен қатар ұлттық онимия жасалып, қалыптасқан ұлттық мәдениетке де байланысты» [66, 89]. Жалқы есімдердің ұлттық-мәдени ерекшелігіне байланысты орныгатын топонимдер – жер-су, қоныс, мекен атауларының қазіргі қазақ әңгімесіндегі қолданыс аясы ауқымды. Біз бұл ерекшеліктің нақтылы тарихи, географиялық сипаттамасынан гөрі ұлт тағдырымен сабақтасқан этномәдени ұғым, киелі мекен тұрғысындағы қолданыс мәніне тоқталып отыруды міндеттедік.

«Жалқы есімдердің мәдени-ұлттық табиғатына әртүрлі көзқарасты талдай отырып, Е.А.Керімбаев мынадай пікірге келеді: «Әр халықтың онимиясында мәдени-тарихи ақпарат жинақталған, қоғамның мәдени тарихына байланысты жалқы есімнің ерекшеліктерін және типологиялық ұлттық-мәдени ерекшеліктерін зерттеу ономастикадағы түбегейлі өзгеріс әкелетін бағыт болу керек» [64, 14],- деген пікірімен келісеміз.

Сонда ұлттық мәдениеттің көрінісі не? Негізінен, жалқы есімдер екіншілік атау таңбалары болып табылады, яғни олар жаңадан жасалмай, тілдегі бар құралдар арқылы пайда болады. Демек, ең алдымен, жалқы есім жасауға қатынасатын мәдени ақпаратты сақтайтын лексемаларды, сөзжасам модельдерін т.б. бөліп шығару керек. Оларды жасауға қатысатын сөздерге байланысты белгілі бір мағыналар жалқы есімге берілген. Дегенмен атау тағылған объектінің болмысымен тікелей байланыспаған мағына тек атау беруші үшін кей жақтарынан ғана дерек береді және халықтың мәдени реливантты концептерімен байланысты болады. Сонымен қатар адам өміріне қандай да бір объектінің қатысына орай оны нақты жекелеу үшін ол туралы әр түрлі дерек жиналады». Көшпелі өмірде қазақ халқы географиялық объектілерді бірнеше мәнде қамтып, сол негізде атау беріп отырған. Жер жағдайы (шөлейт, сазды, сортаң, т.б.); адамның дене бөліктеріне ұқсастығына орай атау беру (бұғаз, сөз, қабырға); этнонимдер – этнос, ру атаулары (қазақ, керей, тоқпақ); тұрмыс заттары (сандық, қоржын); діни-мифологиялық (әулие, баба, кие); тарихи оқиғалар (Қалмаққырған, Аяққалған) т.б.

В.Г. Костомаров, Е.М. Верещагин сынды Ресей ғалымдарының пікірінде нақтылы бір атау форма ұлттық-мәдени компоненттерді бойына сыйғызып тұрады. Сонымен, жалқы есімдер жеке мәдени этностың вербалды белгілері және символдары болып табылады [65, 91].

Қазіргі ономастикада жалқы есімнің ұлттық-мәдени ерекшеліктерін зерттеу ең алдымен топоним мен антропоним материалдары негізінде жасалады, ал жалқы есімнің басқа түрлері лингвомәдениеттаным, этнолингвистика тұрғысынан зерттелмеген. Дегенмен олардың мәдениеттің өтпелі кезеңдері туралы қосымша дерек берері сөзсіз.

«Барлық ономастика этнографиялы – кісі атынан бастап құдай атына дейін, қала атауынан бастап елді мекен немесе ғарыш объекті атауына дейін» деген тұжырымның тууы да заңды» [66, 93].

Белгілі бір этностың дүниетанымын, ғаламның ақиқат бейнесін тануда көрініс беретін ономастикалық кеңістік ұғымын көркем шығармалар арқылы пайымдауға болады деп ойлаймыз.

Қазақ қаламгерлерінің қазіргі заманды жазса да, өткен тарихқа барғанда да негізінен нақтылы бір этностың ономастикалық кеңістікте баяндап келе жатқандығы кім-кімге де болса белгілі құбылыс. Шығармада суреттелетін оқиғалар, жеке тұлғалар тұрақты бір ұлттық ономастикалық кеңістікте өтіп жатады. Осында ұлттық бірегей дүниетаным, эстетикалық құнар құндағында қалыптасып, пайда болған ондаған, жүздеген жер-су атаулары, адам есімдері, қилы атау мәнді ұғымдар айналымда жүріп отырады. Біз қазақ әңгімесінде ономастикалық кеңістік нендей көркемдік қызмет атқарып тұр дейтін мәселе тұрғысынан (тақырып мақсатына орай) зерттеу тәжірибесін жүргіздік.

Ономасиологияда «прецеденттік жалқы есімдер» деген ұғым бар.

«Аталмыш мәселелерді шешу тұтастай алғанда вербалды коммуникация, мәдениетаралық қатынас үшін маңызды. Әр түрлі лингвомәдени қоғамдастықтар арасында сәтті қатынас жасалу үшін ұлттық тілдің (қазақ, орыс т.б.), сананың негізгі элементтері туралы нақты дерек қажет. Прецедентті атаулар тірек құрамы болатын жалқы есім осындай элементтер болып табылады.

«Мысалы, Талдықорғанның Жаркент өңірінде болып өткен кеңестік дәуірдегі өмір шындығын көркемдік танымммен кестелеген Б. Нұржекеевтің «Жау жағадан алғанда» (1990) романы – өлке танытушы туынды деп атауға болатын кесек шығарма.

Кеңес өкіметінің алғашқы дәуірінде Ресей империясы мен Қытай империясының түйіскен жерінде жатқан Жаркент өңіріндегі отаршылдық топонимдерді халықтық атауларға қалай өзгертудегі В.И. Ленин бастаған нақтылы саясаттың шет аймақтың өзінде нақтылы жүзеге асу әрекеті сәтті де білгірлікпен баяндалыпты. Жазушы өте нәзік, бірақ саяси астары бар күрделі мәселені, яғни саясат пен топонимикалық құбылыстың тікелей байланыста жататын табиғатын: «14 мартта Түркістан республикасы Орталық Атқару комитетінің Верныйды Алматы деп атау туралы декреті шыққаннан кейін, Жаркент басшылары да ойланды...

Уездегі біраз елді мекендердің аты ежелгі халық атанған қалпына қайта келді. Чернокаменское – Басчи, Вишяковская – Қоңырөлең, Голубовское – Көктал, Михайловское – Бурақожыр, Смирновка – Үшарал, Кутузовское – Тышқан, Восторговское – Бұрқан, Воздвиженское – Шежін, Николаевское –

Қорғас, Казанское – Басқұншы, Богословское – Қаратұма, Подгорное – Қырғызсай, Охотничье – Нарынқол болып қайтадан қазақша атала бастады», – деп көрсетуі арқылы қалың оқырман қауым жете мән бере бермейтін өткендегі тарихи шындықты дәл танып суреттеп, көп нәрсенің сырын ашып беруі, әрине, жазушы ой-өрісінің біліктілігінде жатыр» [64, 394].

Постколониалды, постотарлық дейтін ұғымдар бар. Кең. Қатпар тарих, қату замандар таңбасын кетіру оңайға түспей отырған ендігі заман. Мекемтас Мырзахметұлы «Отаршылдық топонимдер» деген атаудың қыр-сырын былайша саралайды: «Жер тарихы – ел тарихы. Өйткені халықтың өткендегі ата-бабаларынан бермен қарай бастан кешкен небір сапырылысқан болмыс, танымының ең бір талмау тұсы сол халық авторлығымен қойылған елдімекен, жер атаулары деп қаралады. ...Қай заман, қай дәуірде боса да елді мекен, жер атауларына географиялық ат қоюдың бірден-бір авторы сол өлкенің байырғы тұрғын халқы болып келеді [64, 374],-дейтін пікір әрине даусыз.

1.2 Қазіргі әңгімедегі этномәдени құндылықтар дискурсы

Қазіргі қазақ әңгімесінде тұтас ұлттың этноқұндылықтары жан-жақты рухани аяда көркемдік өріс түзіп отырғандығы тұрғысында жалпы сөз болып жүргенімен, этномәдени құндылық ұғымының ғылыми-теориялық негізі, айқындамасы тұрғысында нақтылы пәндік саралаулар тым тапшы деуімізге болады.

Қазіргі кезеңдегі құндылықтар категориясын аксиология ғылымы аясында зерттеу мәселелері – ұзақ тарихи кезеңдерден өтіп келіп қалыптасқан құбылыс. Әдеби дамудың тәуелсіздік жылдарындағы өзіндік айқын таңбалары, басым бағыттары тұрғысында жинақтап ой қорыту, бағамдау, бағалау үдерісі қазіргі қазақ әдебиеттануында қызу өрістеп отыр деуге әлі ерте. Не дегенде де бұл кезеңдегі ой азаттығы, сөз еркіндігі, уақыттың үш ұйықтаса түске кірмеген жылдам құбылу тенденциялары, жедел жазу өнеріне де біртіндеп ойысып, орнығып жатыр. Қазіргі қазақ әңгімесі дәстүрлі ағыстардан бұра тартып, әлемдік көркемдік бұлақтарымен қосыла ағуға арна салуда. Бұл оң өзгеріс пе, басқа ма, ол – өз алдына терең теориялық, пәнаралық талқылауларды күтіп отырған құбылыс.

Әдеби шығармада ұлттық мәдени құндылықтардың көрініс табуы көркемдік ұстаным, жанрлық-теориялық қисын, шарттар, заңдылықтар аясында жүзеге асады. Әдеби туындының көркемдік логикасына сіңісіп, өмірлік шындықтың таза, табиғи көркемдік шешімі негізінде көрініс табады. Бұл тұста қаламгер шеберлігі, дара жазу тәсілдеріндегі шығармашылық еркіндік құбылыстарының басымдығы туралы ойлауымыз керек.

Тақырып ауқымында жаһандану дәуірінің тым қауырт, жедел ықпалы айқындалып болған қазіргі уақыттағы қазақ әңгімесінде этномәдени құндылықтарға іш бұру байқала ма, болса оның көркемдік шешімі нендей

шығармашылық тәсілдермен құнарланды деген мәселе ауқымында зерделенетін мәселелерге көңіл аударды қ.

Әңгіме жанры тәуелсіздік жылдары жаңа бір көркемдік кеңістікте бағыт түзгендігі тұрғысында айтылып, жазылып келеді. Қаламгер мұраты ұлттық құндылықтардың басымдықта болуы бағытында да бағаланады, танылады. Бұл тұрғыда «Развитие прозы Казахстана» атты XX ғасырдың ақыры мен XXI ғасыр басында әдеби үдеріс мәселелері қозғалған зерттеу мақаласында белгілі әдебиеттанушы ғалым Аслан Жақсылықов былай дейді: «Безусловно, последние двадцать лет развития можно назвать не только трудными, но и экстремальными для казахского этноса и общества республики в целом. Двадцатый век оказался необычайно насыщенным катаклизмами: две революции, Гражданская война, коллективизация и индустриализация, массовый голодомор 1919-1933 годов, сталинские репрессии трицатых, сороковых и пятидесятых годов, участие во Второй мировой войне, поднятие целины, хрущевские эксперименты и территориальный передел, наконец, национальный подъем и события 1986 года. Все эти события, нередко мирового или континентального масштаба, приводили к массовым потерям в составе казахского народа (до 50 процентов в тридцатых годах). Эти потрясения, «революционные скачки и прыжки» на духовном, ментальном плане приводили к острейшему кризису казахского народа, к полной дезориентации, потере традиций, навыков, умений обычаев, ремесел, образа жизни, то есть всего того, что формировало веками активный психический тип номада как воина, всадника» [69,148].

Вот имена писателей, создавших знаковые произведения этой типологии в нашей литературе: Дулат Исабеков, Саин Муратбеков, К. Искаков, Б. Нуржекеев, А. Аскаров, Д. Досжанов, О. Бокеев, С. Асылбекулы, А. Мекебаев, Е. Алимжан, Ш. Бейсенова и др. Основные черта этого стилевого течения: аульная тематика, нравственная позиция автора-повествователя по защите интересов аульного человека, ценностей патриархальных отношений, конфликт между жителем города и аула, настороженное отношение к политике урбанизации и глобализации. Эти признаки перекочевали и в новую прозу последних двадцати лет с тем изменением, что развитие происходит в сторону заметного усиления иронии и гротеска, появление трагических коллизий» [69, 154]. Ғалым жалпыадамзаттық озық идеалдар өлшемін көтеруде қазақы дүниетанымның мығым негіздерінің де аса маңызды орын алатындығын, қазақ қаламгерлері соны астарлап, ащы ажуа арқылы болса да жеткізіп отыратындығын айтады.

XX ғасырдың өн бойында әлемдік өркениет қазанында қайнаудай-ақ қайнаған қазақы өмірдің қаншама қастерлі тұғырлары келмеске кеткендігін сәт сайын сезінеміз. Шашау шықпай, іргесі сөгілмей ғасырдан-ғасырға озып салтанат құрған қазақы ғұрыптың отбасылық құты жаңа заман екпінінде сан шайқалып, төгіліп-шашылғандығы ендігі заман адамының туа бітті артықшылықтармен құндақталған дәстүрлі болмысын бұзды. Осы ыңғайсыз, жайсыз, біртүрлі сұрықсыздық қазақ қаламгерлерінің қашанғы жан алаңы

болып келе жатқандығы қазіргі қазақ әдебиетінің басым көркемдік бағыттардағы рухани түзілімінде нақтылы көрініс тапты. Қанағатшыл қазақ енді дүниеге достықты көбірек қалайды. Бейберекет арпалыстың түпмақсаты – біреуден біреудің артылуы. Бәсеке. Бақастық. Дүниеге дос адам адаммен арақатынас бүтіндігіне аса алаңдап жатпайды. Мысалы, *Т. Нұрмағамбетовтың «Ақпейіл ұры»* әңгімесінде қазақы өмір ғұрпындағы барымта – мал ұрлығы арғы негіз, ата салт мазмұнында бой көтерген. Осында ғылыми негізге қарай қисындағанда өрескелдеу естілсе де қазіргі аксиологиядағы құқықтық аксиология мәселелерімен тоғысып жатқан оқиға өрісі, өмір шындығынан туындайтын әрекет фактісі баяндалған.

Зерттеушілер пікіріне қарап пайымдағанда қоңсы қонған көршісінің өз малын сойып қонаққа шақырған адам мен арғы тегі атақты ұрыдан тарайтын жаңа қоныс иесінің мал ұрлығын кәсіп етуі ұлттық болмыстағы құқықтық тұрғыда алдын ала ақталып қойған барымта институтының ұлттық құндылық мәніндегі маңызымен ақтала баяндалатынын көреміз. Барымта институты – құқықтағы ұлттық құндылық көрінісі.

Белгілі қаламгер Тынымбай Нұрмағамбетовтың өмірлік негізі мығым әдеби кейіпкерлер шоғырын қазіргі уақыттың шындығымен сәулелендіру дағдысы ерек. Құлқы өзіне бой бермей кеткен сүйкімсіз, іші тар, жұрт ортасында жүретін ұрлыққа бейім адамның болмысы соншалықты иландырады. Нанымды қалыптанған. Әңгімедегі жаңа қоныстанған көршіні ерулікке шақыру – қазақы салттың мызғымас бір дерегі. Ішің жылып қалады. Сол ерулікке сойылған мал жаңа көшіп келген көршісінің өз қойы екендігін қонақпен бірге түйсінгенде оқушы да қатты тіксінеді. Қазақтың қашанғы құндылық, көршіні қастерлеу ғұрпын мейлінше ұстанып бәйек болып жүрген көршінің теп-тегіс әрекеттерінен теріс қылық көргенде бетіне басып айта алмай кеткен қазақы момындық, қазақы сабыр іш жылытады. Осы әңгімеде жазушы қазақы ғұрыптағы тектілікке қарайлатып отырады. Қазақы ата кәсіптің бірі тұрмыс, табиғат жағдайынан туындаған – барымта институты. Жазушы ұрлықтың да өзіндік сыйымды этикасы, дәстүрі болғанын, ендігінің заманы мұны да бұзғанын меңзейтіндей. Иронияның астарында қазақтың жарасымды бір кәсібінің күйкіленіп кетуіне және бір жоғалтқан ұлттық ерекшелікке деген қимастық та байқалатын сияқты.

Зерттеушілер Т.Г. Сейсембай мен Г.А. Сейсембай «Осы кезеңнің жемісі болып саналатын тақырыптардың бірі – діни тақырыптарға жазылған туындылар. Кеңес үкіметі тұсында бұл тақырыпқа қалам тартпақ түгілі, тұрмыс-тіршілігімізде еркін қолдануға да болмайтын еді. Ал, қазір, Аллаға шүкір, мешітіміз көбейіп, ата дәстүрлерімізбен қайта қауышудамыз. Сонымен қатар, ұлттық құндылықтарды дәріптейтін әңгімелер де тәуелсіздік жылдарындағы шығармалар тақырыбын түрлендіруде өзіндік үлес қосты. Адам, оның бойына тән адамгершілік қасиеттерді сомдау, оның кейіпкер характерін ашудағы идеялық құндылықтарын баса жазу ерекше дамыды» [70, 87],-деп дін негіздерінде жазылған туындыларға арнайы тоқталады. Негізінде, қазіргі әдебиетте жазудың, кітап оқудың қиюы қашып, құты кемігендей

кезеңнің өзінде де қазақ қаламгерлері тәуелсіздік тұсында өнімді шығармашылық кеңістік ашқандығы ендігі заманның рухани жадаулығына тосқауыл қоюдың, әдеби мұраны ғасырлар бойы құнарландырып келе жатқан ұлттың өзін өзі сақтау, қорғау түйсігінің мейлінше бір шамырқану, тіксіну құбылыстарымен байланысты деп пайымдаймыз.

«Тәуелсіздік тұсындағы прозалық туындыларда көркемдік тәсілдер күрделеніп, метафоралық, аллегориялық, гротескілік ойлау жүйесі дамыды. Жаңарған проза табиғаты ұлт ұғымына сәйкес өз оқырманына тосын құбылыстарды (антропологиялық, мистикалық, виртуальдылық) бейнелеу тұрғысынан ерекшеленеді. Абстрактілі ұғымдарды заттандыру, адам мен оның барлық ішкі-сыртқы болмысын тұлғаландыру арқылы жаңа сипатты ой айтудың көркемдік әдістері прозада жаңаша қалыптасты» [11, 87].

Қазақ әдебиеті тарихын зерттеу методологиясы, әдеби шығарма теориясы кеңестік дәуірде тұтастай орыс, Еуропа әдебиеті мен әдебиеттануының ізімен жүргендігін соңғы 30 жылдан астам уақытта ғана айтуға батылымыз жетіп, қазақтың әдебиет тарихындағы төлтума сипаттар спецификасы туралы сөз қозғауға тәуекел жасадық. Ол үшін қазақ қаламгерлерінің шығармаларына жүгінеміз.

Бексұлтан Нұржекеұлының «Қамыт жағалы қоңыр көйлек» әңгімесінде абырой сақтаудың адам өміріндегі маңызы жайлы қазақ қызының абырой сақтаудағы айрықша парызы жайлы жедел, жиі алмасқақ кинофильм көріністеріндей біртүрлі алаңдатып отыратын оқиғалар сапырылысының ортасында баяндалып, көрініс түзеді. Әйел баласының арын сақтау парызы қазақы ғұрыптағы ұлттық құндылықтың бірі Ақ неке қиылған күнге шейін сөз байласқан адамына жақындамаған, жақындамайтын ибалы жас қыз аяқ асты ауылдағы ағасының ұлы үйленіп, соның тойына асығыс шығып кетеді. Қысқа әңгімеде оқушыны алаң көңіл етіп, елеңдетіп қойған бір түйткіл – қамыт жағалы көйлек үшін ауылға қайта келген, таңертең мемлекеттік емтиханын тапсыруға қалаға жетуі тиіс қыз баланың аяқасты көлік таппай, шырғалаң ситуацияға тап болғандығы. Қысқа әңгімеде ұлттық болмыстағы қыз бала тәрбиесі, жеңгелер институты, тұңғыш баланы қастерлеу, кенже ұлдың мәртебесі, туысқандық қатынас құндылығы сынды қазақ баласының, ауыл адамының өмір жағдаяттарындағы баянды, бағзы мазмұн көркемдік шешімге құрылған.

Кештете қалаға қайтқан Шара әуелі жол-жөнекей ала кеткен МАЗ шопырынан секем алады. Ар үшін ішкі арпалысы иланымды. Жанын шүберекке түйіп, бір түнде «көрмегенді көріп» аман-есен Алматыға жеткен кейіпкермен бірге оқушы да «уһ» дейді. Қыздың үрейлі күдігін жазушы оқушысының да кеудесіне ә дегенде-ақ көшіріп қойған. Қыз соншалықты неден үрікті? «Қызға қырық үйден тыюдың» сыры қайда еді? Түрік шопыр, оның әйелі қызға жақсылық ойлады ма, әлде басқа ойлары бар ма екен? Түндегі тырайып ұйықтап жатқан тоғыз ұл таң атпай қайда кеткен? Шара бұл үйдің адамдарына қатысты нендей өкініште қалды? Бұл өмір оқиғасы не туралы айтады? Ғибраты нендей? Шығармашылығында дәстүрлі түрде атам

заманнан келе жатқан адамшылық қатынастар қатарластырып отыратын, этномәдени құндылықтарды дәріптеп отыратын жазушы Бексұлтан Нұржекеұлының «Қыз сезімі» атты шағын әңгімесінде де қазақы ғұрыптың қайталанбас салт-жоралғылары ауыл қызының әдебі, бір атаның баласы ұғымы, рулық институт, жеті ата институты, қыз-бозбала әзілі – қағытпа, астарлап, тұспалдап, сырғақтап тіл қатысу сынды тұрақты дағдылары, қазақы жастық мінез, ақпарат таратуға ыңғай білдіріп тұратын да қазақы мінез болмысы көркемдік өріс түзген. Баяндау тілін қазақы қалжыңмен нәрлендіріп отыратын жазушы ұлттық сипаттарға келгенде кімнің кім, қандай міндет көтеріп күн кешетінін таңбалаудың үздік тәсілдеріне мейлінше жомарт. «Ауыл жаңалығын тарату жөнінен әйелдер, тегі, таптырмайтын маман болып шықты».

Шығармадағы дәстүр мен заманауи үрдістер қақтығысы қалай көрінеді? Әңгімедегі оқиғаларға кейіпкерлердің ұлттық көзқарасы қандай? Шығармадағы қақтығыстарға мұның әсері тиген бе? Қазақстан өмірінің әңгімеде көрініс табуы. «Қыз сезіміндегі» жігіттердің қыз үшін төбелесуі туралы не ойлауымызға болады? Рулық, тектік мәселе, этностық мәдениет, ғұрыптың қатысы бар ма? Кейіпкерлер арасында дау болды ма? Шығармада дәстүрлі қазақ өмір салты қалай бейнеленген?

Ләззәт пен Тілеу – басты кейіпкерлер. Әңгімеге арқау болған дәстүрлі әдет-ғұрып пен заманауи үрдістер қақтығысы осы екі кейіпкердің басынан өткен жайлар арқылы көрініс табады. Қазақ этносының ұлттық намысы, соған байланысты эмоциясы қалай көрінеді? Олардың сезімге ерік беріп, ашудың жетегінде кететін сәттері. Төбелес. Тілеудің қайтып оралуы нені білдіреді? Бұл көріністе қандай жағдайларға баса назар аудару керек? Осында жазушының идеализациялау, өткен етене дәстүрлерді аңсау ниеті бой тасалай алмай қалады. Романтикалық нышандар кимелейді.

Кейіпкерлер: Ләззәт – Бақытжамал – Жүсіп – Тілеу – Демесін – Еркін – Орынбайлар арқылы да жастық құндылықтың ұлттық сипаттары сәулеленген. Қыз ұзату. Жастардың бір-бірінің тегін білуді міндетті парыз, қастерлі құндылық категориясы мәнінде танып, мойындауы, ұстануы. Ұнату – жалпыадамдық құндылық. Қазақы ұнату сонымен қоса – қазақы құндылық. Ұнатып тұрса да ауыл қызының алып кетейін деген жігітке:

«Біздің ауылда қыз өйтіп жігітке өзі ілесіп кете бермейді» деп тоқтам айтуы – тәрбие, тағылым. Жөн-жосықты ойлаудан қалып бара жатқан жаһандану заманының жаһандық жастарына ұлттық болмысыңа қарайла дегенді сіңіру, ұқтыру.

Жазушы Бексұлтан Нұржеке неліктен қыз бен жігіт таныстығын осыншалықты тәптіштей жазып отыр. Оның көксегені – келмеске кетіп қалу қаупі күшті ұлттық құндылықтарды қастерлеу, жоғалтып алмаудың амалын қарастыру. Әңгімеде оқиға туысқандық, қандық байланыстар мен олардың білдіретін мәніне қатысты өрбиді. Неке құндылықтары институты. Жеке этностар. Сорақы фактілер.

Әңгіме кульминациясы ертегідей бақытты аяқталғанына қыздың, жігіттің осыған шейінгі қылық, кесімді мінезі сендіреді. Тілеу ата-анасын алып келіп, ұнатқан қызына құда түсіп, үйлену рәсімдерін ұстануы қазақы ғұрып, ұлттық мәдениеттің ежелгі, отбасылық құндылықты сақтандыру миссиясы. Жалпыадамдық құндылықтарда адамның мінез-құлық сапасы ұдайы бой көтеріп отырады. Әңгімедегі адамгершілік, махаббат жалпыадамзаттық болмыс құндылықтарына ортақ болу мәртебесі ұлтқа, этносқа, нәсілге бөлінбейтіндігін меңзейді.

Адамзат тарихындағы алыс-беріс, қилы басқыншылық, шапқыншылық әрекеттер, саяси өктемдіктер жеке этнос өкілдерінің төл құндылықтарын интеграциялауда, ырықсыз бірыңғайландыруда мейлінше ықпалды зардаптарын қалдырып отырса да қанға біткен төлтума сипаттары менмұндалап, айрықшалап көрінетін этномәдени кеңістіктер құндылығы ештеңеге бой берместен жалғаса береді.

Майкл Райан «Әдебиет теориясы» еңбегінің «Байырғы халықтық, постотарлық және трансұлттық таным» бөлімінде отар елдер мәдениетіндегі айрықшалықтар жасайды. «Жергілікті халық еуропалықтарға саяси және әскери бағыныштылығына, мәдениетті гомогенизациялау ұранымен төлтума мәдениеттері мен тілдерінің қасақана жойылып бара жатқандығына және табиғи байлықтарының талан-таражға түсуіне қарсылық білдірді. Өйткені әсіре коммерциялық рухани қабаттаса жүретін бодандыққа қарама-қайшы тәуелсіздік рухы империяға ешқашан ұзақ шыдас бермейтін. Ол жергілікті мәдениетке дендеп енген сайын тәуелсіздікке деген ұлтшылдық ұмтылыстарымен астасып, лаулаған жалынға айналады» [62,199]. Бұл еңбекте қазақ әдебиетінің кейінгі дәуірдегі даму бағыттарындағы мәдени интеграцияның оң, озық ықпалы мен кері кету, кемсіту, кеңістігін тарылту, қалыпқа салу сынды құбылыстар ықпалын ұғына түсуде қарайлап отыруға болатын жалпы отарлау мұраттары мен нәтижелеріне қатысты елеулі тоқтамдар жасалған.

М. Райан империялық және бағынышты мәдениеттердің мәдени майданы деген ұғымды атайды. Империяның ақталу мақсатында отарға айналған мәдениеттерді ғылыми нысан еткен ориентализм (шығыстану) сынды білім салаларының туғандығын тілге тиек етіп, көп жағдайда «шығыстану» империялық басқаруды оңтайландырған стереотиптердің кластері еді дейді.

Ал Мағжан Жұмабаев «Алқа» ұйымының «Табалдырық» платформасында империялық және бағынышты бодандық туралы XX ғасырдың басында-ақ осы мәнде пайымдаған. «Қазақ әдебиеті тоғыз жолдың торабында тұр. Артында бір жол, алдында мың жол. Мың жолдың ішінде өзен өрлегені де, шөлге улегені де, барса келері де, барса келмесі де бар. Қазақ әдебиетін мынау мың жолдық тарауына алып келіп, ақыртып тұрған – тұрмыс. Қазақ тұрмысы орыс тұрмысымен, орыс тұрмысы арқылы Ауропа тұрмысымен соқтығуы қазақ әдебиетінің орыс әдебиеті екпініне, орыс әдебиеті арқылы Ауропа әдебиеті екпініне кез келуі тас пен жапалақтың жапалағы өлмек, әрине, қазақ тұрмысы қирамақ, әрине, қазақ әдебиеті

еліктемек. Бірақ бізге молда болатын Ауропа әдебиетінің өзі бір молда емес, мың молда. Алыстағы анау Ауропаны қоя-ақ қоялық, көршіміз орыс әдебиетін алалық. Осы күнде пролетариат төңкерісі дәуірінде, кеңес үкіметінің өзіне орыс әдебиетінің мың бағыты тұр. Бәрінің де жалауы – қызыл, ұраны – төңкеріс алды, ортақшылдық сықылды» [71, 30].

«Қазақ елі Ауропа мәдениеті көзімен қарағанда мәдениет қоры, әдебиет қоры жоқ, кедей ел болғандықтан, біздің жазушыларымыз не әскерлік, не азаматтық міндетін ұмытып, құр ақындыққа қамалып қалуға мүмкін, әсіресе ақындық міндетін біле алмай, жалпы айқындық екпінімен кетуге мүмкін. Әдебиетті айқай ғана деп, ақындықты үгіт насихат деп қана ұғуға мүмкін... Үлгі боларлық орыс әдебиетінің түрлі тарауының тұрақсыз бір тарауына, не барса келмесіне, не ұзамай құрып кететін сиырдың шұбырындысына түсіп кетуі мүмкін» [71, 32]. Міне, Мағжан Жұмабаев бір ғасырдан кейін Майкл Райан зер салып, шұқшия айқындаған отаршылдық құрсауындағы әдебиет күйін сол XX ғасырдың алғашқы ширегінде-ақ таниды. Жеткізеді.

«Бірақ Ауропа отаршылдығының бір қасиеті – құнды көп қуып, батыр қылуы, өлімге бұйыруы мен өмірді сүйгізуі, езілген елдің ұлттық сезімін оятуы. Осы заң бойынша 1905 жылғы төңкерістен соң соққы жеп, сүлесі қатқан қазақ елі есін жия бастайды. Жаралы жанының есін жия бастағандағы бірінші үні – ыңырсып күрсінуі, күңіренуі болмақ. 1905 жылдан соңғы әдебиетіміз, «Оян, қазақ!», «Қырық мысал» сықылды елім, жұртым деген әдебиетіміз, сол күңірену, сол зәреде күңіренген жаралы жанның көзіне ілінгені ғана – қылышынан қан тамып, майданда ойнап жүргені елестемек» [71, 34]. Ақын халықтың жанына жара салған жайттарды және олардың ұлттық мәдениетке барынша терең зардабын тигізгенін батыра айтады.

Мұндай кезеңдердегі отарлаушы ұлт тарапынан болмай қоймайтын мәдени интеграцияның салдарларындағы екіұдайлық фактісі қазақ әдебиетінің, қазіргі заманғы қазақ жазба әдебиетінің көркемдік қалыптану бағыттарында айқын таңбасын қалдырды.

Жаһандық неоотарлаушы. Экономикалық үдеріс. Инвестициялық сынып. Таным. Эмоция. Эволюция. Ғылым. Эмоцияның ізгілік өлшемі ретінде қолданылуы. Ұят категориясы. Құрмет қағидасы. Байсалды эмоция. Жануарлар. Адамдар. Орындар. Заттар.

Әдебиеттану мен мәдениеттануда тарихи, әлеуметтік және саяси мәселелерге деген қызығушылықтың қайтадан жандануы барған сайын технократтанып және тауарланып бара жатқан американдық ғылым мен қоғамға тән тарихты ұмыту үдерісіне берілген жауап еді. Гуманитарлық ғылымдармен айналысатындар үшін негізгі мақсат – студенттерді «тарих – аяқталған және өтіп кеткен құбылыс» деген ұғымнан арылту болды. Оларға өздерінің тарихты бастан кешіп жатқанын және тарихтың формасы олардың субъективті ойлары мен әрекеттерінде, сенімдері мен мүдделерінде көрініс табады деген ойды сіңіру еді. Әрине, тарихқа оралудың бірнеше жолы бар. Қоғамымыздағы «тарихи сананың өшірілуі» мәселесіне алаңдаған Ұлттық гуманитарлық қордың төрағасы «өткенге оралу арқылы біз өзіміздің адамгершілігімізді

бекіте түсеміз және біз, сөзсіз, оның маңызын түбінде ұғамыз. Өзге өмір мен уақыттың бүтіндігін қамти алмайтындықтан, біз тіршіліктің мыңдаған детальдарын жіберіп аламыз» деп жазды (Cheney, American Memory, 76). Тарихты мыңдаған тұтынған деталь мен өзгертуге келмейтін жалғыз негізге, антиномияға жатқызу – тарихтың құраушы айырмашылықтарын түбегейлі өшіру арқылы, детальдар ғана емес, негіздер де туатын, қайта қаралатын, қарсылыққа тап болатын және өзгеретін сол күрделі тарихи формацияларды жоққа шығару арқылы тарихтан бас тарту».

Теория мен идеологияға қатысты пікірлер тоғысында идеологияға берілген анықтаманы да теориямен қатар назарда ұстап отыру қажеттілігі байқалады. «Дәстүрлі түрде идеология деген кез келген әлеуметтік топқа ортақ идеялар, құндылықтар мен сенімдердің жүйесін білдіреді» [71,150].

Демек, қазіргі қазақ әңгімесінің көркемдік тұтастығында постотарлық таңба айқын, рухани дағдарыстың тарихи себептеріне үңілу үдерісінде кеңестік кезең идеологиясы қақпайлаған ұлттық этномәдени құндылықтар жаһанданудың қайсыбір жат ықпалына қойылып отырған зор рухани тосқауыл деуге болады.

«Гриц жалпы әлеуметтік заңдардан гөрі байырғы халықтардың мәдени құндылықтарына, әлеуметтік күреске қарағанда мәдени тұтастыққа назар аударады» [71,153].

XX ғасырда кең жанрлық өріс түзген қазақ әңгімесінің көркемдік-теориялық негіздері; руханияттағы мән-маңызы тұрғысында әлемдік әдеби теориялық ұстанымдар ауқымында да, ұлттық айрықшалық негіздері бойынша да Ахмет Байтұрсынұлының әңгіме жанрының ерекшеліктеріне де тоқталған «Әдебиеттанытқыш» еңбегінен бастап постмодернизмге ыңғай берген қазіргі уақыттағы әңгімелер туралы жазыла бастаған зерттеулерге шейінгі қадау-қадау тоқтамдардың барлығы да – қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы, құнарлы мазмұны.

«Әңгіме – оқиғаны баяндап айтуға негізделетін қара сөзбен жазылған шағын көркем шығарма. Әңгіменің жанрлық ерекшеліктері алдымен оқиғаны баяндау тәсілі, композициялық, сюжеттік құрылысы, кейіпкер жүйесі арқылы айқындалады. Әңгімеде әдетте бас-аяғы жинақы, тиянақты бір оқиға айтылады. Әңгімеде де басқа жанрлар секілді, алдымен адам, оның өмірі мен тағдыры көрінуі тиіс. Аса маңызды деген оқиға суреттелуі керек» [72,10].

Әңгіменің жанрлық сипаттамасы туралы тоқтамдар қазақ әдебиеттану ғылымында бір ғасырдан астам уақыттан бері жасалып келеді. Жанрлық шағын прозаға жататындығы, сюжет желісінің бір арнада, ықшам болып отыратыны, тақырыбы мен идеясының айқын болатыны, айтылған жайға қайта соғып, тәптіштеп баяндап, ұзақ суреттемелерге баруға орын болмайтындығы, бір оқиға тартысында кейіпкер мінезі, тұлғалық болмысы айқын көрініп, түйінделетіндігі, аз суретпен көп жайға меңзеу тұрғысында әңгімеге аталған оқулықта анықтама беріп отырып, авторлар қазіргі қазақ қаламгерлерінің әңгіме жанрындағы көркемдік кеңістігін нақтылы талдауға тартады. Шерхан Мұртазаның «Алапар мен Динго», «Бұршақ», «Тәуекел той»; Қабдеш

Жұмаділовтің «Бір ғана ғұмыр», «Дөңгеленген дүние-ай», «Тілекші»; Мұхтар Мағауиннің «Карлагтан хат», «Нала», «Камикадзе», «Сұркөжек»; Бексұлтан Нұржекеұлының «Қыз сезім», «Құпия махаббат», «Екі қырсық», «Күю»; Мәди Айымбеттің «Тылсым»; Талаптан Ахметжанның «Айқасқа», «Шәрбат», «Тұма»; Серік Асылбектің «Сағыныш», «Атажұртта»; Жанат Ахмадидің «Өмір өткелегі», «Есенгелді би»; Дидахмет Әшімханұлының «Жер аңсаған сары атан», «Самырсын сазы»; Қуандық Түменбайдың «Жыл өткен соң», «Біреудің бақыты», «Тәуелсіз махаббат», «Көз», «Итаяқ»; Нұрғали Ораздың «Бақыт құсы», «Сақалды қыз», «Сиқырлы көл», т.б. әңгімелері шағын жанрдың мүмкіндіктері ауқымында зерделенеді.

Бұл әңгімелерге авторлар кең тоқталып, мазмұндық, құрылымдық тұрғыдан талдайды. Этномәдени құндылықтар тұрғысында арнайы сөз болмағанымен, мәселе жалпы жанрлық аяда қарастырылып отырады. Бұл тұрғыда «Фольклор және қазіргі қазақ әдебиеті» жинағында «§3. Прозалық шығармалардағы фольклорлық салт пен әдет-ғұрыптардың қызметі» атты бөлімде зерттеу проблемаларына қатысты нақтылы мәселелер қарастырылғандығын келтіруге болады. Отбасылық салттың суреттелуі.

Отбасы құндылықтары ауқымында этномәдени кеңістікке қарайлап отырып жазылған көркем туындылардың қазіргі қазақ әдебиетінің проза жанрында, соның ішінде әңгіме-новеллалардағы басымдығы байқалады. «Семья является той средой, где происходят социальные, экономические, культурные и нравственные процессы, влияющие на микроклимат не только данной маленькой ячейки, но и государства в целом. Как и другие фундаментальные институты общества, семья характеризуется устойчивостью и изменчивостью. Устойчивость семье придают традиции и духовные ценности, которые передаются из поколения в поколение и являются стержнем в дальнейшем развитии института семьи. Изменчивость института семьи зависит от социальных преобразований, которые оказывают влияние на репродуктивность, ценностную ориентацию семейного поведения» [68, 135].

«Отбасылық ғұрыптар, негізінен, үйлену және жерлеуге қатысты жасалған. Ежелгі дәуірдегі құдаласуды айтпағанның өзінде, орта ғасырларда қалыптасқан дәстүрлі ұғымдардың қазіргі проза үшін қолданысында өзгешелік бар. Бүгінде кешенді түрде әр жөн-жоралғыны ретімен өткізу жүйесі бұзылған. Оның да мәнісі бар. Мәселен:

«... Гүлбаһрам жақында босанып, ұл тапқан.

– Бәрекелді, бауы берік болсын, атын кім қойдыңдар? – деді Нығмет қуанып.

– Атын сендердің Нояндарыңа ұйқастырып Аян деп атадық. Айтқандайын сендер де Тамара есімді қыз сүйіпсіңдер ғой, осы бастан Аяныма соны атастырып қояйын, – деп күлді Сәкен.

– Ендеше қалыңмалыңды дайындай бер, құда болудан қашпаймыз, – деді Нығмет».

Бұл – ХХ ғасырдың бас кезінде өмір сүрген мемлекет, қоғам қайраткерлері – Нығмет Нұрмақов пен Сәкен Сейфуллин арасындағы қарым-қатынасты

бейнелеуге арналған «Арыстар» романынан үзінді. Қазақ арасында дос көңіл адамдардың балалы болғанда, бір-бірімен ежелгі дәуірдегі ежеқабыл салтын еске алып, «құда болайық» деп айтатыны бар» [73, 274]. Зерттеуде бұл үзіндіде назар аударылған дәстүрдің кейінде жай ғана сөз арасында, өткеннің мұрасы, жөні солай еді дегенді еске алып қана, негізінде расымен де құда болуды міндеттемейтін ауызекі әңгіме түрінде айтылғандығына мән берілген. Автордың бұл дәстүрге қатысты әңгімені шығармаға кіріктіру мақсаты қарым-қатынас шынайылығын жеткізудегі көркемдік тәсіл міндетін атқарып тұрғандығы айтылады.

Көркем шығармада отбасылық салттың көріністері құдалық, некелік сынақ қыз көрсету, жігітпен таныстық, құдалықтағы салт-жоралғылармен ғана шектелмейтіндігі, отбасы мүшелерінің туысқандық қарым-қатынас психологиясы, этикасымен ұштасып жатқан басқа да дағдылы салт көріністерін тұтас қамтитындығы белгілі.

Бұл тұрғысында «жаңалық ашып», шығармадағы адамның өмір ортасымен байланған барлық рәсімдерді мазмұндап шығудың ғылыми танымға не беретіндігі ойда тұрады.

Жерлеу рәсімдері, жерлеу ғұрпының бейнеленуі, рулық дәстүрлердің көрінісі.

«Бейнелеу құралдарының бар арсеналы – қазақтың кең даласы, ондағы табиғат көрінісі, жан-жануарлардың өмір тіршілігі, күн сәулесі, айлы күн келбеті, соққан жел лебі, қамысты көлдің айдыны тағы басқалар. Қысқартып айтқанда, қазақ ұғымының маңызды факторлары болған табиғат пен қауымдағы типтік көріністер. Өлең мен жырдың, халықтық поэмалардың түр, формасына байланысты ерекшеліктер өз алдына бір сала. Жыр, толғау, желдірме, қара өлең, айтыстың сан алуан түрлері, тақпақ, жаңылтпаш, тағы басқа формалар өзінің бағыт, мақсатына қарай қазақ поэзиясында белгілі ұлттық ерекшеліктер қалдырған...» [74,140]. Біздіңше, этномәдени құндылықтарға бұл айтылған көркемдік құбылыстардың тұтастай қатысы бар.

Этномәдени құбылыс жекелеген салт-дәстүрлер, ғұрыптық ерекшеліктер, әдеп пен әдет төңірегінде ғана танылмайды, адам баласының тіршілігінде қастер тұтатын дүниесінің барлығы – құндылық.

Белгілі бір ұлт жағдайында оның тілі, діні, ділі – басты құндылық. Туған жер, атақоныс қазақ тарихындағы мейлінше қастерлі ұғым. Жер-су атаулары – қазаққа ғана тән дерліктей, өзгеше бір құндылық. Қазіргі әдебиет – адамзаттың ересен, есейген, арғы-бергінің жұлмалап-жұлқылауынан өзге дәнемеге иілуге мұқтаж емес Адамның болмысы. Қайсыбір әдеби ағым, бағыттың апарып құяр арнасы – Дін Ақиқаты. Қасиетті дін кітаптарында атамзаманда Алланың аузымен айтылған ақиқат. Бұл тұрғыда Адамзат небір қиындықтан өтіп барып сезінгенді ұнатады. Соған бейім.

... Қазақтың жеріне Құдіретті күш иесінің рақымы молынан түскен деп айта аламыз. Қазақ жері адамзат өркениетінің тал бесігі болғанынан, дүниенің жарық сәулесін діни таным тұрғысынан әлемге тарата алған орталық нүктесі болғанынан хабар, мәлімет беретін көптеген деректер бар. Олар – мүлгіп

жатқан қорғандар, олар – әлі ашылмай жатқан, шөп басып кеткен қыраттар мен тау-тас аңғарларындағы ата-бабалардың жүріп өткен іздері. Олар – қазіргі қазақтар сөйлеп жүрген сөйлеу тіліндегі ежелгі тілдік құрылымдар» [77,81].

Қазақ ұлты деген сөз – қазақ тілі деген сөз. Қазақ тілі – қазақ ұлтының қасиетті қазынасы. Өйткені қазақ ұлты өткендегі шексіз бақытсыздықтардың ішінде өзінің адамгершілігінің, дәстүрінің, естеліктерінің, мүдделерінің, қысқасы бүгін өзін ұлт ретінде қалыптастырған барлық қасиетті тілінің арқасында сақталғанын көріп отыр. Сондықтан ең басты этномәдени құндылықтың бірі – қазақ тілі. Қазақ тілінде сақталған этномәдени құндылықтарды, яғни ата-бабамыздан қалған материалдық, рухани және әлеуметтік құндылықтарды, тану және қолдану, оны болашаққа жеткізу ұлттық тілсіз мүмкін емес.

Тақырып ауқымында қазіргі әңгіменің тілдік этномәдени құндылықтар тұрғысында саралау дәстүрлі негізінен көркем туындының тілдік сипаты, тіл қолданыс, сөз айшықтау, сөзжасамдық бағыттарда қалыптасып отырғандығы белгілі. Тілдің этномәдени құндылық мәнінде қарастырылуы осы бағыттардың барлығын да қамтиды.

Біз бұл жұмысымызда қазақ тілінің этномәдени құндылық мәніндегі мәртебесін лингвистикалық тұрғыдан зерттеу міндетін емес, көркем шығарма тілі мәніндегі қолданыс заңдылықтарының қазіргі кезеңдегі қалыптасып отырған көркемдік өрісі тұрғысында жалпы ақпарат беру, өзекті, түйткілді фактілерге назар аудару бағытында жекелеген пайымдаулар жасауға тәуекел еткендігімізді ескертеміз.

Тіл тарихы – әдебиет тарихы.

Шерхан Мұртазаның, Қабдеш Жұмаділовтің, Асқар Алтайдың, Думан Рамазанның, Нұрғали Ораздың жеке әңгімелеріндегі тіл қолданыс тәсілдеріне, жазушының тіл ұқсату шеберлігіне, сөзжасамдық тәжірибелеріне зер салдық.

Қабдеш Жұмаділовтің «Құзғынның өлімі» әңгімесінде [110] қазақтың су жорға сұлу тілін ұқсатып, керегінде шашау шығармай, саранды қпен, қажетінде шалқар жомарт пейілмен «шашып-төгіп» кәдеге жаратып отырған.

Құзғынның «шалғысы қысқа, доғал қанаттары» суретті көрініс. Қазіргі жылдам бейне көшіргіштерден де шапшаң көкейінде, көзінде қонақтап, қатып қалады. Бір кездегі көмірдей жылтыраған қанат құйрықтың енді бозаң тартқан құбылысы демде көз алдыңнан өте шығады. Тырнағы тұқыл, әлжуаз аяқтарды дәп жаныңнан көресің, сезінесің. «Жер бедері күңгірт тартып, *жем қарасы* көрінбесе, аспанға көтерілгенде не бітіресің?».

Жем қарасы. Бұл – авторлық тіркес. Жазушы жанынан тапқан ұтымды ұғым. *Қарасы* сөзі жанды затқа тиесілі. Құзғын жеміне қатысты *жем қарасы* атаулы тіркесі ұтымды.

Жазушы кәрі құзғынға «ой ойлатқанда», қанатын сабаулай қаққысып аспанға көтергенде де ұлттық ұғым, астарында тарих, этностың тұрмыс ерекшелігі, көшпендінің өміртанымы тұнған сөздерді, ұғым, атауларды сақтықпен сайлап, орнымен жұмсап отырады.

Сабаулай қағып – қазақтан басқа білмейтін, қазақтан басқа көрінісін көзімен ұғына алмайтын әрекет, шапшаң динамика, жердегі жүн сабайтын құралдың көктегі әрекетте де кәдеге жарауы.

1.3 Шерхан Мұртаза әңгімелеріндегі этномәдениет интерпретациясы

Шерхан Мұртаза әңгімелері ұлттық бірегей болмыс проблемасында қазақы жаратылыстан біртіндеп сусып, алыстап бара жатқан ұлттық құндылықтарға араша түсу миссиясымен және бір айрықша тұлғаланған қаламгердің шағын жанр ауқымында жалпыадамзаттық өзекті құбылыстардың көркемдік тұтастықта орнығу, жанр спецификасын сақтау айрықшалықтарымен қазіргі қазақ прозасындағы шоқтықты шоғырдың бірі есебінде бағалы, кәделі. Өмірге өңменінен өткізе, қадала қарайтын, сынай қарайтын, аямай айтатын «қатты» қаламгердің жүрегі ұлт дегенде, барша адамға тән құндылық дегенде соншалықты жұмсақ болғандығын, туған ұлтын аялап сүйгендігін, оның мүддесін қорғауда ештеңеге де көлгірси алмайтынын, мызғымайтын кісілік ұстанымын орнымен, иланымды, шебер ашқан қазақтың классик қаламгері Шерхан Мұртаза әңгімелерінің қазіргі әдеби үдерістегі салмағы мен сара жолы, авторға тиесілі замана бағасы туралы сөз әлі де алда.

Ұрпақ киесі... Ұрпақ әкелу игілігімен жарылқанған әйел-Ананың зор мәртебесі. Қазақы ғұрыпта аяғы ауыр әйелге толып жатқан құрмет көрсетіледі. Кәде жасалады. Енесі «құрсақ шашу» береді. Жарысқазан дәмін сарымайдай сақтап, ертеден қамдап қояды. Жас келінге енді ауыр көтертпейді. Суық тигізіп алмауын, жайлы, таза орында тынығуын, дұрыс тамақтануын бір рулы ел болып, бір үйлі жан болып қамдайды.

Әйел толғатқанда, бала дүниеге келгенде атқарылар қарбалас қыруар шаруа да рет-ретімен, жөн-жөнімен өтіп жатады. Үш күн шілдеханасы болады. Жас босанған келін қалжа сорпасын ішіп қуаттанады. Дүниеге келген сәби аса айрықша мейірімге бөленіп, хан күткеннен де асып кететін күтім жасалады.

Сәби туған шаңыраққа құт қонады. Шаттық кернейді. Әрі қарайғы әр сәтті қуаныш, шүкіршілікпен мәпелеп бағу.

Ш.Мұртаза өзінің «Қаңғыбастар мен шағалалар» атты әңгімесінде Алла тағала жіберген періште іспеттес шағалалар көзімен өмір толқынының айдауымен бомждық жолға түскен міскіндердің тірлігіне үңіледі. Қалаға арман қуып келген талай қыз-жігіттің тағдыры әртүрлі себептермен түрліше бағыт алып, армандары қол жеткізбес елеске айналып, сан қилы тіршілікті басынан өткергені белгілі жайт» [79,438].

Әңгімеде осы, адам баласының, соның ішінде қазақ баласының адамның өмірге келуін жүрекжарды шаттықпен қарсы алу, құны өлшенбейтін тіршілік атты жарық нұрдың ендігі бір жаңа өкілін тік тұрып, тізе бүгіп, жарылқанып бауырына басудағы жан рахатын бұзуға бейім, ібілістің ізімен бара жатқанымыз басым, ендігі қату қабақ, жатбауыр «жаһанданған» дәуірдің ащы ақиқаттарын айту арқылы, басқаны былай қойғанда, басынан өтпегені

қалмаған замандарда ұрпағын ұлықтаған қазақ баласына жат, бөтен, суық әрі көбейіп, жаппай үрдіске ойысқандай сұмдық бір жағдаятты қаз-қалпында, қасында көріп жүргендей жеткізіп қапысыз шыншылдықпен баяндап береді. Түршігетін тұсы көп. Жазушы триллер жазып отырған жоқ. Өмірдің бояусыз шындығы көркемдік шындық болып келіп соққылайды.

Әңгіме қаланың қақ ортасында шағалалар ұшып жүргендігін хабарлаумен басталады. Бір жұмбақ сырға қарай ынтыға түскен оқушы оқиғаның қалай өрбитінін болжап болғанша жазушы талай дүниені көз алдында тірілтіп, сол әңгіме ішіндегі дүрмекке тарта жөнеледі. Әңгімедегі түпсіз терең иірімдерге батырып жібереді.

Қоқыс жәшіктерінен шағала да, қаңғыбас та нәпақа іздейтіні – қалалықтарға етене көрініс. Күйсіз, үйсіз қаңғырып қалған қайдағы бір ішімдік бұзған кісілердің екі-үшеуден үйіріліп отыратыны да – көз үйренген құбылыс. Араларында әйел деген атын сақтап, көлкіген, көгілжім өңіне әлеміш бояу жағып, шала мас күйде қылқиып отыратын әйелдерді де көргенбіз.

Сол таныс көріністердің арғы жағында да тағдыр барын, арманы алып ұшқан, ақыры адыра қалған адам барын кім ойлапты?

Жаратқан Иенің жарылқап берген өмір сәулесін көмескілендіруге құштар сайтанның өрмегіне шырмалған осы бір жандарға жазушы Шерхан Мұртаза бей-жай қарай алмаған. Қарғадай Жаңыл қыздың, жас қарындастың жан азасы – ұлттың қасіреті. Жаңылдың күнәсы – құндылығын аяққа таптап, қымбат көліктің табанымен жаншып, сәнді сарайларда салтанат құрып, арғы негізін ұмытып, бауырмалдық дегенді жиырылып, жақтырмай тыржиятын ендігінің адамының барлығының күнәсы.

Қоқыс маңында, қос еркектің қолтығында жүрген байғұс қыздың аяғы ауыр. Айы-күніне жетіп отыр. Қасындағыларға білдіргісі жоқ. Ала дорбасына жантайып жатып түс көреді. Жазушы кейіпкер түсін әңгіме желісіне кіріктіруі арқылы бұл қыздың басындағы ауыр қасіретті кешегі қамсыз өмірімен шендестіреді. «Арқада қыс жайлы болса, арқар ауып несі бар?». Ия, ауылда жүруіне де болатын, қырық үйден тыю көріп өсетін қазақ қызының жаһанданған жалмауыз заман түбіне жетті. Және Жаңыл біреу емес, ол – барша жаңылған ондаған, жүздеген, тіпті мыңдаған қазақ қызының тағдыр тәлкегінің ортақ есімі. Жаңыл жаңылды. Жаза басу жеке адамның өз күнәсы десек те, жазатайым әрекеттерге ол қағынғанынан соқтықты ма?!

Жазушы ұлт басына үйірілген ауыр күйді баяндап беруі арқылы, кешегі қыз баласын төріне отырғызып, қонағындай әлпештеп күткен, өрісім деп мәртебе берген қазақ халқының бірегей ұлттық болмысына кереғар жатбауыр немқұрайлықтың жан шошынтар зардаптары болатындығын жалпыадамзаттық ізгіліктер, игіліктер, адамсүйгіш ұлы мұраттармен сабақтастырып жатқан жаңа бір көркемдік тұтастық түзген.

Жаңа туған бөпесінен құтылуға дәті барып қоқысқа, есік алдына, дәретханаға тастап кететіндердің, тіпті, айтуға ауыз бармаса да айтылмай қоймайтын сұмдық іштен жаңа шыққан шаранасын тұншықтырып, тастап кете беретін безбүйректік адамзаттың өмір тәжірибесінде бар. Отбасылық

үйлесімде, иманын жүрегіне ұялатып өскен қазақ қызы бармайтын шешім. Балалығы да шала, базары тым ерте тарқаған, жаңылған Жаңыл бұған барды. Тіпті күйзелгенін де байқаған жоқпыз. Бірақ күйзелгені даусыз.

«Түсінде ауылға барыпты. Ауылы құмның шетінде, шаһардан шалғай еді. Алыстағы қойлы ауылды таңқалдырып Жаңыл қыз күміс қанаттары жалт-жұлт еткен ұшаққа мініп келді. Ұшақ қойлы ауылдың іргесіне келіп қонғанда кемпір-шал, бала-шаға, ер азамат қалмай түгел жиылды.

Ұшқыш кісі ұшақты арғымақ құсатып қазыққа байлап қойды.

Жұрт шетінен Жаңылмен құшақтасып көрісіп:

– Аман-есен оқуыңды бітіріп қайттың ба? – десіп мәре-сәре.

Енді бірде Жаңыл аппақ көйлек киіпті, келін боп түскен екен дейді, төбесінен гүл жауып, бәрі құттықтап, у да шу... Кенет айқай-ұйғай шығып, адамдар бір-бірімен жанжалдасып, төбелесіп кетеді. Сөйтіп жатқанда Жаңыл оянып кетті. Қараса, қасындағы екі еркек бірін-бірі қылғындырып жатыр» [78, 233]. Бұл әңгімеде астар да көп, арқауы да кең. Қазіргі заманғы барша тіршілік түйткілдері тоғысқан туынды жүгін көтеріп тұрған әңгіменің көркемдік қабаттары сала-сала.

Адамның өз қолымен тұрғызған, өз миымен жасаған алпауыт өндірістер, озық технологиялар сол адам пенденің өмір құқын аяусыз таптап жатқан кезеңдегі қазақ баласы капиталистік қаттылықтың сонау бір XIX-XX ғасырларда Еуропа, Америка жұртын жаулағандай жабайы құлқынына аяусыз жем болуда.

Шерхан Мұртаза әңгімесіндегі Жаңыл расымен де безбүйрек пе, безіп, жанына адам жуымастай талайсыз қатты ма? Жаңыл – қоғам құрбаны. Қорғансыз жандардың қажыр-қайраты, қайткенде қиындық атаулыны бұзып өтер кісілік тұғыры туралы да әңгімелер жазылған. Сенімі, үміті басым әңгімелер. Жазушы неге сенуге болатыны беймәлім, бұлыңғыр шақтардағы адам пенденің шарасыз күйіне осындай, өмірдің өзінен алынған, бұлтартпайтын көркемдік шешімді телиді. Алладан ғана үміт күту. Аллаға ғана сену.

Шерхан Мұртаза ұзақ сөйлемдерге, қатпар-қатпар, құлаш-құлаш баяндауларға бармайды. Бір қысқа оралымға таппағанды тауып, айтпағанды айтып, тоғытып жіберіп жазу машығымен кейде таң қалдырады. «Бойтұмар» әңгімесі де солай жазылған. «Таңғы ұйқының тәттісі-ай», «Енді бір сәт, енді біраз...» деп жатасың. Бірақ қалың ұйқының қат-қабатын тесіп өтіп сана түрткілейді: «Тұр, жұмыстан қаласың, тұр» деп сұңқылдайды». Соны қалың ұйқының *қат-қабаты* тесіп өтетін сана. Тұр-тұрлап сұңқылдайтын сана.

Айша – Шерхан Мұртаза шығармаларындағы прецедентті атау. Анасының есімі. Ана – кейіпкердің, жазушының жалпыадамзаттың һәм ұлттың құндылығы. Әңгімедегі *Манас шоқысы* – бұл да прецедентті атау. Тек бауыр халықтың емес, қазақтың да қастер тұтар географиялық нүктесі. Шерхан Мұртаза сәт сайын жаңа сөз жасап, жаңа ұғым тудыратын кідірмей, мүдірмей зырылдап тұратын ұстахананың кәнігі шебері сияқты. Жұтылып

тұрған иланымды, суретті, образды, дөп табылған сөз жан-жаққа ұстахананың отшашуындай бұрқырап, буырқанып жазады.

Соғыс келіншектері, ауырған тістей зарлаған арбаның артқы дөңгелегі, жағасы жайқуат, түйетайлы сай, күмістей жарқырап жатқан бір бұлақ су, ала бас өгіздер, сұр тас үстінде қаздиып тұрған қарауыл суыр, арбаның алқымы.

Жан иесі атаулыға мейірім төге, күйін сезініп жазу – өнер. Шерхан Мұртазаның Аталық атасымен Шолақ Сияқұл тапсырма берген Тобышақтыға барар жолды суреттеуінде оқушы да сол бала кейіпкермен, Барсханмен бірге арба үстінде айналаға рахаттана көз салып кетіп бара жатады.

Кеудесінде зіл батпан уайым бұққан атасы «А?!» деп ішкі күйігін шығарғанда қайтерін білмеген Барсхан бір сәт қанат қағып қалықтауында бір қайғының, мүсәпірліктің табы бар бөденеден басқаға шамасы келмейтін құладынды аяйды. Дүние қабағын кіртитіп, айналаны құлазытып тұр енді. Осыдан бірер уақыт бұрын Барсхан Тобышақтыға бара жатқандарына желігіп, қуанып отырған. Атасы да ыңылдап ән салғандай болып келе жатқан. Енді дала құлазып тұр. Бүкір шал. Тамақ іздеп қаңғырған құладын, жас бала. Аспантау ғана еңселі көрінеді.

Жазушы осы бір қысқа әңгімеде кейіпердің жан түкпіріндегі мұң сыртқа шықса дүниені де тұтас мұңға батырып, сәл жайдарыланған сәттерінде айналаны да жарқыратып, теория тілінде «психологиялық параллелизм» аталатын, өмірдің расында да ешбір теориясыз-ақ ішкі күй сезіміне орай бірде құлазып, бірде сәулеленіп тұратын тылсым сәттерін табиғи, етене, өтімді, қуатты, құнарлы тілмен өрнектеп, баян қылады.

«Аталық атамның маған қарап мейірлене жымиғанын көріп, көңіліме сәуле түскендей болады. Сөйтсе айнала төңірек соншалықты жабырқау, жылауық емес екен. Құладын құс қуанғаннан бір-екі рет әуеде аунап түсіп, ойнап жүрген сияқты. Жол жиегіндегі бұзылған үйлердің орнына қау болып тұнып тұрған алабота мен қарасораның арасында отырған изеншөптің шырыны да сонша мұңды сияқты емес. Бірақ бір әуенді қайталай береді. Бұзылған дуал басында қарлығаштар ошарылып отырып-отырып, бір кезде кенет ду көтеріліп, қиқы-жиқы, алқын-жұлқын айналып ұшатынды шығарды. Сірә, қайтатын болар. Қарлығаш жарықтық атамекен үшін құрбандыққа дайын құстың бірі ғой. Биыл осы жақта **туған** (астын сызған біз – Г.О.) балапандар келер жылы қалайда өз туған жеріне қайтып оралуға жанын бағыштар. Талайы отанына жете алмай, шексіз мұхит үстінде қанаты талып шейіт болар. Ал жеткені жетісіп, шегін тарта ән салып, көмейінен күй құйқылжытар. Қанатынан қайырылып жығылмаса, қайтып та келер-ау. Бірақ, анда-санда оқыстан Аталық атамның «А?!» дегенінен қорқамын» [78,63].

Өмір әні. Үміт пен күдік. Сенім мен үрей қосақабат жүретін өмір.

Әңгімеде жалпыадамзаттық игіліктер мейірім, ұғыныстық, сабыр, шыдам, тіршілікке інкәрлік қуанышы қазақы өмір-салты, қазақы таным, ағайындық, ауыл адамының болмыс-бітімі тұғырында жазушының ұлт ырысы – ана тілін алба-жұлба қылмай жұтынтып, әспеттеп, сәніне жан қуантып, ой ойнатып, шексіз ризашылық әсер туғызып жазу шеберлігінде көркемдік өріс

ашқан. Әңгімеде ұлттық кодты ашар сиқырлы кілт тапсаң, көрсең, мен мұндамын дейді.

Қазіргі қазақ әңгімесіндегі этномәдени құндылықтар туралы салт-дәстүрді, этнографиялық тұрмыс заттарын, т.б. жеке-жеке, әңгіме мазмұнынан үзінді ала отырып саралауды біз бұл зерттеу жұмысымыздың мақсатына орай туындап отыратын зерттеу міндеттерінде соншалық елеулі таным түзерліктей мәні бар деп, зерттеуді тек осы әдіспен жүргізуге ден қоймадық. Жалпы тенденциялар туралы айтар болсақ, қазіргі қазақ әңгімесі тұтастай алғанда этномәдени құндылықтар негізінде ғана жазылатын, жазылып кете жатқан шығармашылық құбылыс нәтижесі екендігін ұдайы есте ұстағанымыз жөн. Ең алдымен, әңгіменің қазақ тілінде жазылуының өзі – ұлттық мәдени құндылықтардың ең елеулі дәріптелу фактісі. Екіншіден, әңгімелердің басым көпшілігі қазақ ұлтының өкілі, оның өмір ортасы туралы жеке тұлғаның мінез-құлық, психологиялық, болмыс ерекшелігін арқау ете отырып жазылады. Қазақы бірегей жаратылыстың тарихи негізді болмыс-бітімін тұлғалайды.

Үшіншіден, қазақ этносының қалыптасып, тұлғалық, кісілік дәрежеге жететін өмір ортасы – ауыл. Қазақы ғұрыптың тұрақты жайлы бесігі – *Ауыл концепті.* Ауылдық құндылықтар құндағы және оның жеке тұлғалық деңгейді қалыптастырудағы тарихи ықпалы, қазіргі қазақ әңгімесінде қылаң бермей тұра алмайтын рухани-генетикалық тіні тұрғысында сөз қозғаудың қазақ әдебиетінің әлемдік рухани тоғыстарға өзіндік дара, төлтума негіздерімен қосылып отырғандығын айғақтай түспек.

Қазіргі қала прозасының қалалық кейіпкерлерінің тағдыр өзегі де сол ауылмен тамырласып жатады. Осы тұрғыда қазіргі қазақ әңгімесінің қарайлап, қайта-қайта оралып баяндайтын көркемдік концептісі ауыл.

Ауыл – қазақ әңгімесіндегі дәстүр туғызған, қайта айналып табар қазығына айналған киелі ұғым. Таусылмайтын, қазақ этносы қанша жасап келе жатса, сонша жасаған, жасай беретін ұмырлы ұғым. Біз бұл диссертациялық еңбекте осы қастерлі, барша этномәдени құндылықтарды жаһандану жалмауынан сақтап отырған құт қоныс – ауыл туралы барлық әңгімені тізіп отырып, атап отыруды міндет етпедік. Бірнеше қаламгердің шығармасынан, тіпті бір жазушының әңгімелерінен «іздегенімізді» түгел тапқан сәттер болды.

Қазақы жаратылыстың белгілі бір уақыт аясындағы қан жүріп соққан жан-жүрегін, әрекет-аңсарын, кісілік аясын тұтас қамтып жазған, ұлтжанды қаламгер Шерхан Мұртазаның бір жинағының өзіндегі бірнеше әңгімесі арқылы да талай нәрсені айтуға болады. Мысалы, қазақтың мінез айрықшалығын, жүрек жылуын, кісілік кесектігін қастерлі, киелі ұғым, ұстанымдарын, тұрмыс-салт жабдықтарын, ата-баба қоныс еткен туған жерін. Сол жерлерге атау беріп, таңбалау зеректігін. Аялы бесігі – Ауылын. Қайталанбас өрнекті сұлу, жас, жасампаз, қуатты Ана тілін. Және ендігі заманда жоғалып бара жатқан құндылықтардың құру себептері, саяси-идеологиялық қыспақтан өткен азалы тағдырына араша тұру қажыры қайран қалдырарлықтай көркемдік қуат ашқан жазушы шеберлігі.Шерхан Мұртаза әңгімелерінде ономасиологияда прецеденті атау деп бөлінетін, кәнігі ұлттық

құндылықтардың Қазақстан жерінің Ақсу-Жабағылы, Жуалы, Түлкібас аймақтарындағы тарихи атаулары, сол өлкені мекен еткен адамдардың ішіндегі кейіпкер, қаламгер үшін аса қастерлі атаулары орынды, көркемдік динамикасына қажет, сәйкес жерінде жүйелі түрде кіріктіріліп отырады.

Анасы Айша, 41-жылғы келіншек Хадиша, интернат нанын бөлісіп жеген Әлтай сынды бала кейіпкерлер бір әңгімеден екінші әңгімеге ойысып жүреді.

Шерхан Мұртаза туған өлке табиғатын таңғажайып дәлдікпен көркем туындыға енгізеді. Боранды түн де, ми қайнатқан ыстық та, жанға жайлы қоңырсалқын шақ та бар құбылысымен баяндалып отырады.

Хадиша – «41-жылғы келіншек», «Шекшек шырылдайды», «Бір нәзік сәуле», «Соғыстың соңғы жесірі» әңгімелерінің бас тұлғасы.

Халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Шерхан Мұртазаның қазіргі қазақ әңгімесінің жанрлық өрісіндегі өзіндік, айрықша, дара қолтаңбасы белгілі әдебиет сыншысы Сайлаубек Жұмабектің жан-жақты саралауында қазақ сөз өнерінің даму үдерісіндегі нақтылы мән-маңызымен ашылып, таныла түсті. Әрдайым жазушы Шерхан Мұртаза әңгімелерінің озық өміршең сипаты нендей көркемдік тәсілдерде екен деген сұрақ көкейде тұрады. Жазушы жазу өнерінің талап, шарттарын, қисындарын аса шетін игеруі мүмкін. Бірақ сол білімі қара үзіп кеткен ғажап туынды жазудың негізгі шарты бола алмайтындығы, жазу өнерінің тылсым құпияларының ашылмай келе жатқандығы туралы бұл жерде тәптіштеп әңгіме созу – артық.

Шерхан Мұртаза туындыларының өміршеңдігінің толып жатқан көркемдік негіздерінің ішінде жазушының ұлттық топыраққа байланып жазудағы ауыл стихиясына, бастан өткен өмір уақиғаларына адалдығы, соны қорытып, көркемдік көрігіне салып пісіріп шығарудағы жанкешті ыждаһаты, әрине, ең бастысы Алладан берілген сезгірлік, сезімталдық, етжүрегі елжіреген мейірбандық, адамды сүю, өмірді қастерлеу құштарлығы, құнттылығы деп пайымдаймыз.

«Шерхан Мұртазаның лирикалық прозасы 1970-2006 жылдары, әсіресе, новелла-әңгімелерінде әрі өмірлік, әрі көркемдік философиялық иірімдер мен сарындар, тұспалдар мен мағыналар, түйіндер мен мазмұндар арқылы өте-мөте жарқырап көрінді. Сонымен, төл әдебиетімізде – шағын әңгіме жанрында Шерхан Мұртазаның көшелі суреткерлік қолтаңбасынан осындай өзгеше феномен, өзгеше құбылыс пайда болды» [78, 5].

Сондай-ақ Сайлаубек Жұмабек Шерхан Мұртаза әңгімелеріне «тұнып тұрған поэзия!» деп қарайды, осы әңгімелердің қазақ әңгімесіндегі даралық сипаттарын атап-атап береді.

«Қалам кемелдігінің шын болмысы шығар, бұл туындылардың барлығында өмірдің мәні туралы дидактикалық сарындағы ақыл айту жоқ, қайта керісінше, өмірдің өзі тудырып, өзі шешетін, мәңгілік тынбайтын, толас таппайтын қарапайым тіршілік философиясы бар! Әлбетте, талант құдіретімен шырқау биікке көтерілген өнер философиясы бар екені және ақиқат» [78, 6].

Сыншы қаламгер шығармашылығындағы өз уақытының беталыс, бағдарларында «ағысқа қарсы жүзген» жаңа бір бағыт туралы өте әділ, нақты

баға бере отырып, қазақ прозасының, тұтастай қазақ әдебиетінің «тоқырау жылдарындағы» жолынан жаңылып, ұстанымын ұқсата алмай дағдарысқа ұшыраған көркемдік «кеселді» де зор сыншылдық алыммен тезге салып, тереңінен қопара сөйлейді. Бұл пікір – қазақ әдеби сынында айтылмаған пікір.

«Сонау 1970 жылдары – тоқырау жылдары барысында, аса көрнекті драматург Қалтай Мұхамеджанның сөзімен айтсақ – «дәнінен қабығы қалың, нәрінен суы мол қоржынбас, желқуық» сұрқай кітаптар нөпірі қаптап кеткені сонша, оқырман қауым тұрмыстың не отбасының ұсақ-түйек кикілжіңін тым қазбалап кеткен, шала-шарпы, мешел, жасық туындылардан әбден мезі болып, жери бастаған еді. «Ерінбеген етікші болады» деген мәтелдің дәурені жүріп, жайдақтықтың белең алған тұсында «деректі әңгіме, деректі хикаят, деректі роман» табиғатын үстірт түсініп, үстірт ұғынып қалам тартқандардың күрт артып кеткені де көпшілікке мәлім.

Міне, осы тұста эпикалық жанрға деген дайындығы да, қаламгерлік таланты мен бабы да жеткілікті, нағыз дер шағында шабыттың шалқұйрығына мініп алған Шерхан Мұртаза өзіне елден ерек тым қатал талап қойып, жоғарыда айтқанымыздай, әдебиеттегі көлем қуушылыққа, қайта басылым қаламақысына құныңу-дәнігушілікке, сөйтіп әдеби процестегі сүреңсіздікке қарсы күрес бастап, ағысқа қарсы жүзді. Шынайы талантқа тән шын көсем мінез көрсетіп, шын батырлық танытып, тоқырау жылдарындағы салбөкселікті әшкерелейтін, еліне шын шеберлікті талап ететін, әдебиеттің ең қиын, ең елгезек, сөйте тұра қаламақысы мен құрметі тұрғысынан ең еленбейтін, ең мардымсыз әңгіме жанрын кенеттен қаузап ала жөнелді» [78, 9].

Сыншы 1972-2006 жылдарда жазылған Шерхан Мұртаза әңгімелерін қазақ новеллистикасының сол отыз жыл көлеміндегі шоқтықты табысы деп таниды. Қапысыз дәл бағалайды. Сол табысты туындыларында Шерхан Мұртаза туған халқының жаратылыстан дарыған туа бітті мінез-құлқын; қилы саяси салқынқабақ кезеңдердегі өмір дағдысын; жеке тағдырлардың кіндік кескен атамекенге байлаулы тағдыр-несібесін; туған тілдің – Ана тілінің жасампаздық қуатын тұтас көркемдік айналымға шашау шығармай, шашып-төкпей, ұлттық құнарымен, ұлттық құпиясымен, барша ұлттық құндылығымен құйды. Сарқып құйды деуге де болардай.

Жазушының әр сөзі – менмұндалап тұрған ұлттық құндылық.

«Ш. Мұртаза әңгімелерінің барлығына дерлік ортақ ерекшелік – ұлттық мінездің ашылуы. Әрбір кейіпкердің жан дүниесіне үңіліп, олардың жан жарасын нанымды суреттеуі. Осы тұрғыдан жазушының бірнеше әңгімесі тақырып өзегіне арқау болды» дей отырып қаламгердің бірнеше туындысына саралау жасаған ғалым У.Қалижанов Шерхан Мұртазаның қазіргі қазақ әңгімесі бағытындағы қаламгерлік табысына тоқталады. Ол табыстың қазақ прозасының олжасы мәнінде бағалану негіздерін атап өтеді.

Шерхан Мұртаза тұтастай белгілі бір кезеңдегі қазақ өмірін, соның ішінде ауыл адамдарының өмірін көркемдік нысан мәнінде алып отыруында әңгіме жанрының оңтайлы мүмкіншіліктерін ұтымды пайдаланып, қысқа оқиға

желісінде бірнеше тағдырды тоғыстырып, олардың ішкі сезім иірімдерінен сыр аңдап, көркемдерін көкейге түю, көксеген армандарын емеурінмен тұспалдап жеткізуде айрықша етене сезгірлікпен мөлдірете, кейіпкерлерін Зейнолла Қабдолов айтқандай «түртіп қалғың» келіп, қапысыз иланып, сол көркемдік әлеміне өзің де еніп кетіп отырып оқисың. *«Ақсай мен Көксай»* атты әңгімесінде жазушы оқушысын нендей жайлармен алаңдатып, елеңдетеді?»

Шерхан Мұртаза әңгімелерінде қазіргі кезеңде тілдік айналымнан шығып бара жатқан, ауыл өмірі, ауыл тұрмысына қатысты толып жатқан ұғым, нақтылы зат атаулары қолданыста болып отырады. Бұл әңгімеде оңтүстік жақтың ауылдарында ат-көлік ретінде жүретін есекке (мал ма? жануар ма? – Г.О.) қатысты «тайқар» дейтін сөз бар. Тайқарды жергілікті тұрғындар білгенімен, жалпы жұрт біле бермеуі мүмкін. «Үлкен үйдің көк есегі» – Оңғарбай атамның тайқары. Аты есек демесең, аттай шабады. Оны біреулер жабайы құланның тұқымынан екен десіп те жүрді. Көк тайқар біз сияқты бала-шағаның тақымына түсе бермейді» [78, 28].

Келесі бір сөз – *мәші*. Бұл да мініс көлігі болар. Арнайы сөздіктен қарамасақ, мағынасы беймәлім. «Далаға атып шықсам, Арзы апам жүні жалбыраған, қарны салбыраған қара мәшіге мініп тұр екен! Ақ полотнай кимешек, ақ дәке *күндік* салып, көк *доқаба* қамзолын киіпті» [78, 29].

Бұл әңгімеде де басқа әңгімелерде ұдайы қатысып жүретін Айша, көзге ыстық, қазақ, қырғызға ортақ жер шоқтығы – Манас шоқысы қатысады.

Тіл зергері Шерхан Мұртаза тосын салыстырулар жасайды, таптырмас теңеу табады, халық шешендігін ауызекі сөйлеу тіліне орайымен, орнымен кәдеге жаратады.

«Ақсайдан салқын самал сезіледі. Ақбас арыстан аузын ашқан күйінде қатып қалған тәрізді. Енді оның сол аузынан шыққан дем де сап-салқын» [78, 30].

Туған өлкенің әрбір тал-құрайы, шықылықтап қоймайтын шымшығы, бар айнала кейіпкер Барсханның сезіну, байқау кеңістігі. Оның бала көңілін қуантқан ата-бабадан қалған туған жердің жәннаттай жайнаған қалпы – ол үшін баға жетпес бақыт, байлық, құндылық. Жазушы Шерхан Мұртаза кейіпкерімен мүдделес. Қаламгер үшін де мұның бәрі – ұлтының шалқар игілігі.

«Тау аңғары осындай. Ал, аспан жүзі жас нәресте көзіндей жәудір, көкжиегін ғана кілегей шарбы бұлттар тұтып тұр. Шымшықтар шықылықтап, *құмыр* (астын сызған біз – Г.О.) құрқылдап қалыпты. Үні тарғыл-тарғыл шығып, қарға да қарқылдап қояды, шұбар көкек сұңқылдайды.

Енді бірде Ақсай аңғарынан самал емес, салқын дария күллі аспан астын толқындата үн-түнсіз шалқып ағып, біз бүкіл үй-жайымызбен, ауыл-аймағымызбен, қара жол, ой-қырымызбен қоса сол көзге көрінбес қасиетті мұхитта әлдеқайда жүзіп бара жатқан сияқтымыз. Ауаны алақанмен уыстап, мөлдір бұлақ суындай сіміруге болатын тәрізді-ау» [78, 30].

Бала Барсхан қамкөңіл. Анасы Айшаны аяйды. «Айша артына қарай-қарай үйге қайтты. Сұр шинелі оның жотасын бүкірейтіңкіреп жібереді-ақ.

Станцияда бір солдат пойыз жүрейін деп тұрғанда асығып арзанға сата салған екен. Қазір Айшаның бір киері де сол. Әттең, Айшаның үстінен сұр шинелі түсер күн бар ма екен деп армандаймын» [78,30].

Ақсайдан Көксайға – қырғыз ауылына Арзы апасымен бара жатқан Барсхан барлығын байқайды. Қара жолдың бойындағы қызыл изен мен бұйра бүрген, пыр-пыр ұшқан бозторғай бәрін сезіп келеді. Шоқыбас сайының басынан айналып өткен жердегі зираттың қоршалмаған айналасы, тым тақау жыртылған егістік, зират ішінде жайылып жүрген сиырлар.

Арзы апасы зират тұсынан өтіп бара жатып дұға қылды. Барсханға бұрылып: «Қиямет-қайым жақын» деп өт» деді.

Барсханның қиялы жүйрік, ойы да оралымды. Байқағыш. Тапқыш. Жазушы кейіпкерінің аузына небір тапқыр теңеу салады. «Жол қатқақ. Шынының сынығындай боп қабыршақ мұз кездеседі. Марттың іші, наурыз болса да әлі де ызғар бар. Осы таяуда ғана алтынкүрек желі соғып, қалған-құтқан үрілді қарды сыпырып-сиырып әкетіп, сай-сайда гүрілдеп қызыл су жүрген. Енді су тартылып, көк қылтиды. Бәйшешек жұмыртқа жарып шыққан балапан құсап, жердің қабыршықтанған топырағын тесіп шығып, шоқ-шоқ болып тұнып тұр» [78, 31].

Жазушы өз жұртының қастерлі, киелі мұрасының бірі, Алланың сыйы – Тәңіртау туралы да ұдайы, тұрақты жазады. Бұл – туған жер. Ата мекен. Қазақтың байырғы ұлттық құндылығының бірегей бір нысаны.

«Тәңіртау әлі қары түрілмей, тек бір ожар тік бет тастары ғана жалаң төстеніп, тағы бір қысты қасқая шығарып салып тұр. Жағрапия мұғалімінің айтуынша, *біздің бұл тауымыз* (астын сызған біз – Г.О.) жүз миллион жылдан астам жасапты. Мұның жасына қарағанда бір адамның ғұмыры тозаң сияқты. Міне, мен, мысалы, он үшке шықтым. Айша:

– Бір мүшелге шықтың, Барсхан. Мүшел жас ауыр болады деуші еді, аман болшы әйтеуір деген» [78,31].

Түлкібас, Жуалы төңірегінің құлаққа майдай жағатын жер атаулары, тау, сай, өзен, жыра, көл, шоқы атаулары сәт сайын көз алдыңнан бар кеңістік, бар шалқарымен менмұндалап, көрініс түзіп, туған жердің бір пұшпағы мәнінде тіріліп, көз қуантып отырады Шерхан Мұртаза әңгімелерінде.

«Азанғы қатқақпен едәуір жер өндіріп тастадық. Оң қол жағымызда Керегетастың қар жұқпас қара құздары қалып барады. Сол жағымызда Қаратау жарысып келеді. Алдымыз – Манас шоқысы.

Ыбырай сайынан да өттік. Мыңбұлақтың ең тереңі осы» [78,32].

Шерхан Мұртаза әр әңгімесінде туған жердің флорасы мен фаунасын түгендеп кіріктіріп отыруды мақсат тұтқанда есек мініп жол жүре қоймайтын ендігілер, кейінгілер осындай да шөп, өсімдік атаулы, жан-жануар болғандығын біліп жүрсін дегені ме екен?

«Малта тастан аяқ алып жүргісіз. Малта тасты мүк басқан. Сағыз шөп, текесақал, итмұрын, құбатал көрінеді әр жерден. Құбаталдың шыбықтары осы қазір бүршік жарайын деп, буаз сиырдың желініндей сыздап тұр. Егер мына сарқырап жатқан судың сарылы болмаса, құбаталдың ашылайын деп тұрған

бүршіктерінен әдемі бір сыбызғы саз естілердей көрінеді. «Бәрі өзіміздің Ақсай аңғарында өсетін шөптер ғой» деймін өзіме-өзім» [78,35]. Жазушы тілінде жергілікті жұрттың сөйлеу тілінде ғана кездесетін атаулар да ұтымды қолданыс тауып отырады.

Шікәре. Қырғыз ауылы. Олар да қонаққа жікжапар болады. Ағайын-туыс. Сәлемдемесімен келген Арзу апасы. Қонағасы соя алмай қынжылған Нұралы кария – қазаққа жезде. Әңгімеде туысқандық, жекжаттық институт, оның атау-ұғымдары қалыпты баяндау аясында орныққан. Соғыстың таңбасы. Жоқшылық. Бейнетті еңбек. Қаралы қағаз. Жоқтау. Сыбаға. Сарқыт.

Жазушы дүние-болмыстың сәт сайын мың құбылған қуат-күшін қилы суреттеу тәсілімен, түрлі болмыста шебер жеткізеді.

Барар жолда ақ есекке мінген қабасақалдың ашкөз пиғылынан әупірімдеп құтылған Арзы апасы мен Барсхан қайтар жолда тағы бір тосын тұста көрінеді: «Аңғардың табанындағы кеше ғана мөлдіреп жатқан кәусар су бүгін ісіп-кеуіп, арнасынан шығып, лайсаңданып, **ботана боп** (астын сызған біз – Г.О.) алас ұрып жатыр. Қояншығы ұстаған адамдай, түріне қарап болар емес. Қалш-қалш етіп, жағаны қауып, жартастардың етегіне жармасып, төске шауып арсылдайды.

Ентелеп келе жатқан есектердің де жүрісі кібіртіктеді. Дәл алдында аждаһа жатқандай шегіншектей береді.

– Ойбу, құдай сыйлады! – деп Арзы апам санын бір-ақ салды. – Мынадан қайтіп өттік енді?» [78,49].

Шерхан Мұртаза, шынымен де суреткер жазушы.

Қазақы ғұрыпта *садақа атау* да ежелден келе жатқан, дін негіздерімен астасқан міндетті рәсім. Су тасып, өткел бермей жолай алыстап бара жатқан атты қырғыз жігітін бала Барсхан жанұшырып жүгіріп ертіп әкеліп, ол судан өткізгенде Арзы ананың қара есегі жүген үзіліп кетіп суға кетеді. Арзы апа оны соғыста жүрген Орхасы мен Нохасының садақасы дейді.

« – Жоқ, айналайын,-деді Арзы апам. – Әшейін суға мысығың кетіп қалса да өкінесің ғой. Буаз еді, тұқымың құрғыр. Мейлі, бала-шағамның садағасы! Құдай-ау, алыста жүрген шырақтарымның садағасы. Дүние атаулының қағындысы қара есекпен кетсін. Соғыстың сойқаны да сонымен кетсін» ел-жұрт аман болсын, бір нәрсе ғып күн көрерміз» [78,54].

Бата сөз де қазақы менталитеттің бір айрықшалығы. Қиын-қыстауда қайырылып, қол ұшын берген қырғыз жігітке Арзы апасы ақ тілекпен алғыс жаудырады.

« – Тірлікте жамандық көрме, өркенің өссін, өз теңіңнің алды бол, айналайын! Бізді жарылқасаң, сені құдай жарылқасын!» [78,54].

Ұлттық құндылықтар қазақ өмірінде де, басқа жұрттарда да қилы мәнде бой көрсетіп отыратыны тұрғысында *«Бойтұмар»* әңгімесіндегі Аталық қарияның майдандағы ұлынан келген хатты сақтап жүруін айтуға болады. Жақын адамнан сақталған заттық белгілердің де ұлттық құндылық мәнінде қабылданып, қарастырылуы көркем шығармада кәдуілгі өмір ағынында қалыпты жағдайда баяндалып отыруы арқылы көрініс табады. Қазақта «қалған

көз еді», «қарғамның көзі еді» деген ұғым ежелден орныққан ұғым. Орыста – память.

Сондай-ақ, қазақ ұғымында ит – жеті қазынаның бірі. Жазушының *«Сүдігерде изен басы ызыңдайды»* әңгімесінде Евгеньевкадан жұмыртқа беріп ауыздандырып әкелген Ақжол атты күшігін басқарма атып тастаған Барсханның суық тиіп ауырып отырғанына қарамастан, сүдігерге жалаңаяқ жүгіріп шығуы, соғыс тұсындағы балалықтың әрнені ойлаған қамкөңіл күйі, қаршадай баланың қазақы кең жүрегі...

41-жылғы келіншек, соғыстың соңғы жесірі – Хадиша аузынан махорка шылымы түспейтін – Хадиша жеңешесі көмек қолын созды. Кенжегүл кемпірді алып келіп, күшігінің аяғын кестірді.

«Жүз жылдық жара». Бұл әңгімеде жазушы туған жердің киесі, дүние-жаратылыстағы жанды-жансыздың обал-сауабы туралы айтады. Осында боранды қыста, соғыс уақытында әбден титықтаған жұрттың отқа «сирағын жақса» да, киелі шаңырақты жақпағандығы, жақпайтын тұрақты ұстанымы, ата-бабадан жеткен бұлжымас заңы туралы баяндалған.

«Соғысқа дейін бұл ауылда түтін басы сайын бір-бір киіз үй бар еді. Бәрі бірдей алты қанат ақ боз үй болмаса да әркімнің басына шошайтары бар болатын. Сәуір туа сол үйлер Аспантау алқымындағы қызғалдақ жамылған жайлауға көшетін. Көшпенді өмірдің соңы сол болған шығар, өйткені қырық үштің қысында жұрт киіз үйлерінің сүйегін – керегесін, уығын отқа жаға бастады. Бұл жақсылық емес екенін біле тұра, бүгіннің өлмес қамын ойлады. Ертеңнен де үміткер: ертең соғыс бітер, ақ жарылқап күн туар, сонда киіз үй де табылар деген. Бірақ соғыстан кейін ешкім қайтып киіз үй тікпеді.

Бұл елде бір кезде киіз үйлер болғанының еміс-еміс елесі ретінде әлі күнге дейін кейбіреулердің мал қорасының төбесінде көне шаңырақ ілулі тұрады. Соғыс пен боран қанша қасарысса да мыңбұлақтықтар киіз үйдің шаңырағын отқа жағуға дәті шыдамаған. Шаңырақ жағылғанша сирақтың шабылғаны артық» [78,81].

Сол ұғымға берік болғанымен, ауыл адамдарының амалсыз және бір киелісіне қол салғандығын жазушы соғыс ауыртпашылығымен сабақтастырып отырса да Жуанқұлдың ісі шектен шыққандығын, астамшылықтың зауалы болмай қоймайтындығын айтпай тұра алмайды. «Отқа шаңырақты қимаған жұрт «Мыңбұлақтың қарқарадай қасиеттісі, бөркіндегі үкідей аялысы – Бахтияр баба бағына ауыз салып, балта шаба бастады. Әуелі бір-біріне: «Әй, аруақ-құдайдан қорықсаңдаршы» деп еді, артынан бұл сөз отын болмайтынына көздері жеткен соң тілдерін тістеп, Бахтияр бағына жаппай тиіскен. Әуелі майда шілік қиылды. Содан сүмбіл тал, мәжнүн тал, сөгеті тал сөгілді. (Енді киіз үйге уық-кереге қайдан болсын»). Артынан ақ терек, көк терек қырқылды. Ал айналасы тып-типыл жалаңаштанып, жалғыз өзі аспандап қалған Байшынарға балта шабуға ешкімнің батылы бармады» [78,81].

Бұл Мыңбұлақтың киесіндей шынар еді... Жазушы Бахтияр бауының берекелі, базарлы кезеңін еске алады. Бүлдіргені бармақтай, бала бөркіндей қозықұйрығы, шипалы шөптері, түйежапырағы, қысы-жазы тарқамайтын құс

базары – бәрі осылайша көзден ғайып болғанын адам баласының жақсылықты білмес қаттылығына меңзейді. Елге құт еді бұл тау. Соғыс дейтін жұт мұны да жұтты.

«Бауырларынан айырылған Байшынар енді боранды, желді күндері күңіренеді. Бұрын жан-жағында жамағайыны барда Байшынардың шуылы көпшілікпен араласып, жеке-дара білінбейтін. Енді оның үні керең құлаққа да шалынатын болыпты. Бүкіл орман шуласа – тұтас ғасырлар әуеніндей, бір қимас қисса жырланып жатқандай құлаққа жағымды естілетін.

Байшынардың ендігі үні – нағыз жоқтау: ежелгі ересен жоқтауды ұмытқан соғыстың жесір әйелдерінің кемістігін осы Байшынар толтырмақ болғандай ыңырана теңселіп тұрып боздайды, жарықтық» [78,83].

Жазушы Бахтияр бауындағы шағын көлді сипаттайды. Осы тұс тосын бір астастыруымен де талай дүниені аңғартып өтеді. Соғыстың сұрапылы сонау Смоленск орманынан шалғайдағы Мыңбұлаққа да, Бақтияр бауына, Байшынарға жеткенін шебер өріп баяндайды.

«Бахтияр бауына бомба түскен жоқ, снаряд жарылған жоқ, танк таптаған жоқ. Бірақ бұл тып-типыл болды да, жар басындағы жалғыз таутекедей қасқайып Байшынар ғана қалды. Бәлкім, Бостандықтағы Ақсақ Темір көрген шынардың құрдасы шығар. Алыстан адамдар келіп, Байшынардың түбіне түнеп, бұтақтарына қызыл-жасыл шүберек байлап кететіні содан шығар» [78,84].

Бадырақ көз, қалқан құлақ, еңсегей бойлы дәу қара кісі Жуанқұл колхоз бастығы еді. Сол Байшынардың бүйірін шапқылап құлата алмаған қыстан бері де қырық жылдан астам уақыт өткен. Жуанқұл да, Байшынар да жарадар. Байшынарды Жуанқұлдар балталаған. Жуанқұл сонау қырық үштің жазында осы Байшынардың түбінде үкіден үркіген бозайғырдан құлап мертіккен. Байшынар көрінетін терезенің тұсында жатып бірде жалбарынып кешірім сұрайды, бірде жайрағыр, сен жай түсіп жайрасаң мен де тыншыр едім деп зарлайды.

Ата-бабадан қалған ең басты ұлттық құндылықтың бірі – туған жер табиғаты. Қазақ халқы баланы кішкенесінде жасыл шөпті баспа, жұлма, тиіспе деп, табиғатты аялауға, сақтауға баулитын. Туған жер – ауылдың, әр аймақтың, тұтас ұлттың ұлттық құндылығы. Қазіргі қазақ әңгімесіндегі аса бір қимастықпен, сағынышпен, мұңлы сазбен, жүрек жылуымен баяндалатын өзекті желінің бірі – осы туған жер киесі. Туған жер құты.

Тортай шалдың есегі. Бұл әңгімеде де жазушы қазақ ауылындағы соғыспен тұспа-тұс өткен қилы тағдырлар, оқиғалар туралы баяндайды. Әңгімедегі ашу үстінде: « –Е, Құдай! Не менің көк есегім өлмеді, не өкімет құрымады!» – деп қалып, жиырма бес жылға сотталатын Тортай шалдың кемпірі Жәмиланың түрмеге келіп, кімге келдің дегенге шалының атын атай алмай қиналған сәті қазақ әйелінің атасының, қайнағасының, қайындарының атын атамағанына қоса, күйеуінің де бетіне тіке қарап «әй» деп сөйлемеген, оның да атын «балалардың әкесі», «отағасы», «біздің үйдегі» деп табу жасап

сөйлейтін әдебін еске түсіреді. «Өз күйеуінің атын өмірі атап көрмеген байғұс басы не деп түсіндірерін білмей.

– Біз Мыңбұлақтанбыз ғой. Нұртайдың әкесі ғой, – дейді Жәмила кемпір.

– Әй, кемпір, Нұртайың кім? – дейді кезекші қарауыл.

– Ойбу, Құдай-ай, енді не десем екен? Әй, шырағым, менің майданға кеткен жар дегенде жалғыз ұлым Нұртайды білмейсің бе? Соның әкесі ғой мына абақтыға қамап қойғандарың, жазықсыздан-жазықсыз бейшараны» [78, б. 103].

Нан – ас Атасы. Қазақтың нанды қастерлеуі тек қарын тойдыру ма еді? Нанның қадірі қарынды тойдырудан әлдеқайда жоғары тұр. Асқа, дәмге, дастарханға қазақ баласы қашаннан құрметпен қараған. Небір шешімін таппаған дау дәм үстінде жөнге келіп отыруы – қазақ салтындағы мызғымайтын бір рәсім. «Дәмнен үлкен емессің» дейді. «Ас» деп атау береді.

«Интернат наны» әңгімесіндегі интернат балаларының соғыс неше жерден қақпақыл көрсетіп, қатайтқанда да адамға деген жан жылуы иланымды, өмір оқиғалары аясында, ашқұрсақ балалардың дабыр-дүбырымен қабаттасып отырып, өтіп жатқан әрекет, айтылған сөз аумағында үйлесімді мазмұндалған. Әңгімеде уақыт таңбасы, жас адамдардың қалыптасу өткелдері қастерлі нан ұғымымен ұтымды сабақтастықта көркемдік шешім тапқан.

Қазіргі әңгімедегі ұлттық құндылықтар туралы сөз қозғағанда уақыт-кеңістік ауқымында қазақы қонақжайлылық пен ұлттық дастархан, дәм концептілері қазақ жазушыларының ұдайы, үзбей жазып келе жатқан, қазақ тұрмысының басты атрибуттарының бірі – қазақ дастарханын қастерлеу ұстанымы екендігін атап айтамыз. Тұрмыстары жұпыны ма, бақуатты ма, ол мәнді емес, қазақ баласы үйіне келген адамға дәмін ала жүгіреді. Дастархан жаяды. Барын сарқып салады.

«Қасқырдың тарамысы» әңгімесіндегі соғыс әкелген жоқшылықтың жас бала жүрегіне түсірген сызаттары, жалпыадамзаттық ізгіліктің өміршең нышандары «Интернат наны» әңгімесімен сабақтас. Мұнда да ашқұрсақ бала байғұс амалсыз ашкөздік дейтін жатпиғыл жаман әдетпен ұшырасып қалады. Әңгімеде назар аударатын және бір желі – бұл Барсханның Нарбота дейтін бала екеуі балалардың барлығы демалысқа ауылдарына тарап кеткенде Ауылын сағынып шатырға шығып жер шолуы, бітпейтін жегі мұңы.

«Ауылым сол Аспантаудың бауырында ғой. Ақсайдың аңғарына терезелері тесіле қарап тұратын ең шеткі қоржын үй – менің үйім. Мыңбұлақ ауылының тау жақ шетіндегі сол аңсаулы мекенді көзімді жұмып тұрып-ақ көре беремін. Қазір сол үйдің алдындағы күресін қардың үстінде үш адам солтүстік-шығысқа, Күйіктің асуына қарап қалт тұрып қалған сияқты. Біреуі – ескі солдат шинелін киген Айша. Солдат шинелін Борандының базарында бір себет жұмыртқаға айырбастап алған. Айшаның екі жағында екі бала: қарындасым, біреуі інім» [78,115].

Суретке, дүние шуағына, кешкі күннің арай шапағына оранған қайран туған мекен. Ауыл – бала Барсханның – жазушы Шерхан Мұртазаның баянды, бағытын бұзбас асылы. Сағынышы сарқылмаған аңсары. Жазушы Шерхан

Мұртаза өмірінің соңғы кезеңінде туған жерге сол ғұмыр бойғы – интернатта жүргендегі, Мәскеуде оқығандағы, Алматы, Нұрсұлтанда тұрақтанған кезеңдердегі бітпейтін сағынышы – Ауылына барып ғұмыр кешті. Туған өлкенің әлемде баламасы жоқ дейтіндей сұлу табиғатынан жанына қуат алды. Мөлдірінен қанып ішті.

Жазушы ғұмырының мәнді құндылықтарды қастерлеудің озық өнегесін қалдырып кетті. Жазу тәсіліндегі ықшам нақтылық, көлгірсуі, көсемсуі жоқ туралық табиғаты, қазақ әңгімесін классикалық деңгейге көтерудегі сауатты жазғыштық, тіл ұқсату, сюжет құру, мінез ашу, ұлттық характер сомдау шеберлік мектебі – қазақ сөз өнері тарихында әрдайым өзекті. Жазушы кейіпкері үшін туған жердің аңы да, құсы да, тал-терегі де, шөп-шөңгесі де бірдей ыстық. Құты қашпас құндылық. Ең басты құндылық – сол жердің Адамы. Әр кейіпкерінің тағдырын бөлісіп, өбектеп, жанашыр жүрегін ұсынып отырып жазудың озық өнегесі орныққан *Шерхан Мұртазаның «Тілсіз қоңырау»* атты шағын әңгімесінде туған өлкенің тіл жетпес сұлулығы тағы да тамылжып көңіл көншітеді. Мұнда тағы да туған өлкенің ата-баба бедерлеп, атақтап атау беріп кеткен әрбір нүктесі назарға ілігіп отырады. Көз қуантар көріністерге толтырып жазатын шебердің тіл оюлары тайға басқандай қанықтығымен елеңдетіп отырады.

Бұл әңгімеде құм ішіндегі қойшы кемпір-шалдың ұрпақсыз қалған қаяулы тағдыры баяндалған. Ұрпақ – қазақ баласы үшін бағасы жоқ ізгілік. Және бұл әңгімеде қазақы ғұрыптың және бір айрықша салты, жөн-жоралғысы туралы айтылған. Ағасы немересін інісіне бала қып береді. Рулас, бір туған, ағайын арасында, абысындар арасында болатын қазақ ортасының бір салты. Дағдылы рәсімі. Құжатсыз-ақ, бір Алланың алдында *Аманат* етіп бала беру қазірде де сақталған. Кішкентай Серік жылайды. Шал-кемпірдің есі шығады. Бірақ ашуланбайды. Әлі тілі шықпаған баласымен Шынаркүл кемпір шалы қойға кеткенде кәдімгідей мұң шағып әңгімелескен.

«-Байғұс шалды қуанта ма десем, қайта одан бетер қартайттың ғой, Серік, – деді Шынаркүл қолындағы балаға.

Серік түсінбесе де, солығын баса алмай үлкен адамша күрсініп қойды.

– Қайнаға сені асырап ала қойыңдар деп батасын берген соң, біздің шал бетіне шырай кіріп, кәдімгідей құнжыңдап қалып еді, келгелі бері жатырқап жылай-жылай атаңды азапқа салдың ғой, Серік. Ақымақ болмасаң, бұл атаң кім, ол атаң кім – бәрбір емес пе? Ол атаңның сенен басқа тағы алты немересі бар, ал Медеу атаңда біреу де жоқ – осы дұрыс па, өзің ойлашы, Серік. – Жетпей желкең қиылғыр, Жексенбі,-деді кемпір кенет кемсеңдеп. – Жастайынан жер жастанып, жуадай солған қу жалғыз! Тым құрыса, сендей бір алданыш та қалдырып кетпеді біз сияқты шал-кемпірге» [78,124].

Бұл әңгіме де – жазушының ғұмырлы туындысының бірі. Сәбидің тәтті иісіне Медеу шал да, Шынаркүл кемпір де сондай іңкәр еді. Қу жалғызды соғыс жұтып, құбас қалған інісіне ағасы Сарыбай бір немересін басыбүтін бала ғып берген. Сонда да болса ата жүрек тыншымай, екі күннен кейін бұларға

соғып кеткені де иланымды. Ақ пейілімен, ақ жүрегімен баласын бергені берген. Алайда... Алаңдайды.

«Кешке торы атқа мініп қайнағасы келді. Теріскей жақ буалдыр құпия құшағына енді. Иті үріп еді, Медеу жекіп тастады.

– Апыр-ау, Сарыбайсың ба, кештетіп жүргенің жай ма? Ауыл аман ба?

– Шүкір, аман. Өздерің қалай? Үйдегі бала жылағанын қоя қойды.

– Жылқы қарай шығып едім, әшейін амандықтарыңды білейін деп бұрыла салғаным.

– Келгенің жақсы болды, келгенің жақсы болды. Өзіміз жете алмай отыр едік, жете алмай отыр едік.

– Не боп қалды?

Серік сыртқа қолын шошайтып «әне-әне», «ата-ата» деді.

Шынаркүл:

– Ә, бөтекең түскір, – деді.

– Немерең жатырқап, жаман неме жатырқап... – деді Медеу теріс қарап.

– Немене, «немерең» деп қалыпсың. Балаң ғой сенің, – деді Сарыбай.

Медеу әлденеге абдырап, күйбеңдеп, тілінің ұшымен күбірлеп бірдеңе деген болды. Торы аттың тізгінін ұстап, ағасын қолтығынан сүйеді.

Үйдің ішінде Серік:

– Әне, ата. Әне, ата! – деді.

Баланың көк тамыры көрінген шекесіне қызғылтым қан жүгірді. Жылауық көзінде иненің жасуындай жылтыл пайда болды. Босағадан аттаған атасына кішкентай қолын созды...» [78,126].

Жазушы айтылмаған көп сырды Медеудің апалақтап, бір сөзін бірнеше рет қайталап, Сарыбайды көргенде абыржып қалу күйін бірер сәтте кино лентасындай көз алдыдан жедел өткізіп отырып сездіреді. Бұл әңгіме терең психологиялық күйлерді, күйзелістерді ауыл адамының қарапайым, қалтарысы жоқ, нені айтса да аңысын аңдап, басқаның сағын сындырмай, шамына тимей, астарлап отырып-ақ айқын сөйлеу мәнерін мейлінше сезгірлікпен, тігісін жатқызып отырып ашады. Медеу шал да, Медеу шалдың ағасы Сарыбай да, кемпірі Шынаркүл де ішімдегіні тап деп тұрған жоқ. Ауыз жаппай сөйлейді. Бірақ үшеуі де арғы жақтағы бітеу жараны айналып өтіп, алыстан ғана орағытып сыр ашады. Медеудің күйін ағасы көрмей тұрған жоқ. Шынаркүл кемпір ішкі күйігін тілі әбден шықпаған кішкене сәбиге ақтаруға бар, бірақ шалына да, қайнағасына да тіс жармас. Қасіреттің бетін тырнағанда түк те шықпайтынын кішкентай сәби Серіктен басқа ересек үш адамның үшеуі де біледі. Жазушы бұл тәсілді кәдімгі қазақтың өмір шындығынан алып отыр.

Теорияның, методологияның ығынан шықпай, жанр шартын қадағалап, қағида бойынша қанша жазғаныңмен, өмірдің суық шындығы таразы басын ұдайы осылай басып тұрмақ. Ішкі күйді сыртқа басқа сөзбен сөйлеп бүркемелеудің көркемдік тәсіл ғана емес, қазақ халқының көшпелі өмірі үйретіп қалыптастырып кеткен, астарлы аңғарымпаздық коммуникациясы бұл әңгімеде айрықша көркемдік жүк көтеріп тұр. Әрине, бұл басқа халықтарда да бірді айтып тұрып, басқаға меңзеу жоқ дегендік емес. Әңгіме қазақ

әңгімесіндегі ұлттық құндылықтар тұрғысында болғандықтан қазақ этносының, әсіресе үлкен адамдардың шаншудай қадалар шындықты тасадан қарап қабылдау дағдысы, сабыры, төзімі ұлттық мінездің тап басып теория тілімен таңбалай қоюға көне бермейтін бір айрықшалығы, артықшылығы мәнінде бой көтерген.

Жазушы да, оқушы да, Медеу шал да, Шынаркүл кемпірі де Сарыбай ағасы кішкентай Серікті алып келе ме, келмей ме деп тосылмайды. Алып келетініне сенеді. Әлде? Сенбей ме? Сенсе, Медеу шал ағасының айтқанын тыңдап ауылға неге көшпеді? Тағы сол құмға көшкелі жиналып жатыр. Кемпірі екеуі Серіктің жылауықтығын сонау Сталинград түбінде сүйегі қалған жалғыз ұлдары Жексенбіге ұқсатып үміт жалғайды.

Жазушы бұл әңгімеде оқушы біле бермейтін «дуайпат» сөзін қолданады. «Дуайпат оқ», «көрінген дуайпатқа» сынды тіркестер кіріккен мәтін мәніне қарағанда қаңғырған дегенді білдіретін сияқты. Тілге сақ Шерхан Мұртазаның әңгімелерінде ойда жоқ орынсыз қыстырма болмайды. Нақпа-нақ. Дәлме-дәл.

Шерхан Мұртазаның әңгімелері – қазақтың бір ғасырлық тағдыры, тайқымаңдай замандардағы арпалысқан дүниеде өмір сүру үшін жұмсаған қажыр-қайратының шежіре-баяны іспетті кәделі дүниелер. *«Аманат»* атты әңгімесінде жазушы сол ауыл, оның адамдары туралы тағы да төгіле жазады. Әңгіме кейіпкері Мүсілімхан атты зағип азамат. Бұл туындыда да туған жердің әр тасы, әр жотасы, шөп-шөңгесі жырланады.

Жазушы табиғатты суреттеп, сипаттап, көз алдыңа келтіріп, оқушыны да сол аялы табиғатқа жетелеп жақындатып, сергітіп отырып баяндаудың көркемдік бейнетіне аса құштар. Сырттай сырғытып баяндау Шерхан Мұртазаның қаламы жүрмейтін тәсіл.

Адамның ойына келмейтін теңеулерге келгенде қаламы жүрдек. Мінезі келіспеген бір жігітті кісінің ойына келмейтін тапқыр теңеумен-ақ тұтас ашып, танытып өте шығады. Өзі айтпай – кейіпкерін «жұмсайды». «Содан бір күні... Е, кесіп айтасың, Барсхан бауырым, түлен түртті ғой бұ адам баласын. Кәдімгі Молдабекті өзің білесің ғой. Аузына атасақал біткенше сол баяғы қу жындылығын қоймады ғой. Кейінгі кезде көрдің бе өзін? Ұқсамасаң тумағыр, ел айтады, өзін: құдды тарттырған текедей деп» [78, 131].

«Тұйық шарбақ» – қазақ ауылының белгілі бір шақтарда біртіндеп құндылық атаулыдан арыла жаздайтындай әлеуметтік тоқмейіл тоғышарлық, ел аман, жұрт тыныштa жайлап, тоқырап, тоза бастаған құбылыстарынан жазылған әңгіме. Әуелі адамның ниеті бұзылмасын, бұзылған ниет барлығын бұзуға бастайды. Қасиетті Құран Кәрімде Мұхаммед (с.а.с) пайғамбар хадистерінде иманды болудың шартының бірі ниетте жататындығы айтылады. Айдың-күннің аманында бақшасын қорып түбі бір туысқан аталас бауырының үйі мен екі араны тікенек сыммен қоршап, ақыр соңында балалар күнде Мейрамбүбі әжесінің қазанжаппасын жеп жүретін, арша күбіден пісіп-пісіп құйып беретін көжесін ішуге барып жүрген жалғыз аяқ жолды да ағашпен бітеп тастаған Жаппастың ниеті бұзылған. Ниетін бұзған күнделікті саудадан түскен пұлға құныгу. Оның бұлайша құныгатын жөні жоқ еді. Бірде картоптың

түбін қопарып мекиендерін сарыбас ақ қарын картоп жеуге шақыратын қызыл әтешті мерт қылды. Мерт қылғанда да әтешті екі аяғынан ұстап тірідей қақ айырған. Бұлай да істейтін жөні жоқ еді. Ниеті бұзылған соң не жөн, не жөнсіз саудагер Жаппасқа бәрібір болып кеткен.

«Балалар қазанжаппаға тыңқиып тойған кезде Мейрамбүбі оларға арша күбіні күрпілдетіп пісіп-пісіп көже құйып береді. Арша күбі осы үйде – Мейрамбүбі көрші қырғыз ауылынан осы қазақ ауылына келін боп түскенде бар еді. Ал Мейрамбүбінің енесі Ақтолқын жарықтық нұрың пейіште шалқығыр, айтар еді. Бұл арша күбі осы үйге мен келін боп түскенде бар еді деп. Бұл күбіден мына отырған балақайлардың бабалары ас ішкен, Мейрамбүбінің ертерек қайтқан шалы мен мына көрші Жаппастың әкесі бір туған. Бұларды кексе кісілер Таубас әулеті дейді. Бұдан жүз жыл бұрын өткен Таубастар, жаның жәннатта болғырлар, осы арша күбіден ашымал ішкен. Сол бабаның асына, құданың құдіреті, осы заманның ұрпағы болса да, мына Жаппастың жамандары әбден құмар» [78,141]. Әңгімеде ағайындық, адамшылық, ата-бабадан мирасқа қалған мұра құндылығы кейіпкер болмысы, жағымды-жағымсыз әрекет аясында көркемдік шешім тапқан.

Шерхан Мұртаза қаламына тән тым әсірелемей-ақ ақырын ғана жеңіл мысқылмен түйреп өтетін машық бұл әңгімеде негізгі көркемдік тәсіл мәнінде алынған. Жазушы Жаппасты ұдайы бір жағымсыз жағынан алып отырады. Бірақ кейіпкерінің жан түкпіріндегі мазасыздықты, әтеш «қазасынан» кейін бір түрлі ыңғайсызданып, абыржып қалғанын да «жасырып» қала алмаған. Бұл жерде бұл өзі жаман да адам емес еді, бұзған заман ағымы ғой дегендей емеурін бар. «Бірақ әлгібір жағдай жайбарақат көңілін лайлап, ойын бөле берді. Өзінен-өзі дегбірі кетіп, әлденесін ұмытқан адамша үйге бір кіріп, бір шықты. Ойсыз, мағынасыз жан қалтасын сипалай берді. Шалбарының артқы қалтасына салып қойған сигаретке қолы тигенде барып темекі тартқысы келетінін ұқты. Фильтірсіз, мыжылған арзан сигареттің біреуін алып тұтатқанда тұңғыш рет қолы қалтырады» [78,142].

Жазушы кейіпкерін алаңдатқан бір дүние барын оның дереу темекі тартпақ болғанымен көрсетеді. Адам темекіні жайбарақатта көп тарта бермейтіні, қобалжу сәтінде темекі тұтата бастайтынын ұтымды деталь есебінде кәдеге жаратады.

«Көкемарал гүлдегенде». Жазушы тапқыштығы, айтқыштығы көркем шығарманың керегін тіреп тұратын шарттың бірі. Әңгіме басталар, басталмастан Шерхан Мұртазаның мұқалмай жазатын сиқырлы қаламы талайдан ұмыт бола бастаған, бірсарынды дүниені қызықсыз, қызусыз бірсыдырғы баяндап кері әсер туғызатын шығармалар нөпірінде малтығып қалған қазақ сөзінің мірдің оғындай уытты ұшқырлығын жарқ еткізіп, жарылқап үйіп-төгеді.

Шофер жігіт ішіп алған болатын. Жазушы да, кейіпкері де бұнысын жақтырып отырған жоқ. Жақтырмаған соң айтады, аямайды.

«Былай шыға бере шофер жігіт саусағын шошайтып:

– Бензин таусылды. Қайтар жолыма бензин тауып бермесеңіз, мен жолда қаламын, – деп зарлады. Ықылық ата ішіп алғанын көріп отырмын. Онымен айтысып оңбайсың, – көрерміз, – дей салдым. Машина оқалақтаған сиыр құсап ойқы-шойқы жортып келеді. Бензин орнына багына арақ құйылғандай» [78,14]. Бұл әңгіме, негізінде, жылқы туралы. Қамқарқасқа тұлпар бұл күнде бір аяқтап қалған, тозған. Жақында қырықтықшыларға тамаққа сойылатын көрінеді. Жазушы адам баласының обал-сауаптан кетіп бара жатқанын, күндегі өмір күйбеңінің қарбаласының тасалап қалдырып кетіп жатқан жалпыадамдық құндылықтар жөнінде қысқа әңгімеде көл-көсір көңіл толқынын туғызып жазудың шебері.

Әңгімеде жылқы жайылып жатқан дала төсіндегі мың-сан өсімдік, «десант түсірген өрмекші», бірдеңені бөлісе алмай қырылысып жатқан кесірткелер, «жасыл алқапқа қонақтаған ақша бұлттардай» жайылып жатқан колхоздың ақ қошқарлары, ертең шөпке шалғы түскенде «не боларын ойламай» қалыңға жұмыртқасын салған бөденелер, тағы да туған өлкенің жан жарылқайтын тынымсыз тіршілік үні тұнған қымбат, қимас, құнды, құтты болмысы жанды бейнеге айналып, жайраң қағады. Қай гүлге қонарын білмей жабайы ара шалқақтайды, мас, бұлғақтап келіп тұмсығынан соғып кете жаздап, ұшып өтеді. Әңгімеде мал, өсімдік, жәндік атауларымен сабақтас, бұрын құлаққа шалына бермеген сөз тіркестердің де қарасы қалың. Бояуы қою. Сұңғыт, раң шөп, ақжарылқап күн, бүріккұлақ, жұпарсаң, күреңсе, итқызғалдақ, көкемарал, қаншыр құс, іскектен жеп, т.б.

«Жаңбырлы той». Қазақы салттың бір құмары тарқамаған қызығы – той. Тойдың түрі де көп. Бұл той – қыз ұзату тойы. Тойға бір өзі бір сиырдың сүтін беретін қара ешкісін жетелеп келген соғыс мүгедегі Әбдібек жұрт дастарқанның берекесін алған жаңбырдан қоғадай жапырылып, қайта-қайта дүрлігіп, қопаңдасып жатқанда тапжылмай отырып өткен-кеткенді, бүгінгі той иесі ешкі әкелгенін жақтырыңқырамай тыржиғанын білдірмей өтірік көлгірсігенін, тойдың колхоздың есеп беру жиналысына айналып кеткенін, баяғы сәні – жаппай ән салатын қуанышын ойлап еді. Дәстүрдің шайқалғаны жазушы жанына да батады.

Әңгіме Шерхан Мұртазаның нені жазса да ауылдың айналасын – табиғатын, заман таңбасы түскен ендігі күйін, ала-құла мінез бұққан адамдарын тұтас қамтып, соншалықты ұсталықпен тіл шыңдап жазатын шебер екендігінің және бір айғағы. Ауыл адамдарының өмір ортасы ұдайы сол ауылдың әлеуметтік күйіне қоса, сол ауылдың адамдарымен «тең дәрежелі» қақылы «шуылдақ шымшықтарын», «қасқа бақаларын», «айласын асырып төніп кеп қалған қою бұлттарын», той дастарханында «состиып тұрып қалған ақ жолақ жабайы орындықтарын», «сыртқа кешке қонақтайтын тауықтайын құрқылдасып барып отырысқан» қонақтарын, қыз бен жігіттің тұсында ілінген қырмызы кілемді әлсін-әлсін шайқап қоятын «шалық желік», «буыршын жігіт» болғандығын, «аулақта түсі қуарған Айдың қалтырап тұрғанын» ол да иесінен «сүйеу іздейтін» ағаш балдақты енжар, бей-жай, сыдыра сипап баяндамайды. Ана тілдің құндылық, құдіретін соншалықты ұқсатып, ұсталықпен аялайды.

Жазушы тілі сөлді, нәрлі. Жамбыл жырау айтқандай, Шерхан Мұртазаның нәрлі сөзі күлдіреді де, жылатады да. Зәрлі оқ сынды небір қолға түсе бермес көркемдік нысанасын найзағайдай осып өтеді. Дөп тиеді. Шерхан Мұртаза әңгімелерінде ең басты құндылық – Адам. Кісілігін сақтаған, кісілікті қорғап жүрген Адам. Адамшылықтан, ардан аттамайтын кісілік діңі берік, тіні мығым адам. *«Жаңбырлы той»* әңгімесіндегі көп ашылмағандай көрінгенімен, бір-екі деталь арқылы жазушы тұтас тұлғалық болмысын жеткізген Әбдібек сол Адамның бірі.

«Сусамыр». Шерхан Мұртаза әңгімелерінде өткен ғасырдың орта тұсынан ақырына шейінгі қазақ ауылының әлеуметтік мәртебесі, этномәдени болмысы, ауыл тұрғындарының жазылмаған әдеп заңымен өмір сүру айрықшалықтары көркемдік кеңістік түзді. Жазушы қазақ этносының соншалықты алабөтен, әлемде теңгермесі жоқ ауыл атты қайталанбас, төлтума құндылығын дәріптеуде алдына адам түсірмей, қазақ әдебиетінің тарихындағы озат, озық өнегесімен тұлғаланды.

Қай әңгімесінде де қарапайымдылық, ұстамдылық, жанашырлық, ақпейілділік алдыға шығып, адамға жат мінездерге шаң қаптырып, қара үзіп кетіп отырады. Жадағай дәріптеуден аулақ болған жазушы Адам құндылығын ауыздан шыққан бір сөзінен, ішкі ой түйінінен, аяқ асты шешімді әрекетінен тауып, қуана жазады. Құндылық бұққан бойын жасырып ғұмыр кешетін қазақы жаратылыс үшін марқайып, масаттанады. Көңілі көншиді. Жалғаны мол болып көрінетін өмірдің басты жауабымен көңіл тыншытады. Жазғанын ана тілінің құнарымен сәт сайын нәрлендіріп, бояуын ашып, құтын жеткізіп, құнын сезіндіріп, тұшындырып жазады. Әлдебір кейіпкерінің «құтырына қызарған көзі» өзіңе қарап тұрғандай тіксіндіріп жазады.

Тіршіліктің шартта-шұрт, айқыш-ұйқыш қақтығыстарын адам ойына келместей, «айдаладағы» теңеу, салыстырулармен әдіптеп, бүтін дүниеге айналдырып, жұтындырып жібереді.

Су жетпей, қаңсыған ыстықтағы мал суарып жатқан су таситын сары машинаның айналасы әбігер. Әркім жан алаңын айтып, бірдеңе деп қалуға бейім тұратын бір қауырт күй. Бұзаубақ қойшының аузына, айтса айтқандай ғой, иә, дәл осылай айтқан болар дегізердей иланымды сөз салуы – әрине, тағы да жазушы Шерхан Мұртаза тапқырлығы. Қайсыбір шығармаларда кейіпкер сөзі өз бойына қонбай, қолпиып, сөлпиіп тұрады.

Шерхан Мұртаза кейіпкерлері біреудің киімін сұрап кимейді, өзімен барымен-ақ өтімді.

« – Шілде түспей жатып шөлге тап болдық. Алты ай жаз осылай арысақ, қыстың қаһарына қайтып шыдаймыз? Мұны ойладыңдар ма? – деп Бұзаубақ зоотехник ажырая қарады. – Су құрдым болды. Асау қайда бұл? Қай жалмауыз жұтып қойды? Адам ата, Хауа-ана жаралғалы бері ағып жатқан өзен өртеніп кетті ме, не зауал келді?» [78,161]. Өзен өртеніп кетті ме? Өзеннің өртенуі екіталай. Жазушы әбігер үстінде Бұзаубақ қойшыға осыны айтқызады. Айтқанына сендіріп айтқызады. *«Сусамыр»* қолдан бөгет жасап, берекелі өзенді бұғаттап тастаған кезекті бір ауылшаруашылық науқанның кеңестік

кезеңдегі бір ахуалы жайлы. Кетпенмен тоған бұзып, аңқасы кепкен Асау өзенге су жіберем деп шыққан Бұзаубақ тасқамал плотинаны, оның күзетшісі Әлібек атты жігітті, сол жігіттің қолындағы суды реттеп отыратын құрылғының кілтін көрген. Ұзақ жолдан шабдар аты екеуі шөлдеп, шаршап жеткен.

Жазушы ел берекесі болған қашанғы асыл өзектің – арқалы судың қырдағы қойға өлшеп құйылып, ойдағы қызылшаға бұрылып ағызылатындығын Бұзаубақ қойшы сынды жақтырмайды. Қашанғы ата кәсіп, қазақтың төрт түлігінің бір қастерлісі қой қағажу көрген. Судан, тіршілік нәрінен шетқақпайланған.

Әңгіме бір деммен оқылады. Өзекті күй. Аяқ асты жеткен қазаның мұңы. Оқушы бұл туындыда да жазушы туған өлкенің жаратылыс жарылқаған таңғажайып табиғатының тамашасына тағы кенеледі. Тағы да тапқыр, ұтқыр теңеулі тіркестер кең даладағы кермарал тіршілікті қозғап, әрекетке, жанды кейіпке көшіреді.

«Асаудың осы бір өңірлері нар қамыс, ну жыңғыл, қорыс тоғай болатын. Қырғауыл шіркін парылдап ұшқанда қамыстан өрт лаулағандай жыртылып-айрылушы еді-ау. Қасқалдақ пен шүрегейден судың айдындары қалың сиыр жабыны жусап кеткен тепсеңнің тезегіндей пырдай боп жатар еді. Кейбір жылдары оңтүстіктен оралған аққулар солтүстікке бет алып, сонау Қорғалжын көлдеріне бара жатқан сапарда осы Асаудың иірімдеріне бір дамылдап өтетін» [78,163].

«Ермолай досы да кәрі бураның басындай қауқайып, қартайды», «Балқыған күмістей сылдырап аққан асыл» (су), «Аққұла асқабақтай ай менен шүпірлеген сары балапан сияқты жұлдыздар», «Жүрекке әжім түспейді». Теңеудің жаңа түрлерін оқып оқушы таңқалады. Шеберлік тәнті етеді. Осы әңгімесінде келтірілген бір тоқтамды жазушы Шерхан Мұртазаның жазудағы шеберлігіне қатыстырып айтса, көкейдегі былай да, олай да жеткізіп айта алмаған, дөп басып, діттегенді жеткізетін сияқты.

«Арада алпыс жылға жуық уақыт өтсе де мен мына маржан жазудан оның жұп-жұмсақ мақпал үнін естігендей болдым. Жазу сөйлеп тұрған сияқты. Шын сезімнен шыққан жазудың бәрі сөйтеді» [78,180].

Жазушы Шерхан Мұртаза шын сезіммен сөйлеп жазады, жазғаны сөйлеп тұрады. Әңгіменің соңындағы тұспал да нендей орынды еді деп ойлайсың өмір дерегіне құрылғандай осы бір үзік дүниені оқып шыққан соң.

Тау арасындағы демалыс үйіндегі бірі жасамыс, бірі қария екі адам түскі тамаққа дейін сәл жүріп қайтқан. Әңгімелескен. Әңгіме үстінде сонау жиырма екінші жылы Уфадағы «Ғалия» медресесінде оқыған қария жастық күннің бір ұзақ хикаясын айтып берген. «Күн төбеден құлап, күн батуға шақ қалған». Бұл – алыста арман боп қалған, сол жиырма екінші жылдың қимас, қымбат көңілі, ендігі Қазан қаласының жетпіс сегіз жастағы тұрғыны Эженің Сағынға жазған хатында айтылған. Осы күй ең қымбат құндылық – өмірдің шапшаңдығы әңгімеде расымен де тамаққа қайтқан әлгі екі адамның таудан төмен түсіп келе

жатқан сәтімен сәтті астастырылып, жазушы тұспал тәсілін оңтайлы кіріктіреді.

« – Безобразие, уақыт болып қалыпты ғой, қайтайық, – деп Сағын аға сүйретіліңкіреп барып орнынан тұрды. Таудан төмен қарай еңкеңдеп келеміз. Ылди жолы жылдам. Жол ылдиға жетектеп барады» [78,181].

Қартаю – ылдиға қарай жылдам жүру. Адам өмірінің ақыры тіптен тез. Зу ете түсетін шапшаң сияқты... Жазушы Шерхан Мұртаза осы бұзылмас, бұлтартпас тылсым құбылысты меңзейді.

«Соғыстың соңғы жесірі». Бір дәуір. Бір ғұмыр. Жетімхана. Бұл жазушы таққан айдар, берген атау. Ресми атауы – қарттар үйі.

Хадиша. Алпыс жыл соғыстағы жарын күткен қазақ әйелі. Ауылдың үлкендері тұрмысқа шық деп айтуға дәті бармаған, солай деп айта алмаған қайран Хадиша. Сек-се-е-н жыл деп созып айтқаныңмен, адам ғұмыры қысқа. Қайран Хадиша Мақсұт келіп кемпірқосаққа мінгізіп алып кетпек болғанда жүрегі жарыла қуанып, қыстай ашылмаған терезенің желімдеп қойған ақ қағаздарын дар-дар еткізіп жыртып жіберіп сыртқа асыққан. Әңгіме уақыттың ағысы, адам тағдырлары, қазақы отбасылық ұғыптың біртіндеп келмеске кетіп бара жатқан мұңы туралы.

Гүлшария абысынының жаназасы шығарылмай, иманы да үйірілмей, ит өліммен дүниеден өткен. Хадиша жетімхана терезесі алдында жаңа жауған ұлпа қардың үстінде шалқасынан құлап жатты. Өмірден қуанып аттанды.

«Тәжірибе жүзіндегі теория. «Король Лирдегі» ұлттық мессионизм және аумақтану мәселелері. Джас-Чеол Ким» атты мақалада тарихи сәттегі ағылшын ұлтшылдығын зерделейтін құбылыстар тым шалғайда жатқан қазақ ұлтына да жат емес. Осында «Король Лирдегі» Корделия бейнесіне қатысты автор жасайтын тоқтам Шерхан Мұртаза, жалпы қазақ әңгімесіндегі әйел тұлғасымен бір сабақтастық бар сияқты.

«Одан да маңыздысы: егер Корделия бейнесі нақты ағылшын аймағымен байланысты өрбісе, оның пәк күйінде қалуға деген батыл тілегі – «қос әпкемнің мінез-кейпін ұқпаспын, олардай мен ерге, сірә, шықпаспын» деуі тереңінен зерттеуді қажет етеді. Өйткені ерте заман әдебиеті пәктікті бейнелейді немесе көрсетеді. Бұл ешқандай да сәйкестік емес. Луис Монтроуз «Жазғы түнгі түс» (A Midsummer Night s Dream) туындысын талдау барысында Елизавета патшайым билеген кезде мемлекетте «пәктік» (virgin) культін ұстануға тырысқанын тілге тиек етеді. Оны ұлттық мемлекет билігіне балады. Бұл мәнде Елизаветаның пәктігі сырт елдерді жаулау мен ел ішіндегі мызғымас қамалдың ұлттық нышанына айналды. Мәселен, Роли былай дейді: «Мәртебелім бүкіл халықтың көзқарасын растап, күшейте түсті... Доминион мен *Амазонка* империясы, бұл әйелдер пәк болып жүруі тиіс, сонда өз елдері мен көршілерін қорғап қана қоймай, өте үлкен корольдіктерге шабуылдап, оларды басып ала алады».

Елизаветаның пәктігінің ұлттық маңызы Спенсердің «Ғажайып ханшайымы» (The Faerie Queene) атты еңбегіндегі ұлттық құтқару сарынымен толыға түседі» [80, 373]. Бұл пайымдаулар түпнегізі арғы тарихпен

сабақтасқан ортақ жалпыадамзаттық ұстанымдармен өзектеседі. Хадиша, Жәмила, Айша сынды Шерхан Мұртаза кейіпкерлерінің жалпыадамдық, жалпыұлттық құндылықтарды сақтаушы мәні өз алдына таусылмас тақырып, айтылып бітпейтін құндылық.

«Король Лирден» атамекен, ұлттық бірегейлік бағытындағы мақсатты желілер туралы айтылатын маңызды пайымдауды да Шерхан Мұртаза шығармаларындағы ғана емес, жалпы қазақ әдебиетіндегі ұлттық құндылық мәні аса жоғары дәріптеліп отыратын атақоныс, жерұйық мекен ұғымдарымен де астастыра қарау бұл желінің жалпыадамзаттық құндылықтар қатарында әдеби шығармашылықтағы тұрақты, өзекті арнаның бірі есебінде жасап келе жатқандығын айғақтай түседі.

«Егер Корделия, Джеймс пен Кентке қарағанда король шежіресі мен ағылшын мемлекетшіл санасын нық тұтастырған Елизавета патшайымның пәктігінің жоғалған киесін тұспалдаса, онда аймақ және мекен ұғымдарымен Корделияның пәктігін ұлттық тірек ретінде сипаттағаны. Якоб дәуіріндегі «Айғай салған қыз» (The Roaring Dirl) шығармасында сипатталған «Сенің қызыңның пәктігіне мен сүйсініп қараймын, жаудың қолы тимеген Кент қамалына балаймын» деген жолдар тазалықты білдіреді. Шекспир үшін Кент – «жерұйық мекен», одан Джек Кейд сияқты бүлікшілер шығуы мүмкін емес. Ол Цезарьдің Кент жайлы сөзін келтіреді:

Аралдар үшін өркениеттің мекені;
Қазыналы, ағар бал мен шекері,
Жомарт, қайсар, бай-бағландар жетеді.

Кент жайлы мұндай сипаттамалар Елизавета Якоб аймақтану дәстүрінде жиі кездеседі, мәселен, Уильям Камден белгісіз латын әдебиетіне сілтеме жасап, Кентті пәк өлке деп суреттейді, «бұл (Кент) иелігін ешқашан жан баспаған ... бірақ өз еркімен жеңімпаздың билігіне бағынды. Өзінің азаттығын, қорғанысы мен осы кезге дейін қолданып келген дәстүрлерін сақтап қалды». Бұдан бөлек, Камденге қарағанда Кент – Елизавета патшайым мен оның көрнекі ұлттық билігі жайлы естеліктерді сақтап келе жатқан аймақ; «Біздің марқұм Елизавета патшайым көркем жан еді. Бүкіл Англияны нұрға бөлеген шұғылалы сарайында таңның шапағын тамашалап, бақытқа бөленер еді». Егер мұнда Елизавета патшайымды жеңімпаз жан ретінде ағылшын топырағының бір өлкесімен салыстырса, бұл сөзбен король Лирдің Кентке деген адалдығын жан-жақты зерттеуге болар еді.

Елизавета – Якоб аумақтану дәстүрінде жер кейіптеу тәсілімен тарихи туындылардың тұрақты сарынына айналған. Мұндай мекенге адалдық, Хелджерсонның сөзіне қарағанда әдетте монархия билігіне қарсы келеді. Ол ұлттық-аймақтық бірегейлікке мән береді». [80,373].

«Шекспирдің дәуірінде «табиғат» ұғымы «ұлт» ұғымымен астасатын, сонымен бірге «туысқан» немесе «отбасы» сөздерімен жүретін. Шекспирдің трагедиясындағы шеберлігі – оның орталық сюжеттегі ұлт мәселесін, ортақ игілік пен қоғамдық сананы шағын сюжеттердегі тұрмыс, жекеменшік және

жеке мәселемен біріктірді. Үзіндідегі «ұлт» сөзі көбінесе отбасы тегі, туу, тәртіп, заң мен ахуал деген мәндерді айқындайды» [80,368].

Шерхан Мұртаза әңгімелерінде үздіксіз, ұдайы төгіле суреттелетін табиғат, туған жер сарыны қазақ ұлтының алтын бесігі, оны тәрбиелеуші, қалыптастырушы, жүрегін елжіретіп әсірелендіруші ықпалы рухани қуат мәнінде орныққандығы даусыз. Туған жері Мыңбұлақ, Боранды бекет, Аспантау дегенде жазушы жан қызуын сарқа, ғажап суреткерлікпен жазып, қазақ әдебиетіндегі дәстүрлі озық желі, қазақ жазба прозасында сара классикалық бейнесі қалыптасқан өзекті арнаны өзіндік қолтаңбасымен құнарландыра түсті. Ұлттық мессионизм – құтқарушыны күту.

«Ханс Кон Еуропа қоғамы арасындағы ұлтшылдықтың яһуди-грек мәдени мұраларына тигізетін әсерін зерделейді. Ол былай дейді: «Қазіргі ұлтшылдықтың үш негізгі нышаны еврейлерде пайда болған. Бұлар – таңдаулы халық идеясы, жалпыға ортақ тарихи жады мен келешекке деген үмітке мән беру және соңында ұлттық мессионизм». Көне замандағы Англиядағы жағдай да осылай өрбіді; Елизавета билігінен кейін бой көтерген ұлтшыл көзқарас «ақырзамандағы құтқару сарынын қалыптастырды. Ричард Хелджерсон мен Эндрю Эскобедо көрсеткендей, осы дәуірдегі ағылшын сөз өнері негізінен ұлтшыл және «зар заман» сипатында өрістеді» [80, 370].

Қазіргі әдеби үдерісті саралау, байыптау бағытында теориялық тәртіптердің шеңберінде ғана сөйлеп дағдылану біздің қаламгерлеріміздің дара шығармашылық бағыттағы барша көркемдеу түпниетін мүмкіндігінше жан-жақты қамтып тануға белгілі бір деңгейде шектеулер қойып келді.

Рухани жаңғыру бағдарламасы аясында «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы бойынша жарық көрген Джули Ривкин мен Майкл Райанның «Әдебиет теориясы» антологиясы 1-кітабының онынші тарауы «Тәжірибе жүзіндегі теория. Сәби немесе скрипка: Элис Манро әңгімелеріндегі этика мен әйелдік қасиет» деп аталған. Бұл Торонта университеті ағылшын тілі бөлімінің аға оқытушысы, Уилла Кэсер, Тони Моррисон, Эдгар Лоренс Донтороу шығармашылығы жөнінде, феминистік, психоаналитикалық теориялар жайында мақалалар жариялаған Наомен Моргенштерннің мақаласы. Мақалада әдеби шығармадағы ақылгөйсу туралы ой қозғалады. Элис Манро атты жазушының: «Аааа! Ақылгөйсу жоқ. Енді ешқашан ақылгөйсу болмайды!» деген үзілді-кесілді тоқтамын эпиграф етіп алған әңгіме былайша басталады.

«1982 жылғы сұхбат кезінде «Өзінің әңгімесіне ақыл айтуды енгізді ме, жоқ па?» деген сұрақ қойылғанда Элис Манро «жоқ» деп ашық айтты (Hancock, 223). Бұлай деп айтуының да жөні бар. Өйткені ешкім де Элис Манроны мораль жазушысы деп атағанды қаламайды. Оның баяндаушылары (narrator) мен бас кейіпкерлері оқырмандарды этикалық байланыстарды сипаттайтын күрделі әрі мүмкін емес жайттармен бетпе-бет қалдырып, соңғы пайымдау әрекеттеріне қасақана қарсы тұрады [81,516].

Шерхан Мұртазаның да *«Сусамыр», «Жаңбырлы той», «Көкемарал гүлдегенде»* әңгімелерінің барлығы да мораль айтудан ада.

М.Бахтиннің «Романдағы дискурс» атты зерттеуінде ғалым проза жанрының жүгін көтерудегі тіл қызметін бүге-шігесіне шейін саралап отырып, шығармашылық стихиясына тиесілі елеулі құбылыстарды байыптауында аксиологияның да бұл тілдік тоғысқа әбден қатысты екендігіне назар аударады. «Тіл – сөз суреткерінің саналы өмір сүретін нақты бір тіршілік ортасы сынды болғандықтан, ешқашан да біркелкі болмайды. Ол оны толтырып тұратын нақты идеологиялық түсінік пен тірі тілдің үздіксіз тарихи қалыптасуынан оқшаулап алынған нормативті формалардың абстрактілі грамматикалық жүйесі ретінде ғана біртұтас болмақ. Шынайы әлеуметтік тіршілік пен тарихи қалыптасу ұлттың абстрактілі бірыңғай тіл аясында тұйық, ауызша идеологияның және әлеуметтік танымның көптеген айқын әлемін жасайды. Тілдің деңгейлес, абстрактілі элементтері осы сынды әркелкі таным шеңберлерінде түрлі мәнді де құнды дүниелер жинап, әрқилы дыбысталады. Осындай әр алуан жүйелер (абстрактілі деңгейде бірегей) әртүрлі семантикалық, аксиологиялық мазмұнмен және өзіндік дербес дыбысымен толыққан тілдің әлементтері болып саналады» [81,264].

«Өмір бойы адамның ішкі әлемінде өрбитін монолог» (М. Бахтин). «Мен мұнда автор тұлғасын әлеуметтік-тарихи тұрғыдан талдауды мақсат еткенім жоқ. Біздің мәдениетімізде автор қалай дараланды, қандай мәртебе иеленді, шығарманың түпнұсқасы мен өңделген нұсқаларын анықтау қай кезде басталды, авторлар қандай құндылықтар жүйесінің қалыптасуына үлес қосты, біз қашан қаламгердің кейіпкерлеріне емес, өзінің өмірбаянына ой жүгірте бастадық, «автор мен оның туындыларын құрастыру» дейтін іргелі категория қалай басталды деген сұрақтардың қалыптасу үдерісін зерделеу қызғылықты болар ма еді, кім білсін? Дегенмен мен әзірге тек автор мен оның мәтінінің арасындағы өзара байланысты қарастырып, мәтіннің қалай болғанда да мәтіннен тыс немесе одан бұрын тұрған «бейнені» меңзейтін тәсілдерін зерттегім келеді.

Мен сөз еткелі тұрған тақырыпты керемет сипаттаған: «Кім айтып тұрса да бәрібір емес пе?» деген еді ол бірде. – Сөйлеп тұрса болды емес пе?» Осы парықсыз сөзден заманауи әдебиеттің басты этикалық ұстанымдарының бірі (ectiture) көрінеді» [81, 276].

1. Ұлттық көркем проза формалары мен ойлау мәдениеті.
2. Қазақ әңгімесінің жанрлық ерекшелігі.
3. Көркем әңгіменің композициялық мүмкіндіктері мен заңдылықтарының типологиясы.
4. Стиль кіші прозаның көркемдік жүйесін ұйымдастыру тәсілі ретінде.
5. Рухани мәдениет тілдері.

« – Формирование жанры рассказа, как тенденции в литературном процессе, произошло благодаря творческим устремлениям первой волны казахской интеллегенции. Его возникновение связано с поисками С. Торайгырова, Б. Майлина, Ж. Аймауытова, М. Жумабаева, С. Сейфуллина, М. Ауэзова. Именно в творчестве этих авторов художественный рассказ выступает как целостная жанровая форма, обладающая всеми основными

признаками литературного произведения малого формата, в истинно полноценном виде» [82, 8],-дегеніндей біз қарастырып отырған қаламгерлер шығармалары да осы талапқа толық жауап бере алады.

Негізінде қазіргі зерттеулерде мәселенің егжей-тегжейлі зерттелу тарихы қайта тұтас мазмұндалып отырмайды. Тоқетер нәтижесі назарда болады. Бұл жұмыста қазақ әңгімесінің бір жарым ғасырлық тарихында жазылған туындыларды және бір мазмұндап, бағалап отыру қажеттілігі де қазіргі уақытта өзекті болып санала бермейді. Себебі мәселеге қатысты зерттеу проблемаларынан хабары бар маман әдебиеттанушылар үшін бұл жаңалық емес.

Мәдениет пен өркениет адамзаттың тарихи дамуының жемісін көрсетеді. Олардан қазіргі этностардың менталитеті қалыптасады. Бұл ретте мәдениет осы этностың өмір сүру тамырынан уақыт пен кеңістікте өседі, ал өркениет – адамдар арасындағы қарым-қатынас стандарттарын құру, адамзатты жаһандық ауқымда біріктіретін түрлі мәдениеттер өкілдері арасында бірыңғай өзектің қалыптасуына ықпал етеді.

1-тарау бойынша тұжырым

Қазіргі қазақ әңгімесіндегі этномәдениет ұғымының тарихи негіздері, этномәдени құндылықтардың көркемдік жүйесіндегі құндылықтар дискурсы қазақ әңгімесіндегі ұлттық арқау негізінде зерделенді.

Мәдениет – бір ұлттың ғана ауқымындағы бөлшектеп бағалауға бағынбайтын жалпыадамзаттық құбылыс. Оның жіктелу, айрықшалықтар бойынша ажыратылып айқындалуында этномәдени факторлар арқылы ғана танылатын нәзік қалтарыстары да мейлінше мәнді. Көркем мәтіннің рухани кеңістігінде белгілі бір этностың адамзат тарихы тәжірибесінде түзіп, қастерлеген, тумысымен, тұтас бітімімен бітекайнаған құндылықтары да мазмұн тауып отырады.

Әдеби дамудың қилы кезеңдерінде тарихи, рухани тәжірибеде орныққан этномәдени құндылық категориясы ұдайы, тұрақты көркемдік арна салып отырды. М.М.Бахтиннің «ұғыну аясы» осы бағытта зерттеулер жүргізудің жаңа жүйесін меңзейді. Ғалым «Романдағы дискурс» атты зерттеуінде жазушының шығармашылық стихиясына тиесілі елеулі құбылыстарды байыптауында аксиологияның да тіл шеберлігіне әбден қатысты екендігіне назар аударады. Сондықтан зерттеуімізде қаламгерлер шығармаларындағы аксиологиялық құндылықтардың шебер суреттелуі қарастырылды.

Көркем туындының арғы негіздері, басты желілері туралы әріден қозғап саралау жасау қажеттілігінде этномәдени құндылықтар тұрақты желінің бірі есебінде сан тарап талқыға түсуі де орынды. Көркем шығарма бірнеше бағытта рухани өріс ашады. Әдеби мұраны «өз үйіндегі етенелік күйінде» («у себя дома» – М. Бахтин) тану ұстанымдары орныгуы қажет.

Қазақ сөз өнерінің арғықазақтық айнымас нышандарына жіпсіз байланған төлтума айрықшалықтарының поэтика теориясы бағытында олқы, кенде қалған құбылыстары басым.

Қазіргі заманғы әлемдік әдебиеттану мәселелеріндегі түбегейлі таным жүйелеріне қарайлап отыруды міндеттейтін бағыттар қазақ әдебиетінің тарихи құрылымын айқындау, игеру, тану бойынша жүргізілетін зерттеулерге де қатыстылығы мәнінде, этномәдени құндылықтар ұғымының тарихи, пәнаралық кеңістігі ескеріле отырып, концептуалды жүйе түзу мәселелеріне мән берілді, жекелеген пайымдаулар жасалды.

Тарау барысында болжанған, айқындалған ерекшеліктер былайша тұжырымдалды:

- қазақы болмыстағы мәдениет негіздері туралы сөз қозғауда әдеби мұрадағы ислами құндылықтар, оның ұлттық сипат алу негіздеріне, зерттеу әдіснамасына пайымдаулар жасалды;
- «құндылық» категориясы қазіргі заманғы мәдени тоқырау мен адам экологиясы өзектілігінде, яғни индустрияландыру, цифрландыру, урбандану, батыстану, сапырылысқан көші-қон жағдайында қалып отырған күрделі құбылыс екендігі сараланды;

- ғаламды шарпыған керенаулық, кері кету, рухани жапа шегу; ұлттық тамырдан ажырау сынды келеңсіз беталыстар қазіргі қазақ әңгімесінде арғы негіздерге араша тұру, ұлттық бірегейлік сипаттарды жоқтау, ұлттың өзін-өзі сақтау қорғанын «тұрғызу» мәнінде қарсылыққа ұшырау үдерісінде этномәдени құндылықтар факторында да көрініс тауып отырғандығы зерделенді;

- қазіргі заманғы әлеуметтік орта тұрақсыздығы, жаһандық интеграция, салт-дәстүр және діни ұстанымдар шарпысуларын этномәдени құндылықтардың «күні өтіп» бара жатқандығы фактісінде әдеби мазмұн түзуін нақтылы бір туынды, жеке қаламгерлік ұстаным негізінде ұғыну, айқындау, оны ғылыми танымда орнықтыру маңыздылығы дәйектелді;

- ұлттық бірегейлік өзектілігінде әңгіме жанрында көркем тұлға әлеуетін, этномәдени құндылықтар өнегесін орнықтырудағы тіл қолданыс; жанр шарттарына икемделу; дара стиль; дәстүр мен жаңа нышандар бағытында; ұлттық топырақтан ажырау кембағалдығы тұрғысында; ұлттық мінез даралығындағы қастерлі қасиеттер дағдысында; отбасылық құндылықтар мәдениетінде; кеңес дәуіріндегі әдеби мұра және ұлттық этномәдени құндылықтардың көркемдік өрісі, идеологиялық өктемдіктің жадымыздан өшпеген үрей синдромы; постотарлық қазақ әдебиетіндегі рухани сілкіністер туралы тарихи, көркемдік түзілімде өзіндік пайымдаулар жасауға толық негіз бар екендігі көрсетілді;

- этномәдени құндылықтар белгілі бір этникалық топтардың әлеуметшілдік ынтасымен байланыстылығы, нақтылы этностың сапалық жүйесін айқындайтындығы, этникалық мәдени дәстүр ұлттық төлтума айырмашылықтар мен тұтас ұлттық салттың тұрақты тұғыры екендігі айқындалды;

- қазіргі ғылыми әдебиетте этникалық құндылықтар бірнеше жүйе бойынша зерделеніп отырғандығы тұрғысында қазақ әдебиеті, қазақ этносы тәжірибесінде, тарихи, психологиялық, философиялық, педагогикалық, әлеуметтанушылық пәнаралық сабақтастықтағы, аксиология ғылымы аясындағы пайымдаулар зерделеніп, жалпыадамзаттық құндылықтар, кезеңдік құндылықтар, жеке буындар – ұрпақтар сабақтастығы құндылығы, ғұмыр жас құндылықтары, ұлттық құндылықтар, әлеуметтік жіктердің құндылықтары, кәсіби топтар құндылығы, отбасылық, жеке бас құндылықтары құндылық категориясының әрқилы деңгейін, ықпал-өрісін, алмасу үдерісін зерделеудің рухани жиынтығы, қалыптасқан қағидалары аксиологиялық әдіснама тұрғысында назарға алынды;

- қазіргі қазақ әңгімесіндегі этномәдени құндылықтар бойынша қазақ ұлтының ана тілі, атамекен, ауыл, ауылдықтардың дара мінез болмысы, отбасылық, туыстық қатынас жалпы этномәдени құндылықтар ұғымы аясында нақтыланып, арнайы әдеби материал негізінде сараланып, талданды;

- Жұмыста «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында жарық көрген «Әдебиет теориясы» Антологиясының 5 томдығында зерделенген көркемдік категориялары негізінде әдеби мұраны игеру мәселелерінде қазіргі қазақ

әдебиеттану ғылымының даму бағыттарындағы қажеттіліктер бойынша нақтылы саралаулар жасалды. Этностық мәдениет мәселесінде постотарлық әдеби үдеріс, постотарлық таным тұрғысында өзекті мәселелер қозғалды;

- Шерхан Мұртазаның шығармаларындағы ұлттық бірегей болмыс проблемасында қазақы жаратылыстан алыстап бара жатқан ұлттық құндылықтарға араша түсу миссиясы, жалпыадамзаттық өзекті құбылыстарды көркемдік кеңістікке тартудағы дара шеберлік, жанр спецификасын сақтау айрықшалықтарында бағыт түзгендігі талданды.

2. XXI ғасырдағы қазақ әңгімелеріндегі этномәдени құндылықтардың жаңа сипат алуы

«Қалмақтардың этномәдени құндықтары» (2007) атты философия ғылымдарының кандидаты атағын алу үшін жазылған диссертациясында Ц.А.Бадмаева этномәдени құндылықты дәстүрлі мәдениет пен діни дүниетанымның ымырасы деп тауып, былай дейді: «Этнокультурные ценности играют важную роль в формировании «культуры жизнеобеспечения» этноса. ... Этнокультурные ценности, включающие в себя религиозное мировоззрение и культ, этические взгляды и этикет, традиции и обычаи, специфические жанры искусства, архитектуру, систему охраны здоровья, жилищного уклада, формы межличностного общения. Благодаря преемственности, обеспечивается передача и усвоение основных культурных ценностей, их развитие и видоизменение с учётом социально-политических и социально-экономичеких условий. Сущностное ядро отражающее смысл этнической культуры составляют традиционные, исторически сложившиеся идеи, которые на протяжении исторического развития народа являлись доминантными и развивающими» [83, 8].

Ал өзбек зерттеушісі Б.Б.Сапаров: «Мәдениетті тіл, жүріс-тұрыс әдебі, салт-дәстүр, білім жүйесі, әдебиет пен өнер қалыптастырады. Сондықтан, этникалық құндылықтар – ұлттық мінездің қасиеттері (мейірім, ізгілік, жақсылық, сыпайылық, қонақжайлық өзара көмекке келу т.б.). Өмір сүру формалары (халық тіршілігі, аңшылық, өмір сүру салты), тірліктегі салттары (тұрмыс-тіршіліктегі салт-дәстүрлер, ұлттық этикеттің ерекшеліктері, адамдар арасындағы қатынастың әдебі, киіну мәнері, жасы үлгекейген адамдарға құрмет көрсету, кішіге қамқор болу т.б.), діни ерекшеліктер (сенім, руханият, жаратушыға сенім, сенім жүйесі), кәдуілгі дүниетаным элементтері (руханият, идеалдар, ұстанымдар, құндылықтар бағдары), ұлттық мифология, салт-дәстүрлер, (рәсім, рәміз, ұлттық ерекшелікті көрсететін таңбалар), тарихи өткені (халықтың ғасырлар бойындағы тағдыры, ұлттық кейіпкерлердің тағдыры), қасиетті, киелі нәрселер (киелі жерлер, әулие адамдар, ұлттық батырлар туралы аңыздар), баяндар (әңгіме, аңыз, ертегі, жырлар)» дейді [84, 5]. Міне, бұлардың барлығы әр ұлт ерекше қастерлейтін адам бойындағы ұлттық қасиеттердің жиынтығын құрайды.

Жалпыадамзаттық құндылықтарды жүйелеуде болсын, ұлттық құндылықтарды жүйелеуде болсын бірізділік жоқ. Әр зерттеуші өз тарапынан пікірлерін ұсынады. Мысалы, зерттеуші Н.Д.Худайбергенов өзінің «Қазіргі қазақ прозасындағы жалпыадамдық құндылықтар» атты философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациясында жалпыадамзаттық құндылықтардың мынадай жеті түрі бар деп есептейді. Олар: эстетикалық, этикалық, экономикалық, діни, саяси, әлеуметтік және танымдық құндылықтар болады деген қорытындыға келеді. Біз өз кезегімізде құндылықтарды әуелі үлкен алты категорияға бөлдік. Олар: діни, адамгершілік (моральдік), мәдени, материалдық, әлеуметтік, саяси. Бір қарағанда этикалық

және адамгершілік ұғымдары бірін-бірі толықтырып отыратын секілді. Бірақ бұл екі ұғым арақатынасын байыптай қарағанда этикалық құндылықтардың моральдік құндылықтардың құрамдас бөлігі екенін көреміз. Зерттеуші Л.В.Максимов осы екі ұғымның арақатынасын қарастырып, моральдік құндылықтардың құрамына этикалық құндылықтар да жататынын, моральдік құндылықтардың танымдық табиғатын Д.Локк және Лейбниц пікірлері арқылы дәлелдеп көрсетеді [85]. Сондықтан біз өз кезегімізде танымдық құндылықтарды жеке үлкен категория ретінде алмай, танымдық құндылықтарды моральдік және мәдени құндылықтар аясында, ал эстетикалық құндылықтарды мәдени құндылықтар аясында қарастырдық. Құндылықтардың алты үлкен категорияларын өз ішінде кіші категорияларға, оодан әрі ұлттық формаларына, Ц.А.Бадмаеваның, И.Сапаровтың және өзге ғалымдардың атап өтетін, этномәдени құндылықтарын толықтыра отырып, қазіргі әңгімелердегі көрінісін жүйелеп қарастырдық.

Алайда бұл жүйелеу шартты екенін ескертеміз, себебі зерттеу барысында қандай да бір құндылық түрі таза күйінде емес, бір-бірімен ымдасып, тіпті бірі-біріне ұласып кетіп жататынын байқадық.

2.1 Салт-дәстүр арқылы көрініс тапқан этномәдени құндылықтар

Қазіргі қазақ әңгімелері туралы зерттеулер әдебиеттану ғылымында ұдайы жүргізіліп отырады. Қазіргі әңгіменің көркемдік ерекшелігі, идеялық-мазмұндық жаңашылдығы, құрылымдық өзгешелігі ғылыми диссертация, әдеби монография, сыни мақалалар өзегіне арқау болып жүр.

Айталық, М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты ғалымдарының «Қазіргі қазақ әдебиеті» (10-том), «XX ғасыр әдебиетіндегі тәуелсіздік идеясының көркемдік шешімі», «XXI ғасыр әдебиеті», «Қазіргі әдебиеттегі жалпыадамдық құндылықтар» атты монографиялық еңбектердің көлемді бір тарауы қазіргі қазақ әдебиетіндегі әңгіме жанрының өзгешеліктерін жан-жақты талдауға арналады. Мұнан бөлек, әдебиеттің түрлі мәселелерін қарастыру үстінде бүгінгі қазақ әңгімелерін басты нысанаға алған ғылыми диссертациялар қорғалды. Мысалы, С.Ержановаңың «Қазіргі қазақ әңгімесі» (1999), Г.Балтабаеваның «Қазіргі қазақ әңгімесі» (1999), Н.Смағұлованың «Қазіргі қазақ әңгімелеріндегі тартыс табиғаты» (2006), Ұ.Ибрагимованың «Қазіргі қазақ әңгімелерінің көркемдік ерекшеліктері (2000-2008 жылдар аралығы)» (2010) атты зерттеулер баршылық.

Ал тақырыбымызға қатысты қазіргі қазақ әдебиетіндегі құндылықтар мәселесі туралы Н.Д.Худайбергеновтың «Қазіргі қазақ прозасындағы жалпыадамдық құндылықтар» (2022) атты зерттеуі бар.

Сондай-ақ, белгілі ғалымдар Б.Майтановтың «Қазіргі қазақ прозасындағы модернисттік және постмодернистік ағымдар», Қ.Мәдібайдың «Қазіргі қазақ прозасы: көркемдік өріс», Г.Орданың «Әңгіме жанрындағы дәстүр жалғастығы», «Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әңгімесінің көркемдік көкжиегі», Е.Қанықейұлының «Қазіргі қазақ әңгімелері: руханият және

постмодернизм», Р.Сұлтанғалиеваның «Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әңгімесі: көркемдік жаңашыл ізденістер», Т.Сейсенбайдың «Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әңгімелерінің көркемдік ерекшеліктері» атты зерттеу мақалаларын атап өтуге болады. Аталмыш еңбектерде көрнекті жазушылардан бастап әңгіме жанрында еңбектеніп жүрген біраз жастарға дейін кеңінен қарастырылған. Дегенмен, біз өз кезегімізде оларды қайталамай, тәуелсіздік кезеңдегі әңгімелердегі этномәдени құндылықтарды талдап, салт-дәстүрлер арқылы көрініс тапқан құндылықтардың ерекшелігіне тоқталуға ұмтылыс жасадық.

Әдеби шығармадағы ұлттық сипат, мазмұн мен форма туралы нақтылы байламдар айтып, пайымдаулар жасаған ғалым Мүсілім Базарбаев былай дейді: «Дәстүр алдымен тек әдебиеттік, өнерлік көрініс емес. Дәстүр, әдет, салт, үрдіс, тіпті дағды, ұғырып деген сөздер кең мағынада адам мінезі мен тіршілігіне байланысты қанға сіңген қылықтар. Демек, ұлттық дәстүр – тез өзгеріп немесе жоғалып кете қоймайтын құбылыс. Ұзақ уақыт бойына, тіпті таптық формациялардың ауысуына қарамастан өзгермей қалатын кездері де бар. Мұндай әдет-ұғыптар адам санасының жаңалануына біраз уақыт кедергі жасауы да мүмкін. Бірақ бұл жерде әңгіме озат дәстүрлер мен әдеттер, немесе, кертартпа, зиянды дәстүрлер мен әдеттер жайында болып отырған жоқ. Бұған кейін тоқталамыз. Әңгіме мезгіл мөлшерімен алғанда дәстүрдің ұзақ дәуірдің нәтижесі болуында, сөйтіп адамдар тіршілігінің түрлі сферасында байқалуында. Үрдіс, дәстүрдің, салттың адам психикасына, мінезіне байланысты түзіліп қаралатын тұрақты құбылыс екенін В.Г.Белинский даусыз нәрсе деп қарап, әдебиет туралы былай дейді: «... әдебиет қолдан жасалынбайды; оның жасалуы халықтың ырқынсыз, көңіл қалауынсыз, ниетінсіз болатын тіл мен дәстүрлердің жасалуы сияқты» [86, 14]. «Демек, әдет, салт дегендер ұлттың көп ғасырлық өмір тіршілігінен шығып, миға ғана емес, қанға сіңген қылықтар» [4,138],-деп қорытуға болады.

Құндылықтарды танытуда негізінен шығармалардың жанрлық ерекшеліктері де әсер ететіні түсінікті. Эпикалық шығармалар құндылықтарды кең түрде суреттеп, жан-жақты танытуда таптырмас құрал. Құндылықтар жеке алғанда бір адамның, жалпы алғанда халықтың жандүниесінде, ой-санасында өмір сүріп, ішкі сенімін қалыптастырып, іс-әрекеттері арқылы көрініс табатыны белгілі. Қазіргі қазақ әңгімелерінде М.Әуезовтің дәстүрін ұстанып, шығарма барысында халықтың ұстанып жүрген қандай да бір салт-дәстүрін кеңінен сипаттап, оған этнографиялық панорама жасап, оның озық-тозығын саралап, жақсы-жаман жақтарын зерделеп, шығу себебін қаузай түсіндіру кездесе бермейді. Бұл біріншіден, әңгіменің жанрлық формасына да байланысты, яғни көлемі жағынан шектеулі болғандықтан қаламгерлер аз сөзге көп мағына жүктеуге тырысады. Ал екінші, мазмұны жағынына әлемдік жаһандану үдерісі кезіндегі технократиялық мобильді сипатына яғни қандай да бір этикалық, адамгершілік, қоғамдық-әлеуметтік өзгерісті тез байқап, оны жеделдетіп жеткізе алу сипатымен әрі қысқалық секілді қасиеттердің бағаланатын ерекшелігімен байланысты болса керек. Дегенмен, заманның

ағымы өте жылдам, техникалық жетістіктер күрт дамып отырған шақта, жаңа ғана іргесін нықтап келе жатқан мемлекет үшін мына жаһандық аласапыранда жұтылып кетпеудің бірден-бір амалы өзінің ұлттық болмысын сақтап қалу екендігін түсінген қаламгерлер ұлттық құндылықтарды, ұлттық салт-дәстүрді, ұлттық сана-сезімді, ұлттық идеяны, дәріптеуді инстинктивті түрде бірінші орынға қойды. Сондықтан да, тұлғаның қоғамның толыққанды бір мүшесі болып қалыптасуындағы салт-дәстүрдің рөлінің зор екендігін, ал салт-дәстүр тұлғаның әлеуметтенуінің көзі ретіндегі құндылық екендігін байқататын деталь, фрагмент, эпизод, сюжет, идея қазіргі қазақ әңгімелерінен кеңінен көрініс тапқан.

Ұлттық салт-дәстүрдегі этномәдени құндылықтар. Этномәдени құндылықтардың қайнар көзі ұлттың салт-дәстүрі. Салт-дәстүр – бұл мәдениеттің ежелден келе жатқан семиотикалық жүйесі, адамзат мәдениетін қалыптастырушы фактор бола отырып, ол өзі тіршіліктегі жалпыадамзаттық құндылықтардың жасалу, таңбалану, берілу формасы әрі механизмі. Салт дәстүр қоғам болмысын реттеп, бар және болуы мүмкін қатынастарды анықтай отырып, ол өзі адамзат мәдениетінің іргелі құндылығы болып табылады.

Дегенмен, мұнда мұқият қарастыруды талап ететін нәрсе, этномәдени дәстүр мен этномәдени құндылықты шатастыруға болмайды. Этномәдени құндылықтар ұлттың әлеуметтік мәдени ортасынан (экиосферадан) туындайтыны белгілі. Белгілі бір этномәдени ортада әлемге деген құндылық қатынас, оны құндылық ретінде пайымдау жүріп жатады. Адамның ойлары осындай пікірлермен сәйкес келеді, себебі ол қай мәдениеттің тәрбиесін көрсе, сол мәдениеттің құндылықтарымен сусындайды. Мысалы, отқа табыну, отпен аластау, отқа май құю ғұрпы бұл сонау ежелгі сенім – тәңіршілдіктен қалған ғұрыптар. Отқа май құю деген магиялық ғұрыптар арқылы келіннің сол ошақтың отын ешуақытта өшірмей, маздатып, лаулатып жаға беру, сол үйдің түтінін түтетіп, яғни отбасының беріктігі қастерленеді. Яғни этномәдени құндылық – бұл сол дәстүрдің мағынасы мен мәні арқылы дәріптелетін рухани қасиет. А.Сейдімбеков «қастерлі рәсімдер, өмір салтқа мән-мағына дарытып қана қоймайды, сонымен бірге этникалық арман-аңсардың (идеал) тұтас болуына қызмет етеді» деп әділін айтады [87, 190].

Зерттеуші Х.М.Думанов зерттеуінде түркілік отбасындағы үлкен балаларын атасы мен әжесінің бауырына салып, тәрбиесіне беру дәстүрі бар екендігін айтады. Осы дәстүр астарында үлкен мән жатқанын ескертеді, бұл бала бойына рухани құндылықтарды дарытудың тәсілі. Атасы мен әжесінің қолында тәрбиеленген бала өз иығына жауапкершілікті көбірек жүктеп інілеріне қамқор болып, туысқандық қасиеттерді өз бойына сіңіріп өседі. Яғни әрқашан дәстүрдің астарында үлкен құндылықтар тұрады [88, 625].

Дәстүр мен құндылықтың бір емес екендігін көрсететін бір амал, кейде бір дәстүрлер тозып, жаңа қоғамда қолданыста болмайды. Бұған Ханзада Есенова мынадай мысал келтіреді «келін о бастағы қоғамда, күйеуіне, атасы мен енесіне тәуелді болды, сол себептен оларға қызмет етіп, құрметпен қарады, қазіргі кезде ол тәуелдік азайды, дегенмен келіннің сыпайы, құрметпен

жасалатын қарым-қатынасы құндылыққа айналып осы қоғамда бәрібір сақталды»,-дейді [89, 48]. Демек, дәстүр жоғалғанымен оның мәні, яғни дәстүр арқалаған құндылық қалып отырады.

Әдеби шығармалардағы салт-дәстүрді аксиологиялық тұрғыдан қарастыра отырып, қазақ мәдениетінің, қоғамының құндылық мазмұнын анықтау мүмкіндігіне ие боламыз. Егер салт-дәстүрді бүтін бір құрылым деп есептесек, оның әрбір бөлшегі, яғни ғұрпы оның символы болып табылады. В.Тэрнер салттық рәміз дегенге: «салттық әрекеттің өзіндік ерекшелігін сақтап тұрған дәстүрдің ең кішкентай бірлігі» деген анықтама береді [90, 32].

В.Н.Топоров болса, салттық рәміздердің келесідей түрлерін бөліп көрсетеді, заттар, іс-әрекет, тілдік формасы бар графикалық образдар. Салттық заттар – бұл салт-дәстүрді өткізуге қажетті атрибуттар. Әрекет – салт-дәстүрді өткізу кезіндегі іс-қимылдың түрі. Графикалық образдар – бұл магиялық қасиеті бар заттардың бейнесі. Сондай-ақ, салт-дәстүрдің орындалатын уақыты мен кеңістігі де оның мазмұнына қатысы бар» дейді [91, 125].

Зерттеуші Н.Ю.Тразанова мәдениеттің құндылық мазмұнын салт-дәстүрдің семиотикасынан көреді, бұл таңбалардың бүтін бір қатарын бөліп алып көрсетуге мүмкіндік беретін – рәсімдік символдар, оларды таңба-аксиологема деп сипаттауға болады. Ол аксиологема ұғымын барынша талдап, «аксиологеманы – жай (сөз, графикалық таңба, пиктограмма, материалдық символ) немесе күрделі (тұрақты тіркес, фразеологизм, бағалауыштық пікір ретіндегі норма-регламентация, норма-бағдар, мақал-мәтел, мәтін) түрде келетін ұжымдық этнотүйсікте ұғымдық өрістің құндылықтық-регулятивтік тұрғысын көрсететін константа ретінде, линвоаксиологиялық талдаудың бірлігі» деп ашып көрсетеді. Сондай-ақ, аксиологемалар құндылық мазмұнын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп, тіл мен мәдениеттің жай және күрделі таңбалары арқылы жүзеге асады, жекелеген мәдениеттердің іргелі рухани құндылықтарының маркерлері болып табылатынын ашып көрсетеді [92, 10].

Қазақ халқының отбасылық тірлігі көп ғасырлардан бері жалғасып келе жатқан салт-дәстүрлермен ажырамас бірлікте, адамның туғанынан бастап, қайтыс болғанына дейін оның бар өмір жолы салт-дүстүрмен байланысты.

Бұл орайда «Ұлттық дәстүрлердің көрінуі, байқалу жайлары сан алуан. Ең алдымен көзге түсетіні тұрақты ұлттық психикаға, мінезге байланысты туған белгілері. Ал психикада, мінезде аспаннан бүтін күйінде түспей, белгілі халықтың, ұлттың белгілі мекенде, белгілі мезгілде, белгілі қалыппен өмір сүруіне байланысты түзілетінін жоғарыда айттық. Психика дегенде өміртану, өмір білу, тіршілік қамына, табиғат жайына байланысты орныққан мінез-құлықты, түсінікті айтамыз. Бұған орай адамдардың бір-бірімен өзара қатысы да қағыс қалмайды» [4,140],-дейтін пікірін келтіруге болады. Енді қаламгерлердің шығармаларында кездесетін ұлттық салт-дәстүрдегі этномәдени құндылықтарды талдауға ойысайық.

Тынымбай Нұрмағамбетовтың «Қыз ұзатылған түн» деген юморлық әңгімесінде ананың балаға деген махаббаты, отбасы құндылықтары, баланың үлкенді сыйлауы секілді жалпы адамзаттық құндылықтармен қатар, қазақ

халқы қастерлеген той рәсімдері, ұзату ғұрпы, той үстінде жасалатын ырымдар секілді құндылықтардың көрініс табуымен ерекшеленеді. Әңгімеде бұл құндылықтар мынау жақсы, мынау жаман деп дидактикалық сарында айтылмайды. Шығарма немересінің ұзату тойына бара алмай арманда қалған әжесінің алыс ауылдағы тойды, сағынған туған-туыстарын, той күніндегі, той түніндегі болатын қызықты әбігерді есіне алып әңгіме етіп отырған қарт анасы мен баласының күлкілі диалогі ретінде берілген. Қарт ана ұлттық құндылықтарды бойына жиып өскен, халқының бар асылын қадірлеп-қастерлеп, ұлықтай алған асыл адам. Баласы да осы заманғы тәрбиелі, ибалы, оқып білім алған, анасын силап өскен саналы азамат, өзі де бір отбасының тірегі, екі ұлдың әкесі. Жазушы әже образын сомдауда әдебиетімізде орныққан дәстүрді, яғни әжелер мен аталарды ұлттық салт-дәстүрдің белгісі етіп көрсету дәстүрін жалғастырғанын көреміз. Қыз ұзатылған кезде жасалатын барлық ғұрыптарды, оның мәнін, ауыл адамдарын, олардың мінез-құлқын жақсы білетін әжесі той болып жатқан үйді өз көзімен көріп отырғандай әңгімелейді. Әңгімелеп қана қоймай, өзі де үйінде ет асып, дастарқанын дәмді, тәттіге толтырып үйдегілерді разы етеді.

Салиқалы ана балаларың атына да, келіндерінің атына да (Мамайжан, Гүлбаршынжан, Шынаржан) жан қосымшасын жалғап еркелетіп отыруынан оның асқан батагөй мейірбандығы байқалады.

Қарт әженің аузымен ұлттық тәрбие, қазақы ортадағы жүріс-тұрыс әдебі, қарым-қатынас мәдениеті беріледі. «Ажаркүлдің келіні келіпті» дегенді естіген соң, үлкенсіп, сәлем дәметететіндері, менің аман-саулығымды білгісі келетіндері бар. Соларға барып сәлем беріп, шүйіркелесіп жатса, жарар еді-ау, діңкиіп бір шетте үркіп тұрмай [93, 194]»,-дейді ауылға кеткен келіні туралы. Яғни қазақы ортада жеке адамның әлеуметпен тіл табыса алуы, енесі сыйлаған адамдарды келіні де жатсынбай шүйіркелесіп сіңісіп кетуі құпталып, жазушы индивидтің дәстүр арқылы өзіне дейінгі ортаның құндылықтарына жанасу үдерісін қоштайды. Мұндағы этнопедагогикалық ойлар халық даналығына, («жалғыз жүріп жол тапқанша, көппен бірге адас», «көппен көрген ұлы той», «көптен кеткен көмусіз қалар» т.б. осы секілді) өмірлік ұстанымдарға сүйеніп айтылады.

Шашу. Жалпы, болуы керек дүниелердің де идеалды үлгісі қарт әженің аузымен айтылады. «Үлкен-кішісі шұбап, түгел менің Шынаржанымның алдынан шықты-ау. Шашуды да аямас. Менің Шынарымдай ару келін болып түскен ауыл неменесін аясын. Шашуыңыз әне жаңбырша жауды. Ботамойнақтың жарты байлығы қазір менің Шынаржанымның аяғының астында жатыр.

Шашу дегенде бала-шағаның дүркірей жүгіретін әдеті емес пе? Бірін-бірі қағып, құлап, топырласып жатса, сенің келіншегің үйдегі әдетінше кәшмәрін айтып жүрмесе қайтсін. Оның үстіне жаңа түскен келінге, жеңгесіне жігіт-желеңнің әзіл айтатыны болады. Сондайда ер-тоқымын бауырына алып туламаса дегенім ғой [93, 199]». «Өзінің кәшмәрін айтып тұрмасын» деу арқылы қарт әже ескі дәстүрге жастардың бейімделуі керектігін мегзейді.

Осылайша, шашудың ұлттық құндылықтар жүйесіндегі орны айғақталады. Яғни шашу – бұл жиған-терген байлық осы қуаныштың жолындағы шашылуы керек құрбандық, осы жақсылықтың ұзағынан болуы үшін жасалатын кішігірім садақа деген түсініктен туындаған әу-бастағы мағынасы жарқырап көрінеді. «Ботамойнақтың жарты байлығы қазір менің Шынаржанымның аяғының астында жатыр» деп материалдық байлық мынадай рухани игіліктің алдында түк те емес екенін аңғартады.

Ақселеу Сейдімбеков өзінің «Қазақ әлемі: этномәдени пайымдау» (1997) атты еңбегінде «Бір адамның қуанышын көріп, екінші адамның да қуануы адамға ғана тән кісілік-парасатты танытады. Сыйластық, қимастық, сағыныш, өкпе-наз сияқты қасиет-сезімдер әдетте мақсат-мұрат ортақтастығына, қуаныш-қайғыны бірге бөлісуге байланысты қалыптасады. Адамның парасаттылығы сол, адамның өзгелерге деген қарым-қатынасы арқылы ғана анықталады. Түптеп келгенде, қоғамдық өмірдің парқын да адамдардың парасат-пайымына қарап бағалауға болады» деп шашу ғұрпын ұлттық мінезбен яғни жақсылықты шын пейілмен бөлісе алу секілді парасатпен байланыстырады [87, 195].

Т.Нұрмағамбетов кейіпкерлерінің қай-қайсысынан болмасын ұлттық мінездің типтері айқын танылады. Кейде болмашыға ренжи қалатын мейірбан, керек жерінде тыйып ұрсып тастайтын қатал, кейде барлығын болжап біліп отыратын дана қарт ана, анасының қитығына тиіп қалмайын деп қыпылықтап отырған бала – барлығы қазақы төл мінездер. Қаламгер бала образын сомдау арқылы ананы сыйлаудың қазақы үлгісін көрсеткен. Айтатын сөзін көңіліне келіп қалмас үшін таңдап сөйлеу, ананың көңілін қалдырмау, артық сөз айтып ренжітіп алмау секілді яғни (чувство такта, чувство меры) қасиеттерді образ бойына нанымды етіп дарытады. Әрине, еш әсірелеусіз, боямасыз, қаһармандық пафоссыз, барлығы шынайы түрде өмір шындығына негізделе отырып, ирониялық модуста беріледі. «Апам да қызық... Осы тұста ғой, мен әңгімеге араласпасам: «Айдаладағы біреу туралы айтып отырғам жоқ қой, айтсам сенің ағаңның тойын, сенің қарындасыңның ұзатылғанын ... Е, сен де жанашырлығыңды білдіріп, бірдеңе десең етті. Жынданған адамша сампылдап жалғыз өзім сөйлеймін де отырамын» деп тиісер еді-ау. Ал әңгімеге араласқандағы тапқан абыройым мынау». Бұл жерде Т.Нұрмағамбетовтың халықтың көркем тәжірибесінен сусындаған юморлық тілін атап өту керек. Бала анаға ашық сын айта алмайды, бірақ әзіл-қалжың түрінде болса да өз ойын жеткізеді.

«Күйеу келе жатқанда далақтап кейбір есі жоқ кемпірлер де жүгіретін көрінеді. Ұят-тағы. Үлкен жөнімен отыруды да білмегендері-ау, сабаздардың» деп әженің аузымен ұлттық тәрбиедегі ұят, жөн-жосық секілді құнды түсініктер әңгіме етіледі [93, 195].

«Осы күні ауылдың балалары да бейбастақ көрінеді ғой. Күйеудің қалтасын қараймыз деп, кейде күйеудің өз ақшасын, бет орамалын да алып кете беретін көрінеді. Жезде ғып ойнағансып, әлі күнге дейін құлақтан тартатындары бар екен. Бір-екі тартқанға күйеу баламыздың құлағы салбырап

иығына түсе қоймас, жұлынып та кетпес. Бірақ салт-дәстүрді де жөнімен жасағандары жөн ғой» [93, 195]. Бұл жерде қоғамдағы салт-дәстүрлердің озығы мен тозығы тартыстың сипатына нанымдылық береді. Яғни ескісінің кетіп, жаңаның жалғасын тауып жатуы бұл әлеумет өміріндегі даму заңдылығы десек, бұл жаңа құндылықтар жүйесіне екпін түсіріп, нығырлайтын жаңа мағыныларға зер салу деген сөз.

Сыңсу. Сыңсу – қыз ұзату салтының ғұрпы. Сыңсудың астарлы мәнінде баланың ата-анасына, еліне деген махаббатын көрсетуі, оларға алғысын білдіруі жатыр. Бұл ғұрып туралы мәтінде қарт әженің аузымен былай делінген: «Сыңсып барады күнім. Бұл жалғанда сыңсыған қыз үнінен нәзік дауыс бар ма? Сыңсыған қыз үнінен өткен мұң бар ма? Жол-жөнекей танысып, бір-біріне еріп жүре беретіндер оны қайдан білсін? Сыңсыған қыз үнінің қадірін ұзатылғандар ғана біледі. Солар ғана түсінеді... [93, 197].

Сыңсу – қыздың ата-анасына, ауылына айта алмай кеткен алғысы ғой. Ел-жұртымен қоштасуы, жүрегін сыздатып армансыз төгілген әні ғой [93, 197].

Мәтіндегі «жол-жөнекей танысып, бір-біріне еріп жүре беретіндер оны қайдан білсін?» деп фрейм түрінде бірілген сөйлемді мегзеп айтып тұрғаны терең. Мұнда ата-ананың үлкендердің ақ батасын алу, елдің құптап, қоштауы ләзім екені берілген. Ата-анасын шын құрметтейтін, олардың көңіліне қаяу түсірмейін деген бала ата-анасымен ақылдасып шешіп, тек солардың разылығынан кейін, рұқсатын алып қолдан ұзатылып кеткен адам, яғни ата-ананың қадірін білген адам. Барлық мән-жайды түсініп, жөні осы деп саналы түрде әрекеттің дұрысын жасап отырған адам әрине ата-ананың, елінің қадірін түсіне алған адам. Ата-анасының қадірін түсіне алған адам – оларға арнап шын жүректен алғыс та айта алатын адам. Алғыс, қимастықпен қоштасу – бұл сыңсу. Сонда, салт-дәстүр дегеніміз – бұл қоғамдағы адамның ежелден қалыптасқан нормасы ғана емес, ол адам алдындағы кездескен сан тарау жолдың ең сенімді, сан рет тексерілген, ең дұрыс жолы екен. Адам тіпті қалай жүруін білмесе, тек осы салтты, дәстүрді ұстанып жүре берсе қателеспейді, себебі ол жолмен сан-мыңдаған адам жүріп өтті. Кейінгілер енді оның мәнін түсінбей де бейсаналы түрде орындай беруі де мүмкін. Бірақ бұл бейсаналылық дәстүрдің құндылығын жоғалпайды, керісінше осыдан барып салт-дәстүрдің өзінің құндылыққа айналуын көреміз.

Қаншама заманнан бері жалпы адамзаттың үлкен құндылықтарының бірі – отбасы. Бұл барша халықтарға тән – жалпыадамзаттық құндылық. Дегенмен, әр отбасы өз ұлтының құндылықтарына сай ғасырлар бойы дәріптелген, сақталған дәстүрді жалғастырып, дамытады. Яғни ол әрдайым этномәдени сипат алып отырады деген сөз. Қазақы тәрбие бойынша қыз жат жұрттық. Қыз өз үйінен ұзап кетіп, құтты орнына барғанда табалдырықты оң аяғымен аттауы керек.

« - Ой-ибұ-ұй-й – деді апам тағы оқыстан.

- Апай-ай, осынша не боп қалды?

Әлгі Шынарды айтамын да... Құдай бұйыртқан құтты босағасының табалдырығынан оң аяғымен аттады ма екен? Соны біле ме екен?

Табалдырыққа жақындай бергенде, ойында тұр ма екен деп ыршып кеттім ғой. Жазда барғанда, ерсілеу болса да, өзім-ақ айтып кетпеген екем Шынаржанға. Жеңгенің сөзін шеше айтқан, тіпті әжесі айтқан заманды да көрдік-ау... [93, 200].

Табалдырық. Қазақы түсінікте табалдырықтың мәні зор. Мифологияда табалдырықтың екі дүниені жалғап тұратын символдық астары бар. «Табалдырықтан асқан тау жоқ», «табалдырықта бақ тұрады» деп айтылатыны сондықтан. Әжесінің шошып кетуінің мәні де осында.

«Жеңгенің сөзін шеше айтқан, тіпті әжесі айтқан заман» деген дәл берілген анықтама бүгінгі күндегі ең өзекті мәселелерді де қозғайды. Дәстүрлі қазақ қоғамында бойжеткен мен бозбалаға ата-анасы тіке айтып түсіндіруге ыңғайсызданатын кейбір интимдік мәселелерді түсіндіру жеңгенің міндетіне енетін. Сейдімбек Ақселеу, Әбжанов Хангелді, Салғараұлы Қойшығараның «Ұлттық идея: тарихи тағдыры мен болашағы» атты зерттеу еңбектерінде: «Халқымызда бала тәрбиесінен ешкім тысқары қалмайды. ...Отбасы мектебінің тәрбие беру сатысы – ата тәрбиесі, әже тәрбиесі, әке тәрбиесі, шеше тәрбиесі, аға тәрбиесі, жеңге тәрбиесі болып бөлінеді. ...Балалық шақтан қол үзіп, бой түзей бастаған бозбала мен бойжеткендер үшін ағайын-туыс арасында тетелес өскен аға мен жеңгеден артық ешкім болмайды. Әсіресе қайнысы мен қайынсіңлісіне еркелетіп ат қойып, ең жақын сырласына айналған жеңгенің орны да, жөні де бөлек. Өйткені ұл да, қыз да ешкімге айтпайтын жан құпиясын жеңгесіне ашады. Соған сай жеңгелері де қайнысы мен қайын сіңлісінің жаман атын шығармай, өнегелі азамат атанып, болашақ жарларын дұрыс таңдауына көмектеседі...» ,-делінген [94, 67]. Яғни бүгінде ата тәрбиесі, әже тәрбиесі, әке тәрбиесі, шеше тәрбиесі, аға тәрбиесі болғанымен, жеңге тәрбиесі өзінің жаппай көрініс табуын тоқтатқан. Сондықтан да ол заманның келмеске кетіп бара жатқанының өкінішпен айтылуы жаңаша өмір сүру салтының еніп келе жатқанын аңғартады.

Барлық мысалдардан ежелден келе жатқан игі дәстүрлер отбасындағы береке-бірлікті нығайта түсіп, ата-бабаларымыз ойлап тапқан даналық пен ұлағаттың кейінгіге үлгі еткенін көруге болады. Ең алдымен дәстүрдің тәрбиелік мәні ашыла түседі, яғни үлкендердің өмірлік тәжірибесі дәстүр арқылы кейінгіге еш зорлықсыз таңылмай, табиғи түрде беріліп отырады. Қазақ даласын зерттеген Н.И.Ильминскийдің «Бұл халықты оқытып қажеті жоқ, бұл халықтың салт-дәстүрінің өзі тұнып тұрған білім» деп айтқанына еріксіз қосыласың.

Себебі «...Қазақ хандығын жасақтаушы ақылмандар ғасырлар сынынан өткен тәжірибелерді тұғыр ете отырып, қоғамның саяси-әлеуметтік өмірін жарастыратын және сол арқылы ұлттық-мемлекеттік мүддеге қызмет ететін әдет-ғұрыптарды (заңдарды), салт-дәстүрлерді, жол-жораларды, жөн-жобаларды орнықтыруды қолға алған. Былайша айтқанда, қоғамдық өмірді заңдық мәжбүрлеумен емес, өмір салтқа айналған әдет-ғұрыппен, салт-дәстүрмен, жол-жобамен басқарудың жолдарын қарастырған» [94, 67].

Сонымен, Т.Нұрмағамбетовтың «Қыз ұзатылған түнде» атты әңгімесінде

этномәдени құндылықтар *сыңсу, шашу* секілді аксиологема-сөздер, *жеңге сөзі, сәлем беру* секілді аксиологема-тіркестер, *оң аяқпен аттау* сияқты аксиологема-фрейм түрінде берілгенін көреміз.

Сондай-ақ *Т.Нұрмағамбетовтың «Ата қоныс»* әңгімесі рухани құндылықтарды астарлап дәріптейтін әңгіме. Жас әйелін құшақтап, аудан орталығына көшіп кеткен, балалары шетінен директор боп дүркіреп тұрған бас кейіпкер Мұқа қарт бошалап кеткен сиырын іздеп, ата қонысқа жол тартады. Аудандағы тіршіліктің ырду-дырдуымен өмірі өтіп, ата қонысын мүлде естен шығарған екен. «Алдымен қарауытып бау ағаштары мен ескі тамдардың тұлғалары, содан соң ауыл іргесінен бұраңдап ағып жататын жіңішке өзен көрінді. Ауылдың түстігіндегі жусанды беткей. Осы көріністер шалдың көзіне ыстық ұшырады» [94, 8]. Атақоныс төсінде қонып жатып Мұқа талай естеліктерімен қауышады. Иесіз мүжіліп қалған тамы мен ошағы, әйелі Дәнекермен өткізген қызықты шақтар, бау-бақшадағы әрбір ағаш, оларды еккен кездегі қызықтары, барлығы көз алдында тірілгендей сезімдерді бастан кешеді. Біраз жерді шарлап бошалаған сиырын бұзауымен тауып, қайтар жолында қаңырап тұрған сүт фермасына бас сұққанда, жападан-жалғыз тұрып жатқан құрдасы, сұрапыл соғыстың қиындықтарын бірге өткерген көршісі, Дәнекердің құрбысы Шынаркүлді кезіктіреді. Көрген жерде көңіл айт демекші Шынаркүлге қайтыс болған баласына көңіл айтады. Кеш болғандықтан сонда түнейді. Шынаркүл қонағына асын қамдап, төсегін жайлап берген соң, өкпесін айтады.

«Мәшинесінен түсе сап біздің үйге қарай жүргендей болды. Мен асығыс үйге кіріп кеттім. Дәнекер Белжігітін Белжан деуші еді. Белжанды өз үйімнің босағасынан күтейін, тел өсіп еді, тебісіп өсіп еді, омырауына Қайыпбекжанымның иісі сіңді ме екен, иіскейін, кеудеме армансыз басайын дедім. Күттім. Әрі күттім, бері күттім. Жоқ. Келмеген соң, тысқа шықтым. Шықсам, әлгінде топырлап өткендер қайтып барады екен...

...Сөйтсем, ол маған көңіл айтуға емес, ферманы көшіруге, сөйтіп мені жалғыз тастап кетуге келген екен» [94, 24],-деп Белжігіттің ауылға келіп тұрып, қаралы үйге кіріп, көңіл айтуды білмегеніне ренжиді. «Бұл Мұқа неге келмей жатыр деп алаңдаумен болдым. Япырай, есітпеді ме екен? Неге есітпейді? Бұл жұрттың бәрі менің жайымды әңгіме етпейтін, көрдік-білдік демейтін қаскөй, қатыгез болып кеткенде де, аңыраған дауысым арылдап соққан желмен ілесіп жетпеді ме?»,-деп Мұқаны да сонша күткенде арнайы келмегеніне ренішін жеткізеді [94, 24]. Алайда Шынаркүлдің әңгімесінде кінәлау жоқ, тек өз көңіл-күйін әсерлі етіп жеткізу бар.

Кейіпкер Шынаркүлдің өкпесі орынды. Қазақы салт бойынша адамдар тойға бармай қалса да, қаралы үйге барып көңіл айтуды парыз санаған. Оның үстіне Шынаркүл бөтен адам емес, талай жыл қатар отырған көрші, күйеуі Мұқаның жолдасы, балалары құлын-тайдай тебісіп бірге өскен адамдар еді. Енді осындай адамның жар дегенде жалғыз баласы қайтыс болып, соңында ұрпағы да қалмай состиып, жалғыз қалғанда оның көңілін жұбатып, арнайы барып қайтпаған Мұқа шал да айыпты. «Ағайынның бауырмалдығы бір

жақсылықта, бір жамандықта көрінеді» дейтін қазақ жақсылықта жалпаңдап жүгіріп, жамандықта қайғысын көтерісіп, басын сүйеп, қолтығынан демеп жүретін болған. Сондай қызмет жасау Мұқаның да жөні еді. Алайда ол баласына жөн-жосықты айтып үйретудің орнына, өзі де соны ұмытады.

Көңіл айту. Дүниеден қайтқан кісінің отбасына көңіл айту – бұл адам қайғысына ортақтасу, қайғырған адамның уайымын бөлісу, аяугершілік таныту. Қазақы қоғамда ол белгілі бір әлеуметтік қызмет атқаратын ғұрып. Ғұрып астарында адамды сүюге бағытталған рухани-адамгершілік құндылық жатыр.

Зерттеуші Н.Смағұлова осы әңгіменің проблематикасы жөнінде былай дейді: «Қаламгер тұтас бір ауыл, бір адамның қайғысын бірге көтеріп, қуанышына ел болып қуанатын, аштық пен тоқтықты, «көппен көрген ұлы той» деп ұғынған қазақ ұлтының өзара бірінен-бірі жатсынып, ерекше қасиеттерін жоғалтып, бұлжымас заңдарын бұзып бара жатқанын көтерген» - дейді [95, 19].

Қара шаңырақ. Адам үшін туған-өскен, бақытты сәттерді басынан кешкен, өсіп-өнген топырақ қымбат. Ата-бабаң тұрған қара шаңырақ қымбат. Қызықты да, қайғыны да, жақсылықты да, жамандықты да бірге бөліскен сол туған жерді мекен еткен қарапайым адамдар қымбат екенін Мұқа шал кештеу түсінеді. «Енді ойласа, ескі жұртта есік-терезесі ғана қалмапты. Есік-терезе деген не тәйірі... Қалған дүниеде есеп жоқ екен... Не қалдырғанын өзі де сезбепті. Сезсе, бұл шал жоғын іздеп содан бері бұл жаққа мың сан рет соқпас па еді... Мұқа ата қоныста не қалдырғанын кешелі-бүгін ғана білді...» [94, 30].

Жас келіншегімен сырттай ғана ерлі-зайыпты екені, жас әйел бұған тек дүниесі мен балаларының билігі үшін ғана қосылған секілді, олардың арасында рухани байланыс жоқ екендігі әңгіме соңындағы Мұқаның өз ойымен отырған кезінен байқалады.

Әңгіме соңында өмірдің қызылды-жасылды қызығына алданып, дүниеге малданып, жөн-жосықты ұмытқан адамның ішкі тартысы арқылы тәубесіне келуі керемет суреттелген. «Рас, шаң дәмі бар екен, - деп ойлады шал өрікті ұзақ шайнап отырып, - бірақ менің кеудемдегі кірден әлдеқайда таза ғой. Шаң деймін-ау, қайдағы шаң? Желмен ұшып келіп қонған туған жердің топырағы емес пе? Ол топырақты ем-дәрідей түйіп әкеп, мына мен күніге бір жалап тұрсам, кім сөкет дер?» [94, 33],-деп тәубесіне келеді ойлана келіп. «Алда пендешілік-ай. Кінәні өзімнен іздемеппін-ау. Болмаса, мына өріктің дәмі бұрынғыша, бәз-баяғыша ғой.

Кеше су татып тұр деп ойладым-ау... Рас су дәмі де бар. Су татыса ше... Өзіміздің Талтоғанның суының дәмі емес пе? Сол судың бір шәйнегін әкеп, ем-дәрідей етіп, күніне бір ұрттап тұрсам, кім сөкет дер еді?» - дейді толғанып [143, 33].

Әңгімеде айқын көрінетін аксиологемалар – ата қоныс, туған жер, қара шаңырақ. Жасырын тұрған аксиологемалар – адамгершілік, жұбату, қайғыны бөлісу, адамдар арасындағы шынайы рухани байланыс. Ал олардың барлығы көңіл айту ғұрпынан туындаған.

Естірту. Ғұрып атауы – естірту. Әрекет субъекті – естіртуші адам, нақты осы әңгімеде дүниеден қайтқан адамның өзі. Оны жарықтық Кәкім, қайран Кәкім, марқұм Кәкім деп атаудың өзі аруақты құрметтеуге арналған ұлттық рухани құндылықтар.

Ғұрып әрекеті – психологиялық дайындап, аксиологема-паремиялар көмегімен тұспалдау, басу айту, аруақты құрметтеу, соңғы сапарға шығарып салу, жөн-жоралғы жасау.

Дидахмет Әшімханұлының «Естірту» әңгімесі естірту ғұрпына тән адам көңілін аялау, өзгеге деген мейірім мен аяугершілік секілді құндылықтарға бай. Шығарма формасы эпистолярлық жанрда жазылған. Мазмұны да ерекше, естіртіп отырған адам өз өлімін ең жақын досына естірту мақсатында жазған. Өмір бар жерде өлім де бар. Ол табиғи, заңды дүние болғанымен, бәрібір оны эмоционалдық деңгейде қабылдау өте қиын нәрсе. Кез-келген өлім, мейлі жас болсын, мейлі кәрі болсын, айналасындағы туған-туыс, дос-жаранға оңай тимесі анық.

Қазақ халқында, адам қайтыс болған жағдайда оның жақын туыстарына осы қайғылы хабарды естіп басынан жай түскендей болмауы үшін, жайлап, тұспалдап отырып, естіртуші адамды психологиялық жағынан дайындап барып арнайы хабарлаған. Естіртуді өлеңмен де, қара сөзбен де айтады. Халық ауыз әдебиетінде естіртудің тұспалмен, пернелеп айтылған көптеген үлгілері бар. Жыраулар поэзиясында да естіртудің небір үлгілері кездеседі. Мәселен, Үмбетей жыраудың Абылай ханға Бөгенбайдың өлімін жеткізуі шерге толы, әрі Бөгенбай батыр образын асқақтата сомдауымен есте қаларлық. Әдетте естіртулердің соңы көңіл айту, жұбатуға айналады.

«Естірту» әңгімесіндегі бас кейіпкер Кәрім досы Әлиханды сондай жақсы көріп еске алады. Алайда бірнеше күннен кейін өзін «Марқұм Кәрім», «Қайран Кәрім» деп еске аласыңдар деп болжайды. Болжай отырып, досын әрі «болған іске болаттай берік бол» деп жұбатып, басу айтып, соңғы сапарға аттандырудың жөн-жоралғысын да айтады. Яғни кейіпкер әлі тірі деген сөз. «Өйткені ... сағат сайын әл-қуатым сарқылып, демім бітіп, жанарымнан жарық сәуленің өлеусірей өліп бара жатқанын соңғы сәттері анық сезе бастадым» - деп бұл хатты алғанда кейіпкер өлі болармын деп болжайды [96, 306]. Себебін жаза кетуді ұйғарады. Кейіпкер өзінің өлермен халге түсуіне себеп болған қиын жайттар жайлы әңгімелеп, өзінің образын сомдайды. Өзінің басты қателігі аңғалдығы екендігін, сол аңғалдығын досы жақсы білетінін тілге тиек етіп, содан енді зардап шегіп жатқанын айтып қапаланады.

Хат соңында, досқа күлкі, дұшпанға таба болмас үшін, аруақты құрметтеу сүйегін туған жеріне апаруды өтінеді. Тіпті туған жері яғни Алматыға алып баруға кететін ақша шығынына дейін досына есептеп жазып жібереді. Хаттың соңын күтпеген жайтпен аяқтайды.

«220 мың! Құдай-ау, неткен шығын бұл?! Сұмдық! Осы үшін ғой сені аяйтыным. Қайтесің басқа амалың қайсысы?!

Айтпақшы, бір амалы бар бұның. Егер осы хатты алған бойда маған 50 мың сомды жедел жөнелтіп жіберсең, мен өлмеймін. Сен мұнда келмейсің.

Артық ақшаң қалтаңда қалады. Қайыр-хош! Өзіңнің Кәкімің. 1992 жыл, 29 ақпан. Соликамск. Главпочта, до востребования» деп автор әңгіме финалын юморлық тәсілмен аяқтайды [96, 324]. Мұнда оқырман күле отырып, досы құтқаратынына сенеді. Себебі «тірісінде сыйласпағандар, өлгенде жылама!» деген сөз бар қазақта.

Ғұрып артефактісі – тура мағынасында табыт, ауыспалы мағынасында хат. Әңгімедегі басты аксиологема – достық. Бұл жалпыадамзатқа тән құндылық болғанымен, әңгімедегі ғұрып оның этномәдени сипатын айқындайды.

Мұндағы естірту концептісінің ұлттық құрылымын талдауға, қазақ халқының мәдениетіндегі негізгі құнды ұстанымдарын көрсететін «мәдениеттің мәйегін», сондай-ақ концепт құрылымында мәдени ұғым шеңберінде көрініс табатын мәдени-ментальды және образды артефактілерін қарастыруға болады.

Негізі концептідегі типтерді түрліше ажыратуға болады, айталық, ұғым, фреймдер, гештальт, сценарий, скрипт, сызбалы схема, ойсурет, ойдерек (сигнификат) т.б. С.Г. Воркачевтың түсінігінде концепт – «жоғары рухани құндылықтарға қатысты ұжымдық білімнің, сананың бірлігі, оның тілдік көрінісі мен этномәдениет арқылы көрініс тапқан ерекшелігі» [97, 41].

В.А.Маслова болса, концептіге мынандай анықтама береді: «концепт дегеніміз – мәдениетке сіңдірілген ұғым (Н.Д.Арутюнова және В.Н.Телия бойынша). Ол коннотацияларға ие, өз табиғаты жағынан бағалы, аксиологиялық қасиеті бар, тілде атауға, атауларға, есімдерге ие» [98, 36] дейді. Ендеше, әңгімеде кездесетін аксиологема сөздер мен аксиологема тіркестерді фрейм түрінде құруға болады. Фрейм шыңы бұл – ғұрып атауы. Ғұрып құрылымы келесідей слоттардан тұрады. «Әрекет субъекті», «Ғұрып әрекеті», «Ғұрып артефактілері».

Ал естірту ғұрыпынан туындайтын аксиологема-тіркестер: басу айту, аруақты құрметтеу, соңғы сапарға шығарып салу, жөн-жоралғы, арулап көму, сүйегін туған жеріне жеткізу, иман тілеу, сабыр қылу.

Аксиологема-паремиялар: «Аққу ұшып көлге кетті, сұңқар ұшып шөлге кетті, ол адасып кеткен жоқ, әркім барар жерге кетті», «тозбасты ұста соқпас, өлместі құдай жаратпас», «тірісінде сыйласпаған соң, өлгеннен кейін жылама», «талқаны таусылған, жалғаннан өтеді».

Қорыта келе, әңгімеде естірту юморлық тәсілде қолданылған болса да, естірту ғұрпының мәдениетіміздегі маңызы зор екенін, ол адамдарды аруақты сыйлауға, жақындарының көңілін аялауға, жұбата білуге, адамдарды тірісінде сыйласуға үйретететін өте құнды ғұрып екенін аңғарамыз.

Жоқтау. Қазақ халқының салт-дәстүрін құндылық ретінде дәріптеп өз шығармасының көркемдік кеңістігіне сәтті енгізіп жүрген жазушылардың бірі – Айгүл Кемелбаева. Оның *«Көкқия»* атты әңгімесінде халқымыздың келмес сапарға кеткен адамды өлеңмен жоқтап шығару салты керемет көрініс тапқан. Онда қайтыс болған адамды о дүниеге жөнелтудің қазақы ғұрыптары атап айсақ, *шашын жаю, аза тұту, дауыс салу, жоқтау айту, арзу айту, көңіл айту, тұлдау, қырқын беру* секілді ғұрыптар сөз етіледі.

Жүсіпбек Қорғасбек : «Көкқия» көзге жас үйірді. Кейінгі шығармаларын оқығанда Айгүл тек қағазға түсіруші болып қана елестейді маған. Оны бір ескілікті, көнекөз қария әңгімелеп отырған сияқтанады» дейді әңгімеге жазған алғысөзінде [99,7]. Расымен, әңгіме соңындағы кейіпкердің өлімімен аяқталатын трагедиялық хәл ғана оқырманның көңілін толқытпайды, туыстарының айтқан жоқтауы саналы адамның сай сүйегін сырқыратып, көзге жас үйіреді. «Үлкен ағасы Әбдіхамит теңдіктің бауын мойнына салып жіберіп, жүресінен отырып өкіріп жылаған. Жас өлікті киіз үйдің іргесіне жатқызып басын құбылаға қаратып, шымылдық ішінде отырып әйелдер жоқтау айтты. Түсіпханды ата-баба сүйегі жатқан күмбезді зиратқа жерледі. Төрт жылғы қанды соғыстан аман оралған есіл азаматтың қызығы қара жерге бұйырған екен. Қазақ салтында бір жыл аза тұтады, туыстары Түсіпханға қырық күн бойы жоқтау айтты. Бұл әулеттің жас балалары дауыс шыққанда қазақ үйдің сыртына жабысып тыңдай қалысады. Қаз мойын үш жас келіншек қара шаштарын арқасына жайып, дауыс салды» - делінеді әңгімеде [100].

Қоғадай жапырылған ел, көрісіп жатқан жұрт, зарлап жоқтау айтып жатқан туыстарды сипаттауынан шынымен ата заңда айтылатын ең басты құндылық – ол адам, адам өмірі екеніне көз жеткізеді оқырман. Түсіпханның ата-баба аруағына сыйынып, өскен әулетін, ағайын-туғанын түгел түгендеп, еске алуы, жазушының олардың атын тізбелеп көрсетуі – тағы сол өмірге келген әр адамды құндылық деп қарау, өмірді құндылық деп санаудың символы. «Бір мезет өскен әулетін, ағайын-туғанын түгел ойлаған. Баймұрын атасынан Байділдә мен Жанділдә. Байділдәдан бес ұл, бір қыз – Мұсағали, Төлеухан, Бодаухан, Мұхаметхан, Ғаббас, Зура. Бесеуі өмірден озды, Зура әпкесі ұзатылып кеткен. Олардың балаларынан соғыстан оралмағаны Кәкітай мен Малгеждар, түбі туыстан он екі жан. Жанділдәдан бір қыз, екі ұл – Ұмсындық, Сүлейменхан, Түсіпхан. Сүлеш әскерге кетерде үйленген, қыз баласы іште қалып туды. 1943 жылдың наурызында Сүлештен қара қағаз келіпті. Бірге туған бауырдың қазасын есту жанына қатты батқан, ол небәрі жиырманың бесеуінде болатын» [100].

Бұл туралы автордың өзі «Қазақтың ауыз әдебиетіндегі фольклорлық дәстүрді, жоқтау сарынын «Көкқия» атты әңгімемнен көруге болады» дейді [151]. Автордың халықтың ойлау жүйесіндегі поэтикалық сипатты, дәстүрлі дүниетанымдағы көркем образдарды ұтымды қолданғанын байқаймыз.

Сұрапыл соғысты басынан өткеріп, аман-есен туған елге оралған жап-жас адамның қаперсізде осындай өлімге душар болуы өкінішті. Ал артынан ұрпақ қалмаған адамның өкініші әрине, екі есе. Әңгімеде бұл өкінішті тағы да қазақы дәстүр арқылы береді: «Түсіпханның соғыстан аман оралсын деп ырымдап өзіне арнаған бәйге аты Оқжиреннің құйрығын кесіп тұлдаған сәтте Әбдіхамит ағасы жиылған жұртқа жария қылған:

- Түсіпханымның артында тұяқ қалған жоқ, халқым, мұның атын енді Түсіпханжирен деп атаңдар. Ол өте жүйрік ат-тұғын, иесі қайтқаннан соң он жеті жыл мал болды» - дейді [100].

Ат тұлдау. Ат тұлдау – ол аза тұту уақытында жасалатын ғұрып.

Марқұмның көзі тірісінде мінген атын құйрық-жалын кесіп күзейді де, еркін жібереді. Тұл атты ешкім мінбей, кейін асына сояды. Атын соярда тағы да жоқтау айтылады. Қазақ өзі ырымшыл халық қой. Әңгімеде аттың он жеті жыл мал болуы, ол ат соғыстан аман келсін деп ырымдап қойылған аты еді. Оның Түсіпханның көзіндей болып аттың тірі жүріп, Түсіпханжирен аталуы халықтың марқұмның көзі тірісінде тұтынған затын көзі деп көруінің, яғни марқұмға деген құрметтің бір белгісі.

Әңгімеде жоқтау өлеңдері қазақтың ұлттық сипатын көрсететін халықтың қазынасы ретінде көрініс табады. Жоқтау өлеңдерден бір адамның келесі адамға деген құрметін, оған деген жанашырлығын әнмен, өлеңмен көрсетеді.

«Арғымақ атты өнерлім.
Алтын да тонды бедерлім.
Алладан жарлық келген соң,
Қарамай бізге жөнелдің» [100].

Осы өлеңдер арқылы автор кейіпкерге деген оқырманның эмпатиясын оятады.

«Ақ үй тіктім аралға, аралым өрер самалға.
Алшаңдай басып жүргенде,
Жығылды-ау атым томарға.
Сүрмедім дәурен еркімше.
Күн дегенім түн болды-ау» [100].

Жоқтау өлеңдері арқылы қазақ халқының сезімталдығын, шынайы қайғыра білу қабілетін көрсетеді. Мәселен, үнді халықтарында біреудің жамандығын жұқтырып алмас үшін біреудің қайғысына қабырғаны қайыстырып, қайғыруға болмайды деген сенім бар. Тіпті ол туралы қасиетті кітаптарында, «Типитака» жырларында жазылады. Ол халықтың ұлттық дүниетанымымен салыстырғанда қазақ халқының мәдениетіндегі ет жақындарының тебіреніске толы шынайылығын жоқтау салтынан байқауға болады.

Әңгімеге жазылған «Менің кейіпкерім: Түсіпхан немесе жоқтау салты» атты коментарийде жазушының өзі «Қазақта жоқтау жырлары түгілі, жоқтау күні бар. Өлген адамды қимай, артынан жырлай-жырлай дауыс айту тұрмыс-салт әнінің бірі. Жыраулар поэзиясы ұлы рухты жырлау емес деп кім айтсын?

Қайғылы сарынмен жылай алатын жыр халық поэзиясының аса көне жанры, дәстүрлі суырып-салма импровизациялық түр. Жерлеу салтына, немесе қуаңшылық, жұт, өрт, оба т.б. апаттармен байланысты туған» дейді [99]. Яғни қазіргі діни уағыздарда адамды жоқтауға болмайды, ол Алланың ісі деп көп айтылатыны белгілі. Алайда, қазақы менталитет бойынша қайғы келгенде, шын қайғырып оны бір күн емес, екі күн емес, қырық күн жоқтаған. Тіпті бір жылға дейін қаралы үй болып есептелген. «Өзгенің қасіретіне өзіңдікіндей опыну, күйіну де өзіміздің ұлттық мінез» деп расын айтады Н.Дәутайұлы бір эссесінде [102].

«Әуелі Алла, пайғамбар,
молдалар, кітап жайғандар.

Көздері қайтіп қиды екен,
көтеріп жерге салғандар.
Жалғызым-ай, не болдың-ай!» [102] – деп жаратушының атын, пайғамбарды қоса отырып, жоқтайды.

«Жаны ашымас қу жалған,
таршылық кімге салмаған.
Жалғызым, эттең қайтейін,
Қызығына қанбаған» [102]

деп берілетін жоқтау деп жаралы, қам көңілдердің басылмас шынайы сағынышын көрсетеді. Қу жалғанға кім келіп, кім кетпеген, алайда артында ізі қалмай, ұрпақсыз кеткен арда азаматтың арманда кетуі артындағыларға қан жұтқан қайғы, ең болмаса артынан бір тұяқ қалса, сол жұбаныш болар еді, сондықтан да жоқтаудың зіл батпан зары еселене түседі.

«Көкала үйрек көлде ойнар,
көлеңкесі оның жерде ойнар.
Тең құрбыңды көргенде,
екі де көзім сонда ойнар» [102].

Қара өлең үлгісімен жазылған халық поэзиясының ұланғайыр байлығына қайырылып, жоқтау жырларын енгізу арқылы автор мәтін поэтикасын тереңдете түседі.

«Күміс те жүген жирен ат,
күншілік жерден табылар.
Күніге керек бауырым,
іздесем қайдан табылар» [102].

Мәтінде кездесетін *мойнына бау салып жылау, ата-баба жатқан зират, бір жыл аза тұту, қырық күн жоқтау, шашын жаю, дауыс салу* секілді жоқтау дәстүрінің ғұрыптары арқылы әлем картинасының этникалық шындығы көрініс тапқан.

Сондай-ақ Түсіпхан образын сомдауда автор психологизмнің нәзік иірімдерін шебер қолданған. «Түсіпхан қияда сорлап жатып өлімнің ишарасын жақында түсінде көргенін ойлап шошынды. Ол түсінде бұрылып тоғайға беттейді. Ерттеулі жирен атын талдан шешіп алмақшы екен, марқұм әкесі Жанділдә мініп кетіпті. Бұл «әке, мен жаяу қалам ба?» десе, әкесі: «балам-ай, жас емессің бе, жүр кеттік» деп атын тебіне жөнеліпті». Көркем прозадағы психологизм мәселелерін зерттеген отандық ғалым Г.Пірәлиева былай дейді: «Тарихи-әдеби және теориялық тұрғыдан түсті зерттеу көркем шығармаларда қолданылған түс көру тәсілін талдау барысында көз жеткізер бір нәрсе – ауыз әдебиетінен бастап, бүгінгі прозаға дейін түс көру тәсілі қолданылмаған бірде-бір әдеби туындыны кездестіру қиын. Осы аралықтағы шығармаларда түс бірде сарын, бірде көркемдік тәсіл ретінде кейіпкердің іс-әрекетін психологиялық тұрғыдан (достоверности) нанымды ету үшін сондай-ақ әр кезеңнің өзіндік дүниетанымына, көркемдік ойлау жүйесінің дүниетаным дәрежесіне орай кейіпкерге фантастикалық, мистикалық, лирикалық, комедиялық немесе процестік эффекті, акцент беруде оның көркемдік

қызметін күшейту үшін қолданылған». Бұл жерде Түсіпханның түсі мәтінге мистикалық сипат беріп, оның өлімнен құтыла алмайтын шарасыздығын көрсетеді [103,42]. Сондай-ақ *«шаш жаюға болмайды»* деген ырым-тыйымдардың мәні әңгімеден нақты ашылады.

Әңгімедегі басты аксиологема – адам өмірі. Ол жоқтау салты арқылы көрініс тапқан. Негізі, жоқтау тыңдаған өте ауыр. Жоқтаудың халықтық мәні адам ғұмырының қысқалығын, өмір мен өлімнің арасының тым жақын екендігін, өмірдегі ең маңызды нәрселерді, борыш пен парызды парықтап, әр жеке адамның жасағаны, ішінде кеткен арманы айтылатын трагедиялық гимн.

Әдебиет әлемінде кең танымалдыққа ие бола қоймаған, бірақ қаламы қарымды әйел жазушылардың бірі – *Мира Шүйіншәлиеваның «Служак»* әңгімесі қазіргі қазақ қоғамның шынайы көрінісін бере алған әңгіме. Шығармада жалпы адамзаттық рухани құндылықтар мен этномәдени құндылықтар ғажайып үйлесім тапқан. Мира Шүйіншәлиеваның бұл әңгімесі ең алдымен бүгінгі әдебиетте тым сиреп кеткен идеал образды сомдай алуымен өзгеше. Бас кейіпкер Үмбет – ешкімге елеусіз қоңыртөбел тірлігін там-тұмдап кешіп жатқан, қарапайым адам. Әңгіме осы Үмбеттің үйіне ауыл әкімінің «Сүйінші!» сұрап келуімен басталады. Ол сонау үлкен бастықтың, облыс әкімінің біздің ауданға келгенде, біздің ауылға сіз үшін арнайы келіп, бірге әскерде болған қызметтесін көріп, сәлем беріп кетуге арнайы келетінін естіртіп «Сүйінші» сұрайды.

Сүйінші. Сүйінші – қуанышты хабарды жеткізген кезде жасалатын ғұрып. Сұраушы алдымен хабарды айтпай, «сүйінші» деп сұрап, сұралған адам сүйіншісіне бір кәделі затты беретінін айтқан кезде хабар айтылады. Сүйінші – бұл қуаныш нышаны, жақсылықтың белгісі, кейде адам зарығып, күтіп жүрген жақсы хабардың өтеуі.

Әңгімеде Үмбеттен сұралатын сүйінші, қуанышты хабар оның өміріне үлкен өзгерістер әкелді. Ол тек материалдық жағынан ғана емес, рухани жағынан қайта жаңғырды. Алғашында Үмбет «Сенер-сенбесін білмейді. Қайдағы әрмиә, қайдағы служәк, қайдағы әкім екенін есіне түсірмек түгіл, өз атын өзі ұмытып қалғандай» күй кешті. Әдетте түкірігі жерге түспей, ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс болатын, паң, қарапайым адамдарды менсіне қоймайтын, жемеңгер, жылпос болып келетін типтік әкім образы солай болып келетініне қазақтың еті үйреніп кеткендіктен бе, әлде Оспанхан Әубәкіров сомдағандай ежірейген көз, бедірейген бет болатын бастықтың типтік образы санаға сіңісті болғандықтан ба, Үмбет есіне түсірген кезінде «Алла, дүние-ай! Жүйткіп жылдар өтсе де мені ұмытпаған Қанекем-ай! Көкте жүрсе де көзі жерге түскен неткен жан еді?! Ол әкім емес, Әулие ғой, Әулие!» - деп таңырқайды [104]. Жазушының авторлық баяндаумен емес, кейіпкер аузымен служагінің образын бейнелеуі былай берілген: «Екі беті дөңгеленген, қараторы, орта бойлы, еті тірі жігіт кәмәндеріміз болып еді. Қазақшаға да, орысшаға да ағып тұрған пысық еді. Мақалдап-мәтелдеп сөйлегенде пәлкөвниктерге де дес бермейтін. Кешкісін бүкіл сәлдат сол жігіттің аузына қарап отырушы ек. Әңгімені де көсілтіп, майын тамызып, тұздығын құйып

айтатын. Әл-қисса, дастандарды жатқа соғатын. Ешкімді жатырқамай, қасына үйіріп алатын. Бос уақытында кітаптан да бас алмайтын. Көбіне кешкісін домбырамен ән салатын. Қоңыр даусы да тым жақсы еді. Орыс демейді, ұйғыр демейді, өзбекпен де, түрікпен де тіл табыса кететін. Иненің көзінен өткен пысық еді» [104]. Бұл сомдаудан кейіпкердің шешен әрі ұйымдастыру қабілеті мықты, іскер, әрекетшіл адам екенін көреміз.

Әкім немесе үлкен бір шенеунік келеді деген кезде тек сыртын-сылап сипап, барлығы жақсы дегеннің көрінісін ғана жасап қоятын типтік жағдаят бұл жерде де іске қосылады. Облыс әкімі келетін үйді, сол кісі жүретін жолды аудан, ауыл әкімдері жөндеп-жасап қоюы юморлық тәсілмен суреттеледі. Тіпті бояушы, бояушы дегенге сақалын бояпты дегендей Үмбетке жаңа үй беріп, әкімді сол жерге апармақшы да ой болады. Бірақ оған Үмбеттің әйелі «Көктен Құдай жетіп келсе де, құтты қонысымды аттап ешқайға кетпеймін. Осы босағада тоқпақтай үш ұлды доғдырсыз өзім туып, кіндігін өзім кестім. Барымен базар, жоқты қайдан қазар» - деп көнбейді [104]. Яғни қарапайым халық үшін маңыздысы, кең сарайдай етіп салынған жаңа үй емес, олар үшін құнды нәрсе – құтты қоныс, ата қоныс. Үмбет те дүниеге құнықпаған, адал еңбегімен келгенді нәпақа етіп жүрген жан. Ол: «Бір шегесін де жұлмаңдар дегенім қайда?! Қанекең менің дүние-мүлкімді түгендеуге келе жатпаған шығар. Оған дүние таңсық деймісіңдер» деп кеюінен анық байқалады [104].

Алғаш әкімнің келіп, көліктен түсуі де халықты таң-тамаша қалдырады. Себебі әдеттегі шенеуніктерге, атқосшылары қошемет етіп, зыр жүгіріп есік ашып, қызмет етіп жүретініне елдің көзі үйренген. Ал мұнда облыс әкімі «ешкімнің жетіп келіп қошемет білдіруін күтпестен көліктің артқы есігінен орта бойлы, тығыз денелі, дөңгелек жүзі жылы әрі сүйкімді жігіт ағасы шыға келді. Қимылы шапшаң, жүрісі шалт, көңілі сергек жан екен. Іле-шала «Ассаламағалейкүм» деп қалт-құлт еткен қарияларға қос қолын созып, емен-жарқын көрісті. Жан-жағынан ентелей қарап тұрған көпшілікке де күлімсірей амандасты. Сосын сол жақ шекесіне ағы сиректеу қалың шашын толқындата қайырып тастап, айналаға нұрлана қарап, көптен көрісуге асыққан служагын іздей бастады» делінеді [104].

Оның өз служагімен шынайы амандасуы, өзгелермен жарасымды әңгімесі, халық ырымдарын жақсы білуі, өнерден де құралақан еместігі: «Киелі мекенге келіп тұрып, Құм-Нарынға табаным тиіп тұрып, кезінде қара нанды бөле жеген служәгымды көріп тұрып бір күй тартып бермесем болмас» деп Құрманғазының «Балбырауынын» күмбірлете шертуі барлығын қайран қалдырады. Бұл жерден әкімнің халық тарихын, жер тарихын, ел тарихын жақсы білетіні, сегіз қырлы, бір сырлы азамат екенін көреміз.

Бата. Ақсақалдардың берген батасы мен тілектері арқылы да әкім образы ашыла түседі. «Әй, бәрекелді! Арда туған алаштың азаматы екенсің, шырағым. Сен келгелі Жайық өңірі өзгеріп, жағдайы әбден түзелді. Мүйізі қарағайдай мықты ақын-жазушыны да елге әкеле бастадың. Мәдениеттің мәртебесін өсіріп жатырсың. Еңбегің Алладан қайтып, тіл-көзден аман жүр, айналайын» [104]. Әкімнің кетерінде шенді-шекпенділерге, мына аталарыңа, Үмбекеңе көз

қырмалыңды сала жүріңдер деп табыстап, «Шаруаларың ұқсаңқырамай жатса, хабарлас» деп служагіне визиткасын ұсынуы да шынайы шыққан. Осы тұрғыдан алғанда М.ОӘуезов атындағы Әдебиет және өнер интитуты шығарған «Қазіргі қазақ әдебиеті: даму үдерістері, есімдер мен оқиғалар» атты ұжымдық монографияда М.Шүйіншәлиеваның «Служәк» әңгімесін «Жазушы әңгімелерінде жекелеген адамдар тағдыры суреттеліп, бүкіл әлеуметтік өмірдің жетістігі мен кемшілігіне, жалпы қоғамның даму барысына, адамның жалпы моральдық болмысына философиялық тұрғыдан талдаулар жасалынады. Оның әлеуметтік шындықты көркемдік шындыққа айналдыруын танытатын туындысының бірі – «Служәк» әңгімесі» деп бағалауы орынды шыққан [105,251].

Осылайша автор бүгінгі заманда халық армандаған шенеуніктің идеал образын сомдайды. Ол үшін автор кейіпкер әрекеті, кейіпкер әрекетін өзгенің көзімен бағалау, полилог секілді тәсілдерді сәтті қолданады.

«– Өзі ақ сөйлеп, адал күлетін, жақсымен жолдас бола білетін азамат екен!

– Кісілігін айтсаңшы. Әкіммін деп кеудесін ұрып тұрған жоқ. Түу Оралдан служәгын іздеп келудің өзі неге тұрады?

– Арыстанның аузындағысын алатын нағыз азамат екен! Ер екен! Балдай тәтті тілі қандай, өзі қандай!

– Пай-пай шіркін, әкім біткеннің бәрі Қанекеңдей болсашы?!

– Жарадың, Үмбеке! Ырыздығың мол екен. Служәгың шынымен ер екен!» осындай тіл қатулардан кейін халық ұғымындағы ұлық адамның кішік болуы керек, иманжүзді образы көрінеді [104]. Сондай-ақ облыс әкімі тек жеке адамгершілік қасиеттерімен ғана емес, жеті қырлы, бір сырлы қолынан іс келетін, әрі өнерлі, керемет ән айтатын, күмбірлетіп күй де шертетін, аз уақыттың ішінде барша жұрттың көңілін таба білген парасатты адам екендігі көрінеді. Тіпті ырымшыл қазақ ұнаған адамының отырған жеріне сол кісіге ұқсасын деп баласын аунатып алып жатады. Ауыл адамдары, жас келіндер сол ырымды жасап немерелерін, сәбилерін облыс әкімі отырған жерге аунатып алады.

Аунату. Аунату бұл да қазақтардың ежелден келе жатқан дәстүрлерінің бірі. Халқымыз өз үйіне келген кәделі, сыйлы, жақсы жағынан әйгілі, үлкен адамдар қонаққа келгенде, сол кісі отырған жерге балаларын сол кісіге ұқсасын деп аунатып алатын болған.

Қорыта келе, әңгімедегі басты аксиологема – идеалды шенеуніктің иманжүзді образын сомдау арқылы көрінген кішілік қасиет екендігін анықтаймыз. Ал аунату ғұрпының астарынан құндылыққа айналған биік адамгершілік идеалдар көрінетіндігін бағамдадық.

Құдайы ас беру. Жас жазушы *Мадина Омарованың* бар болғаны бір беттен тұратын *«Құдайы тамақ»* деп аталатын әңгімесінің айтпақ ойы қызық. Мұнда қазақ халқы дәріптейтін ұлттық құндылық жасырын, астарлап берілген. Бас кейіпкер қалада оқу оқып жүрген жас қыз. Ауылда әкесіне арнап құдайы тамақ беріліп жатыр. Дастархан басына жиналған үлкен кісілер, аталар мен апалар. Қазан басында күйбеңдеп жүрген өз әжесі. Немересіне қонақтардың

арасына барып отыр дейді.

Құдайы тамақ – бұл дүниеден озған кісілерге арнап, немесе басқа бір оқыс жағдайларда құран оқытылып тамақ беру дәстүрі. О бастағы мағынасы, жоқ-жітім, қайырға мәжбүр аш адамдарды тойындыру арқылы құдайдың сауабын алу мәнінде болған. Қазіргі қазақ қоғамында құдайы тамаққа туған-туыс, көрші-қолаң шақырылады. Дастархан басында егер өмірден озған адамға арналған құдайы тамақ болса, сол адамның жақсы қасиеттері, жасаған сауап амалдары еске алынуы керек.

Дәстүрлі прозада «Құдайы тамақ» деген атаумен әңгіме болса, онда әкесіне арналған құдайы тамақ беріліп жатса, әрине кейіпкердің әкесі туралы ішкі толғаныстары, еске алулары берілуі заңды әрі күтілетін, болжамды сарындар. Алайда мұнда әкесі туралы, оның қандай адам болғаны жөнінде бір ауыз сөз айтылмайды. Кейіпкердің ішкі сезімі емес, сыртқы әлем суреттеледі. Жазушы мұнда интеллектуалдандыру тәсілін қолданған.

З.Фрейд бойынша эгоның (меннің) механикалық қорғаныс құралдарының бірі интелектуалдандыру. Интелектуалдандыру кезінде адам қысымға ұшырауы мүмкін сезімнен бас тартып, бар зейінін сезімге емес, ақыл-ойға негізделген зерделеу процесіне аударады. «Құдайы тамақ» әңгімесінде де бас кейіпкер әкесіне деген сағынышын, өзінің ішкі сезімін сипаттамай, сыртқы көріністерді, құдайы тамаққа келген кісілердің әңгімелерін, «сақал-мұрты аппақ шалдың соғыста көргенін әңгімелеп» отырғанын, қазан-ошақ басындағы әйелдердің дауыстарын суреттеуі сондықтан. Жазушы адам психологиясында осындай да қасиеттер барын түйсінген. Яғни адам өз менін қорғау мақсатында эмоция шалқары тасыған жағдаяттарда өз эмоциясын тежеп ұстау үшін сыртқы әлемге көбірек үңіледі. Әлеумет арасында интеллектуалдандырушы яғни сезімін ақылға жеңдіре алатын адамның әрекеттері құпталады, оны есейгендіктің белгісі деп қабылдайды. Бірақ біз кейіпкердің нәзік жанын бәрібір аңғарамыз. Әңгімелерінің көбінде осы тәсілді Мадина Омарова жақсы қолданады. Бұдан біз интелектуалдандыру жас жазушы прозасының бір сипаты екенін аңғарамыз.

«...Көзімді жұмғым келді де қарсы алдымдағы кемпірден қысылып басымды көтердім. Қарап отыр.

- Қазір тамақ әкеледі.

Басын изеп күлімсіреді.

- Қашан келдің?
- Бағана.
- Оқуың қашан бітеді?
- Келесі жылы.

Үнсіз қалды. Содан соң:

- Әкеңді білемін ғой, титтайынан білетінмін. Сен тура аузынан түскендейсің.
- М-м-м...
- Орнымнан тұрып әжеме бардым.
- Әже, ана кемпір әкемді білемін дейді.

- Қайсы? Бибі ме? Білмегенде енді осы ауылдың адамы ғой» [158, 126]

Көзді жұму – қиялды шарықтатудың символы. Кейіпкер өзінің сырты мен іші сәйкес келетін үйлесімді әлеміне шомуды аңсайтындай. Әкеңді білемін ғой деген тіркес кейіпкердің эмоциясын шайқады, сондықтан ол қозғалысқа келді. Алайда, ол қорғаныс әрекетін қосқаны соншалық, ол әрі қарайғы әңгімеден қашып кетті.

«- Тамақ қашан дайын болады? Көмектесейін бе?

- Қыздар бар ғой. Сен қонақтардың қасына барсаңшы. Әкең тірі болса, сол отырар еді ғой арасында. Қайтейін енді. Стол басына қайта келдім. Ақ орамал салған әже жалтақтайды. Қонақтар соғыс көрген атаның әңгімесін тыңдайды. Ал мен басымды төмен саламын. Аздан соң жаңбыр жауады» деп аяқталады әңгіме [106,127]. Шығарма финалынан, дастархан басында айтылып жатқан әңгімеден дәстүрдің формасы сақталып келеді, ал мазмұны қаншалықты дәрежеде сақталған деген ой келеді.

Әңгімедегі аксиологема – дәстүрдің өзі, яғни құдайы тамақ беру дәстүрі. Оның астарында аруақтарды құрметтеу, марқұмды жақсы жағынан еске алу секілді құнды қасиеттер көрініс табады.

Этнографиялық сипаттағы элементтерді араластыра отырып шығарма жазу тәжірибесі жас жазушылар шығармашылығынан да көрініс тапқан. Мысалы, *Қанат Тілептергеновтың «Көкек әке»* атты кітабында *«Жүрек әже»* атты әңгіме осының айғағы. Бірақ, шыны керек сәтсіз шыққан шығарма. Әңгіме соңында автор: «Қадірменді сауатты оқырмандарым, «Жүрек әже» әңгімесі – Әлімқұлов пен Әбдірахмановтың «Күйеу келтір, қыз ұзат, тойынды қыл» атты кітабын оқығаннан кейін туған шығарма. Әңгіменің өн бойында отбасын құрған жас бойжеткендердің көптен есті бермейтін ақыл-кеңес, алатын өнегесі сан қырынан мол қамтылған» деп коментарий береді [107,88]. Алайда жас автор көркем шығарманың жанрлық сипатын қаперіне алмаған. Әңгімеде екі ғана кейіпкер бар. Олар емханада кездейсоқ жолығып қалған қарт әже мен жас қыз. Екеуінің арасындағы әңгіме тым жасанды. Әңгіменің табиғи ағымы, сөзден сөз шығып өрбуі, тіпті логикалық аяқталуы жоқ. Жас қыз ападан қызығып әңгіме сұрап отырған адам емес, мерзімді басылымға мәлімет беруге дайын отырған журналист қыз секілді. Жүрек апаның әңгімесі де тым ресми. Автор ауызекі сөйлеу тілі мен жазба стилі арасындағы алшақтықты ескермеген. Сондықтан да табиғилық жоқ. «...Қазақ даласын әйелдер этногенезіне қарай босану процесінде еуропалық әйелдермен салыстырғанда, анағұрлым сәтті болатыны белгілі. Ғалымдардың зерттеуіне сүйенсек, қазақ әйелдерінің 70 пайызы өте жеңіл босанады екен...» дейді ұзақсонар әңгімесінде Жүрек апа [107,89]. Бұл сонау бір жергілікті емханада әңгіме айтып отырған адамның емес, осы тақырыпта лекция оқып тұрған адамның сөзі десе, сенуге болар еді. Әңгімеде шынайылық жоқ. Жас қыз да әңгімені жалғау үшін: «Әже, сонымен қатар қоршаған орта, жеке бастың гигиенасы туралы не айтасыз?» – дейді интервью алып отырған жарналист секілді [107, 92]. Әрине, Жүрек апаның айтқан әңгімесінде халықтың көптеген этнографиялық деректері, аяғы ауыр әйелге қатысты ырым-тиымдар молынан

берілген, бірақ ол көркем шығарма тініне еніп кетпеген, сырттай күштеп таңылған дүние болып шыққан.

Салт-дәстүр, ырым-тиым әрқашан дәріптеліп, ылғи жоғары бағаға ие бола бермей, оларға сын көзбен қарау да қазіргі қазақ әңгімелерінен көрініс тапқан. Кейде салт-дәстүрдің өзіне ирония, мысқыл, ащщы әжуамен, сын көзбен қарайтын қаламгерлер де бар. Мұндай жайтты қазіргі прозада өзіндік қолтаңбасымен танылып келе жатқан жас жазушы Бақытгүл Сәрмекованың әңгімелерінен байқаймыз. Бақытгүл Сәрмекованың шығармашылығына арнаған сыни мақаласын Сағадат Ордашева «Идеалдармен қоштасу» деп атаған. Ол «Жалпы да, қазақтың ғасырға жуық тәуелділігінен кейін де тәуелсіздігін ала алмаған сана сарқындысын сынайды. Оралхан Бөкейде шырқау биікке көтерілген, идеалдандырылған «жазушы, ақын, өнер иесінің» өз статусынан түсіп, азғандығын сынайды. «Ақындардан жеріну», «Жеріну 2», «Редактор» сияқты әңгімелері «өзінен сөзі ұзын» бүгінгі болмысы тозған өнер иелерін аяусыз келемеждейді. О.Бөкей, А.Сүлейменов, Р.Мұқановаңың шығармашылығында ұлылығы, тазалығы құдаймен деңгейлес образдар – Бақытгүлде қатты аярлық, қайыршы күйге түскен. Жазушы қазақтың табиғатына сіңген «идеалдарға табыну» комплексінің қан шынжырын біржола кесіп тастағандай» дейді [108]. Мұндай сабақтас ой қазіргі қазақ баспасөзінде байқалатын тенденция. Мысалы, Лира Қоныс өзінің бір сұхбатында: ««жазушыға «данышпан», «ғұлама», «рухани ұстаз» деп қарауды доғарып, жазушы шығармашылығынан тәлім-тәрбие деген жалған ұғымдарды іздеуді қою керек» деген ой айтады [109]. Әрине, қаламгер дүниеге өз көзқарасын жеткізуші, дегенмен әрқашан «сөз жауапкершілігі» деген ұмытылмау керек. Атақты психолог «Логотерапия» әдісінің негізін салған Виктор Франкл өзінің «Страдания от бессмысленности жизни» атты еңбегінде адамдардың суицидке бару себептерін айқындап: «Если бы меня спросили, почему у людей возникает чувство внутренней опустошенности, я бы ответил так: животные инстинкты не подсказывают человеку, что ему нужно, и традиции предков уже не учат ему тому, что он должен делать. И вот, он не зная, что ему нужно и как ему следует жить, человек зачастую не может понять, чего он собственно, хочет...» деп жазады [110]. Осыдан келе ата-баба дәстүрі – бұл әлі дүниеге көзқарасы қалыптаса қоймаған бала үшін ол бағдаршам іспетті. Оны жоғалтып алған кезде де дағдарыс туу мүмкін деген ойға келуге болады. Ал В.Франклдың «Современная литература глазами психиатра» атты еңбегінде: «Когда писатель ограничивается или довольствуется одним лишь самовыражением, сама бессодержательность его произведения, сам этот акт литературного эксгибиционизма становится формой выражения чувства бессмысленности собственной жизни... Впрочем, у писателей есть право выбора... Живописуя своё отчаяние, он может дать читателю силы, необходимые для того, чтобы превозмочь страдания, вызванные ощущением бессмысленности жизни, или хотя бы показать читателю, что тот не одинок. И тогда ощущение бессмысленности в душе читателя уступит место чувству общности. В этом смысле литературное произведение является и симптомом

болезни, и лекарством от болезни!

Правда, писателю, который стремится реализовать терапевтический потенциал литературы, не стоит поддаваться садомазохистской тяге к нигилизму и цинизму. Произведения, в которых автор делится с читателями чувством бессмысленности жизни, могут вызвать катарсис, однако циничная проповедь идеи бессмысленности жизни — это уже проявление безответственности. Если писатель не может поспособствовать тому, чтобы у читателя выработался иммунитет от отчаяния, то он хотя бы не должен заражать читателя своим отчаянием» - дейді [111]. Яғни әдебиеттің тәрбиелік, терапиялық қызметін бәрібір толығымен ысырып тастауға келмес, оның үстіне әңгіме әдебиеттің аксиологиялық қызметі туралы болған кезде. Сондықтан кей жастардың «тәрбиелік мән» дегенді жалған ұғым ретінде қарастыруы уақытша құбылыс, бұл тенденциядан да қоғам өтуі керек кезең болар деп ойлаймыз.

Бақытгүл Сәрмекова «Кейіпкер» атты әңгімелер жинағымен әдебиет әлемінде өзін танытып үлгерген жас. Жалпы, ирония, мысқыл, ащщы әжуа, сыни көзқарас Бақытгүл Сәрмекованың әңгімелеріне тән сипат. Ол өз шығармаларында өмірде романтик жандар әспеттеп, асқақтатып алған идеалдардың барлығын тақтан түсіріп, орын-орнына қоятындай. Тіпті, кейде натуралисттік детализациялауға баратын дәлдіктер оның әңгімелерін өмір шындығымен қауыштырады. Бұл жайында ақын Е.Раушанов өзінің «Қалыптасып үлгерген қолтаңба иесі» атты мақаласында былай дейді: «Бірінші оқыған кәнігі сыншылар оны натурализм үшін күстәналауы мүмкін. Анығында натурализм мен көркем шындықтың арасы алшақ. Әдетте, бұл дертке өмірде де, өнерде де жолы болмағандар ұрынады. Өш алу, кек қайтару, өзін асқақтату (өзгені төмендету арқылы) сықылды негативтер ә дегенде таңсық көрінгенмен екінші мәрте жолай алмайсың, қара бояулар жалықтырады, анығырақ айтсақ жиіркендіреді. Бірақ біз бұл жазушының біреулерге оспадар көрінген оралымдарын натурализм деп сөгуден гөрі өмірдің ащы шындықтарын тізіп бергені үшін мадақтауға бейімбіз»,-дейді [112].

Ырым. *Б.Сәрмекованың «Ырым»* атты әңгімесі осындай ащщы шындықты жалаңаштайтын ирониға толы әңгімелердің бірі. Әдетте, ырым деп адам өмірін жақсы жаққа немесе жаман жаққа өзгертуі мүмкін деп есептелетін магиялық ғұрып аталады.

Маңызын Ш.Уәлиханов: «...обычаи, соблюдение которых в шаманстве избавляло от несчастий, а нарушение вело за собой какое нибудь бедствие; одним словом, те простонародные обычаи, которые европейцы называют у себя суевериями или предрассудками, а в шаманстве они и составляют обрядовую часть их веры» деп дәл көрсетеді [113,176].

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: «Ырым – деп жақсы ниетпен жасалатын әртүрлі әдет-ғұрып, ескі дәстүр. Бата ырымы, қоштасу ырымы, той ырымы. Ырымға жоқ – атымен жоқ, дым жоқ. Ырымын жасады «істеді», ретін істеді, нобайын жасады» [114,13], - деп түсініктеме берілген.

Қазақ тілінің менталды лексикасында «жұғысты болсын», «тиесілі

болсын» деген тіркесімдер қандай да бір жақсылықтарға ортақтасудың, сол құт-берекенің бөлшегін болса да иемденсін деген тілекпен айтылады. Әңгімеде жақсылыққа бағытталып жасалған ырымдардың бір де бірі орындалмай, ешбірі көмектеспегендігі жайлы өкініштi баяндау кішкентай қыздың атынан жүргізіледі. Бейкүнә балаға тән бақылаулар арқылы отбасындағы үш түрлі жағдаят беріледі, олардың барлығында да ырым жасалады. Бірінші жағдаятта, қазақтың тұсаукесу рәсіміне арналады. Халық тұсаукесу рәсімінде баланың тұсауын ала жіппен кесетін боған. Оның мәні біреудің ала жібін аттамасын, яғни бөтеннің затын, дүниесін иемденбесін, өзіне тиесілі емес нәрсені алмасын деген мағынада жасалатын ырым. Бірақ, көбіне барлық баланың тұсауы осылай кесілетін болса да, қоғамда ұры-қары, алаяқ, жемқорлар, әлеуметтік әділетсіздік бар. Екінші жағдаятта қыз әкесінің қызының бестікке толы сөмкесін ырымдап көтерсе де, құр бос қайтқаны әңгімеленеді. Үшінші жағдаятта әкесі көк көйлекті киіп, келгенде табыссыз әрі ішіп оралатынын байқағандықтан, қызы мен шешесінің әкесіне боз көйлекті кигізіп жіберуге тырысқандығы нәзік юормен баяндалған. Жағдаяттардың барлығынан да халықтың әлеуметттік жағдайы жақсы көрініс тапқан. Әсіресе, баяндаушы қыздың отбасылық жағдайы мәз емес екенін байқайды оқырман. Әкесінің тұрақты жұмысының болмауы, жалақысының мардымсыз екені, соның салдарынан жұбайымен келісімге келе алмауы көрінеді. Шығарма соңы кішкентай қыздың «Бізге боз көйлек те көмектеспеді...» деген өкініншімен аяқталады. Мұндағы отбасылық проблемалардың ешқайсысы бейсаналы түрде жасалатын ырымның әсерімен түзеліп кетпейтіндігін бала жақсы түсініп тұр. Себебі отбасылық мәселелердің барлығының саналы түрде түсіндіруге келетін өзіндік әлеуметтік, психологиялық себептері бар. Зерделі қыз күнделікті көріп жүрген, ырымдап жасалатын әркеттердің бір де бірінің орындалмайтынын көріп тұр. Бұл үлкен өмірлік драма негізі, бірақ әңгімеде ол ирониялық дискурспен беріледі. Иә, әу баста пайда болған кезде ата-бабаларымыз ала жіппен кескенде біреудің ала жібінен аттамасын, біреудің бір сабақ жібін алмасын, таза болып өссін деген ниетпен, ақ пейілмен баланың тұсауын кесетін болған. Алайда, өмір шындығы сол, пейіл мен әрекет әрқашан қабыса бермейді. Өмірлік драмалар да кейде осы ниет пен істің сәйкес келе бермеуінен туындайды.

«- Ала жіптен аттама! Қадамың шалыс басылмасын. Ер жет!-деп тілек айтып жатты жамырасып отырғандар.

Жанымда отырған мамамнан:

- Мама, ала жіптен аттама деген не сөз?-деп сыбырладым.

- Ұрлық қылма, біреудің тапқан еңбегіне ортақтаспа деген сөз. Адал болып өсуі үшін жасалатын ырым деді.

- Сонда Нұрдәулеттің папасын кішкентай кезінде ала жіппен тұсауын кеспеген болып тұр ғой? - дедім» делінген әңгімеде [115].

Диалогтағы юморлық эффект адалдық пен арамдық ұғымдарының алмасуы арқылы жеткізіліп отыр және осы диалогтан көркем конфликт түйінін көреміз. Екі кереғар ұғымдардың мәңгілік айқасы, конфликт-күрес түрінде

емес, конфликт-қарама-қарсы қою түрінде көрініс тапқан. Оны аксиологиялық тұрғыдан бағалайтын болсақ, диалогтің ең әуелі адамгершілік мәнін көреміз. Кішкентай нарратордың тұсау кесерден келе жатқанда «Қонақтық біткен соң үйге келе жатып Сұлушаш апаны көрдік. Түгі жылтыр қызыл кілемді далаға жайып қойып, қағып жатыр екен. Әншейінде әдемі дүние көрсе көзі қызатын мамам бұл жолы қызыл кілемге мән бермеді. Сұлушашқа көзімен ғана амандасқандай ырым жасады да өтіп кетті» деген баяндауынан адамдық қарым-қатынастардағы ұғымдардың қарама-қарсылығы енді сезім, әрекет, позиция деңгейіне көтерілгенін көреміз. Әуел баста өзі көрші баласының әдемі велосипедіне, ал анасы қызылды-жасылды дүниелеріне қызықса, енді олардың мынадай масқарадан кейін түк те мәні жоқ болып қалды. Бала түйсігімен жаман мен жақсыны ажырата бастады.

Жалпы, қарама-қарсылықтар конфликтісі – бұл Б.Сәрмекованың әңгімелерінде көп қолданылатын көркем конфликтіні ұйымдастырудың бір тәсілі. Яғни жазушы екі оппозициялық ұғымдарды айқын беттестіре қарама-қарсы қою арқылы конфликт тудырады. Бұл, «Ітгершілік» әңгімесінде иттің адамгершілік қасиеті, керісінше адамдардың иттік қасиет көрсетіп, өзінің итін улап өлтіруінен т.б. әңгімелерінен айқын көрінеді. Осылайша, Б.Сәрмекова шығармаларындағы конфликтілердің рухани негізі нық. Әдебиеттанушы-ғалым Т.Есембеков өзінің «Функции драматизма в художественном тексте» атты еңбегінде «Лишенный нравственно-духовной основы любой жизненный конфликт вряд ли может смотреться как художественный, вместе с тем тот внутренний конфликт, не имеющий выхода на социальные, гражданские «ориентиры» будут уязвимы» -деп, дұрысын айтқан [116,156].

Ырымға қатынас кейде кейіпкердің мінез-құлқын сипаттаудың жанама құралы. Әңгімеде анасының ырымға сенгіштігі оның қазақы болмысын байқатады. Әңгіменің соңы түйінді мәселенің әсерлі шешімімен аяқталмайды, керісінше барлығы тірліктегі әдетінше тым сүрең, яғни ырымның орындалмауымен аяқталады. Осыдан біз автордың шығармашылық ойтүрткісін көргендей боламыз, яғни бүгінгі күні құндылықтар конфликті жүріп жатыр, бірақ ол ертегідегідей ылғи жақсылықтың жамандықты жеңуімен аяқталмай, керісінше, қоғамдық қарама-қарсылықтардың даму логикасынын жамандықтың жеңісі көрінеді, оны кейіпкердің пессимисттік түйіні де растайды. Алайда, көркем шығарма тіліндегі халық ырымының бағалаушылық қасиеті эксплицитті түрде емес, имплицитті түрде де сипатталған.

Яғни шын өмірде ырым мен тиымдар болжағандай немесе керісінше орындалмауы да мүмкін, бірақ мұнда халық қадір тұтқан, ұлт құнды деп білген нәрселердің барлығы қайта қаралып, олардың бәрібір өміршең екендігі көрсетіледі. Мейлі, қоғамда жемқорлар көбейсе де, ұрлық-қарлық ұдайы жүрсе де, бірақ халық бәрібір адалдықты, шындықты, тазалықты үлгі тұтады. Балалардың тұсауы ала жіппен кесіле береді. Яғни тілдік жүйедегі халық нанымы, ырым аксиологиялық тұрғыдан жақсылық пен жамандықты парықтау әдісі болып саналады.

Ерулік. Танымал жазушы *Қуандық Тұменбайдың «Қоңсы»* атты әңгімесі этномәдени және діни құндылықтарды шебер үйлестіре алуымен ерекшеленеді. Әңгіме сюжеті қарапайым. Бас кейіпкер жаңадан көшіп келген көршілерін қазақы салт бойынша ерулікке шақырып қонақ етеді.

Ерулік – бұл жаңа көшіп келген көршілерді тамаққа шақырып, сыйлап қонақ ететін игі дәстүр. Дәстүр астарында жаңа келген көршілердің өзгелермен тез тіл табысып, аралас-құралас болып, жаңа ортаға сіңісіп кетуіне ықпал ету, оларды бөтенсітпеу, адамдарды жақын ету секілді рухани-адамгершілік құндылықтар жатыр.

«Еруліктің қандай түрі болсын – барыс-келістің басы, сыйластыққа салынған жол. Ерулік – құрметті, әдемі дәстүр. Сонымен, бұл ауылдар жайлауды бірге жайлап, жаз қызығын бірге көреді. Той-томалақ қуанышын бірге тойласып, өлім-жітімін бірге көтерісіп жатады» - дейді Зейнеп Ахметова «Бабалар аманаты» атты кітабында [117,45]. «Бармаса, келмесе жат болады. Алмаса, бермесе сарт болады» - дейтін қазақ үшін бару-келу, іш тарта араласу ұлттық қасиет.

Яғни бас кейіпкер көршісін ерулікке шақырып қонақ етіп сыйлайды. Алайда жаңа көшіп келген көршілер емін-жарқын араласа қоймай, сызданып, өзінің аты-жөнін де айтпайды. Дастархан басындағы әңгімеде тек өзінің қызметін, қонақ шақырғанда қандай бағалы тамақтарды қоятынын, қандай құнды шараптарды ішетінінен басқа ештеңе айтпайды. Әңгімедегі нарратор мәдениеттілігі жоғары жан. Тек көршісінің дастархан басындағы істеген қылықтарын, айтқан әңгімесін сол қалпында жеткізеді, жаңа көршілердің айыбын айтып эмоционалдық бағалау бермейді. Оқырман көршісінің көрген-білгенін айтпай, тек ішкен-жеген айтқанынан жаманның бірі екенін, ұры-қарыдан сақтанып, қоймай айтқан балконды қоршау керек дегенінен дүниеқоңыздығын, әуелі атын айтпай, уақыт бар ғой деп қолын сілтеуінен көргенсіздігін аңдайды.

Әңгіме жанрының табиғатына тән қасиет бойынша сюжет шапшаң дамиды. Бірде түсінде көршісі тіпті амандық сұраспай кеткенін көреді. Ертесі күні көршісі расымен асығыс өзінің джипіне мініп заулағанын көреді. Сол күні ол жол апатына ұшырап, тіл тарпай кеткен екен. Жаназа намазында тұрып, уақыт бар ғой деп атын айтпаған көршісінің аты жөнін имамнан естіп біледі. Бұл оқырманға көп ой саларлық катарсистік жағдаят болып келеді.

Жаназа. Жаназа шығару – бұл ислам дініндегі әрі халықтың салт-дәстүріндегі аруақты о дүниеге шығарып салардағы соңғы тілек, онда жаратушыдан осы адамның күнәсін жеңілдету сұралады. Сондықтан жаназаға келушілердің саны қаншалықты көп болса, соншалықты сауабы да көп болып есептеледі. «Есік алдында көп кісі жоқ. Өліге сауап тілеп қатарда тұрмын. Дәретпен келдім. Бұл – жаназаның ең бірінші ережесі» дейді кейіпкер [118]. Кейіпкердің көршісін ерулікке шақыруынан оның ұлттық дәстүрлерді сыйлайтын салиқалы азамат екенін, жаназа уақытындағы монологтарынан мұсылман дінінен хабардар жан-жақты адам екенін көреміз.

Әдетте, имам жаназа үстіндегі өлген адамның көзі тірісінде қарыздары

болды ма, ол қандай адам еді деп сұрақ қоятыны бар. Имамның сұрақтарына өзгелер: «қарызы жоқ, жақсы адам еді» деп жауап беріп жатқанда, кейіпкердің оны бар-жоғы бір айдың көлеміндей ғана уақыт білемін ғой деп үндемей тұруы да ой саларлық жайт.

Автор өмір мен өлім, материалдық байлық пен рухани байлық секілді оппозициялық концептілерді шендестіре отырып, адам өміріндегі нағыз құнды нәрселерді ашып көрсетеді. Көршісінің қонаққа келгендегі айтатын әңгімесі оны дүниенің құлына айналғанын көрсетсе, ал ерулікке шақырып отырған бас кейіпкердің «Менің бір кісі сүймес қасиетім – ешкімнен қорықпаймын, ешкімге жағымпаздана алмаймын, өйткені ешкімге қарызым жоқ. Жұрттың бәрін сыйлаймын, адаммен сыйласу – Алланың алдындағы парыз. Ал қоңсыма құл болуға дайынмын» деген монологі оның мінезін танытып, жүрегі таза, дін жолындағы шын құдайдың құлы екенін көрсетеді [118].

Дінде байлық сөкет емес, егер ол ысырапшылдыққа, бақталастыққа, ашкөздікке, менбілемдікке, кеудемсоқтыққа, өзгенің қайғысын көрсетпейтін көрсоқырлыққа айналмаса. Байлықты кедейлермен бөлісіп тұру сауапты іс. Көршінің мінезінде байлықтың буынан құдай біледі емес, менбілемдікке салыну бар. Ол оның кез-келген әңгімені ақыл айтуға айналдыра беруінен көрінеді. Қой етін тартып жатқанда «Қойдың сүті қорғасын, қойдың еті де, сүті де ауыр, көп жеуге болмайды», «Балконыңды тез қоршат. Есігіңе екі құлып пен қоңырау орнат. Элитный үйді ұрылар торуылдап жүреді. Балкон» дейді көрші.

Автор мәтінге имамның қабір басындағы уағызын кіргізуі арқылы әңгіме идеясын шығарады. «Бір уыс топырақ салу – сауап. Осы келгендердің бәрі марқұмның ет жақындары, туыс-бауырлары. Топырақ салғандар неғұрлым көп болса, көр азабы жеңілдейді. Рұқсат етіңіздер. Айтпақшы, – деді имам, – Адам қандай қымбат, жұмсақ көлік мінсе де, оның опасыз жалғанда мінген ең қымбат көлігі – қабір басына дейін көтеріп әкелген адамдардың алақаны. Ол қандай зәулім үйде тұрса да, оның ең жайлы да жұмсақ мекені – осы қара топырақпен көмілген бір шаршы ләқаты» [118]. Яғни мұсылман дініндегі ең басты байлық – материалдық байлық емес, нағыз байлық – бауырмалдық. Ол туралы қасиетті құран кәрімде «Түп-түгел Алланың жібіне (дініне) жабысыңдар да бөлінбеңдер. Сондай-ақ өздеріңе Алланың берген нығметін еске алыңдар. Өйткені: Бір-біріңе дұшпан едіңдер, жүректеріңнің арасын жарастырды (Әли Имран сүресі 103-аят)» деп айтылса, хадисте былай делінген: «Мұсылман – мұсылманның бауыры. Нағыз мұсылман бауырына озбырлық жасамайды. Кімде-кім мұсылман бауырының қажетіне жараса, Алла Тағала да оның қажетін өтейді. Кімде-кім мұсылман бауырының қайғы-мұңын сейілтсе, Алла Тағала да оны қиямет-қайымның қайғысынан құтқарады. Сондай-ақ, кімде-кім мұсылманның айыбын жасырса, Алла Тағала да қиямет күні оның айыбын жасырады» деп бауырмалдықты үлгі етеді. [119].

Әңгімедегі балконды темірмен құрсаулап бекіту, жабу – бұл дүниені сақтаудың символы. Себебі көршісі үшін мал табу, дүние жию, көбейту, оны сақтау – оның өміріндегі басты құндылыққа айналған. Оның өмірінде басқа құндылық жоқ. «Денемді бір ағын билеп, артыма қарап едім, биік балкондағы

майда-шүйде әлі жиналмапты. «Жазда осы балконға жатам. Алатаудың ауасын басқалардан бұрын жұтам» деген сөзі құлағымның түбінен желдей есіп өтті. Топырақ сап тұрып адам жатқан ақымға үңіліп қарадым – ені мен көлденеңі темір-терсек үйіліп, опыр-топыры шыққан мынау балконнан да тап-тар. Есік алдында мыж-мыж боп қара «Джиптің» қаңқасы тұр…» [118].

Әңгімедегі басты аксиологема «көрші ақысы – тәңір ақысы» деген аксиологиялық паремиядан туындайтын, тату көршілік, сыйластық. Ол ерулік концептісі арқылы беріліп отыр. Оның астарында тек қонақжайлық қана емес, адам мына өмірге де қонақ деген үлкен философиялық астар бар. Сондықтан бес күндік жалғанда сыйласып өту керек деген мұсылмандық қағида, діни аксиологемамен үндеседі.

«Ұлттық құндылықтар дегеніміздің өзі жалпыадамдық құндылықтардың мәдени-географиялық кеңістіктегі ерекшелігі деп есептейміз. Осыдан ұлттың дәстүр-салты, өзіне тән бірегейлігі туындайды» дейді [Н.Д.Худайбергенов 120, 23]. Біз де жоғарыдағы пікірді құптай келе, этномәдени құндылықтардың формасы ұлттық болып келгенімен, мазмұны бәрібір жалпыадамзаттық құндылықтардың аясында өріс алатындығын көркем шығармалардан алынған мысалдар арқылы анықтадық. Себебі, барлық салт-дәстүрлер ең алдымен отбасылық, моральдік, әлеуметтік құндылықтарды дәріптейді. Мұндай этномәдени аксиологемаларды ұлттық формада және жалпыадамзаттық құндылықтар парадигмасында ажыратып көрсетуге тырыстық.

Кесте № 2

Ұлттық форма	**Жалпы адамзаттық құндылықтар**
Сүйінші	қуанышты бөлісу, қуана білу, позитивті ойлау, бауырмалдық
Аунату	жақсыны үлгі тұту, идеалға ұқсасын деп тілеу;
Сыбаға	сыйластық, жөн-жобаны білу, ағайын-бауыр, туған туыс, құда-жекжат арасындағы жақындастық, этикалық нормалар;
Көңіл сұрау	халін білу, этикалық норма, бауырмалдық;
Байғазы	бауырмалдық, ағайындық, жомарттық;
Ерулік	қонақжайлылық, тез тіл табысу, аралас-құралас болу, жаңа ортаға сіңісіп кетуіне ықпал ету, бөтенсітпеу, адамдарды жақын ету секілді рухани-адамгершілік құндылықтар дәріптеледі.
Жоқтау	бұл өмірді, адамды құндылық ретінде есептеу, өмірден өткен адамның қайталанбас қасиеттерін айқындау;
Сыңсу	алғыс айту, қимастық, бауырмалдық қасиеттер;
Көңіл айту	адамгершілік, жұбату, қайғыны бөлісу, адамдар арасындағы шынайы рухани байланыс;

Естірту	психологиялық дайындық жасап, өлімді жеткізу, өзгенің жанына аялай қарау
Топырақ салу	Сауап іс, топырақ салғандар неғұрлым көп болса, марқұмның көр азабы жеңілдейді деген түсініктен туған бауырмалдық, көпшілдікке, әлеуметке үйренуге, екеуара шыдамдылыққа бастайтын қасиеттер

2.2 Ұлттық құндылық ретінде дәріптелетін рухани-адамгершілік қасиеттер

Қоғамдық формация өзгерген кезде құндылықтар бағдары да өзгеретіні жасырын емес. Қазақ елі өз тәуелсіздігін алғанымен, тілі мен ділі жағынан өзге елдің жетегіне еруі, өз ұлтының құндылықтарынан біртіндеп айырыла бастауы бір жағынан әлемдік үдерістерге еру, екінші жағынан әлемнің экономикалық құрылымын калькалау ұлттық құндылықтардың өзгеруіне де айтарлықтай әсерін тигізді.

Әдетте, қаламгерлер, қоғамдық-әлеуметтік, экономикалық өзгерістердің адам бойына ықпалын аса сезімталдықпен тез қабылдайтын, байқампаздықпен бере алатын, сол өзгерістерді жеткізе алатын жандар. Олар мына жылдам өзгеріп жатқан әлемде ұлтты ұлт ретінде сақтап қалуға болатын нәрсе – ол өзіміздің ұлттық кодымыз, ұлттық салт-сана, ұлттық құндылықтар екенін түсінді. Жалпы, әлемде қалалық жерлердің барлығында жер тапшылығы бар мәселе. Осындай өзгерістер яғни қала мен ауыл арасындағы айқын айырмашылық қазақ қоғамында да байқала бастады. Қаланың айналуға мұрсат бермейтін шағын пәтерлері ауылдан келген қазақтың дархан пейілін де тарылта түскені, немесе көптеген ауылдан келіп, пәтер іздеп сабылған қазақтың жайы, осылайша ұлттық құндылықтардың елеулі өзгеріске ұшырағаны да талай әңгімелердің тақырыбына айналды.

Рухани-адамгершілік құндылықтар. *Д.Рамазан «Жатбауыр»* әңгімесінде ұлттық тәрбиедегі бауырмалдық, ағайындық қасиеттер мәселесі көтерілген. Қазақы салт бойынша ұлдың әкесі мен шешесі немерелерін бағып, тәрбиесін береді, ол өз жұрты болып есептеледі, әйелдің әке-шешесі нағашы жұрты болып есептеледі. Өз жұртының тәрбиесінде өскен бала, сол жұрттың тілеуін тілеп тұрады ғой. Қай жұрттың тәрбиесін алып өссе, сол жұрттың құндылықтарын бойына сіңіріп, сол жұрттың мүддесіне қызмет етеді.

Д.Рамазанның «Жатбауыр» әңгімесінде тартыс тек отбасылық дәрежеде емес, бүкіл бір ұлттық тәрбие, ұлттық дүниетаным арасында өрбітілген. Орыс тілді нағашы жұртының қалалық тәрбиесінде өсіп келе жатқан немересі өз жұртына, өз ұлтына жатбауыр болып кеткен. Тіпті оның ойлау қабілеті, дүниетанымы да өзге. Ауылда тұратын өз атасы мен апасының тірлігін, өзінің ана тілін түсінбейді ол. Тәлтіректей басып, әрең жүрген жаңа туған қозыны баптаған атасына таңырқай қарап: «Бұндай жерде адамдар қалай тұрып жатыр,

- деп ойлады ішінен. – Қызықтайтын да дәнеңе жоқ! Бар-жоғы малдың соңында салпаңдап күн өткізу. Тап бір малдың құлаққесті құлдары сияқты. Таң атқаннан кеш батқанша жағдайларын жасап, балаларындай бағып-қағады, баптап күтеді. Малмен бірге өздері де мал болып кеткен сияқты» деп ойлайды немересі [121,74]. Автор әдейі дүниетанымдағы қайшылықтарды алға тарта отырып әңгіме сюжетін өрбітеді. Немересі қора толы малды темекі шегемін деп өртеп жібергенде де, обал болды-ау, мен кінәлімін деп бір өкініш білдірмейді. Атасы мен апасы мал екеш малды да аяп, обалсынады. Ауыл адамдарының кең пейілдігі сол, бүкіл ауыл боп өртті сөндіріп, аман қалған азғана малына жем-шөп әкеліп көмек береді. Бұдан қазақ ауылында бар бауырмалдық отбасы мүшелері арасында жоғалғанын мағынаны тарылта отырып көрсетеді.

«Құдасы ләм-мим деп тіл қатпастан жиенімен қоса секеңдеп, ойнап кетті. ...ылғи осылай, құдасы орысша амандасады да, зым-зия жоғалып кетеді. Тап бір жеп қоятындай-ақ маңайына жуымайды. ...алыстан ат арытып құдам келді деген ой қаперіне кіріп те шығар емес» -деп ойланады шал [121,75]. «Құдасын құдайындай сыйлайтын» қазақ халқы үшін қалалық адамның істеп отырған амалы әрине көргенсіздік іспетті.

Немерелерінің жатбауыр болып кеткені немересінен тірідей айырғандай боп қарттардың жанына батады, күйік боп ішке түседі. Бірақ бұл жайт нағашылары үшін де, өз баласы үшін де, немересі үшін де қалыпты жағдай. Осы жайт арқылы жазушы бүгінгі қоғам драмасын көрсетеді. Мұндай ұрпақтар арасындағы түсінбеушілік, келін мен немеренің қазақ тілін білмеуі, немерені жатбауыр етіп өсіру, туған шаңырағына қонақ секілді келіп-кетіп жүрген балалар мәселесі Д.Рамазанға дейін де қазақ әдебиетінде, әсіресе әңгіме жанрында біраз көтерілген. Мәселен, Д.Исабековтың «Қара шаңырақ», Т.Әбдіковтың «Қонақтар» әңгімелеріндегі проблематика да осыған ұқсас. Бұл әңгімелерде қазақтың қанына сіңісті болған ағайыншылық, бауырмалдық секілді құнды ұлттық қасиеттердің жоғалып бара жатқаны қынжыла суреттеледі.

А.Алтайдың «Оба жылғы сауық» атты әңгімесінде қазақы тәрбиеге жат безбүйректік қасиет сынға алынады. Әңгіменің сюжеті ықшам. Үлкен ұлының шақыруымен Астананың тойына барған анасы жанына сіңлісінің балаларын ерте барады. Ондағы ойы жұмыссыз жүрген балаларға жәрдемдесу, олар да өмірден өз орындарын тауып, екі қолға бір жұмыс тапсын деген тілек еді. Алайда ұлының ниеті тарылып кеткені соншалық, оларға жұмыс тауып бермек түгілі жөнді қарсы алмай, томсырайып жүріп күтіп алып, кетер кезде зілді сөздерді айтып шығарып салады.

«Оба жылғы сауық» деген әңгіменің атауында үлкен саяси-әлеуметтік астар бар. Қазақ ауылының қиын жағдайы мен көркейген астанасының жайы параллель түрде суреттеледі. Тозығы жеткен ауыл, жастардың жұмыссыздығы оған қарсы астанадағы зәулім ғимараттар мен тойып секіріп, той жасап жатқан шенеуніктер. Астананың тойына барған кәріп ана: «Бүгінгі күн бірақ сауық қуар кез бе ? Сауық құрар кез бе? ... Қазіргі жастардай ауылды жерде екі қолын

алдына салып, «жынды су» жұтып алса, шыққан жіктей ұрынарға қара таппай сандалып, көрші-қолаңның мал-мүлкін үптеумен айдалып, әйтпесе ашудан ақыл таппай, атылып қалмасын деп Сәнім сіңлісінен туған тете бөлелерін ерткен еді...»,-дейді [122]. Осы үзіндіден-ақ ауыл жайы көрініп тұр. Осылайша артынып-тартынып ауылдан етін алып, балам деп келгенде, баласының бір жадырап әңгіме айтпағаны, қабағын қарс түйіп, жақтырмағаны ана көңіліне батады. Пойызда қайтып бара жатып сонау бала шағында болған қорқынышты оқиға есіне түседі. 1945 жылы ол нағашыларының қолында, малшылар ауылында болғанда, оба дерті шығып, бүтін бір ауылды, мыңдаған қойды, дәрілеп улап, барлығын жерге көміп, тып-типыл еткенде, жалғыз өзі ғана сол қырғыннан өлмей, аман сытылып шыққан еді. Енді балаларының араздығын, бір-біріне жаны ашымайтын безбүйректігін көргенде сол оба жылы отқа күйіп неге өліп кетпедім екен деп қиналады. Үкімет оба шықты деп қырып салған нағашыларының ауылынан құтылып, өз ауылына келгенде халық жауды жеңдік деп тойлап жатыр екен. Сонда қарап отырса, өмірде қуаныш пен қайғы қатар жүреді екен. Оба жылы жанындағы бір ауылдың қасіреті бүркемеленіп қалды, ел тойлап жатыр, барыс жылында да ауыл-ауылдың ауыртпалығы өз алдына, қала өз тойын тойлап жатыр.

«Ұлы үмітті жалғар, сенімді бекітер Ер емес екен, ақ сүтін ақтар ұл емес екен» деп налиды іштей. Шынымен, ана үшін өзінен туған балалалардың бір біріне жауыға қарағанын, иттей қабысқанын көргеннен асқан қандай бақытсыздық болуы мүмкін. «Заман-ай» деп күрсінген ананың психологиялық күйінен заман өзгерген сайын ұлттық құндылықтар бағдарының өзгергендігін байқауға болады. Кезінде ананысының өсы өмірде тірі қалуына себеп болған осы бауырмалдық, ағайындық, ұрпағы үшін жанқиярлық құрбандыққа бару қасиеті болса, ендігі орында өмірлеріне еш қауіп-қатер төнбестен-ақ, ел аман, жұрт тыныштa бауырмалдықтың жоғалуын, оның орнын безбүйректік қасиеттің жайлап, жеке бастың жайлылығын ойлау, комфортқа әуестену қасиеті бірінші орынға шыққанын көреміз.

Ж.Шаштайұлы «Үй мен түз» әңгімесінде ауыл мен қалада тұратын бауырлар арасындағы бауырмалдық, ағайындықтың кете бастағанын әңгіме етеді. Оны жазушы қазіргі урбанизация процесіндегі ауылдан шығып, қаланы мекен еткен қазақ отбасының бірнеше күнін суреттеу арқылы шебер көрсеткен. Жазушы ағайын арасындағы татулықты, ынтымақты көбіне сақтап тұратын да, сондай-ақ араз ететін де әйелдер екенін, олардың характерін шебер сомдап көрсетеді.

Бас кейіпкер Жарасбек атына заты сай, ұсақ-түйекке онша мән бере қоймайтын, көңілі мәрт жан. «Ілдебай үйге келгіштегелі бері Жадыраның қабағында кірбің бар. Сол кірбің соңында неге әкеліп соғарын кім білсін ? «Әй, мен көрген Жадыра болса, бір сойқаны дайын тұр-ау. Өзіне салса інісінің осы үйде тұрғанын қалайды. Алды-артын танығанша бас-көз болып жүргенім дұрыс дейді» деп ағайыншылықты ойлап тұрады Жарасбек [123,301]. Ал әйелі Жадыра болса, бала-шағасының қамын ойлап тұр. Бір қарағанда Жадыраны да түсінуге болады. Себебі олардың бір емес, шиеттей үш баласы бар. Ол көрші

Азаматтың әйелі секілді үлде мен бүлдеге ора деп тұрған жоқ, тек ойы балаларының ең қарапайым түрде аспен қамтамасыз етілуі, ет қосып тамақ жасап беру болып тұр. Жазушы көрші Азаматтың әйелінің жайраңдап келіп кетуінен де Жарасбектің үлкен қауіп көретін детальді енгізуі бекер емес.

«Екі әйел алдымен әлденеге сықылықтап күліп алды да, сыбырға көшті. Орнында тапжылмай тұрып қалған Жарасбек «Бәлкім, Азамат әлі командировкасында жүрген шығар» деп ойлады. Кенет бұған Жадыраның дауысы ышқынып шыққандай естілді.

- Жібек-ау, саған қазір бере қоятын байғазым болмай тұр. Ертең тура өзім барып көремін» [123,301]. Әңгімеден әңгіме, сөзден сөз шығып, ерлі-зайыпты адамдар ұрсысып, інісі ол үйге келместей болып кетеді, күйеуінің жүрегі ұстап ауруханаға түседі. Әңгіменің соңында екі ағайынды бауырлар арасы суып, бір-бірінің көңілін сұрамайтын халге жетеді.

Ж.Шаштайұлы, Д.Рамазан, А.Алтай секілді бірқатар жазушылар бауырмалдық құндылықты көрсетуде жатбауырлық, безбүйректік, арасы алшақтап, көңілі қалушылық сияқты сұрқия сезімдер арқылы суреттейді. Яғни бұл үрдіс ұлттық құндылықтар бойынан кете бастаған кейіпкерлердің пайда болып келе жатқандығын көрсетеді. Бұл қоғамдағы құндылықтар бағдарының өзгеріп бара жатқанының белгісі. Дәстүрлі қазақ қоғамында бауырлар тонның ішкі бауындай араласып, бір-біріне шақырусыз барып, олардың бала-шағалары мәре-сәре болып ойнап, бір-бірінің үйінде жата-жастана қонақ болатыны бар, ал батыс қоғамында бауырлар арасындағы алшақтық, саналы түрде дисстанция сақтау кездеседі. Батыс қоғамындағы үрдіс бүгінде біздің қалалық жерлерге келді. Оның бірінші себебі идеологиялық жолдармен, түрлі әлеуметтік желілердегі жазбалар, екінші жолы батыс фильмдері арқылы болса, үшінші табиғи жолы, яғни қалалық жерлердегі әлеуметтік жағдай, өмір сүрудің қымбаттығы және жердің тарлығы да ниеттің тарылуына әкеліп соғады.

Керісінше кей суреткерлер ұлттық құндылықтарды бойына жиған кейіпкерлер арқылы бауырмалдықты әдемі оқиғалар арқылы өмірде бар, табиғи қалпында көрсете алған. Мұнда да бір қызығы ұлттық құндылықты бойына жиған идеал кейіпкерлер өркениеттің балшығына былғанбаған, таза ойлары әлі сол балаң қалпында қалған, көбіне ауылда тұратын кейіпкерлер арқылы көрініс тапқан.

Өзбек зеттеушісі И.Сапаров этномәдени құндылықтар қатарына ұлт үшін киелі жерлер мен қасиетті мекендерді де қосады. Осы орайда, *Н.Дәутәйұлының «Тәңірінің сыйы»* атты әңгімесін оқи отырып, И.Сапаровпен келіспеу мүмкін емес. Н.Дәутайұлының әңгімесіндегі басты құндылықтардың бірі, барша қазақ үшін қастерлі ұғым – ауыл. Себебі қарапайым көпшілік халық әлі де ауылда тұрады. Ауыл – әркім үшін қасиетті, ол туған жер ұғымымен астасып, әркімнің түп-тамырына бастайтын алтын арқау. Ауыл қазақы салт-дәстүрдің сақтаушысы, қазақы тірліктің қорғаны ретінде қабылданып келеді. Әрбір жазушының шығармашылығында ауыл – кейде терең толғаныстардың нысаны болып, кейде оқиғаның мекенін мегзеп, кейде адамгершілік, ар-ұят туралы пайымдаулардың бесігіне айналады, әйтеуір ешбір қазақ жазушысы

бұл тақырыпты айналып өтпесі анық, сондықтан ауыл қаламгерлер шығармашылығынан тыс қалмайды. Ауыл – бұл адам мен табиғаттың етене қабысқан тұсы, адам мен табиғаттың үндестігі. Әдетте ауылды ұлт болмысымен, халық мінезімен байланыстырып жатады. Бұл да өзінше дұрыс түсінік. Себебі қалалы жермен салыстырғанда ауылда әлеуметтену, қауымдасып тіршілік ету, қазақы орта, халық дүниетанымы айқын көрініс табады. Дәл осы ауыл арқылы қазақ халқының көзқарасындағы әлемнің ұлттық образын көре аламыз. Г.Гачев өзінің «Национальный образ мира» атты еңбегінде әр ұлттың түсінігіндегі әлем образын «координаттық тор ретінде көріп, "сетку координат", которой народ улавливает мир, как космос (в древнем смысле слова: как строй мира, миропорядок), выстраивающийся перед его очами, как особый "поворот", в котором предстает бытие данному народу» - дейді [124,11]. Яғни қазақ жазушыларының шығармашылығында ауыл бұл қазақы характердің, оның ділінің көрінісі. Қазақтардың ұлттық характерінің өзгешелігі этностың ортақ адамгершілік құнымдылықтарынан, табиғи ортасынан, ұлт тарихынан да көрініп отырады.

Н.Дәутайұлының «Тәңірінің сыйы» атты әңгімесінде ауыл – бұл кейіпкерлердің тек өмір сүру ортасы ғана емес, ауыл – бұл эстетикалық идеал дәрежесінде көрініс беретін болмыс. 1970-1980 жылдардардағы орыс әдебиетіндегі деревня және қазақ әдебиетіндегі ауыл прозасы осы түсініктерді халықтың өмір-тіршілігінідегі үлкен рухани құндылық ретінде бағалап, үлкен бағытқа айналдыра жазғаны бар. Бірақ ол кезеңдегі прозада ауыл тірлігінің әрбір-ұсақ түйек қызықтары (мал төлдеген уақыт, шөп шабу кезеңі, егін ору, өнім жинау, ауыл табиғаты т.б.) үлкен махаббатпен, сүйіспеншілікпен, егжей-тегжейлі суреттеліп, оқиғаға лирикалық, романтикалық пафос дарытып келген. Бұл әңгімеде ауыл адамының, ауылы үшін қалаға келгендегі айналдырған екі-үш күндік өмірі суреттеледі. Бас кейіпкер осы туған ауылы үшін жанын пида етуге бар Асыраубай деген жігіт. Әңгіме сюжеті аса қарапайым, ауыл мектебінің шатыры тесіліп, су ағып қиын жағдайда тұр. Сол үшін ел болып ақша жиып, асарлатып, шатырын қайта жауып жөндемекші болады. Ол мерекелік жиында желпініп, сөз сөйлеп, қаражат жағынан көмектесемін деп уәде еткен қалада қызмет ететін дөкей досы Жайлыбайдан ақша алып кетпекші болады. Алайда, досы мүлдем өзгеріп, әдетте ауылға келіп-кетіп жүрген қалпынан бөлек сөйлеп, өзінің бабалары шет елде оқып жатқанын, оларға жаңа пәтер сатып алғанын айтып сылтауратып:

«-Сабыр ет, - деді Жайлыбай дауысын суытып. – Шала бүлінгеннен ешкімнің уығы қисайып қалмайды.

- Қисайып тұр ғой.

-Тыңда. Алдағы жылдары үш жыл ауыл жылы. Үкімет ұшан-теңіз көмек көрсетейін деп жатыр. Көрінгенге жалынып қайтесің, ақша өз-өзінен келейін деп тұрғанда.

- Өзіміз ше... өз ауылымыз үшін өзіміз бір кісілік, елдік жасамаймыз ба, тегі?» [125, 290] – дейді.

Мұндағы Асыраубайдың «Өзіміз ше... өз ауылымыз үшін өзіміз бір кісілік,

елдік жасамаймыз ба, тегі?» деп халық үшін шырқырайтын сөздері оның азаматтық болмысын айқындап береді. Ел тізгінін ұстап, тайраңдап жүрген Жайлыбай шын мәнінде тек өзінің жайын, отбасын асырауды ғана місе тұтатын, басқасы күл болмаса, бүл болсын деп ойлайтын, жақсылығы тек өз басынан артылмайтын адам екені көрінеді. Ал Асыраубау арқылы автор ауыл, ел, жұрт қамын ойлайтын аңғал ауыл адамының образын сомдайды. «Уәде – құдай сөзі ғой» дейді Асыраубай. Асыраубай уәде, достық, елдік секілді жалпыадамзаттық құндылықтарды бағалайды. Ауыл халқы да осындай сенімдерге бас ұратын, «елден ұят болады» деген ұлттық тәрбиедегі ұғымды бірінші орынға қоятын адамдардан тұрады. «Сендер берді деймін. Құр қол барғаным ұят қой, бәрімізге ұят» деп қарызға ақша алып, оны өзі өтемек болған Асыраубай әрекетінен, Жайлыбайдың: «Сен еш өзгермегенсің... Сонау бала кездегі қалпың... Айтып отырмын ғой, сонау бала қалпың... » - деген бағалауынан қулық-сұмдықтан ада ауыл адамының аңғал образы ашылады. Тіпті осы қазақтың «елден ұят болады» деген тәрбиелік тыйымына қарсы пәлсапалық уәж айтып, «елден ұят болады» деп айтатын адамдарды «ұятмендер» деп айдар тағып, қаралау қазіргі қазақ қоғамында белең алып тұр. Шын мәнінде, осы әңгімеде «елден ұят болады» деген ұлттық құнды тыйым астарында бүкіл адамзат қастерлеген, атап айтсақ, уәде, достық, сенім, парыз, қайырымдылық, қонақжайлық секілді құндылықтарды тәрк ету сыналады.

Бұлар әңгімеде *уәде оған қарама – қарсы сөзден таю, достық оған қарсы – сатқындық, қайырымдылық – сараңдық, сенім – күдік* сияқты контрастілі категориялар арқылы жақсы ашылады.

Қазақы философияда «Жардан қымбат жігітке атамекен» деген түсінік бар. Нағыз ер азаматқа, тек өз жарының сөзінен аса алмауы сын. Асыраубай үшін де ең әуелі өз отбасының қамы емес, төбесі тесіліп, қабырғасы сөгіліп тұрған мектептің қамы маңызды болып тұр. Сондықтан да қамығып, ах ұрып бар жайды өзі қалаға келіп түскен үйдегі құдасына айтады. Басу айтқан құдасына: «Қамықпаған жерде үміт түгеседі. Менің үмітім – Көкмойнағым. Ықылымнан аты өшпей, түтіні бітпей келе жатқан оның мәңгі көктей беретіні. Арманым – Көкмойнақты ұл-қызының соны біліп, соған қуанып, сол үшін ғұмыр кешкені. Жайлыбай екі балам шетелде оқиды деді, оқысын. Ал, енді Көкмойнақтың бүгінін, ертеңін шетелде оқыған соның баласы ойлай ма, жоқ Көкмойнақта сылағы жалбырап түсіп, тұрған мектепте оқып жүрген киімдерінің бірі ұзын, бірі қысқа балалар ойлай ма? ... Күллі қазаққа бәлкім ие болатын ұл, бәлкім, Көкмойнақтағы сол сегіз жылдық мектепте оқып жатқан балалардың арасында жүгіріп жүрмегеніне кім кепіл ...» [125,296] – дейді, Асыраубай. Бір қарағанда Асыраубай сөзі тым пафосты секілді, бірақ сөзі өмір шындығымен қабысып тұр. Мұнда Көкмойнақ жалпы Қазақстанның көрсеткішіндей. Шетелде оқыған бала сол елдің құндылықтарына бас ұрып, қазіргі елдің жағдайын ойлай қойяр ма екен деген ащщы ой қалыптасады оқырманда.

Жазушы Асыраубайдың құдасының образын жасауда оның өмір тарихынан бірді-екілі ұтымды детальдарды береді: «Білетіні ата-анасынан тым

ерте қалып, балалар үйінде өскені. Кіндік қаны тамған ауылды іздеу жас кезінде ойына келе қоймаған, кейін тапқан екен, барса ауыл бұған, бұл ауылға жат болып шығады. «Сөйтіп, амалсыз ауылы жоқ қазаққа айналдық. Ауылы жоқ қазақ... терең, терең күрсініп еді бірде» [125,297] дейді. Яғни «ауылсыз қазақ болу» – бұл үлкен қасірет. Елі, жұрты болмауы – жетімдіктің белгісіндей. Қазақта әкең өлсе де, әкеңнің көзін көрген өлмесін деп тегін айтылмаса керек. Осы орайда, профессор Т.Ғабитов: «Қазақ дәстүрлі мәдениетіндегі әдептіліктің басты белгілеріне жататындары: атамекен мен туған халқына деген сүйіспеншілік, ар-ұятты қастерлеу, намысты болу, мейірімділік, ізеттілік, ата-бабалар аруағы мен ақсақалдарды сыйлау, ата-аналық парыз бен балалық қарыз, әділдік, қанағатшылдық және т.т. Басқаша айтқанда, этностың басты ұғымдары әдептіліктің, кісіліктің төңірегінде топтасқан» [126,241],- деп әділін айтады. Бұл тұрғыдан келгенде қалада жүріп, ауылын, туған жерін ұмыт қылған, материалдық байлықты бірінші кезекте күйттеген Жайлыбай әрине рухани құлдырауға ұшыраған жан. Ал Асыраубай болса, өз тұғырынан таймайды. Ол іздеген ақшаны құдасынан табады, соны алып, асығыс кетіп бара жатып жол апатына ұшырап, бір аяғынан айырылады. Ауруханада бірнеше күннен соң, әрең есін жиса да, бар ойлағаны, тағы да ауылы: «Саған өтініш, ұлым. Сол бар, келін береді дегенді қосып, Көкмойнаққа тарт. Бүгін жүріп кет. Жұрт күтіп отыр ғой. Күн болса өтіп барады. Ақшаны жеткіз. Жайлыбай бастаған ағалардың жиып берген көмегі де» дейді. Мұнда Асыраубай тағы да биік адамгершілік қасиеттер танытып, тұлға мен қоғам арасындағы үйлесімділікті бұзбауға тырысып, тағы да досының беделін ойлайды. Десе де «Қайын атаң иманды екен, қайдан білейін. Өміріміз шын жақсыны танымай, өтірік жақсыны жағалаумен өтеді, ит-ай...» деп өзі үшін көп нәрсеге көз жеткізеді.

Әңгімедегі бас кейіпкерлердің аттары Асыраубай, Жайлыбай деп алынуы да тегін емес. Мұнда автордың кейіпкерлерге қатынасын көрсететін бағалауыштық реңк бар. Асыраубай деген аттың өзі елін-жұртын асырауға арналған жан болса, Жайлыбай – өз жан тыныштығын ғана ойлаған адам екенін көрсететіндей.

Әңгімедегі басты аксиологемалар – достық, имандылық, қайырымдылық, елдік қасиеттер. Олар *қарашаңырақ, босаға, төр,* одан ұлғая келе *ауыл* концептісі арқылы, яғни ауыл этномәдени құндылығы арқылы көрініс табады.

Нұрғали Ораздың «Күнімайдың күндері-ай» шығармасынан да өз ауылынан келген қонақты жүгіріп жүріп, лайықты күтіп алуынан, ағайы туралы тек жақсы ойлауынан, ауылын сағына еске алуынан бауырмалдық құндылық жарқырап көрінеді. Бас кейіпкер Күнімай өзінің туған ауылы Шайырқұмнан сексеуіл тасуға келген жігітті ұнатып қалып, қашып кетіп қосылады. Жігіті Жаңгір деген қалаға жақын, үлкен, сәнді ауылдың тұрғыны. Күнімайдың пәк көңілі құмға көміліп, жырақта орналасқан Шайырқұмын, сол ауылдың адамдарын, сол ауылдағы ағайын-туысын сағынады.

Күнімай үй шаруасына мығым, енесін, ерін сыйлап иіліп тұратын жан. Мал екеш, малға да жаны ашып тұратын мейірбан «...мөлиіп тұрған қызыл

бұзауды көріп аяп кетті. Қос бүйірі қабысып қалыпты. Жұп-жұмсақ танауымен алдындағы ағаш науаны ақырын ғана түрткілеп, құр босқа әуреленіп, шөп іздегендей болады. Есік ашылып, қораның ішіне жарық сәуле түскен кезде, сырттағы әппақ әлемнен жасқанғандай момақан күйде көздерін жұмып-ақ қалғаны.

- Ой, тентек! – деді Күнімай оның арқасынан еркелете сипап. – Мен саған қазір шөп орып әкелемін. Тойғаныңша жейсің сосын. Қос бүйірің қампайып шыға келеді, әлі-ақ» деп бұзауды ереклетеді [127,111].

Шынымен, бұзауды еркелетіп, алғашында шөп орып беріп, кейіннен арқандап шалғынға жаяды да, қос бүйірін шығарып, өгізшеге айналғанына дейін көтеріп судан өткізгенін көрген адамдар: «Ойы-ы-бай, мына келіншектің палуанын-ай!» деп таңдай қағады.

Шығарманың: «Біреу үйді басына көтеріп қорылдай бастады. Ә-ә, Білісбек ағайы екен ғой...

Мана Шайырқұмнан келген қонақпен бірге тамақ ішпей, тымырайып қалған Марияш пен Дана ас үйде өзара күңкілдесіп, сөз арасында «Ужас!» деп орысшалап қояды.

Білісбек ағайы жатқан бөлмеден тер мен шуаштың жағымсыз иісі келгендей болады. Күнімай мұрынын сәл тыржитып қойып, тағы да Шайырқұмдағыларды ойлап кетті...» [127,112] деп аяқталуынан, ағасын зыр жүгіріп жүріп күтіп алып, дастархан жайып, шай әзірлеуінен оның бойындағы бауырмалдық қасиетін ешбір урбандалу бұза алмайтынын көреміз. Осы секілді ұсақ детальдар бауырмалдықтың әлі жоғалмағанын көрсетеді. Мейлі адам қандай болса да, (шуаш сасыса да) мейлі, ол туыс, сондықтан бауырмалдық қасиеттер сақталуы керек деген ойды қостайды.

Нұрғали Ораздың «Әпкем, жездем және мен» атты әңгімесі қарапайым адами қасиеттер: түсіністік, рухани парасат, бауырмалдық секілді құндылықтардың әлі де бар екенін жарқырата бере алуымен құнды. Отау құрғанына оншақты жыл болған әпкесі мен жездесінің ажырасқанын ести салысымен інісі сапарға шығады. Ондағы ойы жалғыз қалған әпкесіне қолдау көрсетіп, дем беру. Әңгіменің басты кейіпкері Жәкіш: «оның қасында қазір қалайда біреуіміз сүйеніш болып жүруіміз керек. Әйтпесе бір әке, бір шешеден туған бауыр екеніміздің құны көк тиын» деп түсіндіреді өз әрекетін [127,52]. Әңгімеде інісі нарратор ретінде алға шығып, өз сезімін, әпкесінің оқиғасын баяндайды. Әңгіме бірінші жақтан жүргізілгендіктен нарратордың бауырмалдығы, әпкесіне деген ағайындық сүйіспеншілігі мөлдіреп жіпке тізген моншақтай, эмоционалды түрде берілген. «... Біздің осы қиындыққа төзімді, тіс жармас тұйық мінезімізге орай, қайғы-қасірет атаулыға мүлдем өш, қиын-қыстау сәтте іркілмей қол ұшын созуға әзір ыстық жүрек, нәзік көңіл сыйлапты. Әпкем жайында сол жақтан келген әлдебіреуден ести сала, қанатымен су тасыған қарлығаштай алып-ұшып келе жатқан түрім мынау. Шындап келгенде, дәл қазір оған мен қандай көмек бере аламын, қолымнан не келеді, нендей мақсатпен жолға шықтым – о жағын әлі ойлаған да жоқпын. Әйтеуір, кідірмей тез жетуім керек сияқты...» дейді інісі [127,54]. Оның

әңгімесінен отбасыларының өте тату, шын мәнінде бір-біріне етжүректері елжіреп тұратын бауырмал екендерін көруге болады.

Туған ағасындай болып кеткен жездесінің сүйіп қосылған жарын, бауыр басып қалған ауылы мен үйін тастап бөтен адамға айналып кеткеніне сене алар емес ол. Себебі топ жігіттің ішінен жездесін бір көргенен-ақ жазбай танып «сол сен екеніңді көңілімізбен сезгенміз. Өйткені сен біртүрлі ... біздің үйдің адамына ұқсайтынсың...» дейді [127,51]. Әпкесі мен жездесінің өмірлік драмасы – балаларының жоқтығы. Дегенмен, дәл сол түні жездесінің әпкесіне келіп, бір тостаған айран ішіп, кіршіксіз адал көңілмен сыр ақтарғандарына куә болады. Өздерінің ажырасқанымен жандарының ажырамағанын, олардың бір-бірімен мәңгілік серік екеніне көзі жетеді.

Әңгіменің әуезі, лирикалық пафосынан адамдардың бірін-бірі жан жүрегімен түсіну, рахани жақындық, бірінің арман-тілегіне екіншісі аялай, құрметпен қарау, әпкесінің өз бақытынан жолдасының өмірлік парызын жоғары қоюдағы парасаттылығы секілді құндылықтар менмұндалап тұрады.

Ал Б.Нұржекеұлының тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезде жарық көрген «Жартастан шал құлапты терең суға», «Шыққан жан», «Құбылық» секілді әңгімелерінде керісінше осы бір дүниеде ең бір жақын болуы керек адамдар – әйелі мен күйеуінің арасында рухани жақындықтың болмауы, сатқындық жасалуы секілді мәселелер қозғалған. [128]

Тағам атауларына қатысты этномәдени құндылықтар. *Дүкенбай Досжанның «Қымыз»* атты әңгімесі қазақ халқының материалдық этномәдени құндылықтары арқылы адамдардың рухани көгжиегін кеңітіп, оларға адамгершілік-эстетикалық әсер етудің жарқын мысалы болып табылады. Қазақ үшін қымыз – ол ұлттық сусын. Сондай-ақ ол шипалы тағам. Оны жасаудың өз әдебі, бабы, салты бар. «Қымыз» әңгімесін оқи отырып тіпті оны дайындаудың өзі бір өнер екенін көреміз.

Әңгіменің бас кейіпкері жасөспірім жігіт Далабай. Ағасы қатты сырқаттанып жатып, бас жағында керсен толған қымыз тұрса да, бал қымыз ішкісі келетінін айтады. Бозбала ағасының тілегін орындап, жылқышылар ауылына қымыз әкелуге кетеді.

Жылқышының үйі – бұл мұражайдың бір бөлігі іспетті. Д.Досжанов әңгімесінде тарихи экскурс жасай отырып, қазақ халқының тіршілік ету мәдениетін көрсетіп, қазақ халқының сыйласу, қонақ күту мәдениетінің мазмұнын айқындайды. Осылайша халықтың жадының матрицасын құрастыратындай.

«Сөренің ішінде жиде ағаштан шапқан, тау сағыздай сары зерен тұр. Ағаштың діңін қуалап ойып алыпты. Жарықтықтың бунақ-буыны бәз қалпынша сақталған. Бояусыз-ақ бунағы білініп, өңі ашылып, жалтырай түседі. Ұстаның діңді қуалай оюына қарағанда ағаш жазда қиылған. Бойында сөлі бар кезде шабылған. Әйтпесе зерен жұқарған мезетте түбі тесіліп кетері хақ-ты. Жазғы тал көн секілді созылмалы келеді. Ұста қиялын табиғи бояуымен, қаттылығымен, жеңілдігімен байытып тұр. Бұл да Ақәділ ұстаның көзі» деп қолы алтын халық шеберінің еңбегіне ерекше назар салады. Қазақ

этносының тіршілігіндегінің картинасын сол қалпында бере отырып, халық мәдениетінің мазмұнын, халық шығармашылығын кеңінен насихаттайды. Бұйымдарды асқан дәлдікпен сипаттау Д.Досжан үшін мәдени құндылықтардың сөзбен көшірмесін салу ғана емес, ең алдымен ол адамдар арасындағы рухани-адамгершілік байланыстардың бастауы, оқырманға адамгершілік-эстетикалық әсер етудің құралы. «Зергердің көзі жоқ болса да, қолынан шыққан өнері өлмепті. Атақты зергер ұсталар қартайған шағында таңғажайып бұйым жасап қимас кісілеріне сыйлаушы еді. «Көзімдей көріп жүр» дейтін [129]. Суреттеуге тіл жетпейтін қазымыр өнерін ел ішіне қалдыратын, тарататын. Сөйтсем, сол кісілердің өмірден кеткісі келмегені екен ғой. Өлмейтіндер ғана артына өлмес өнер қалдырады» деп автор рухани детальді ерекшелейді. Яғни «қимас адам», «көзіндей көру» секілді құндылықтарды алға тартады.

Ыдыс атауларына қатысты этномәдени құндылықтар. Киіз үй ішіндегі тұрмыс заттарын, әрбір жабдықты үлкен сүйіспеншілікпен, дәлдікпен суреттейді. Қазақ халқының мәдениетіндегі ыдыс-аяқ атауларының молдығы, олардың әрқайсысының өз қызметі сипатталады. *Тай саба, құнан саба, күбі, торсық, қауақ, мес, піспек, керсен, шелек, шара, тостақ, тостаған, алтын көз зерен, күміс көзе, қалайы шөміш, сырлы ожау, ағаш табақ* секілді ыдыс түрлерін атап, олардың қызметін әңгімеге шебер қиюластырып кіріктіреді. Автор әрі қарай осы ұстаған заттардың иесі Ақтәтенің яғни кейіпкердің ішкі жан дүниесіне үңіледі.

Автор кейіпкерімен бірге ыдыстар құпия сырын ашуға тырысады. Нарратор алғаш келгенде-ақ көкейіндегі сұрақты қоюға ыңғайланады. Алайда, бөгде адамдардың көзінше сұрай алмайды. Тамақ ішіліп, қымыз тартылып болған соң, көрші келіншекке Ақтәтенің әрбір ыдысты ұқыптап жуып, оның мәнін айтып, қымызды баптап құюды үйретуінен тек бозбала емес, оқырман да қазақ халқының қонақ күту мәдениетінен мол мағлұмат алады. «Қымызды кесемен жай кісіге ұсынатын. Келім-кетім көпшілік ішеді. Мешкейлер мен саудагерлер тостақпен сусындаған. Оларға жұтары мол болса болғаны. Дәмін алып тұшынып жатпайды. Зеренмен асыл достар ішкен. Көремісің, жарықтықтың өзі де арудың көзіндей ойнап тұр-ау. Соққан зергеріне, шапқан ұстасына сай зереннің де әрқилысы болады. Қолымдағы Ақәділ ұстаның өрік ағаштан ойған алтын көз зерені. Ғашық жандарға қымызды алтын жалатқан көзеге құйып берген. Қақ күмістен соғылған көземен ақын, сері, сыпа, сал ішкен. Ілгеріде ауылға бір сері түсіп, қымыз ішпей жатып алғанда, атам бейшара осы қақ күміс көзені ат шаптырып Саураннан алдырған еді. Батыр мен палуанға қыпша бел құмырамен қымыз ұсынады екен» [129]. Сонда мен Ақтәте үшін асыл дос болғаным ғой деп ой түйеді бозбала. Осылайша, автор кейіпкерімен бірге зереннің сыртындағы емес, оның ішкі символикалық құпиясын ашады.

Әңгімеде көтерілетін тағы бір мәселе рухани-адамгершілік, тұлғалық теңдік мәселесі. Ақтәтенің соншалықты биік өрелі, табиғатынан аңғарымпаз, талғампаз болмысына әрине Жарбиған жолдасы тең емес. Жарбиған

қарапайым сыйластық мәдениетін меңгермеген, жөн-жосықты білмейтін, түлей адам. Оны ең алғаш қонақтың мініп келген атын мініп шаба жөнелуінен көреміз. Екіншіден, сөзінің барлығы қарғап, сілеумен, кекетумен сабақталады. Авторлық бағалауда «Жылқы қайырып, бие сауғаннан өзге өнері жоқ, арқауы бос, арамдығы бар, қиын кісі», «Кең дүниені тарылтып тұратын жабайы мінезі» деп суреттеледі. Ақтәте образы қаншалықты асқақ етіп сомдалған болса, Жарбиған оның антиподы, соншалықты пәс. Бірақ шынайы. Осыдан келіп әңгімедегі бір түйткілді түйін шешілетіндей. Ол Ақтәте мен Далабайдың ағасының арасында нендей байланыс бар деген түйткіл. Нарратор бұл жайында ел әңгімесін сол күйінде береді: «Өсекші әйелдерден естігенім. «Не білгенің бар! Перме бастық Ақтәтемен ашына екен ғой!» десті. «Қайдағыны көкімеші. Қойнында жаңа түскен, қуыршақтай келіншегі бар емес пе? Перме бастықты сарықарын әйелге қалай қиясың?» деді. «Естіген құлақта жазық жоқ. Перме бастық соғысқа аттанар алдында мұрты енді тебіндеген бозбала көрінеді ғой. Содан: «Жеңеше, олай-бұлай болып кетсек, не көрдік дейміз, аманат қып алып жүрер бірдеме бер», – депті. «Қата қалғыр-ай, ә!» «Ақтәте сонда жылап тұрып бойтұмарын жігіт мойнына тағып беріпті деседі». «Бойтұмардың сырын білесің ғой, сүйген адамына ғана сыйлайды», – десті. «Сайқал-ай, жұрт сыйлаған азаматты қалай өсекке таңасың?!» десті. Өз басым, әңгіменің анық-қанығына көз жеткізген емеспін» деп арадағы мәселенің басын ашық қалдырады [46]. Бірақ көзі қарақты оқырман сюжеттің даму барысында Ақтәтенің хал сұрау үшін ауылға аттануынан биік өресіне көзі жеткен оқырман, Ақтәтенің Далабайдың ағасын азамат ретінде шын сыйлағанын көреді. Және ол сыйластықтан әріге аспағанын, оның болмысына кей өсекшілер айтатындай пәс нәрсе сыймайтынына көзі жетеді.

Сыбаға. Әңгімедегі басты идея да осы проблематикадан суырылып шығады. «Қарғам-ау, осының күллісі өзіңе сақтаған сыбағам еді. Сықпаға бал қосылған, майдың тортасы айрылған, ұнға салып қыстан сақтап жүрген тайдың қақ жамбасын асам өзіңе. Асқа дейін қарның ашып қалады-ау. Қолымнан дәм татпағалы қай заман», – деп Ақтәте елжіреді [129].

Сыбаға – құрметті қонақтарға, сыйлы адамдарға сақталатын кәделі ас. Сыбағаға еттің бас, жамбас, омыртқа, қазы-қарта, жал-жая сияқты жақсы мүшелері тартылады. Сонда сыбаға ең әуелі сыйластықтың көрінісі, ол адамдар арасындағы қарым-қатынасты арттырушы, жақындастырушы құрал.

«Ақтәтенің ұнға салып сақтаған сүр жамбасын қолыма алғанда күн батып бара жатқан. Сары алау күн қолымдағы жамбасқа соншама ұқсады. Тұз сіңген, майы мен еті қосыла қатып сары мейіз болған, дәмі де, нәрі де бойында қалған асыл мүше. «Асыл мүше, сені сақтаған кісінің жүрегінде сағыныш пен ілтипат болмаса бағаланар ма ең өстіп? Әркімнің көңілінде жүрген қимас сыр, ән, айтылмаған әңгіме, ішілмеген қымыз, бәрі-бәрі сендей-ақ болар. Бұл жалғанда өзіңе арнап мүше сақтар, жамбас қақтар жақының болса – армансызсың. Сен де біреудің есінде екенсің, көңілінде жүрген көрінесің. Бет алдымда еріп батып бара жатқан алау күн бұл өмірдің соншама қысқалығын ұқтырса, қолдағы асыл

мүше адам мен адам арасындағы тәттілікті аңғартты. Сол тәттілікке табындым әрі іштей сүйсіндім» деп ой түйеді Далабай [129].

Далабай зерделі, көзі ашық, көкірегі ояу бала екенін әңгімесінен, түйген ойынан аңғаруға болады. Ақтәтенің оны оқымыстым деп атауында да мән бар. Қазақта жеңгесі қайныларын, қайын сіңлілерін атымен атамай ат тергеп, ат қояды. Сонда Далабай Ақтәтеге қайны болғанда, оның ағасын да қайын аға деп шын құрметтеген болып отыр. Ақтәте шын құрметке лайық адамды сыйлай, бағалай алған жан екенін көреміз. Әңгімедегі негізгі аксиологемалар – қонақжайлық, сыйластық, құрмет. Адамның өзі өлсе де, еңбегі, жасаған іс өлмейді деген сенім.

Обал-сауап ұғымы. *А.Алтайдың «Киллер сауысқан (Көзжендет)»* деп аталатын әңгімесі қазақы түсініктегі этномәдени құндылық – обал ұғымын түсіндіріп беретіндей. Әдетте обал деп қазақ барлық жанды, жансыз заттың барлығына байыппен, қамқорлықпен қарауды атаған. Тіпті ағып жатқан судың да сұрауы бар деп айтатыны сондықтан. Обал мен сауап түсінігінің ең қарапайым түрі тәрбиедегі тыйымдар сөздер арқылы беріледі. Мысалы, «нанды баспа, обал болады», «көкті жұлма, обал болады», «малды теппе, обал болады». Одан күрделірек болып көптеген аңыздарда обал архиетипі көрініс табады. Мәселен, «Ақсақ киік» күйінің шығуына да сол обалдан туындаған аңыз бар. Даладағы аңды да есепсіз, себепсіз қыруға болмайды, обал болады деп есептеген қазақ халқы. Саятшылық немесе аңшылық қызық үшін емес, негізінен күнкөріс көзі ретінде туындаған. Қазақ мал бауыздағанда да, «сенде жазық жоқ, бізде азық жоқ» деп батасына қосқан. Мұның артында малды да тектен текке қыруға болмайды деген адамгершілік түсінік тұр. Және малды бауыздаудың өзі оның жанын қинамай, бірден өлтіру деген, яғни малға деген аяушылықтан туындаған ырым.

А.Алтайдың «Киллер сауысқан» әңгімесінің бас кейіпкері Қараш сауысқанмен аң аулайтын саятшы. Бұл өзі қазақта жоқ саятшылық түрі. Дәстүрлі қазақ қоғамында бүркітпен, сұңқармен, қаршығамен, бөктергімен, ителгімен, қырғимен, тұйғынмен, лашын құсымен саятшылық жасаған. Оларды арнайы баптап, өздері алатын аңдарға түсуді үйреткен. Негізінен бұл құстар өз жемтігін күресте жеңіп алады. Ал сауысқан болса, ол аңдардың көзін ағызып жіберіп, тентіретіп, қинап өлтіреді. Және өзі сондай тойымсыздықпен аң біткенді қынадай қырады.

Қазақы саятшылық текті өнер болса, ала сауысқанмен саятшылық бір қанды қырғын, жендеттік. Автор мәтінде суысқан образын «ашқарақ сауысқан, сұрқия сауысқан, сайқал құс, сұғанақ сауысқан, айлалы құс, көзжендет құс, тажал құс, қанды тұмсық сауысқан, саққұлақ сауысқан, жендет сауысқан, сумаңтұмсық сауысқан, қорқау құс» деген эпитеттермен айшықтауынан оның негативті бейнесі бағаланады.

Бас кейіпкер Қараш сауысқанмен саят құруды Қосман қарақшыдан үйренген. Ол болса «өзі не қазақ, не қырғыз емес, не тәжік, не бадахшандық емес, тіпті парсылық та емес, - әлдебір ежелгі ұлттың, бәлкім ұлыстың өкілі... Осы өлкеге аталары әлдеқайдан ауып келген келмсек көрінеді дейтін ел. Жұрт

жалғыз-жарым жан сауғалаған жат пендені орыс жерінен қаңғып келген «сібірік», қытай жағынан қашқан «хансулық», иран даласынан безінген «ирандық» екен десіп сан-сапалақ саққа да жүгіртетінді... Ал ақиқатында Қосманның айда сайғақсыз, құмда ізсіз біреу екені ғана белгілі еді. Адам екені анық. Кім екені жұмбақ ?!» [122,149] – деп беріледі. Осы үзінді арқылы бұл саятшылықтың да белгілі бір ұлтқа тән емес, дүбәрә сипаты танылатындай.

Кемпірінің балалардың қайта-қайта қайтыс болып, тоқтамауына Қараш шалды кінәлап «Сен кінәлі! Сен кінәлі!» деп ашынуының да жөні бар.

Қосман қарақшы: «Сендер сауысқанмен аңшылық құра алмайсыңдар! Оған тек-тағайларың жібермейді, тым тектісіңдер, намысқойсыңдар. Бұл – біздің дәстүр... Мұнымен біз аң түгілі адамның да көзін ойып, миын сорып аламыз! – деп зілденетін. – Ұлы бабалардың «қамаукөз – сұмдық іс, обал-сауабы ауыр» дейтінді» [122,154] деген үзінді осы әңгіменің негізгі идеясынан хабар береді. Яғни қазақ халқының қай өнерін алып қарасақ та, мейлі саятшықы, мейлі аңшылық болсын, ол тек қызық үшін жасалатын дүние емес, ең алдымен ол күнкөріс қамы, әрбір істің артында обал мен сауап атты екі түсінік тұрады.

Сол обал жібермей ақыры жалғыз баласынан туған немересі қассыз, көзсіз, көзқамау болып туылады. «Соқыр сәби – соқыр адам. Соқыр адам жарық дүние есігін ашыпты. Соқыр ұрпақ қилы қоғамға келіпті. Ұрпақ – соқыр болса, қоғам да – соқыр. Соқыр... соқырлар... соқырлық не істетпейді ?» деп автор сәбидің кемістігі арқылы бүкіл қоғамды аллегориялық түрде сипаттап көрсетіп, дене кемістігін енді рухани кемістікке айналған сәтінен қорқу керектігін ескертетіндей [122,153].

Әдебиет сыншысы, әдебиеттанушы Әмірхан Меңдеке А.Алтай шығармашылығы жөнінде «Жас Алаш» газетіне жарияланған «Қоғам қоясын ақтарған суреткер» атты мақаласында: «Біз ұлттық топырақтан бірте-бірте ажырау арқылы, алыстау арқылы өмірге соқыр ұрпақ әкеле бастадық. Сауысқанмен саятшылық құрған (яғни өзгенің қаңсығын, таңсық көрген, сөйтіп, дәстүрсіздікке ұрынған, ақыр соңында адамшылық жолынан тайып, азғындаған) тыраш Қараш секілді, ұзақ жылдарға созылған ұлтсыздықтың кесір-керінен өмірге соқыр ұл, соқыр немере, соқыр шөберелерді шұбыртып әкеле бастадық. Асқар Алтайдың өз әңгімесінде айтайын деп отырғаны да және оны жетер жеріне жеткізіп айта алғаны да – осы! Осы қасірет! Осы ақиқат!» деп әңгімедегі түпкі идеяны ашып көрсетеді [130].

Эпистолярлық жанрда жазылған *Сәуле Досжановаың «Қашқынның зары»* әңгімесін басынан бағы тайған соң, күнделікті өмірде құндылық деп есептемейтін нәрселердің құнын біліп зарыққан адамның тәубесі деуге болады. Автор шығармасында қосымша скриптор болып яғни мәтіннен бөлек өз тіршілігі мен болмысы бар, мәтінге тек жанама қатысты, ол хатты оқушыға жеткізуші ретінде ғана көрініс табады. Шығарма шетелге қашып кеткен адамның еліне зарығып, авторға мұңын шаға жазылған хат ретінде берілген.

Кейіпкер әріптестері қамалған кезде өзіне де тықыр таянғанын біліп, шетелге қашады. Оған өте көп көлемде ақшаны жымқырды деген желеумен

жала жабылып, сыртынан он жылға сотталып кетеді де енді өз еліне қайта оралу мүмкіндігінен айырылады. Оның ақшасы бар, материалдық тұрғыдан қысым көрмесе де, бөтен орта, таныс емес адамдар, жат дәстүрлер бәрібір адамды зарықтырады. Өзін толыққанды қоғам мүшесі ретінде сезінуге мүмкіндік бермейді.

Шығармада шын мәнінде үлкен құндылық ретінде көрініс тапқан ұғым – ана тілі. Өзге тілдік орта, еркін көсіліп өз ойыңды жеткізе алмау, өз болмысыңды, көңіл-күйіңді рахаттана жеткізе алмау үлкен қасірет етіліп көрсетіледі. «Мен үшін жарық дүниеде қазақ тілінен артық тіл жоғын, сол сөздерден тәтті сөз жоғын жандүниеммен енді түсініп отырғандаймын. Менің туған елімде қызмет істейтіндер мен зиялы қауым өкілдері көбіне орыс тілінде сөйлегенді мәртебе тұтады. Ата заңда мемлекеттік тіл – қазақ тілі деп жазылғанымен Кеңес дәуірінен мұраға қалған дәстүр солай. Орысша сөйлемесе – дәуір көшінен қалып қоятындай. Мен де сөйтіп ойлаушы едім. Елдестеріммен кездескенде ғана ана тілімде сөйлеп, қызмет бабында ресми тілде сайрайтынмын. Соның зарын енді тартып жүрмін. Өзіңнің ана тіліңде сөйлеу, ана сүті, әке күшімен қаныңа сіңген сөздерді айту қандай бақыт. Өз Отаныңда, өз ана тіліңде, өз шаңырағыңда қатын-балаңмен абыр-дабыр болып сөйлесіп жүру қандай бақыт. Бақыт дегеннің ортасында жүріп бағаламай, бастан ұшқанда ғана біледі екен пенде» дейді кейіпкер [131].

Мұнда да қазақы қарым-қатынас өзгешелігі, жөн сұрасу, танысу-білісуді жеті атасынан сұрап, қай жүз, қай рудан екенін сұрастыру, жүріс-тұрыс әдебі үлкен этномәдени құндылық ретінде көрініс табады. «Баяғы кезім болса сол үлкен кісілермен танысып, жөн сұраса кетпес пе едім. Қазақтың әлемдегі барлық ұлт пен ұлыстан ерекшелігі – жүзге бөлініп, ру сұраса жөнелетінінде ғой. «Қай атаның баласысың?» дегенде, еркек екенің шын болса ататегіңді түгендеп сайрай жөнелесің. Жеті атасын білмеген жетесізден безетін біздің қазақтар ғана шығар. Дүниенің қай түкпірінде болсын, елінің оңтүстігі мен солтүстігі, шығысы мен батысы бірін-бірі тіл қатысқаннан ұғатын қазақ қана. Басқа қай ұлтты алсаң да тұрған жері мен өскен ортасына қарай диалектісі, сөз айырмашылығы болады» дейді кейіпкер [131].

Эпистолярлық шығармаларға тән үдерісті бұл шығармадан да көруге болады. Яғни конфликт негізінен кейіпкер және оның ортамен қарым-қатынасынан емес, кейіпкердің өз ішіндегі ойларынан туындағанын көреміз. «Менің мінезім де сол әкемнің дәл өзінің мінезіндей – алған беттен қайтпайтын пәлемін. Сондықтан да болар мені дәл бір соңғы рет көріп тұрғандай, қайтпас сапарға шығарып салып тұрғандай болған жетпістен асқан әкемнің Аллаға да, адамға да қаратып айтқан сөзіне де тоқтамадым» -дейді кейіпкер [132].

Шығарма бүгінгі күн реалилеріне негізделгенімен қазақ халқы қастер тұтқан этномәдени құндылықтарға толы. «Туған жердің қадірін шалғайда жүргенде білесің» деген қазақ даналығы осы шығармада анық көрінген. Сондықтан да, кейіпкердің ең үлкен өкініштерінің бірі – жер, топырақ ұғымдарымен байланысты. Қазақ халқы үшін бір уыс топырақ дегенді

түсіндіре келе Елдос Тоқтарбай: «Қаймана қазақ үшін қашан да болсын бір уыс топырақтың жөні бөлек. Сонымен, бір уыс топырақтың ұқтырар тағылымы – елге, жерге қызмет ету. Бір уыс топырақтың киесі – аманат! Бір уыс топырақтың философиясы – елге оралған рух! Бір уыс топырақтың мәні – елге айтылған сәлем!» десе [132], С.Алдашбаев: «Бір уыс топырақ деуі, адам дүниеден өткен кезде оның қабірінің ішіне ақ шүберекке түйіп, бір уыс топырақ салады. Ондағы мақсат, осы топырақ сауап таразысына түссін дегені. Енді бір қағидаттарда «Зүлзала» сүресіне сүйенеді. Онда «сол күні жер қопарылып жатқанда, адамдардың күнәсін жер айтып барады» делінген. Біздің қазақтың «жер айтып бармасын» деуінің бір төркіні осында. Біздің салған топырағымыз тек жақсылыққа ғана куәгер болсын деген ниет. Сондықтан бейіттің басына барған адам жерден бір уыс топырақ алады да, оның бас жағына себеді. Осы қағидатты қарғыстың сипатына да алған. Яғни, қарғаған адамына өлім тілеу» деп түсіндіреді [133]. Шығармада кейіпкердің бағып-қаққан әкесі қайтыс болғанда да бір уыс топырақ та сала алмағанына өкінуі, ең жақын адамының қолымен себілген бір уыс топырақтың салынбауы, жақындығын байқатпауы, күнәларын жеңілдетсін деген тілектің айтылмауы беріледі. Кейіпкер бойындағы тағы бір өкініш өзінің жат топырақта жататыны, туған жердің топырағы бұйырмайтыны. Шығарма кейіпкері қарапайым тірлікте қарапайым адам нені қастер тұтады, нені қадірлейді, соның барлығын арман етіп, зарығып, елден-жерден безгеніне налиды. «Биыл мұсылманша айтқанда Пайғамбар жасына толамын. «Көптен шыққан көмусіз қалады» дегенге жеткенім бе? «Ит тойған жеріне, ер туған жеріне» деуші еді. «Пәлен жерде пайда бар, өз еліңдей қайда бар?! Жақсы жігіт жер шолып, ақыр түбі айналар» деген дана халқымның сөзі де жиі еске оралады» [131].

Әу баста кейіпкер өзі үшін бостандықты басты құндылық көріп, шетелде болса да қашып, бостандықта, еркіндікте жүруді үлкен бақыт санағанын көрсек, кейіннен ол үшін құндылықтар бағдарының өзгергенін көреміз. «Мейлі! Есіңде болсын, мен туған жерімде өлгім келеді. Туған өлкемнің топырағын жастанғым келеді. Сен неге ұғынбайсың осыны?! Жас болса келді. Өстіп жүріп өлсем, сүйегім қайда қалады. Одан да туған жерімнің түрмесінде өлгенім жақсы! ,- деп мен де дауыс көтердім» - дейді ол [131]. Енді ол үшін басты құндылық бостандық емес, басты құндылық туған жері, туған елі, ана тілі.

Ол ақшасы болса болды, өмірлеріне риза болып жүре беретін әйелі мен баласына аздап ренжулі. «Елден шыққанда туған жердің бір уыс топырағын ала кетпегеніме қатты өкінемін. Жат жерде өліп кетсем, үстіме себер еді ғой сол қасиетті топырақты. Содан өлсем топырақ елден бұйырсын деп, әкеме тартқан бірбеткей мінезіммен Сізге осы хатты жазып отырмын. Сәлемімді халқыма жеткізерсіз»,-деп аяқталған хаттың соңына шындығында іздеуде жүрген елге таныс азамат аты-жөнін жазып, қолын қойыпты. Не істесек екен, ағайын?!» деп шығарма соңы оқырманға қаратыла аяқталады [131].

Ұлттық ойындарға қатысты этномәдени құндылықтар. Қазақ халқының бай мәдениетінің ажырамас бөліктері болып табылатын ұлттық ат

ойындары, ұлттық өнер түрлері де қазіргі қазақ әңгімелерінде кеңінен насихатталып жүр. Атап айтқанда, көкпар, бәйге, аңшылық өнерге, құс салу – салбурын өнеріне де жазушылар ыстық ықылас танытып келеді.

Көкпар. *Ж.Шаштайұлының «Есбай тігі»* атты әңгімесінде ұлттық ойын – көкпар халық дүниетанымымен, дәстүрімен байланысты құндылық ретінде көрсетіледі. Көкпарды әдетте белгілі бір отбасылық қуаныштарды көппен бөлісу ретінде қуаныш иесі береді.

«– Көкпарды кім беріп еді? – деді Есбай дауысын жаймен созып.

– Біз, – деді ең алғаш тіл қатқаны.

Есбай сен кім едің дегендей ұзақ тесілді.

–Танымай тұрмысыз, Тойшыбай құрдасыңыздың баласымын ғой. Малды ауылдың басын қосып, оқуға баратын немерелеріңіздің тілашарын жасап едік – деді сол айқайлаған бойы» [123,264].

Көкпар – ер адамның намысын, ақылын, түйсігін, шыдамдылығын,ептілігін, ерлігін, күш-жігерін, тәуекел ете алу қабілетін сынайтын ойын түрі. Әңгімеде көкпар ойынының қызығы нағыз қимыл-қозғалыс үстінде суреттеліп, көрсетіледі. Әккі көкпаршы қарт Есбай көзі нашар көріп, құлағы естуден қалып бара жатса да өмірлік тәжірибе мен қаншама жылғы дағдысының арқасында намысы жібермей көкпарды соқталдай үш шешен жігіттерінен алып кетеді. «Есбай тартысатын жағдайға енді келгенін сезді. Өзін ортаға алып, тапжылдырмай сайқымазақ етіп кетуі ықтимал. Дәмесі алдыңғы жақта ғана деген сыңай танытып, біраз жұлқыласып бақты. Бір-біріне тақаса бергенде тақымға салбырата басылған серкештің жонынан теуіп өтіп, еңкейіп барып, артқы сирақты іліп алды. Бұл қимылды күтпеген жігіт көкпардың тақымынан сусып шығып кеткенін сезбеді. Есбай серкешті тақымына салуға асықпай, шұғыл жұлқып, атының бүйірінен қатты түртті. Көз шарасы жанарына сыймай Қарагер атылып кеткенде көкпардың алдыңғы сирағы ғана ананың қолында қалды. Есбай аударылып түсе жаздап барып, жөнделді. Қол созым жерде қаумаласа қалған жаңағылар мұның адымын ұзартпай, алдын орауға тырысып жүр» деп беріледі [123,267]. Бұл Есбай карттың шешен жігіттерді алдарқата отырып, серкені қолына түсіру сәті. «Құлдилаған тік қабақты тура бетке ала шауып келе жатып, астындағы атының дес бермей кеткенінен секем алса да, тізгінді іркуге шамасы келмеді. Кенет тұла бойын мақтаныш тәрізді бір нәрсе кенеп, делебесі қозып, қиқулай бастады. Қарауыл шоқының қия жалынан еңістеген бойы бағанағы өзі шыққан пышақтың қырындай шаншылған тікке құлдилап, сорғалады. Ат екпінін тежей алмай арагідік құйрығымен шөмие шөге жаздағаны болмаса, әзірге бағдарынан жаңылмай кідіріссіз батыл сырғыды. Есбайдың қиқуынан елірген Қарагер одан сайын шабысын үдете түсті» деп беріледі [123,267]. «Үзіндідегі бір сөйлемнен бір сөйлемге өткен сайын мағыналық жағынан еселенетін түйдек-түйдек етістіктер прозадағы плеоназмдық түрге көшеді. Жалпы, Ж.Шаштайұлы қозғалыс динамикасын суреттеудің шебері. Дегенмен, образды түрде, Есбайдың тігі – көкпар болса, ылдиы – отбасы» деп дұрыс көрсетеді әдебиеттанушы Е.Солтанаева. Қ.Ергөбек те: «Көңіліңе келмесін, әңгімең

маған тіпті ұнаған жоқ. Өз ұрпағынан қайыр күтпеген қазақы қарияның соңына даңқ қалдыру шарасы соншалық дәрменсіз, соншалық сенімсіз» - деп тегіннен-тегін ұнатпай отырған жоқ бұл әңгімені [134]. Зерттеушінің ұнатпай отырғаны Есбай өмірінің тұрмыстық жағы. Десек те, өмірде мұндай да адамдар да бар екендігі рас. Өзінікін қор, өзгенікін зор («Елдің келін-баласына қараса, адам қызығарлық») көретін құлдық психология Есбайда да бар. Ол өз отбасына жақтырмай, менсінбей жоғарыдан қарайды. Әкенің бойында ұрпағына, отбасына деген бір тамшы мейірімнің болмауы неден деген заңды сұрақ туындайды. Әрине, бұл жас кезінде бала тәрбиесінен жіберіп алған қателіктері, енді қартайғанда кес-кестеп алдынан шығып отыр. Егер жас кезінде қиқу қуып, көп уақытын түзде өткізбей, өз отбасына көңіл бөліп, қисық кетіп бара жатқан нәрсені бақылап, түзеп отырса, мүмкін қартайған шағында олардан осыншалық түңілмес еді. Өмірде көптеген мықты, аты шыққан ғалым яки өз саласында белгілі бір биіктерді бағындырған кей адамдардың баласының кері кетіп, жалқау, еш жерде жұмыс істемейтін, қайратсыз адам болатындығы кездесіп жатады. Бұл бала психологиясындағы ауытқушылық көбіне әкесінің отбасына көңіл бөлмей, бар ықыласы басқа нәрсеге ауып кетуінен болып жатады. Кейде бала өзіне назардың жетіспеушілігінен де қарсы әрекеттерге әдейі барып отырады. Мұнда жазушы әдебиетте әу бастан-ақ бар әкелер мен балалар мәселесін қазақы ортаға сай, барынша шынайы беріп отыр. Ұлы әкесіндей болмады. Әкесі де ұлын өзінен асырып болмаса да, өзіне жеткізіп тәрбиелей алмады. *Оралхан Бөкейдің «Қойшы»* әңгімесінде әйелдің не себепті қойшының көзіне шөп салғанын өз тұрғысынан түсіндіріп беретіні бар. Оқи отырып, бір жағынан алданған қойшыны да аяйсың, бір жағынан мұндай әрекетке барған әйелін де түсінесің. Жазушының әйел психологиясын бере алуы соншалықты нанымды, тіпті қойшыға болысып, жақтасып отырған оқырман, әйел монологінен кейін бірден әйел бейбақ жағына тез өтіп, оны да түсініп, оны да аяй бастайды. «Есбайдың тігі» әңгімесіндегі Сананың долы мінезіне Оралхан әңгімесіндегі түсіндірмені алып пайдалануға болатын сияқты. Кез-келген нәрсенің себебі мен салдары болады ғой. Сананың да мінезінің осындай болуы Есбайға тікелей қатысты. Есбай қандай? Есбайдың дүйім ел білетін көкпаршылдығы, намысқойлығы, ебі, айласы, қайраты өз алдына. Ал тұрмыстағы Есбай бір емес екі адамның бағалауында бірдей беріледі. Бірі, Тойшыбай: «Ата сақалың аузына түссе де, ақыл кірмеген дүлейсің ғой бір» дейді. Екіншісі, әйелі Сана: «Құтыла алмай жүрсің, білем. Сендей дүлейдің қолынан өлгенімше, өз аяғыммен кетіп тірі жүрейін. Көзіңе қашанғы албастыдай көрінбекпін» - деді [123,264]. Яғни, Есбайдың дүлейлігін жазушы осы сөздер арқылы дәл көрсетеді.

Көркем мәтіндегі әрбір диалог, эпизод, әрбір деталь тектен тек берілмейді. Олардың барлығы көркем бүтіндікті құрап, ортақ идеяға қызмет етеді. Ендеше, Сананың аузынан шығатын «Қой-мойыңмен Әлпишаның, Қайпыштың үйіне кіріп ал» деген сөз бар. Бұл Сананың әйелдік қызғаншақтығынан айтыла салған жай әңгіме емес-ау деп ойлар қырағы оқырман. Себебі әңгіме аяғында Есбай аттан құлағанда оған демеп, тұрғызатын, бетіне су бүркіп, бәйек

болатын сол Әлпишаның баласы. «Бұл әлгі Әлпишаның Қыдыры емес пе еді? Мақтамайтын ба еді. Көкпарды дәл өзіне ұқсап тартады деуші ме еді?» - деп есіне алады Есбай [123, 268]. Осы үзіндідегі өзі деген кім? Өзі Есбай емес пе? Неге ол Есбайға тартқан? Неге ол көкпаршы. Қаны тартып тұр ма? Бірақ, Есбайдың өзі «Айыбым жетім балаға, жесір қатынға көмектескенім бе?» деп ақталады. Ендеше, Әлпишан мен Есбай арасында да бір байланыс бар деп күдіктеніп Сананың пенделік осалдық танытып, ұрыс-керіс шығарып, долы болатындай да себебі бар.

Сонда түздегі Есбай жесір қатын мен жетім балаға қол ұшын беретін, намысқой, елді ойлаған азамат болса, бірақ өзгеге танытқан мейірімін өзінің үйіндегі бала мен әйеліне таныта алмайтын, дүлей, оспадар, менсінбей жоғарыдан қарайтын (өз ұлын жетесіз неме!), керек жерінде әйелге қол көтеретін адам болып тұр ғой. Осындай ердің жанында әрине әйелдің де долы, шайпау болуы заңдылық. Ерлі-зайыптылар арасында түбегейлі түсінбестік бар. Бір-бірін түсінейін деген ниеттің нышаны да жоқ. Автор позициясы өз кейіпкері Есбайға болысып отыруынан көрінеді. Есбайдағы бар кінә Санадан секілді қылып көрсеткенімен, ол кінәнің бір ұшығы бәрібір Есбайға тиеді. Осындай қарама-қайшылықтар диалектикасы болмаса, әңгіме идиллиялық сипат алып кетер еді.

Дегенмен, халық аузындағы көкпардың тарихында, туған жердің қырында Есбай аты қалды. Әңгімедегі басты құндылық, ұлттық ойын көкпардың адам рухын шыңдайтын қасиетінде, намысты қоздырып ұлт болып ұйысуға сеп бола алатындығында дер едік.

Дода. *Асқар Алтайдың «Дода»* әңгімесі де қызу көкпар ойынын барынша қанық суреттеуге арналған. Жазушы бас-аяғы бір күнге созылған көкпар ойынын суреттей отырып, көкпаршы Кәнтөжін Нұрғалидің бүкіл өміріне қатысты ең маңызды оқиғаларды бере отырып, кейіпкер характерін сомдайды. «Алды-артынан асау аттай орағытып, бас-көзге қарамай кимелеп, ат үстінен жұлып алардай өлерменденген олар астарына мініп жүрген ат-айғырларын, сәурік-құнандарын борбайлап, жазықсыз көксеркеге жете алмай әуре. Жетсе қай-қайсының да жан беріп, жан алысатыны анық. Тұщы тәніне ащы қамшы тигеннен бірінің үстіне бірі шығып кетердей ентелеп, бастарын кегжите көтеріп алған жануарлардың жанары шарасынан шығардай шатынап кеткен. Иелерінің бұлармен ісі жоқ. Қабырғасы күйреп, қол-аяғы бұралып сынған серкеге ессіз ұмтылады. Ауыздарына тістеген түрлі-түрлі таспалы қамшыларын қолына ала салып, жануарлардың езуін жырып жіберердей шаужайлап, қамшымен сауырдан салып-салып өтеді» деп көкпар десе бәрін ұмытатын құмарлыққа берілген топтың әрекетін дәл суреттейді жазушы [122, 258]. Бас кейіпкер Нұрғали аттың сынын білетін, оны баптап күте алатын адам. Қайбір жылдары жылқы мен түйе ауылшаруашылығына тиімсіз түлік, оларды етке өткізу керек деген науқан жүргізілген кезде Нұрғали өзі баптап өсірген Желжорғаны етке өткізбей, ауылсовет бастап, милиция қоштап келген топқа мінезін көрсетіп, бермей алып қалады. Осы мінезі үшін Кәнтөжін Нұрғали деген атқа да қалады. Айналасындағылардың бағалауында берілген

«контужный, пері қаққан, қаны бұзылып келген, ит мінез» секілді бағалаулар мен атын бермеу эпизоды арқылы автор кейіпкерінің жанама мінезін ашып отыр. Яғни әйгілі атбегі болмаса да, жүйрік ат десе оның ішкен асын жерге қояр, ол үшін тіпті бар болмысымен кімге болса да қарсы тұрып, қорғап қала алатын қайсар мінезін танытады. Бүгінгі күні көкпарға өзі баптап келген Көкбесті ат сол өзі қорғап алып қалған Желжорғаның тұқымы. Яғни алпысты алқымдаған шал кейіпкердің бас-аяғы үш жүздей адам қатысқан, сен тұр мен атайын дейтін өндірдей жастар мен қырықтағы қарасақалдар қатысқан дүбірлі топтан көкпарды жұлып әкетуі нанымды болуы үшін де автор кейіпкер өмірінің осындай мінезділігін танытатын осындай эпизодтарды беріп отыр.

Жазушы көкпардың барысын сипаттай отырып, кейіпкердің көңіл райын, ой ағынын қатар ағытады. «...Қазір ғана топталып, іштей ширығып, ұшан дала төсінде бір уыстай көрінген додашылар тығыны ағылып кеткен торсықтай лақылдай ақтарылған ақтай лап беріп, қара жерді дүбірлете ғайып болады. Бір жерден екінші жерге оп-оңай орын ауыстырады.

Ойына астындағы атын терге малшынтып, есік алдына алқын-жұлқын келіп, ащщы айранды басына төңкере салып, қайта тұра шабатын жастау әкесі орала берді... Ол да ауыл арасында көкпар тартып, додаға түсіп жүруші еді. «Сынықтан басқаның бәрі жұғады» демекші, соғыстан оралған соң бұл да дода десе делебесі қозып, додашы болып алған» [122,262] - осылайша Нұрғали қарттың көкпаршылығы атадан балаға қанмен берілген қасиет іспетті көрсетіледі. Расымен, автордың осы дарытқан қасиеттері бойынан табылып, Нұрғали көкпарды алады.

«Қамшылар жақтан сыналап сырғып келген Көнтөжін Нұрғали көксеркені тақымына басқан додашы жанындағылар ес жияр дегенше, сорғалаған күйі бес саусақты салақтаған дененің сирағынан шеңгелдей салды дейсің... сол аққан ағынымен серкені жұлып әкеткен. Дереу оң жақ тақымына баса беріп, көкпардың артқы сирағынан ердің қасымен қоса ұстаған сәтінде, сираққа орала шұбалып жүрген қайыс қанжығаны көзі шалды. Әлгілер көкпарды жұлып алғандай болса, қанжыға ұстап қалсын деген ғой. Әй, мерездік-ай» [122, 265]- деп суреттеледі осы сәт.

Бірақ бас кейіпкер Көнтөжін Нұрғали бар есіл-дертімен көкпарға берілгендігі соншалық тіпті өзін-өзі сақтау қабілетінен де айырылады. «Көкбестінің арқыраған ащщы дауысы естілді... Жар жағалағандар жым-жырт бола қалды. Кең дала дауыл алдындағыдай тып-тыныш. Түнеріңкі аспан, тылсым төңірек. Сүмбіленің суына малтыққан жылқы мен адам ғана көкпармен қоса арпалысып барады.

Көкбесті күркірей тағы кісінеді... Олар кәрі Ертістің ортасындағы ұлы ағысқа тұтылған» [122,267] – деп әңгіме трагедиялық халмен аяқталады. Көксерке үшін арпалысқан адам енді жаны үшін сумен арпалысып барады. Бұл жерде жалған құндылық пен шынайы арпалысуда керек құндылықтың орны ауысып кеткенін кейіпкердің өзі байқамай қалады. Өмірде намыстың жаннан артық болатын кездері немесе жанның ар үшін садақа болатын кездері болады, әрине. Бірақ бұл жағдаятта емес-ау. Елдің көнтөжін Нұрғали атауы бекер емес

екен, Есілдің асау толқынымен алысып, көк серкесімен, Көкбесті атымен суға кетіп қаза болады. Әңгіме соңында адам өмірі де ең үлкен құндылық екенін оқырман бағамдай алады.

«Салбурын». *Асқар Алтайдың «Салбурын»* атты әңгімесі қазақ халқы өнер деп бағалап, құрмет тұтатын саятшылық туралы әңгіме. Негізі салбурын деп қазақта қыс маусымында аңшылардың топталып аңы мол жерлерге барып аң аулауларын атаған. Ол топқа тек саятшы, құсбегі, мергендер ғана емес, әнші, жыршы, күйші, атқосшылар да кіретін. Асқар Алтайдың әңгімесінде де бірнеше кісі бірігіп, аң аулағаны суреттеледі. Кейіпкерлері қазіргі заманның әл-ауқаты мықты адамдар, тіпті арасында министрдің орынбасары, бизнесмен, геолог, әскери адам да бар. Оларды күтіп алып жүрген жер жадысын, малдың жайын білетін, шаруақор, өз жайын барынша жасап алған, еркіндікті сүйетін малшы адамдар Бақытбек пен Елмұрат. Саятшылар бірінші күні тікұшақпен, келесі күні джиппен аң аулайды. Әдеттегідей тыныққан кездерінде астау толы ет жеп, аңшылар арасындағы әзіл-қалжың айтылып, қызықты әңгіме-дүкен құрылады. Сөз арасында геолог көшпенділер арасында моншаның болғаны туралы айтса, әңгіме бөріге ойысқанда оның тектілігі, аңшылығы, түркілердің тотемі екені айтылады. Елмұрат қарт былтырғы қыста бірнеше жылқысын жайратып кеткен ақылды, әккі, залым көкжалдың әңгімесін тамсана сөз етеді. «...Басқа бөрілер баршылық. Ол бірақ орала қоймады.

- Оны қайдан аңғардыңыз ? – деді Уәлихан.
- Ізінен шығар – Жарқын білетіндігін айтты.

- Ізінен айырдым. Артқы сол табанының жартысы жоқ. Қарға барбита басқанда түспейді. ...Бәлкім, бөлтірік кезінде ұяластары шайнап тастаған, болмаса қақпанға шаптырып алған. Әлде басқа бір себеп болған. Әйтеуір, анық нысаналы аң болып шықты» дейді [122,140]. Мұндағы қарт әңгімесінен кейіпкер характері ашылады яғни мал танығыш, аң танығыш қасиеті танылса, екінші жағынан идеяға сілтеме іспетті, яғни адамдардың саятшылық құруы қандыкөз қарақшылық емес, өз малын қорғап жүрген адал ниетті жандар деген идеялық жүкті арқалайды, үшінші жағынан Елмұрат әңгімесі шығармадағы сюжеттің байланысы іспетті берілген. Себебі ертесі күнгі қасқырды соғып алуы бұл енді әңгіменің ең қызықты шарықтау шегі болғандықтан, және дәл кешегі Елмұрат қарттың айтқан нысаналы арланын кезіктіруін автор баяндау емес, суреттеу тәсілі арқылы шебер берген. Арлан өз қаншығын қорғап, оның өлгенін көргенде, айла жасап қашпаққа ұмтылады. Ол да болмай, тығырыққа тірелген кезінде, соңғы рет айбат шегіп өліспей беріспеудің амалын жасайды. Джиптің алдыңғы әйнегін жырта сындырып, барлығының зәресін бір алады. Естерін әрең жиған аңшылардың бірі оны бірнеше оқпен жайратып салады.

Бұл әңгіме туралы профессор У. Қалижанов былай дейді: «Әңгімені оқи отырып, автордың аңшылық кәсібінен, өте терең хабардар екенін байқаймыз. Тәңіріге мойынсұнған түркі баласының еркіндігін, азаттығын артық көріп, кемшіліктен жырақ өмір сүру мен көк бөріні ғана қадір тұтқан тотемдік таным «Салбурын» әңгімесі көтерген басты мәселенің бірі» дейді [135,445]. Шынымен, шығармадағы арлан образы бір жағынан еркін рухтың, ырықсыз

табиғаттың символы іспетті. Ол да ешкімге жәутеңдемей, өр кеудесін бастырмай, өлтіргелі жатса да айбат шегіп, қасқайып қарсы тұрып өледі.

Әңгіме бір деммен оқылады. Автор шығарма ырғағы арқылы оқырманын енді не болады екен деген дегбірге түсіріп, эстетикалық әуреге түсіреді. Оқиғаны драматизациялау да жоқ. Тек шынайы суреттеп береді. «Төсіне қол тимеген қыздай керілген кең дала шаңыттап қарсы алды. Биыл жұқа түскен қар дала жүзін киік мүйізіндей қатырып тастапты. Терістік шығысқа қарай бет бұрған жүргіншілер Есілдің басын көздеген. Өйткені ол тұс түздің елсіз иені емес, ел-жұртты, мал басымен құйқалы қабатты өңір еді. Кей тұста шоқ-шоқ талды орманы да ұшырасады» деп оқиға желісі далада өтетіндіктен табиғаттың тамаша көріністері кестеленіп салынады [122,141].

Қанжығыға байлау. Әңгіме «Салбурын» туралы болғандықтан, саятшылық кезінде жасалатын ғұрыптар да атадан қалған құндылық ретінде қастерленіп жасалады. Атап айтсақ, қанжығыға байлау – бұл аңшылардың алдынан сыйлы адам, үлкен адам немесе бөгде адам алдына шыққан кезінде жасалатын ғұрып болса, бұл адамнның жан жомарттығын, мәрттігі әңгімеде «Іштеріндегі аңкөс мергені Жарқын атып алған түлкісін қоярда-қоймай Елмұрат отағасының қанжығасына байлады» деп беріледі.

Реалисттік бағытта жазылған әңгімеде шындыққа аса жанаспайтын фактілер де кездеседі.

«– Нағыз қаншыр екен... Аңғал арланды алдап жүріпті, - деді өзімен-өзі сөйлескендей.

Қасындағы қос шофер жігіт түкке түсінбей аң-таң.

– Алдағаны қалай?

–Ә-ә...иә... – деп Елмұрат өзінің жалғыз еместігін енді байқағандай болды. – Бедеу қаншық. Жатырын бөлтірігімен бірге туып тастаған. ...Арлан құр қаншықтан дәметкен.

–Қызық екен, жатырын қалай туып тастаған?

Кәдімгідей. Бөрі ит емес, қайта-қайта күшіктей беретін. Құдай солай жаратқан. Бөрі өмірінде бір-ақ рет күшіктейді. Сол кезде жатыры бірге түсіп қалады... Оны кейде өзі, кейде арланы жалмап қояды. Сондықтан да бөрі ит құсап көбейіп кетпейді. Қазір қаңтар. Ендігі буаз болу керек еді. Құрсағы бос екен» - деп бұл деректі автор сөзі ретінде емес, кейіпкер аузымен береді [39, 142]. Автордың ұтып кетіп отырған жері де осы.

Ұлттық құндылықтар туралы айтқанда шетелде жазушылықпен айналысатын қазақ жазушылары шығармашылығы турасында айтпау мүмкін емес. Себебі қазіргі кезде тек әдебиеттану ғана емес, жалпы әлеуметтік зерттеулерде ұлттық және жеке-тұлғалық құндылықтардың қатынасын талдауға арналған зерттеулер маңызды болып отыр. Олар мәдениетаралық диалог мәселелері мен болашағын анықтауға бағдар болары айқын, оның үстіне шынайы мәдениетаралық қарым-қатынас кеңістігінде осы «құндылықтар» қақтығысының да болып жататыны рас.

Сүйекке таңба салу. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары елге оралған қандас жазушы *Ж.Самитұлының* шығармаларында ұлттық құндылықтар

барынша дәріптеледі. *«Ана сүті»* әңгімесіндегі оқиға Қытайдағы 1967 жылдары болған «саяси халық жауларын» іздеу оқиғасымен байланысты. Саяси жау ретінде қарапайым жұмысшыларды ұстап, оларды бүкіл халық алдында тергеу басталады. Бас кейіпкер тергеудің алғашқы күні-ақ жан-жақтан тағылған психологиялық зорлыққа шыдамай, тіпті өзі істемеген нәрселерді мойынына алып, қойған кінәлардың барлығына бас шұлғып, келісе салады.

Үйге келген соң, барлығы мұны аяп, мүсіркейтін шығар деген ойы орындалмайды. Керісінше, анасы: «Ез! – деді кіжініп, тістене ысылдап, - Мен сені ұл деп туғам, еркек қой қалжа жегем... қарай гөр мұның жанының тәттісін! Бір күн бопсаға шыдамаған әлжуаз. ...Бүйтіп сүйекке таңба түсіргенше, өз қолыммен бауыздап тастайын сені, - деп жағамнан шап беріп алқымымнан қылқындыра бүріп тұрып» - дейді кейіпкер [136].

Мұнда ұлттық тәрбиедегі үлкен ұғымдардың бірі *«сүйекке таңба салу»* мәселесі сөз болады. Сүйекке таңба салу – бұл әлпештеп өсірген, бағып-қаққан ата-ананы баланың жаман атқа қалдыруы болып саналады.

Тау халықтарында өз отанына, ұлтына сатқындық жасаған адамдар туралы анасының әлдиін ұмытқан, қарғыс атқан адам деген түсінік бар. Қазақ халқы да «Ел боламын десең, бесігіңді түзе !» деп ана сүтін ақтау, анасының әлдиін, бесік жырын, анасының айтқан ертегісін асқан құндылық санайды. Онда кие бар, қасиет бар. Соны сезінбей, содан бойына жақсылық жұқтырмай өскен бала өмір майданында елі мен жерін сатып, өз халқының өмірлік принциптерін де сатып жіберуі мүмкін. Балалар ана сүтін, ана әлдиін, бесік жырын, анасы айтқан ертегілерін ұмытпасы анық.

Еркек қой қалжа жеу – бұл қазақ салтындағы ер адам дүниеге келгендегі намыс, ерлік секілді қасиеттермен байланысты рәсім.

Жазушы мақсаты марқұм болған әкенің асқақ образын, өз моральдік принциптеріне адал ана образын сомдап кейіпкерге моральдік ықпал ету факторына айналдыру болды, осы арқылы кейіпкердің қисайған санасын түзеу, шайқалған сенімдерін қалыпқа келтіру болды. Автор концепциясы жеке мағыналарға толы – яғни жеке, отбасылық, ұлттық құндылықтарды әлеумет дәл қазір бір сәтке өзекті еткен құндылықтардан жоғары қою. Бұл стратегиядағы кілт сөз – ана образы, ана сүті, оны ақтау. Және бұл стратегия өзін-өзі ақтайды, қаламгер осылайша перлукотивті әсерге қол жеткізеді. Яғни кейіпкер ендігі жерде өміріне қанша қауіп төнсе де, анасының ақ сүтін ақтау үшін, адалдықпен, намысқа тырысып, өз-өзін қорғап шығады. Анасының психологиялық образы, мотивациялық басымдылық ретінде, әсер етуші күш ретінде, адамгершілік идеалы ретінде беріледі. «Аузыма қан толған сәттерде де, ана сүтінің дәмі бірге кетіп, қалмасын деп ішіме жұттым. Ақ сүт қой ол! Ар – намыс шұбаты емес пе? Маған нәр берген соның құдіреті!» - дейді кейіпкер [136]. Кейіпкердің бұл сөзінен әңгіме идеясы айқын көрінеді.

Жазушы әңгімесін бәйтеректің басын мекен ететін Самұрық құс туралы халық ертегісімен интертекстуалдық байланыста алады. «Анамның ақ сүтінің нәрі ғой бұл” деп елжіреймін. Уа, анашым сонау балдырған бала шағымда, құжыр-құжыр құз жартастары үңіліп тұратын қыстаудағы тас үйде, ың –

шыңсыз оңаша қысқы кеште бауырыңа тығылып отырып тыңдайтын ертегілерім әлі есімде: Алып қара құс бәйтеректің басындағы балапандарын сағынып, зулап келе жатады. Екпінінен дауыл тұрады. Балаларым айдаһардың аузынан аман ба екен дегенде төгілген көз жасы жауын болып сіркіреп өтеді» - деп келтіруінен де анасы айтқан аңыздар мен ерегілердің де құндылық аспектісі көрінеді [136].

Ж.Сәмитұлының әңгімелеріндегі ирония тіпті ұлғайып гротескіге айналып кетеді. «Қырманнан топан әкеле жатырмын деп елді алдап, құнан өгізіме төрт дағар бидайды бір жолда теңдеп әкелдім. Асыл қошқар дейсіз бе? Дұрыс, қой жайып жүргенде иірмек ұшы шекесінен кіріп барады деген сылтаумен асыл қошқардың мүйізін кесіп тастап өлтірмек болдым. Ондағы мақсатым, ия, ия, түп мақсатым, қошқардың мүйізін кескенде ме? Айтайын, айтайын, түп мақсатым – капитализмды қайта тірілту» - деген секілді күлкі мысқыл Б.Майлин әңгімелерінің поэтикасын еске салады [136].

«Ер намысы деген дүниедегінің бәрінен де қымбат. Мен бір оқымаған надан адаммын. Жүрегімде жатталып, сүйегімде сіңісті болып қалған аталы сөз ғой бұл.

Әңгімедегі ұлттық аксиологема – ана сүті, ал ол арқылы ер адамның ары мен намысы, әділдік, шындық, ана сүтін ақтау, ата алдындағы, ел алдындағы борыш секілді құндылықтар алға тартылады.

Дегенмен, ұлттық құндылықтар кейде шамадан тыс дәріптеліп, кейде оларға асыра, дабыра артып, жалған құндылықтарға айналып кететін кездері де бар. Көптеген зерттеушілер құндылықтардың ара шекарасын ажыратуда нәзік ұстанымдар болуы керектігін ескертеді. Бір құндылықтар екіншісіне ауысып, кейде олардың мағынасы тарылып, кеңейе түсетін қасиеттері де бар. Белгілі бір аймақтық құндылықтар ұлғая келе жалпыадамзаттық құндылықтарға ұласады. Кей құндылық деп есептеген заттардың өзі жалған болуы да мүмкін.

Аксиологиялық тақырыптағы әдебиеттерде квазиқұндылық, псевдоқұндылық ұғымдары да кеңінен қолданылып жүр. Айталық, орыстың белгілі зерттеушісі В.А.Кувакин псевдоқұндылықтарға адамзаттың адасуларын, қателіктерін, соқыр сенімін, елесті, сенімсіз ақпаратты, квазиғылыми, квазидіни түсініктерді, паранормалды құбылыстарды, ғажайыптан емделіп кету, телекинез, телепортация, көріпкелдік, бал ашушылық, нумерология, астрология, оккультизм т.б. жатқызады. Оларды екіұшты құндылықтар деп, оларға күмәнмен қарауға болады. Шынайы құндылықтар ешбір күмән туғызбайды, олардың соңы өкінішке әкеліп соқпауы керек. Квазиқұндылықтар құндылық секілді болып көрініп, адам өмірінде адасуларға, кері кетушіліктерге соқтыру қаупі бар. Оларға деген соқыр сенім салдарынан адам өмірі астаң кестеңі шығып, жағымсыз нәтижеге тап болады. Мұндай псевдо құндылықтарды, жалған құндылықтарды дәріптеу қазіргі қазақ әңгімелерінен де көрініс тапқан. Айталық, *Есболат Айдабосынның «Сырттанның итаяғы»* атты әңгімесі осындай жағадаятқа құрылған. Әңгіме тазы иттің қасиетін, қазақы түсініктегі оларды кие тұту, қастерлеу туралы.

Шығармада тазы итпен аңшылық құру, тазы иттің тұқымы, оның тектілігі туралы біраз жақсы ойлар қозғалады. Ол дұрыс. Қазақ итті жеті қазынаның біріне балаған. Бірақ мәселе, сол құнды деп есептеген заттардың адам өмірінен маңызды болып, алғашқы орынға заттың бірінші қойылуынан туындайды. Әңгіменің бас кейіпкері аңшы Жұман тазы иттерді бағып, баптап-күтіп, өсіреді. Ол ата-баба қанымен, дәстүрімен беріліп келе жатқан кәсіп. Аңшы Жұман қоғамға қызмет ету, халқына пайдалы іс жасау дегенді былай қойғанда өзін-өзі рухани-адамгершілік тұрғыдан жетілдіре алмаған. Ол отбасының ырысы иттің итаяғына байланған деген сенімде болады. Өзінің екі қызы мен бір ұлы бар. Қыздарын қияға ұшырып, ұлын ұяға қондырып, келін алды. Бірақ ол соқыр сенімнің құлы. «Мені адам қылған осы итаяқ. Әжем марқұм, беске толған күні тұсауымды кесіп, араға апта салып үш рет итаяқтан су ішкізіпті. Содан оңалсам керек. Бертінде талай мәрте итаяқпен ұшықтағаны есімде. Қолымызға сүйел қаптаса, көзімізге теріскен шықса болды итаяқтың қағынан кертіп алып жаға қоятын жарықтық. Ұшынған жеріміз ертеңіне сып-сипалам жоғалатын. Көктем сайын итаяқтың сірнесімен босағаны майлап отыратын, ырысы жұқсын деп... Тіпті малдың желіні іссе де итаяғын ала жүгіретін марқұм» - дейді сырттанның итаяғы туралы [58]. Шын мәнінде, әжесінің ырымдап жасаған амалдары отбасы мүшелері бойында сенім тудырып, ал ол сенім жазылуға деген, баюға деген құлшыныстыарттырып, ынталы, қуатты әрекеттерді, сенімді түрде, нық жасауға итермелеуші күш қана. Жақсы мұндай сенім, әр қоғамда, әр адамда болады. Бірақ ол сенім фанатизмге айналмауы керек.

«Бар бәле бертінде басталды. Келін екі жылға дейін бала көтермеді. Бұрынырақта жаңа түскен келіншек көйлегінің етегіне салып итке жем жегізетін. Итше күшіктесін,- деген ырымы ғой қазақтың. Әйеліме айтқызып едім, келін қорқамын депті, балам шаманизм қалдығы деп күлкі қылған. Қаным басыма шауып, іске өзім кірістім. Ақмоншақ деген тазым бар еді, сол күшіктей сала күннің суықтығын сылтауратып үйге кіргізіп алдым. Балпанақтай қос күшік сүйкімді, жүрсең аяғыңа оратылып, отырсаң төбеңе секіріп еркелейді. Келінге де үйірсек. Өзімнің күткенім де сол емес пе?! Итке тамақ берсін, күшіктерін көріп, мейірленсін, ит төресі тазының алғысын алсын деп жүрмін ғой баяғы...» Әрине, Жұманның жан-жануардың балаларын көріп мейірленсін дегені жақсы ниет [137]. Алайда, жақсы ниеттің барлығы жақсы нәтиже бере бермейді.

Кейіпкер өзі қастер тұтқан заттарды өзгелердің де айнытпай, қастерлеуі, сыйлауы керек деп есептейді. Алайда, тазыны өзі қастерлегендей сый тұтып, құрметтеуді отбасынан көрмейді. Әйелі де, баласы да, келіні де оның құштарлығын бөлісіп отырған жоқ. Бірақ бұл туралы Жұманның ойы тым менмендікпен берілген: «Қатынның сыбағасын қолма-қол беріп, далаға шығып кеттім. Жас кезде бір-екі рет қамшымен шықпыртқаным болмаса қатынға қол көтерген еркек емеспін. Бұ жолы ашу ауыздықталмай қалды. Қатын көпке дейін кір-қоңымды жумай, төсегімді салмай қойтаңдап жүрді. Келін ауруханадан шығып келген соң ұрыс өртінің қоламтасы қайта бықсыды. Қатын

мені кінәлайды, жоқ нәрсені ырымдап жүресің деп... Ұл сазарып үндемейді, келін көңілсіз. Төркінінен алып келген тарғыл мысықты төсіне салып, құшақтайды да отырады» [137].

Мейлі қазақ мысықты тілеуі жаман деп жақтырмасын. Бірақ, мысықты жақсы көріп тұрған келінінде жазық жоқ қой. Отбасында, жалпы қоғамда, мемлекетте өзгенің пікірін сыйлауды, өзгенің қалауына төзімділік танытуды үйренбейінше ол жерде береке бірлік деген болмайды. Мен осылай ойлаймын, сендер барлығың осыны дұрыс деп, ләббай тақсыр деп бас шұлғып, соған көніңдер деген диктаторлық әрекет кез-келген жүйені құрдымға жібереді. Жұманның әйелінің өмірден ерте кетуіне де шынайы ақылмен, саналы түрде қарасақ, тазының ырысының, немесе сырттанның итаяғының еш қатысы жоқ. Бұл жағдаятқа Жұманның өзі кінәлі. Ұдайы ұрыс-керіс, бірін-бірі түсінбей, түсінгісі келмейтін ортадан, тоқпақтап ұру болған жерден, әрине, береке кетеді. Сырттанның итаяғынсыз-ақ сүттей ұйып, берекесі кіріп отырған отбасылар бар ғой. Сондықтан Жұманның әспеттеп отырғаны псевдоқұндылық, жалған құндылық болады. «Көкдауылды атам әлпештеп бағыпты», «тазыны құндақтаулы баладай көтеріп алды», «мына ит» (баласын мегзеп отыр) деген секілді иті мен баласына қатысты метафора, теңеу, кейіптеулерінен кейіпкердің оларға қатысын көруге болады. Шіркін, сол тазы мен итаяққа бөлген көңілін, баласы мен әйеліне қиса, әйелінен ерте айырылып, баласы ішіп кетпес еді ғой.

«-Жарықтық-ай, әруағыңнан айналдым сендердің... Сендер қадір тұтқан сол итаяқтан мына «ит» айдың күннің аманында айрылып отыр. Мұның басын шауып тастаса да обал жоқ» - дейді Жұман [58]. Итаяқты өртеп жіберген баласы туралы айтқаны бұл. Қанша құнды, ата-бабаларымыздың көзі деп әспеттесек те, итаяқ – ол зат. Алтын сияқты, машина сияқты – құнды зат. Барлық заттар адам игілігіне жарау үшін пайдаланылуы керек. Әу-бастағы олардың негізгі қызметі сол. Өмірлік қағида деуге де болады, яғни зат – қолдану үшін жасалған, ал адам – сүю үшін жаратылған, затты пайдалану керек, ал адамды жақсы көріп, ыждахатты қарым-қатынас құру қажет. Бірақ, кей адамдар зат пен адам арасын алмастырып, затты сүйіп, ал адамдарды пайдаланып кетіп отырады. Жұманды баласының өмірін өз ойының дұрыс екенін дәлелдеу үшін қолданып отырған психологиялық манипулятор деп айтсақ болатындай.

Шығарма соңын нарратор «Бауырындағы баласы, қойнындағы қатыны түсінбеген Жұманды кім түсінсін?! - деген өкініш өзектен сөз боп өрілді. Бұйрабас бұл жұмбақтың мәніне бойлай алмай, әңірейіп қарады.

- Түсінбейсіңдер бәрібір,-дедім де кете бардым. Сол сыңар сөйлем осы қазір ауыздан тағы да сытылып шықты да хикаяттың соңғы жағына жайғаса кетті.

«Түсінбейсіңдер бәрібір!»

Жұман, қолын бір сілтеп кете барғанда бәлкім осыны айтпақ болған шығар... Кім білсін?!» - деп аяқтайды [137]. Осылайша назар көркем обьектіге емес, оны қабылдаушы нарраторға ауады. Баяндаушы журналисттің де пікірі кейіпкердің ойымен үндесетіні байқалады.

Сонда әлем, халық, адамдар танымаған ақиқатты жалғыз Жұман түйсінген бе деген ойға қалдыратындай. Керісінше, адасып жүрген Жұман емес пе екен. Себебі, шығармадан өмірдің еш қызығын көрмей тек шыжығын көріп, ерте кеткен әйеліне, кішкентай шақалағынан айырылған келініне, өмірі ойран болған баласына жаны ашып тұрған Жұманды көрмейміз. Бар кінәні өзінен емес, өзгеден іздейтін, «құдай берген дәулетті», «Итаяққа жұққан ырысты» ғана қайтару үшін үйіндегі итаяқты жалатып алмақшы болып, өзі сатқан тазыны өзі қайта ұрлап әкеле жатқан әлсіз жанды көреміз. «Келін кезекті бір төмпештеуден соң төркініне тайып тұрған. Артынан бір айдан соң іздеп барды. Қайынжұрты өзін көкала қойдай қылып тепкілеп қуып жіберіпті. Содан қайтып ат ізін салмады, қатын да алмады. Көзімді ала бере ішеді» - деп налиды [137]. Бұл жағдаятқа кім кінәлі? Әрине, әкесінің анасын соққыға жығып, таяқтап жатқанын көрген ұл, ұядағы көргенін істейді. Баланың алдында әйелді сыйлау, жақсы көрудің үлгісі, отбасылық татулықтың паттерні жасалынбаған, сондықтан да баласының отбасының ыдырауына да Жұманның тікелей ықпалы бар.

Әңгіме атауының поэтикасы «Сырттанның итаяғы» деп аталуының өзі осы нәрсені, затты басты құндылық ретінде алға шығарғанынан көрінеді. Шығарма атауына қандай да бір маңызды заттарды қою бұл әдебиетте бар, қалыптасқан үрдіс. Мысалы, *О.Бөкейдің «Апамның астауы»* деген шығарманы алсақ, мұнда астауды апасының қолы тиген, бүкіл бір әулетті тамақтандырған зат ретінде, апасының көзі ретіндегі құндылық болып бағаланады. Бірақ мұнда обьект астау ретінде алынғанымен, кейіпкердің ах ұрып, күрсінген, әр сөйлемінен аяулы апасының образы алғашқы планда көрінеді. Әрине, ол жерде астау үшін отбасын ойрандамау, тіпті астау үшін маниакалды әрекеттер жасалмайды.

Е.Айдабосынның «Сырттанның итаяғы» әңгімесінің тілі шұрайлы. Нарратор аңшылықтан хабары мол адам әрі мамандығы журналист. Ол баяндаудың түрлі тәсілдерін қолданады. Мәселен, мәтін ішіндегі мәтін тәсілін кездестіреміз. Келіншек тауының аңызы кейіпкер аузымен баяндалады. Ол мәтін де шығарманың негізгі ортақ идеясына бағынған, яғни итаяқтың мәні мен қасиетін ұғындыруға жұмсалған. Келіншек тау аталуының себебі, ерте кездерде бір байдың жалғыз қызын алтынмен аптап, күміспен қаптап, ырғалтып, жырғалтып, бәленбай түйеге жүк артып, ұзатқаны, сол көштін ең соңғы түйесіне итаяқ артылған екен, мұны түсінбеген қыз, әкесіне өкпелейді, ал әкесі қызының тойымсыздығына ренжіп, оған теріс батасын беріп, қарғап, тас қылып қатырады. Жарайды, оқырман, итаяқтың қадірін түсінді делік. Бірақ, аксиологиялық тұрғыдан талдау жасап көретін болсақ, әкесі өзінің жалғыз баласын, бір ғана кемшілігі, бір күнәсі, бір әрекеті үшін теріс батасын беріп, мәңгілікке қатыруының өзі зұлымдық емес пе? Сонда, итаяқты ырыс әкелетін құндылық ретінде бағаласақ, ал ол ырыс отбасы жоқ болса, кімге керек? Ол ырыс қатып тұрған келіншекке түкке де қажеті жоқтығы белгілі. Сонда құндылық функциясы орындалып тұрған жоқ, ол псевдоқұндылық екені көрінеді. Себебі құндылықтың өзі адам үшін пайдалы, адамның игілігіне

жарайтын, адамды бақытты ететін қасиеті болуы керек. Зат – қолдану үшін жасалған, адам – сүю үшін жаратылғаны аксиологема болуы керек.

Қорыта айтқанда, бүгінгі қазақ әңгімелерін талдай келе, жазушылардың этномәдени құндылықтарды дәріптеуге, насихаттауға құлшыныстары зор екенін аңғарамыз.

Жоғарыдағы әңгімелерді талдай келе, біз өз тарапымыздан қазақ халқының концептосферасын құрайтын негізінен отбасылық салт-дәстүр концептілері екенін көреміз. Атап айтсақ, ұлттық тәрбиедегі құндылықтар – *обал – сауап, қарғыс – алғыс, ұят, тектілік, жөн-жосық, кие, аманат, құт, парыз, борыш* секілді концептілермен беріледі. Ал ұлттық өнердегі ептілік, байқампаздық, ерлік құндылықтар – *дода, бәйге, көкпар, салбурын* секілді концептілер арқылы берілген. Себебі концепт – рухани құндылықтарға, этномәдени құрылымдарға бағытталған білік-танымның бірліктері екендігі белгілі. Яғни ұлттық мәдени концептілер суреткерлердің тілі арқылы дүниенің психо-ментальді танымдық ерекшелігін көрсететіндігін байқаймыз.

Сонымен, қазіргі қазақ әңгімелерінің ішінде мейірім, жаны ашу, өзгенің пікірімен санасу, төзімділік секілді адамгершілік құндылықтарды бүркемелеп қалатын заттық әлемдегі мәні бар деп есептелетін псевдоқұндылықтардың да кездесетіндігін көрсеттік.

2.3 Асқар Алтай әңгімелеріндегі аксиологиялық парадигмалар

Қазақтардың ұлттығын, дербестігін сақтау үшін жас ұрпақты жалпы адамгершілік құндылықтармен бірге, ұлттың өзіне тән сипаттары арқылы тәрбиелеудің маңызы да осында. Осы ынтымақтастыққа қазақтар ешкімге ұқсамайтын дербес, тәуелсіз, өзіндік өмірі, мәдениеті бар халық есебінде кіруге тиіс. Мұхтар Әуезов сияқты әлемдік даңқы бар жазушымыз да ұлт жазушысы есебінде қабылдануы керек. Қазақтың тілі де, өнері де сол қалпында әлемдік мәдениетті өркендетуге өз үлесін қосатын болады.

Шынында, қазақтардың басқа халықтарда жоқ, өзінің ұлттық сипаттарына кіретін қаншама дәстүрлік салт-санасы сақталған. Қазақтарда туыстықтың өзгеше түрі қалыптасқан. Бірге туса да, тумаса да тегі бір, жақын туыстарын олар аға, іні, қарындас, әпке тұтады. Жеті атасына дейін олардың некелесуіне тиым салынған (оның адам организмін таза сақтаудағы, дені сау ұрпақ туғызудағы маңызы ғылымда дәлелденген). Қыз тәрбиесіне де қатты көңіл бөлінген. «Қызға қырық үйден тыйым» салып, жер-ошақ аттатпау, жайдақ атқа мінгізбеу сияқты әдет-ғұрыптар олардың адалдықты сақтауы үшін жасалған амал-тәсілдер. Қазақтар басқа халықтар сияқты ер жеткен баласының кәсіп іздеп кетуіне жол бермейді, үлкендерін отау етіп шығарып, кіші баласын мұрагер етіп өз қолында ұстайды. Сөйтіп ұрпақ жалғастығын сақтаған, қартайғанда панасыз қалмаудың жолын шешкен.

Қазақтардың мұрагерлік салты да ойдан шығарылған нәрсе емес. Ол еркегі өлген үйдің әйелін жесір, баласын жетім етпей, туыстық аясында ұстау ниетінен туған. Ағайынды адамдардың бірінің баласын бірі асырап алуы да

туыстық қарым-қатынасты жалғастыруды көздейді. Қонақжайлылық, жауынгерлік, намысқойлық, елді сыртқы жаудан қорғау ерлігі халықтың ауызша тудырған әдебиетінен басталып, кейінгі әдеби мұраларында да кең жырланған» [38,214].

Ұлттық тәрбие – ұлттық құндылық. Академик С.Қирабаев ұлттық тәрбие мәселесінің әдеби мұрада көрініс табу өрісі тұрғысында келелі пікір қозғайды. «Қазақ халқының ұзақ ғасырлар бойы ауызша шығарған әдеби мұрасы – фольклор мен тарихи әдебиеті ұлттық тәрбиенің маңызды көзі болып табылады. Халық өмірін, адам табиғатын терең танып, көркем бейнелеуге ұмтылған әдеби шығармада сол адамға, оның өміріне тән ұлттық сипаттар, ұлттық ерекшеліктер де мол кездеседі. Фольклор мен әдебиет халық санасының балаң кезінен басталған өмірдің ұзақ дамуында ұмытылған кейбір әдет-ғұрыптарды да сақтап жеткізген. Сонымен бірге ол қазақтың мінез-құлықты, ұлттық тілді, салт пен әдет-ғұрыптың түрлерін, адамгершілікті, кішіпейілділікті, қанағатшылдықты т.б. жақсы қасиеттерді әдебиет арқылы насихаттаған. Әдебиеттің өмір танушылық, тәрбиелік қызметін осы жолмен ақтаған. Мұндай материалдарды бүгін біз қазақтың батырлық эпосынан, ғашықтық дастандарынан, ертегілерінен, тұрмыс-салт жырларынан, айтыс, шешендік сөз, мақал-мәтелдерінен мол табамыз. Тарихи, жазба әдебиетте халық өмірін суреттеу тереңдей қойылды да, әдебиет сол өмірдің шежіресіне айналды» [138,215].

Қазіргі жаһандану дәуірінде де әдебиет өмір құбылыстарын сипаттап, хаттап, көркем сөзге көшіру дағдысын жалғастырып отыр. Қазіргі қазақ қоғамы, қазіргі қазақы болмыс айрықшалықтары, қазіргі дүниенің сүзгісіне айналған бүгінгі замандас бейнесі қазіргі қазақ әңгімесінде әрқилы көркемдік аспектіде, көркемдік шешім тұтастығында бой көтеріп отыр.

Қазіргі қазақ әңгімесі туралы сөз қозғағанда есімі жиі аталып келе жатқан қаламгердің бірі – Асқар Алтай. Уақыт таңбасын көркем шығармаға түсіруде озық, өзіндік қолтаңбасын қалыптастырған жазушы Асқар Алтай туындылары қазірде көп оқылатын, көп талқыға тартылып жүрген айтулы шығармалар қатарынан саналады.

«Бүгінгі күннің тақырыбына жазылған бір ғана әңгімемен бүгінгі қоғамымыздың бет-пердесін ғана емес, сонымен бірге осы қоғамның басындағы оқшырайған шляпасын, иығына жамылған әлем-жәлем шекпенін, содан кейін бұтындағы шалбарын, ең соңында ішкиіміне дейін түгел шешіп алып, осыдан соң үсті-басын тегіс іріңді жара басқан және жараның асқынуынан кей жері іріп-шіріп, кей жері шұрқ-шұрқ тесіле бастаған шұбарала денені шұқып тұрып: «Ал, қадірлі оқырман, анықтап қарап алыңыздар! Біздің қоғамның сиқы – осы! Біздің бәріміз осындай ауру, бейдауа қоғамда өмір сүріп жатырмыз!» деп көрсетуге, көрсете алуға бола ма? Болады, әрине. Бірақ, бұл – қиынның қиыны. Бұл – шын жазушының, яғни суреткердің ғана қолынан келетін іс. Суреткер Асқар Алтай да бір ғана әңгімесімен қазіргі қоғамымыздың сиық-сықпытын дөп әрі терең ашып көрсете алған жазушы

[139,3]. Бұл – Асқар Алтай жинағына алғы сөз жазған Әмірхан Меңдекенің пікірі.

Айтқанындай, әдебиет тек өмірдің сәуле, шуағын, жақсы әдет, жұғымды әдепті ғана жазбайды. Сол жақсыны жоғалтып бара жатқанымызды келеңсіз құбылыстарға ден қоюымен ескертеді. Еске салады. Жалпы кейінгі алпыс жылға жуық уақытта қазақ әдебиеті «жоқ іздей» бастады. Сол үрдіс Тәуелсіздік кезең әдебиетінде де жалғасын тауып отыр. Постотарлық синдром қазақ әдебиетіне де кең жайылды. Қысымы көп уақытта «жақсыны» ғана жазуға міндеттелген қазақ әдебиеті осы кейінгі 60-70 жыл ауқымында «жақсыны» күрделі, қиын, азапты көркемдік «джунглийінде» табуға, ашуға ынталылық танытып, шамадан тыс ынтық болды.

Асқар Алтайдың «Сібір офицері» әңгімесінің кейіпкері – оқушының есінде қалатын, ұдайы ойында жүретін көркем бейненің бірі. Қазіргі дәуірдегі, тарих көшінің белгілі бір кезеңіндегі қазақ этносының өмір шындығының нақтылы бір дерегі.

Көп мәселеде біртұтас кеңес халқы есебінде кірігіп, сіңісіп кеткен отар ұлттардың тағдыр шындығы әлем әдебиетінде сол отарлық езгіде болған ұлттардың өз тарапынан баяндалып, айтылып отырғандығы белгілі. Отарланушы халық кеңес әдебиетінің социалистік реализм әдісі аясында өз мұң-шерін жеткізу амалдарын, жан-жарасын жасыра алмай азап шегу бұлқыныстарын жеткізу мүмкіндігінен шектеу көргеннің өзінде шығармашылық жасампаздық «тиым салған» тақырыптарға ұдайы ұмтылыс танытып отырды.

Асқар Алтайдың «Сібір офицері» әңгімесін осы бағыттағы өмір шындығы көркемдік шешімін тапқан, қазақ әдебиетіндегі сирек бейненің бірінің жан қасіретіне бойлатқан туынды есебінде бағалауымызға негіз бар.

«Бұл оқиға 1986 жылғы Алматыдағы аты шулы желтоқсан күндерінен соң алыстағы Сібір орманы ішінде болды. Арада жеті күн өткеннен кейін ешкім күтпеген жай болған еді... Ақиқатында, желтоқсандық жай ой-санасын емес, жандүниесін астан-кестең етті. Ал кейінгі саналы әрекет ол сұмдықтың қасында түк емес. Қазір бәрі түс секілді» [140,119].

«Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ прозасының көркемдік әлемі (повестер мен әңгімелер, 2010)» [20] атты зерттеуінде әдебиеттанушы Г.С. Балтабаева қазақ прозасындағы айшықты (орнаментальды) проза үлгілерін қалыптастырушы жазушылар қатарында Асқар Алтай есімін де атап көрсетеді [20].

«Аталмыш тақырыпта қарастырылған әңгімелер әртүрлі болғанымен, қаламгерлердің айтары бір. Ол – әрқашан да, тіпті өлім алдында өзіңнің болмысыңды төмендетпей биік ұстау. Авторлардың ұсынатын тұжырымдамасы – нендей жағдай болса да осалдық танытып, күнәһар болып, өзіне-өзі қол салудан жирендіру» [20,23].

Асқар Алтайдың «Сібір офицері» әңгімесінде бас кейіпкер 1986 жылғы Алматыдағы Желтоқсан көтерілісінен кейін өз өмірін қию шешіміне келеді. Автор оқушыға екі ситуацияны баяндап өтіп, өлім таңдауы әйелінің жеңіл жүрісіне қатысты ма, жоқ, мәселе Желтоқсанда ма? дегендей ой қалдырады.

Бұл дилеммада кейіпкердің ұлттық ар-намысы жеке бас, отбасылық намыстан жоғары тұрғандығын кейіпкердің сезім арпалыстарын жеткізудегі көркемдік тәсілдер біртіндеп сіңіреді.

«Тәуелсіздік кезеңінде қазақ әдебиетіне жаңаша бағыт таңдау тұрғысынан көп мүмкіндіктер ашылды. Осы көп мүмкіндіктердің бір есептен қиындығы да мол болды. Таразының бір жағында әлемдік әдебиеттегі өзгерістер болса, екінші бір жағында ұлт әдебиетінде қалыптасқан құндылықтар жүйесі тұрды. Бұл екеуінің тоғысқаннан туған жаңа бағыт әдебиетте бірден көріне қоймады. Бір ғана мысал ретінде әлемдік індетке айналған террор мәселесінде барша әлем жазушылары өз ойларын ортаға салды. Көркем туындылар дүниеге келді. Алайда тек қазақ жазушылары емес, белгілі бір идеологиялық құрсауда болған елдер әдебиеті мұндай мәселелердің көркемдік форматын таппай қиналды. Соңғы кезде әлем әдебиетінде пәлсапалық астардағы, дәлірегі діни мәңгілік құндылықтарға негізделген дүниелердің басымдығы артты. Құндылықтар трансформациясын бастан кешіріп жатқан ұлттар әдебиеті оған да дайын болмай шықты. Әлбетте, әдебиеттегі осынау тоқыраулар әдебиеттануға да тікелей әсер етті. Қазіргі әдебиеттанулық еңбектер теориялық тұрғыдан алғанда өзіндік ұлттық әдіснамалық жолға түсе қойған жоқ.

Дей тұрғанмен, әлемдік әдебиеттанудағы өзгерістер қазақ әдебиеттануында кеңінен көрінуде. Мұның бірден бір нәтижесі қазақ прозасының өзіндік сипаты құрылымдық ізденістер аясында талдауларға түсе бастады. Көркем мәтіндегі структуралистік, семиотикалық белгілер, сол белгілерді қарастыратын тұжырымдар негізінде сараланды. Бұл бір жағынан алғанда аталмыш (структуралистік, герменевтикалық, семиотикалық) зерттеу тәсілдерін түрлі әдістемелік жағдаяттарда қарастыруға жол ашты» [141, 474].

Қазіргі әдебиеттануда әдеби туындыны шығарманың көркемдік табиғатына қатысты формалистік талдаулардың орнына көркем мәтіннің эстетикалық құндылығына құрылған талдаулар келе бастағандығы аталып жүр. Жеке туындының көркемдік мәнін талдауда таптаурын тәсілдердің шеңберіне «сыймай» жататын құбылыстар алдан шығып отырды. Асқар Алтайдың «Сібір офицері» әңгімесін дәстүрлі мазмұндау әдісімен талдауға да болады. Алайда автордың сығымдап отырып сыйғызған психологиялық кернеуі басым туындысының астар-қатпарында жай ғана мазмұндап ұғындыруға «көнбейтін» бұлқыныстар бар.

Әдебиеттану ғылымында автор категориясы және көркемдік туралы сала-сала зерттеулер бар. Автор құндылықтарды жүйелеуші қызметін атқаратындығы айтылады. Классикадан бас тартып, постмодернистік бағытқа бұрылған авторлар қатарында аталатын Асқар Алтайдың «Сібір офицері» әңгімесіндегі көркемдік тәсілдер дәстүрлі шектерді қаншалықты сақтаған? Әлде бұзып-жарып, жаңа шектерге жол ашқан ба? Әңгіме кейіпкердің еске түсіру сәттерімен бедерленген. Кейіпкердің желтоқсан көтерілісі күндері әскери күштердің қатарында туған ұлтының еркіндік аңсарына қарсы күш көрсетушілермен бір пиғылда болғандығы психикасына зардабын тигізген. Оның ой ағындары арпалысқа толы. Саналы азаматтың бейсаналы күйі,

мәтіндегі фрагменттілік, жазушының әңгіме оқиғасын біртіндеп баяндауға емес, үзік-үзік, ілгерінді-кейінді суреттемелерге құрылған оқиға ілгектеріне құруы жаңа тәсіл бойынша жазу мақсатын көрсетеді.

Асқар Алтай шығармашылығы зерделенген зерттеулерде оның қаламгерлік ұстанымы, жазу бағыты тұрғысында нақтылы даралық сипаттарына қатысты елеулі пайымдаулар жасалып келе жатқанымен, «Сібір офицері» әңгімесінің көркемдік тәсілі арнайы сараланбаған.

Желтоқсан күндері. Жазушы Асқар Алтай осылай атайды. Сол желтоқсан оқиғасы, көтерілісі, күндері аталып жүрген, қазірде де нақтылы мәртебесі айқындалып, анықталып болмаған сол бір ұлт тағдырындағы елеулі, шешуші кезең туралы қазақ әдебиетінде драматургия, әңгіме, роман, поэма жанрларында жазылған туындылар қатарында да «Сібір офицері» атала бермейді.

«Қазіргі тәуелсіз қазақ әдебиетінде Асқар Алтай – өз бағытын айқындап, стилін танытқан жазушы. Оның шығармаларынан кезінде З.Қабдолов жазушыдан талап ететін сегіз қасиетті толық көруге болады. Оның «Қара бура» повесі, «Қараштың қарасы» әңгімесі қазақ басынан өткерген небір тарихи оқиғалардан сыр шертеді. Асқар Алтай шығармаларындағы бір ерекшелік – шығарма ішіне тағы бір шығармаға сюжет боларлық бір оқиғаны сыйғызып жіберуі. Мұндай тәсіл көбіне О.Бөкей шығармаларына тән болатын» [20].

Зерттеуші Ә.Наурызбай Асқар Алтай шығармашылығын жеке туындыларды мазмұндап отырып, көркемдеу айрықшалықтарында таныту мақсатында өзіндік пайымдауларымен бөліседі: «Қазіргі қазақ прозасы болып-толған, өзінің ұстаздық-тәлімгерлік орнын әлем әдебиетінен алған және бұрынғыдай ұлттық поэзияның тасасында қалып қоюдан мүлдем арылған. Өзгеден үйренуді доғарып, өзгеге үйретуді бағыт етіп ұстанған милет мақтанышы. Әңгіме жанры әдеби сын мен әдебиет назариятын өзінің жаңашылдығымен қуантып жүр. Заманалық қазақ әңгімесі оқырманына мәтін ләззатын сыйлап жүр десек, артық айтқанымыз емес.

Бір кездегі ұлт әдебиетіндегі ашыла жазуға, көсіле жазуға заманы мүмкіндік бермеген модерндік әңгіме үлгісі, 40-50 жастағы сақа прозашыларымыз тарапынан қазіргі дәуірде постмодернистік әңгіме үлгісіне айналды. Иә, Жүсіпбек Қорғасбек, Нұрғали Ораз, Асқар Алтай, Дидар Амантай, Думан Рамазан, Нұржан Қуантайұлы, т.б. прозашылар шоғырының әңгімелерін ұғыну үшін олардың постмодерндік бағытының тереңіне үңілуіміз керек-ақ.

Бұрынғыдай мынау сюжет, анау композиция деп белгілі процесті қаздың баласындай бірізділікпен қайыра айтып салып, жарыса жазудан тізгін тартып, аян нәрсені қайтара жайып салудан бойды аулақ ұстайтын кез келді» [94],-дей отырып, жазушы шығармашылығындағы дара сипаттарды атап көрсетеді. Ары қарай автор Асқар Алтай шығармашылығындағы жалғыздық күйіне зер салады. «Кентавр», «Альпинист» әңгімелері осы мәнде сараланады.

Басарысты ортаға жат еткен дене тұрқының жылқы іспеттес болуы еді. Ал «Альпинистегі» Тайшының жалғыздығы неде?

«Адам атаулы бір-біріне суық қана жымиып, ішін бермейтін қаланың қалың қатпарлы тіршілігімен беттемек сәтте бәрі де әдіре қалып, тау төсіндегі сәбидей пәк сезімдері лезде ластанып қоя береді. Шың басындағы кешегі қара тастай берік достық, альпинистік адал сезім сынған хрустальдай шыл-шынары шығып, әрқайсысы бөтен біреулерге айнала жөнеледі. Тайшық осыны түсінбейді... Ойға түссе көңілі күңгірт күздей құлазиды, жапанда қалғандай жалғызсырайды. Ал бозбала Сұңғат оны қайдан білсін?! Ол – әзірге әсершіл» [139,203].

Ә.Наурызбаева Асқар Алтай әңгімелерінің мәнін әр қилы түсінуге болады дейді. «Бір сәт алаңдадың ба әңгіменің мәнісін басқаша түсініп қалуға ұрынасың» [20]. Ендігі бір ерекшелігі деп Асқар Алтайдың жазу тәсіліндегі тосын бұрылыстарға мән береді.

«Оқиғалық мәртебеге ие емес көптеген сюжеттік бөліктер (портрет, суреттеу, детальдандыру, диалог т.б.) Асқар Алтай әңгімелерінде оқиғаны өрістетуге дайындық ретінде фабуланы тежей отырып, «әңгімелеу ағынын» тудыруға дайындық жасайды. Біздің байқауымызша, Асқар Алтай көбіне сюжеттік амал-тәсілдерді: психологиялық мінездеулер мен уәждаулар, суреттемелерді кең ауқымды қолдана отырып, өзіндік стильдік ерекшелігімен басқа қаламгерлерімізден өзгешелене түсіп отырады. Сюжеттік амал-тәсілдерді кең ауқымды постмодерндік қолдану қазіргі қазақ әңгімесінің өзіндік дәстүріне айналды. Әңгіме сюжеті моноцентрлік сипатқа ие (фабулалық оқиғалардың барлығы бас кейіпкер Жошының Сапалақпен кездесуіне және оған дейінгі оқиғаларға құрылған).

Асқар Алтай шығармашылығындағы әңгімелеуші мотивті дәстүрлі алаш фольклорлық және әдеби элементтерінің түр өзгерушілігіне ұшырап хикаяттануы деп санаймыз. Қазақ қоғамында жасалынған қылмыс «Казино» әңгімесінің басты мотиві болып табылады. Өйткені, дейтүркі, орта түркі және қазақ халық прозасында мотив тағаттың бабаларымызды бетпе-бет келтірген түйткілді мәселелеріне жауабын өздерінше баяндап шығатын бірмүшелі бейнелікпен эстетикалық кестелеуі болып табылады. Әрі біздің қаламгерлеріміздің туындыларында ұшырасатын батыстық және шығыстық мотивтер әдебиет түгіл фольклордың өзінде бірін-бірі айырып алғысыз баламатамдыққа (контаминацияға) ұшыраған, сондықтан, ұлттық прозаиктеріміз «сөз» сияқты одан әрі бөлшектеуге келмейтін тұрақты мотивтерді өз әңгімелері мәтіндерінде кеңінен қолданып келеді» [20].

Ә. Наурызбаева жаңа көркемдік үдеріс нышандарына тән басым сипаттар арнасында, Асқар Алтай туындыларындағы XX ғасырдың соңы, XXI ғасыр басындағы қазақ қоғамында орныға бастаған қоғамдық үрдістердің көркемдік өрісін саралауда байыптаған айрықшалықтар жазушы шығармашылығындағы этномәдени құндылықтар өзектілігіндегі мәнділігімен жоталана түсетіні тұрғысында Асқар Алтай әңгімелерінің көркемдік жүйесіндегі ұлттық рухани құнар фактісінде тұжырым-тоқтамдар жасауға толық негіз бар дейді.

«Тақырыпнамалар біріншіден, адам мен қоғам, адам мен мемлекет арасындағы қарым-қатынастарды көтерумен; екіншіден, қаһармандардың отбасының және махаббаттық жағдаяттықтарымен байланысты бір «мәңгілік» тақырыпты әлеуметтік және жеке бастық мәселелелік (проблематика) аясында белгілі бір кезеңге тән стильдік және жанрлық модальдылық реңкімен берумен; үшіншіден, ұлт қаламгері санасындағы кейіпкер келбетінің түр ерекшелігіне ұшырап эндистенциалды сипатта сомдалуы бұрынғы қалыптасқан нышандарға сыймауымен байланысты болып келеді» [20].

Қазіргі әдеби дамудың басым сипаттары, жаһандану дәуіріндегі жанрлар трансформациясы қазіргі қазақ әңгімесіне де «соқпай» өткен жоқ. Қазіргі прозадағы «мүлдем жаңа, мүлдем көп өлшемді» (Ә. Наурызбаева) жаңа романдық ойлау формасы – ұлттық мәдениет кеңістігіндегі жаңа бағыт.

Әдеби шығарманы талдауда басым мән берілетін сипаттың бірі – ұлттық мұраттар бағытындағы айрықшалық. Ұлттық идея ұғымы. Бұл нендей құбылыстарда көрініс табатындығы, ұлттық болмыс, ұлттық бірегейлік, ұлттық мінез, ұлттық өмір салты тұрғысында сараланып отырады.

Қазіргі әдеби танымның пәнаралық сабақтастық тоғысында ұлттық тәрбие мәселесінің осы аталған айрықшалық таңбаларындағы мәні, ықпалы тұрғысында зерделеу – өзекті.

«Ұлттық идеяның әдебиеттегі көрінісі – кейіпкердің мінезі арқылы көрінетін даралық ұлттық сипаты. Ұлттық мінез – әр халықтың ділі, тарихы, дәстүрі арқылы қалыптасатын көркем шығармадағы бөлінбес бөлшек немесе кейіпкердің ұлттық болмысымен ерекшелінген үрдіс.

Әр халықтың түпкі тамыры, табиғи қалпы әріде жатқан мінез-құлықта болатыны секілді, қазақ болмысын, түр-тұрпатын түзейтін кейіпкер де ұлттық кейіпкер болуы үшін оның бойында кешелі-бүгінгі мінез-бітімі болуы заңды» [95].

Асқар Алтай шығармашылығы туралы сөз – қазіргі қазақ прозасындағы жаңа нышандар, жаңа жазу тәжірибесі туралы сөз. Қайсы қаламгердің де қаншалықты жазу тәсілдерінде «түршілдікке» ден қоюы – не дегенде де ұлттық тамырдан тартылатын, ұлттық негізбен біте қайнасқан, ұлттық құнардан ғана нәр алатын шығармашылық құбылыс.

Жазушы туралы тағы бір пікірді келтірейік: «Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарынан қазақ оқырмандарына кеңінен танылып, өткір тақырыптарды қозғап, озық туындыларды дүниеге әкеліп жүрген қаламгердің бірі – Асқар Алтай. Шығармаларының эстетикалық әлемін құрайтын кейіпкерлердің ішкі дүниесі мен рухани әлеміне тереңдей еніп, жан дүниесіндегі сан түрлі толғаныстар мен күйзелістерді жан-жақты қамти білген Асқар Алтай шынайылығымен құнды. Ол жазған әңгімелердің тақырыптары анадайдан айқайлап өзіне тартып тұрады. Қаламгер тақырып таңдаудың шебері десе де болғандай. Мысалы, «АҚШ консулының тас лақаты», «Лайбаран», «Түсік», «Тараншы жолбарыстың сатқындығы», «Кентавр», «Қызыл қасқыр», «Стақан», «Сібір офицері», «Альпинист», «Шаһид», «Сатурн», «Прописка», «Көз-жендет», т.б. [55,443].

Қаламгерлер шығармашылығында бел алып отырған құрылым бұзушылық тәсілдер Асқар Алтайдың «Сібір офицері» әңгімесінде кейіпкердің белгілі бір жағдайлар аясында аяқ асты саяқсынып, өз ортасынан шеттеуге ынтығу күйіне негізделген мәтін нарративі, оқиғалардың абстракцияға құрылуы, сөз бен істің үйлесімсіздігі; кейіпкердің өзін сезіну түйсігіндегі ауытқушылық бұл туындының постмодернистік сипатын айқындауға септігі тиетін нышандар. Дүниетаным кеңістігі жаһандық өріске шыққанда да әрбір ұлт жазушысы сол ұлттық негіз ақиқттарымен шықпақ.

Қазіргі әдеби үдерістегі озық, орныққан жазу бағыттарын саралау, теориялық негізде байыптау үрдісінде бұл құбылыс әрдайым назарға алынып келеді.

А. Алтайдың «Сібір офицері» әңгімесінде мәтін түзілімі Бурахан, оның келіншегі Александра, Александраның арғы ұлы әжесі Александра Григорьевна Муравьева, арғы ұлы атасы Никита Михайлович Муравьев, Станислав, Михаил өмірлерінен арна құрайды. Негізгі арна – Алматыдағы Желтоқсан оқиғасы және Сібірде әскери қызметте жүрген қазақ жігіті, офицер Бураханның жан күйзелісі.

«Алаң толы өздері секілді өңшең өндірдей жастардың қарусыз толқыны мен бастары каскалы, қолдары резеңке келтекті, темір қалқанды, жамбастарында сапер күректері салпылдаған әскерилердің қарулы толқыны тіресе шарпысты. Арнаулы дайындықтан өткен жендет жасақ қалың нөпірді толқи иіріп, тұс-тұсынан иесіз қой табынындай үйіре бөліп, бөлшектеп алып, ер-әйел демей бас-көз демес қатыгездікпен соққыға жықты. Бөрідей топ білек сыбанып кіріскенде екі жағы да ашу-ыза мен тепкі, соққы әсерімен жындары қозып, көздеріне қан толып кеткен еді.

Бурахан да аямасқа бекіген. Бұған алғашқы сәтте-ақ әлдебіреу бетпе-бет кеп, қолындағы мрамор плита сынығымен тізеден соғып, етпетінен түсірген. Ет қызуымен атып тұрған бұл әлгі ұзынтұра жігітті ебін тауып сұлатқан. Сол-ақ екен иықтаса қатар тұрған жасағы әлгі бейшараны ес-түсінен айырылта езіп тастады. Содан бері Бурахан қара көлеңкеде арыстанша арпалысып жүрген өз қандас бауырлары екендігін де естен шығарып алды. Желтоқсанның желсіз үскірігінде демі бұрқырап, қарны шұрқырап, жаны ышқынып, қаны қызып кіріскен. Қыздарды шаштан сүйреп, жігіттерді жағадан алысты. Жан алғыш жендетке айналды.

Адам баласының арасында болған оқсыз, бірақ арсыз қанды майдан түн ортасы ауа тыныс тапты. Алаң бетін жапқан ақ қар, көк мұз қанға шыланып, тамшылаған жасқа қатып қалды. Әр-әр жерде жаралы жандар, талықсыған тәндер жатты. Оларды да бұлар қасқыр тартқан малдай теріп алысты. Жергілікті тәртіп сақшылары топ-тобымен түн қойнына жытырып әкетті» [139,121].

Асқар Алтай – қазақ тілінің қаймағын қалқып ішкен, стилист жазушы болуға кемел дайындығы бар қаламгер. Ол замананың хаос басым болмысында тігісін жатқызып сөйлеуден «әдейі» бас тартып, жазу дағдысын уақыт ырғағына орай қалыптастырған қаламгердің бірі. Келтірілген қысқа үзіндідегі

мәтіндік селкеуліктер семантикалық тұрғыдан да «қолдан жасалған». Мал-жанға тиесілі етене лексиканы жақсы білетін жазушы осы мәтінде топ-топ болып алаңда жүрген жастардың соққыға жығылу, жазалану сәттерін: «Арнаулы дайындықтан өткен жендет жасақ қалың нөпірді толқи иіріп, тұс-тұсынан иесіз қой **табынындай** (астын сызған біз – Г.О.) үйіре бөліп, бөлшектеп алып, ер-әйел демей бас-көз демес қатыгездікпен соққыға жықты» деп суреттейді. Осында **«табынындай»** сөзі қой малына қатысты қазақта қолданылмайтын сөз. «Табын» жылқы, сиыр малына тиесілі сөз. Қой отар болып жайылады. Қойға қатысты оғаш қолданыс, оғаш неологизм сантарап, сергелдең күйдегі Бураханның ауытқып ойлау қалпына сәйкестендіріліп алынған. Бәлкім, ұзақ жыл сыртта, әскери қызметте жүрген, отбасылық өмірінде де ұлты басқа орыс қызымен отау құрған Бураханның жадынан өшіп бара жатқан ұлттық негіздердің, ұлттық таным жүйесінің «бұзылуына» тұспалдап келтірген, жазу тәсіліндегі тың мүмкіншіліктерге арқа сүйеп айтылған тұспал?!

Не дегенде де бұл әңгімедегі Бураханның психикасы бұзылған. Жан күйзелісінің зардабы оның бар әрекет, бар сөзінен белгі беріп тұратынын байқаймыз. Оның ойлары ұдайы «секіріп» отырады. Теория тілімен айтқанда Сібір офицері Бурахан Желтоқсаннан кейін шизоидты халге душар болған.

Әңгімедегі Бураханның келіншегі Александра сонау 1825 жылғы Ресей империясында өткен «Декабристер көтерілісіне» қатысқан Муравьевтердің тұқияны. Ол көтеріліс тарихта дәріптелетін ... Алматы көтерілісінің ақыры азапты жазалаулар, айыптаулар, ату-асу...

Әңгімеде қызмет тапсырмасында бейсана әрекеттерге барған Бураханның түпсанасындағы ұлттық ождан, ар-намыс құндылықтарындағы шешімі ақтап аларлықтай болмағанымен, жүзеге асады. Оқиғалар кинолентасындай жедел, шұғыл алмасып, қысқа, нұсқа сөз оралымдары мазмұндық кеңістік түзіп, ширақ, жинақы мәтіндік түзілімде баяндалады.

Көп жайды тәптіштеу бұл тұста қажет те емес. Желтоқсан қасіретінің зілді салмағын түйсінбеген, сезінбеген қазақ баласы жоқ. Ұлттық қасірет. Жалпықазақтық аза күні тарихта таңбаланып қалған. Жазушы осы парадигмада сормаңдай «бұратана» қазақ ұлты бастан кешкен жатсынуды, жатырқауды, нәсілдік астамшылықты жаны жаншылып, қорланып қабылдаған, тығырыққа тірелген тағдыр арқылы, Бурахан бейнесі арқылы және бір тосын тұстан, әрі соншалықты шынайы тұстан ашады.

Генеологиялық, ұлттық бірегейлік ауқымында қолдан келер, қарсы тұрар дәрмені жоқ, намысы тапталған Бурахан образы арқылы автор қазақтың ежелгі қанда бар рухани қуатының – ең бір қастерлі құндылығының ендігінің заманында қорланған құндылық категориясына ойысқанын айқын таңбалайды. Өктем билік Бураханды өз ұлтына қарсы жұмсады; Степан «ұлтшылсың» дегенімен қоймай, тағы бір сұмдықпен мазақ етті; әйелі Александра досы Михаилмен сыртынан жүріс жүріп және қорлады.

Әңгіме қазірде көп айтылып жүрген ұлтсыздану, этностық тұғырдың шайқалақтау үрдістерінің ақиқат күйлерін ащы, ашынған көркемдік шындық өрісінде ашқан.

Асқар Алтай – ұлттық рухани құндылықтарда құлдырап кетіп бара жатқандардың болмысын да құнттап отыратын жазушы. Автор белгілі күйлердің сіңісті болып кетуі нендей зардаптарға душар ететіндігін, обал, сауап, зауал атты құбылыстардың ұмыт бола бастағандығын, безбүйрек, бетсіз уақыттың кесапаттарын енді бір туындыларында мифтік желілермен сабақтастырып, жантүршігерлік опаттардың заманында өмір сүріп жатқандығымызды сескендіріп отырып, тітіркендіріп отырып көркемдік аяда көрсетуде өзіндік шешімдерді шебер меңгерген болса, ең әуелі оның ұлтжанды, адамсүйгіш, енжар бола алмайтын, барлығына қатысып отыруға пейілді болмысы «жазықты».

Асқар Алтайдың «Сібір офицері» әңгімесінде тамыры тым тереңге тартып жатқан отарлық жүйе ауқымындағы ұлтаралық мәселелер батыл түрде әдеби кеңістікке шықты. Асқар Алтайдың қазақ ұлтының «жоғалған» құндылықтарын дәріптеу ұстанымында да осы құбылыстар ырықсыз түрде бас көтеріп отыратындығы; сонымен бірге жазушы осы бағытта мығым, мақсатты ұстанымдармен жазатындығы көрінеді.

Дәстүрлі құндылықтар мен қазіргі заманғы өзгерістер тұтастанған қайсыбір мәнде жанды жай таптырғаннан аулақ, мазаң, алаңкөңіл құбылыстар шарпысуында автор өмір шындығын шебер өреді.

«Салбурын» әңгімесі Абайдың әйгілі «Қансонарда бүркітші шығады аңғасы» мен Махмұд Қашқари «Сөздігінде» берілген аңшылық әуестігі туралы өлеңді, кейінде Жанақ ақын да қанық суреттермен ашатын аңшылық құмарлық туралы өлеңін еске түсіреді.

Бұл әңгіме осы заманғы Салбурын. Қазақы ғұрыпта аңға құс салып, ит жүгірткен. Ендігінің аңды тікұшақпен қуалау «дәстүрін» Шыңғыс Айтматов жантүршіктіре жазды.

Асқар Алтай. Тілі орамды, нәрлі жазушы. Өзінше жазып отыр. Аңды қазірде де күйі келгендер аулайды. Министрлер, әкім-қаралар, игі жақсылар.

«Бұйырғанды бел ақ бұйраттанып, Арқаның май-топайы бітеу күртіктеп тастаған қаңтар басы еді. Күңгейдегі қалың шұбардан ығыстап шыққан көк бөрі күйлі болса да кәрі тақыс-ты, бірақ құлан шабысты. Соңынан түсер қуғынды сезген ол қары жұмсақ қараған арасынан сытылып теріскейге қарай тартқан.

Бел-белегір жоны – жұқа сере. Қозы жолға көтеріле соңына бұрыла қараған. Бірі ат, бірі моторлы шана мінген екеу шұбардың шетіне шығып, әлдеқалай аял құрыпты. Құйрығы қар сызған аң бөрібүлкекке салып жөней берді. Беті – қиыстағы құла орман иірімі.

Бөрі көп ұзамай, тап маңдай алды – бұлдыраған өрмек басын шала инеліктей ілмиген пәлекет қылт ете қалғаны. Талайды көрген тақыс тарлан тікұшақтан бірақ ыға қойған жоқ, одан қауіп те күтпеді, төтелеп тарта берді.

Төбесінен қыранша құлдилай келіп, жел үйіріп өте шыққан немесе ептеп қана езуін ыржитып, бұлдыраған көкжиекті орманға қарай қиыстай түсті» [90,133].

Осы әңгімеде қазірде «Сақ моншасы» аталып сәнге кірген, дәстүрлі тіршілік мәдениеттің өзгеше бір тапқыр үлгісі туралы ақпаратты жазушы мақсатты түрде кіріктіреді. Ен далада, аңшылық құмарымен бағзы бабаларша салт ұстанып, кеудесіне жел тұрып жүрген «жақсы мен жайсаңның» бабалар мұрасын «қастерлеуі» сынды бір эпизод.

«Самырсын бөренелерден салған монша іші шәйір иісі аңқып, қыж-қыж қызып тұр екен.

Кірген бойда:

– Ой, жанның рахаты-ай! – Жарқын дауыстап жіберді.

– Монша деген жақсы ғой, шіркін! Кім ойлап тапты екен? – деп Досай төрге озды.

– Моншаны ойлап тапқан – бабаларымыз, – деді Уәлихан.

– Соқ! – деп салды Досай. – Сендерге салса, бәрін қазақтар тапқан, ха-ха-ха!

– Имандай шыным!

– Сенбеймін!

– Ақиқат, бауырым! Бабаларымыз көшіп-қонған жерлерінде жылдам жасалатын моншалар жасаған. Иә-иә, сенбейсің, ә?! [90,136].

Жазушы желігіп жүрген бір топ ығай мен сығайдың өзара сөз қақтығысуларын мәнерлеп, стильді «бұзбай» тәптіштеп баяндаудан гөрі, іркес-тіркес, олпы-солпы күйде сыдыртып өтіп, нағыз жүрек қозғар тұстарда ғана сөз арсеналын қапысыз жұмсауға бейімдік танытып отыратын жазу мәнерін бұл әңгімеде ширыққан, суретті тұстарда кәдеге жаратады. Қалған баяндау үрдісінде әр эпизодқа ден қойып, асықпай «қамайтын» шеберлікті қажет етпейтін постмодернизмнің жазу тәсілдерін ұтымды пайдаланады. Жарқын, Досай, тағы басқалар өзара не айтысып сөйлескенін соншалықты жан салып суреттеудің бұл әңгіме өзегіне алып-қосары шамалы дегенді жазу емеурінімен танытқандай.

Уәлихан баяндаған сақ моншасы туралы ақпаратқа елең еткізерлік жаңа мазмұн түсіруі, әлгі жұмбақ моншаның сыр бүккен айрықшалығын сезіндіре жеткізуі – жазушының осының алдында ғана құрылым бұзып, іркес-тіркес сөйлету «шалағайлығының» шеберлік кемшілігінен емес, жазудағы жаңа бағыттардың шарттарына ден қоюынан деп қабылдауымызды қалап тұр.

« – Ондай монша болған. Алтайдағы қазақтар әлі күнге қолданады. Былтыр барғанда түстім де... Жайлауға көшіп барған жерде жерошақ қазып жіберіп, үстіне малта тасты үйіп, қазандық салады екен. Ал оның үстіне адам түрегеп тұра алатындай етіп талдан иіп, бір ұшын жерге қадап, айқыш-ұйқыш салма жасайды. Тас балқып қызғанша қызыл қарағайды құтырта жағады дейсің. Әбден дайын болды дегенде шоғын сиырып жіберіп, әлгі тұрған салманың үстінен киіз үйдің үздігімен жабады да тастайды. Суық суынды салма астына кіргіз де, балқып тұрған тасқа шашып-шашып жібер. Киіз

моншаның ішінде күйіп қалмасаң, арғы қолыңды бері әкел, – деп Уәлихан ожаумен алып, тасқа суды шашып кеп жіберді» [139,137].

Әңгімеде қазақы дастархан берекесі де қағаберіс қалмаған.

Аң мен адам теке-тіресі, өмір сүру құқы үшін күресте табиғи жекпе-жекпен емес, айласы асқан адамның ырқымен шарасыз жантәсілім болған бөрі образы өзіндік терең суретті иірімдермен ашылады. Әңгімеде көшпелі өмірде арғы замандардан жетіп сақталып, салтқа айналған Салбурынның шарты сақталмаған. Аңды аң алар еді, құс түсер еді аңға. Екеуара арпалыс табиғи, жаратылыста ежелден келе жатқан текетіресте ширығар еді.

Бұ аңшылыққа «Салбурын» деп ат қойғанымен, жазушының түз тағысына «бүйрегі» бұрады. Бөрі табиғат заңын, арпалыс адал айламен әлі де сақтап қалған. Адам араласпайтын дүние қалмай бара жатқан заманда Салбурынның салтын бұзу сөз болып па...

Жазушы қай әңгімеде де адам пенденің бұзылған құлқын, бұрылған ниетін, соның обал-сауабы мен зауал шағын астар етіп отыру дағдысынан жазбайды.

Жүздеген жылдар жаттың иелігінде жұлмаланып таланған қазақы кісілік жадынан жоғалып бара жатқан құндылықтарға аяусыз, ашынып араша тұрады. Жадағайлап, бүгіп, бұғып айтатын дәнеңе қалмаған ендігі Тәуелсіз сана, тәуелсіз сөз мүмкіндігінде аянып қалар ештеңем жоқ деген ұлтшыл батылдық Асқар Алтай әңгімелерінде ұдайы бас көтеріп отырады.

Елмұраттың жер жайын, ел жайын, айнала дүние құбылыстарын аңлау, барлау дағдысы ел адамының көзінде «екінің бірінде бар», болған тұлғалық қасиеттері тұрғысында меңзеу. Жазушы ең басты құндылық – адам капиталының жадап кеткендігін осындай, Елмұрат кейіпті бейнелердің кісілік, мінез айрықшалықтары арқылы аша түседі. Дәстүрлі, бардың бағасын жоғалған дүниемен парықтау тәсілінде, көркемдік табиғатындағы антипод құбылыстар мәніндегі жақсының артықшылығын жаманның ауыртпалығы арқылы сіңіру әдісінде оңтайлы жазу ұстанымымен тұлғаланып отырады.

Ендігінің адамы көп құбылыстан «құр» қалған. Ештеңеге қарайлап, қай-қайдағыдан сыр аңлауға уақыт та жоқ, құлық та жоқ. Дала төсіне «жабысып» қалған Елмұрат пен «қалаға қашып», ұлттық құндылықтар ортасынан сытылып шығып, «құтылып» кеткен ендігінің қазағы екі басқа. Уәлихан да, Досай да, Жарқын да Елмұраттан басқа. Бұлардың ешқандай да ұлттық бірегейлік айрықшалығы көзге ұрып тұрмайды.

«Бұрылып кеп қаншықтың артқы сирағын көтеріп көріп, бос құрсағын мытып-мытып жіберіп:

– Нағыз қаншық екен... Аңғал арланды алдап жүріпті, – деді өзімен-өзі сөйлескендей.

Қасындағы қос шофер жігіт түкке түсінбей аң-таң.

– Алдағаны қалай?!

– Ә-ә ... иә ... – деп Елмұрат өзінің жалғыз еместігін енді байқағандай болды. – Бедеу қаншық. Жатырын бөлтірігімен туып тастаған... Арлан құр қаншықтан дәметкен.

– Қызық екен! Жатырын қалай туып тастаған?!

– Кәдімгідей. Бөрі ит емес, қайта-қайта күшіктей беретін. Құдай солай жаратқан! Бөрі өмірінде бір-ақ рет күшіктейді. Сол кезде жатыры бірге түсіп қалады... Оны кейде өзі, кейде арланы жалмап қояды. Сондықтан да бөрі ит құсап көбейіп кетпейді. Қазір қаңтар. Ендігі буаз болу керек еді... Құрсағы бос екен.

Елмұрат қасындағылардың аузын аштырып тастап, қаншықтың терісін сыпырып, сүйегін құзғынға тастауға кірісті» [139,142].

Көркемдік үдеріс жаңа көкжиектерін көтеріп отырған ендігі дәуірде шығарманы қалыпты теориялық ауқымда бағалап, саралау үрдістері ескіргендігі туралы айтылып жүр. Әрине, жаңаның «ескі» тіні туралы сөз басқа. «Біздің кез келген қоғамдық құбылысқа даму тұрғысынан қарайтынымыз белгілі. Ал даму дегеннің өзі де, ең алдымен тартыс, қайшылықтар күресі екендігі ақиқат.

Бұлардың ешқайсысы да көркем шығармадағыдай барынша анық және баршаға жетерліктей түсінікті дәрежеде көріне алмайды. Зейнолла Қабдолов: «Конфликт – тартыс, – деп түсіндіреді. – Бірақ тартыс болғанда ашық, жап-жалақтап тұрған дау-шар, жанжал емес. Ол – адам мен адамның қарым-қатынасындағы, адамның ой-санасындағы, дүние көзқарасындағы, тіршілігі мен тағдырындағы тартыс. Бір адамның өз басындағы қарама-қарсылық болса, онда да тартыс бар. Адамның жеке өз басы өзі мен өзі алысуы, өз ұғымын өзі жөндеуі не жөндей алмауы... мұнда да толып жатқан сырлар бар. Осылардың бәрін қорыта ойласайық, тартыс – шындықтағы қайшылықтар». Мәселенің мұншалық көп қырлылығын бақылау әдебиеттегі адам характерін, оның бай қарым-қатынасындағы толып жатқан коллизиялар мен гармониялар табиғатын саралауға бастайды. Бұл орайда көркем шығармада өмірлік қайшылықтардың көрінбеуі, сөз жоқ, талант әлжуаздығынан» [142,185].

Жазу шеберлігінде ұлттық тілдің құнары да, ұлттық бірегейлік дара сипаттар да, адам тұлғасының ішкі иірімдері де, қоғамдық құбылыстар да таза көркемдік құнармен әдіптеліп отыратын Асқар Алтай бұл тұрғыда әлжуаздық танытпаған тарланбоздың бірі.

Асқар Алтай туындыларында өрбіп отыратын өмір құбылыстары қазақы болмыс, жалпыадамзаттық құндылықтар игілігінде маңыз ашады.

Оқушыны елең еткізген туындысының бірі – «Көзжендет» – «Киллер сауысқан». Атауының өзінен түршігіп, нендей жай екен деп үңілген оқушы қазақы қалыпты, кісілік тұлғасын «бұзатын» қоғам, өктем саясат, отарлық езгі дегендей, аты аталып айтылмағанымен, ашық меңзеліп отыратын қасірет таңбаларымен бетпе-бет қалады.

Сауысқан сана... Ауыр. Үкім сөз.

«Сауысқанның миындай миы жоқ екен» деп айтылатын. Жазушы сауысқан сана дейді. Шамалай беріңіз. Асқар Алтай ұдайы көтеріп жазатын қашанға адамдық құндылық – обал, сауаптың және бір әңгімесі. Әлдеқандай ғұмыр кешіп, қуғын-сүргінді көп көрген қазақ баласына әлдебір жатжерлік

үйреткен әдіс. Кесапатымен келді. Қанға сіңбеген, ата-баба бойына дарытпаған бөтен айла, әккіліктің де бір Құдай атқан сұмдығы.

Әңгімеде шарттылықтар шындықтай қабылданады. Сауысқан аңға түсе ме, жоқ па, ол жағын кәнігі аңшылардан сұрау керек. Ал Асқар Алтайдың киллер сауысқаны көркем образға – шынайы қабылданатын, жамандықтың метафорасына айналған «типтік бейне». Көзге түскенді аяусыз шоқыған, көрсоқыр еткен саясат, аяр қоғам бейнесі.

«Автор осы жерде әңгімесіне мынадай бір аса маңызды детальды енгізеді. Сауысқанмен саятшылық құруды Қараштың арғы ата-бабалары білген бе? Білген, естіген, көрген. Бірақ «қазақтар бұл «өнерге» жоламаған. «Обалы да, зауалы да ауыр күнәлі іс! Өлсеңдер де бұл «өнерге» жолмаңдар!» деп кейінгі ұрпағына аманаттап кеткен. Бірақ, тыраш Қараш «Апыр-ай, қыран бүркіт тұрғанда, қаршыға, ителгі, бидайық, лашын, сұңқар, қырғи тұрғанда сауысқанмен саятшылық құрғаным қай қылығым?!» деп ойлана алмайды» [90,4].

Ойлана алмайтыны – өзі де сауысқан саналы кембағал. Енді небір зауал шақтың зардабы ұрпағына ойысты. Немересі көзсіз болып туды. Дүниеге мүлдем көрсоқыр ұрпақ келді.

Қазақты мүгедек етуге ынталы күштер, құбылыстар аз болған жоқ. адам ниетіне қарай өмір сүреді деген іргелі қағидаға келсек, ең әуелі қазақтың ниетін бұзуға күш салған жымысқы өктемдік дегеніне жетті. Бұл әңгіменің астар-арқауы туралы айтылып жүр.

Жазушының бұл туындысы әдеби туындыдағы постотарлық күйзелістің, күңіренудің, ұлт азасының айқын таңбасындай әсермен жазылған. Басы сергелдеңге түсіп, жатжерліктен жат өнерді еріккенінен үйренбеген Қараш тағдыры арқылы тұтас ұлттық қасірет, оның түп себебі, кінәгері бұл әңгімеде тартыншақтамай айтылуға азаттық алған.

«Бұл екеуі де бір-ақ нәрседен үркетін-ді. Ол – өкімет... Құрығы ұзын сол немеден басқа қауіп жоқ-ты. Түздің аң-құсымен бірге күн кешкен түздіктер тұғын» [139,148].

Әңгіме Алматы іргесіндегі Думан шағын ауданында тұрып жатқан Қараш шалдың үзік-үзік өткен өмір эпизодтарын еске алу – көркемдіктегі шегініс тәсілінде жазылған. Шал енді бірде «орыстың өркеуде мемлекетінің күйреу» фактісін еске алады. Үкімет құлағанмен, құлдырап кеткен кісілік құндылықтар бірден қайта құрала ала ма?!

Жазушы тілі шұрайлы-ақ. Әр сәт, әрбір әрекет, әрқандай зат – барлығы да бір деммен, байыппен, барын ашып қамтып отырады.

Сауысқан образы да көркемдік жүк көтеретін деңгейде ашылған. Стилистикасы жедел, ырғақты туындыда жазушы «шал берген» сөз аз емес. *Жемаяқ, сұғанақ сұрқанат, қамаукөз, сыптығырлана сымпиған, арқан шалым жерде, орқашар ойлар, жемін жер жігінен танитын, жезтырнақтай біздеңдеп, көз алмасы қуысынан, саусоқыр, құқұлдын...*

Жазушы шалдың тәубаға келуі айтылмайды. Зауалдың қайдан келгендігін түйсінуі біртүрлі тіксіндіреді.

«Тәңірі жер бетіндегі өзі секілді пайғамбар мен құдайды ойламайтын қуқұлқын пендесіне ұрпағының жанарын жалмап қоя беріпті» [90,154].

Жер шұқып отырып Қараш шал Қосман қарақшының: «сендер сауысқанмен аңшылық құрмайсыңдар. Оған тек-тағайларың жібермейді, тым тектісіңдер, намысқойсыңдар. Бұл – біздің дәстүр... Мұнымен біз аң түгіл адамның да көзін ойып, миын сорып аламыз!» деп зілденетінін еске алып еді... Кеш те болса, кеткен қателігіне өкінді...

Асқар Алтай әңгіме жанрының мүмкіндігінде рухани түйткілдердің көркемдік интерпретациясын жасауда қазіргі қазақ прозасында өзіндік қолтаңбасын қапысыз қалыптастырған суреткер. Аңлап қарағанда оның өмір ортасы әр алуан – бірі қария, бірі жас, бірі бақуатты, бірі кем-кетік, жоқ-жітік, әр қилы әлеуметтік топтардың өкілдері «топырлаған» әңгімелеріндегі асыл өзек – ұлтшылдық. Ұлттық бірегей болмыс, қастерлі ұғымдар, ғажап сән-салтанатымен сағындыратын ұлттық рәсімдер, жөн-жоралғылар, тұрмыстық атрибуттар.

Қазақ баласының «Ер қанаты» деп қилы атау беріп, көз аясын алмай қастерлейтін құндылығының бірі – жылқы малы туралы да ұзақ сыр, үздік құштарлықтар байқалады жазушы әңгімелерінде.

Қарқара өңірінде Шалқұйрық атты жануар болған екен. Кешегі қанжоса соғыс ортасынан туған жерге үстіндегі орыс ертоқымының салбыраған қос темір, салмақты үзеңгісі аш бүйірін соққылап отырып, оққа ұшып құлаған иесінің әскери планшетін ала-мұла құстай ұшып, ағыза жеткен.

«Қараштың қарасы» әңгімесін автор сол төрт түліктің төресі Шалқұйрыққа арнайды. Әлем әдебиетіндегі сан қырынан ашылған жылқы образына жазушы төтен, өзгеше фабулада келеді.

Әңгіме тілі де сәйгүліктей жүйрік. «Оза шауып бәйге алғандай» сөз, сөйлем, тіркестер көз тоғайтып, көңіл өсіріп отырады. Жазушы тілі образ тапқыш. Айшықтаудың адам ойына келмейтін ұтымды үлгілерінен «аяқ алып» жүре алмайсың.

Қос бөбешігі бүлдіргендей ісініп, шамасын шалғын көтеріп, жүрекшелі тұяғын жел гулеп, желігі қана алмай жүретін құбақан сәурік, жыланша ысқырған арқан, қашаудай тұяқтар, жұдырық басты құранды ер, ер-азаматтың белі бүгіліп, бұлағы бітеліп, астауы кетіліпті, қамсыз елді қойдай қырып серуен салған сары орыс солдат, Арғы бетке қашқан құландай ауған қайран ел, торғай баққан қырғидың қанатындай қаракөк төрінде бір орнында қалт-құлт қаққан жұлдыздар, қара-қошқыл суының ернеуіне моншақ-моншақ мұз тұрған Еділ, зер шапақты сар дала, ешкіемердей елеңдей жүзген Ұланжол, ұлардай шулап, құндызша шуаған... [139,267]

Әңгімеге жазушы жасанды бояу жұқтырмаған. Жылқымен сыр бөлісіп өскен қазақы санаға майдай жағатын сұлу да сұңғыла туынды. Бұл әңгімеде де жазушы бодандық бұғауын іліп-шалып отыратын дағдысынан жазбайды. Он алтының ойранына дейінгі Мыңжылқы мен Қарқара өңірі қандай еді! Ошағы көмусіз қалған қайран қазақтың қасіреті ұрпақ жадында. Арғы бет, бергі бет болып бөлініп қалған ел зары күні бүгін де жаңғырып тұрады. Ел басына туған

күнді Ұланжалдың иелері қанай, жақайлар да көрді. Одан кейінгі отыз екінің ашаршылық жайлаған қаралы жылы. Бір әулеттің тағдыр соқпақтарын Ұланжал тағдырымен тоғыстыра жазуында, қырық екінің күзгі жаңбыры, майдан даласындағы жарылыс, қапылыспен тіксіндіре баяндауында көп астар, көп қатпар түзеді жазушы. «Ажалға ашық ұмтылатындай Ұланжалдың қайбір өлгені бар...» Сұрапыл жұтқан мың-сан тағдырдың күйігі кеудені бөтен бір сарынмен шарпитындай.

Жазушы өмірдің ішіне түсіп, оқушысын да көркем шеберліктің ұйығына батырып баяндайды. Ұланжал да жершолғы қазақтың дағдысында жердің ой-қырын тап басып таниды. Атамекеннің бар жаратылысы киелі. Жаугершілік замандардан қалған елдік, ерлік дәстүр. Қараш батыр. Оның Қараштың қарасы атанған киелі жануар туралы аңыз – шындық. Дүр сілкіндіріп, рухани сауықтыратын озық туынды бір демде оқылады. Талай тарих түзіледі.

Жазушы обал-сауап жөнінде көп жазады. «Қоңыр қозы» әңгімесінің оқиға желісі де адамның біліп-білмей істейтін көп күнәлары хақында. Мертіккен қоңыр қозыны семіртіп соймақ болып жемдеп жүрген Жанарбек шал мен оның кемпірі Қалыштың ұзақ өмірін бір сәттік оқиғадан тарқата баяндаған жазушы соғыс кезіндегі, ылғи жағымсыз суреттелетін бригадир болып істеген бір бейбақтың өмір шырғалаңдары, арқасындағы ауыр ар жүгі туралы толғантады.

Әңгімеде қазақ этносының Жеті ата институты, жеті атаға шейін қыз алыспау ұстанымы туралы да ой қозғалған. Асқар Алтай әңгімелерінде елеусіздеу бір жайдан бастау алған оқиға өрісінде сыр біртіндеп ашылады. Салмақтап ой қозғайтын дағдысымен танылған қаламгер «Қоңыр қозы» туындысында да күнделікті күйбең өмірдің «қатысушылары» бетпе-бет келген тағдыр шырғалаңдарын адам және ар текетіресінде баяндап, суреттеген.

Соғыс көп жазылды. Асқар Алтай өзінше жазады. Сол бір ауыртпалығы мол соғыс атты зауалдың барлық жан сезінетін сұрқынсыз ұғымына жұғымды бояулар қосып, бұзбай, бүлдірмей, әсерін еселеп, ешкім айтпаған қалтарыс, бұлтарыстарын тіктеп, «тіміскілеп» жазады.

Асқар Алтай «Желтоқсанда із-түзсіз кеткендердің рухына бағыштаймын» деп жазған «Прописка» әңгімесінде озбыр, өктем саяси билікке қаратып айтады. Әңгіме автордың көрсетуінде көтерілістен кейін, көп ұзамай 1987 жылы жазылады. Алтайдың айтулы қысын алтайлық қаламгердің жазбағаны жоқ. Қалихан Ысқақ, Оралхан Бөкей, Марат Қабанбай барлығы жазды. Асқар Алтайдың сурет көзге қарайтын жазушы жанары тағы да басқалар «байқамағанды» бар сықырымен «сырт» еткізіп фотобейнеге көшіре қояды. Епті. Жылдам. Қас-қағымда қағып алады.

«Ақтұмсық Алтайдың танауына әлі сірге жүгірмепті. Маңай мұрты бұзылмаған сере-сере қар. Алты ай қыс ағыл-тегіл аспаннан саулаған ақ тасқын қымтаған қалпы. Қардың жауып тұрған сәті көрініс түзетін. Бұл үзіндіде қыс бойы, алтай қыс, ағыл-тегіл аспаннан саулаған ақ тасқынын сезіндіретін сықыр бар. Оқушылар алтайлықтар көп жазған Алтай енді басқа бір, жаңа сондай жақын және бір етене күйінде көре бастайды [139,338].

Әңгімеде сергелдеңге түскен, пропискасыз (тіркелусіз) қазақты қалаға маңайлату қиын болған кеңестік кезең саясаты, Желтоқсан әрі-сәрі халге түсірген жас адамдардың тағдыры боранды Алтай, көктем шыққанымен, тоңы жібімеген қысқы ызғар тұспалында баяндалған.

Асқар Алтайдың жазу әдісіндегі өнімді тәсілдің бірі – өткенге оралу, өткенді еске түсіру арқылы өмір өткелдерін, өмір сабақтарын тезге салу тәсілі бұл әңгімеде Алтайдағы ағасының үйіне келе жатқан жігіттің көңіл бұрқасыны мен табиғат мінезі қосақабат алынып отырып өрбіген. Ара-тұра сөйлем «бұзбай», жазушы тілі мұнда да сараң да сұлу. Жол бойғы ақ қар, көк мұз, аласұрған, түтеген ақ боран, көккаяз тас жол, қызыл су жүрген өзен, бұрқақта бұлақы-бұлақытып кеткен бұландай жігіттер...

Барлығы сол бір үрейлі, ызғарлы, суық жел азынаған өткен қыстың тұспалы. Көктем тууы керек еді. Алтайда көктем кеш шығатыны бұл әңгімеде көңілде қатқан мұзбен астасып, ауыр бір тұспалды меңзеп тұр. Азынаған ызғар, аздаған алдамшы жылу.

«Оба жылғы сауық» әңгімесінде жазушы тағы да бүгінгінің өзекті күйлерін, жатбауыр жатырқау құбылыстарды өткеннің ауыр күндерімен тоғыстырған. Мұңлық ананың көрмегенді көргенде көретіні әлі де бар екен. Тұңғыш ұлы жатсынған, туған бауырларын жақтырмаған.

Бұл әңгімеде де Мұңлық өткен уақыттың, 37-нің, соғыстың, соғыс бітер жылғы Балқаш бойында, Бақанас жағындағы оба індетінің сұмдықтарын есіне алған. Осы әңгімеде жазушы Асқар Алтайдың суреткерлік ыждаһаттылығы айрықша таңбаланады.

Ақмоладан шыққан поездың әңгіме барысында бірнеше түрлі ұтымды, өтімді теңеумен мың ырғалып, жүз қозғалып бара жатқан қалпын ашуға жазушы жалықпаған. Көріністер көзде, көкейде қалып қояды. Әсерлі деп бағалай салу тым тапшы сияқты. Айтып жеткізгісіз сәтті сипаттаулар назар аудартпай қоймайды.

«Кешікпей «Астана» поезы жүгі ауған нардай керенау қозғалған».

«Болат доңғалақтары сағаттай соғып, зор дауысы маядай бақырып поезд зулап келеді».

«Терістіктен түстікке созылған ұзақ-сонар жол үстінде жұлдыз құрттай жылжыған поезд бесіктей тербеледі».

«Белінен жараған бесті айғырдай поезд болдырар емес, ұбақ-шұбақ үйірімен иіріліп келеді».

«Поезд да қасара жортып, қағына ырғалады».

«Атандай ақырған поезд Арқаның жонын таспадай тілген тілше үстінде тапырақтар емес, суда жүзген кемедей толқып қана келеді».

«Әлдебір шұңғыл бұрылыста поезд соңы кесірткенің үзіліп қалған құйрығындай бұлғаң етіп, бұлдырықтай ұшып келеді».

«... Сауырынан су төгілмес жорғадай поезд да тайпалып келеді».

Жол бойы Мұңлық ананың көңілі де мың түрлі күйге түскен... [139,347]

Асқар Алтай туындыларындағы көркемдік дискурстарды бір «қалыпқа» салып, сол қалыптағы қалпына мынадай да, анадай деп баға беру тұтас әдеби

шығарма тағдырына қатысты үзілді-кесілді тоқтамы жасалмаған күрделі құбылыстармен тамырлас, өзектес болатындығы даусыз.

«Әдеби мәтіннің кейінгі ғұмыры туралы айту дегеніміз нені білдіреді? Неліктен кейбір мәтіндер қанша уақыт өтсе де маңызын жоғалтпайды да, ал кейбіреуі жай ғана жойылып кетеді? Бір мәтіннің екінші мәтіннен ұзақ уақыт бойы қолданыста болуы өзіне дейінгі дәстүрлерді бұзып, дағдылы түсініктердің беделін түсіріп, олардан іргені аулақ салуына байланысты» [102,145].

Асқар Алтайдың суреткерлік бағытында өмірді тереңнен қопарып көрсету ыждаһаттылығы, шынайы сезім құйып жазу өтімділігі, тағдыр бетбұрыстарындағы кеше мен бүгіннің арасын жалғап баяндау машығы, қазақ этносының туабітті бірегей болмыс айрықшалықтарын айғақтайтын мінез-құлық, әрекет, тұрмыс-салттың ерекшеліктерді дәріптеу озықтығы отбасылық өмірдің қилы сәттерін, жеке өмір құпияларын, қоғамдық, саяси жүйе ықпалдылығын, постотарлық ұлттық оянушылық арқаудағы көркемдік желілерге құрылады.

Асқар Алтай әңгімелері алуан түрлі әдісте жазылатын қазіргі заманғы туындылармен туыстастығымен ерекшеленеді. Оның шығармаларында аллюзия да, метафора да, символдар да, алуан түрлі троптар да, нарративтік тәжірибелер де, тілдегі белгілер жүйесі мен репрезентация формалары да өнердегі өмірдің күрделі әрі өзгермейтін көрінісін тудыру мақсатына оңтайлы жұмылдырылып отырады. Жазушының «Казино», «Кентавр», «Қызбейіт» әңгімелеріндегі аллюзиялар туралы айтылады.

Зерттеуімізде Асқар Алтайдың әңгімелері ұлттық құндылықтар тұрғысынан қарастырылды. Түптеп келгенде қаламгердің барлық туындысы этномәдени құндылықтардың арқауында жазылғандығын, дәстүрлі мәдени құндылықтар ауқымында қазақы болмысты Адам және оның тұлғалық қасиеттерін, ортасы мен туған мекенін, туған тілін қастерлі ұғым-танымын, қымбат рухани негіздерін тұтастай көркемдік кеңістікте көрсету мұратында жазылған. Жазушы бұл жөнде өзіндік дара қолтаңбасымен, қаламгерлік ұстанымымен қазіргі әдеби үдерістің даму үрдісіндегі айқын шығармашылық бағытымен танылды.

Сонымен, А.Алтай – әңгіменің жанрлық мүмкіндігінде өзіндік көркемдік үлгідегі ұлттық құндылықтар әлемін қалыптастыру бағытында өз оқырманын тапқан ондаған сәтті туындыларымен қазіргі қазақ прозасының көркемдік мүмкіндіктер алымын орнықтыру бағытында табысты шығармашылық өріс ашқан деп жазушы деп бағаланады.

2-тарау бойынша тұжырым:

Этномәдени құндылықтар бұл жалпыадамзаттық құндылықтардың ұлттық формасы. Мүндай ұлттық құндылықтардың барлығы концептілер, фреймдер, слоттар түрінде көрініс табады.

Қоғамдық формация өзгерген кезде құндылықтар бағдары да өзгереді екен. Қазақ елі өз тәуелсіздігін алған соң, мына жаһандық аласапыранға жұтылып кетпеудің бірден-бір амалы өзінің ұлттық болмысын сақтап қалуда екендігін түсінген қаламгерлер ұлттық құндылықтарды, ұлттық салт-дәстүрді, ұлттық сана-сезімді, ұлттық идеяны дәріптеуді саналы түрде бірінші орынға шығарады. Сондықтан, тұлғаның қоғамның толыққанды бір мүшесі болып қалыптасуында салт-дәстүрдің рөлінің зор екендігін, салт-дәстүр тұлғаның әлеуметтенуінің көзі ретіндегі құндылық екендігін байқататын деталь, фрагмент, эпизод, сюжет, идея қазіргі қазақ әңгімелерінде молынан кездесетіндігін бағамдадық.

Этномәдени құндылықтардың қайнар көзі ұлттың салт-дәстүрі. Бірақ этномәдени дәстүр мен этномәдени құндылықты шатастыруға болмайды. Этномәдени құндылықтар ұлттың әлеуметтік мәдени ортасынан экиосферадан туындайды. Белгілі бір этномәдени ортада әлемге деген құндылық қатынас, оны құндылық ретінде пайымдау жүріп жатады. Адамның ойлары осындай пікірлермен сәйкес келеді, себебі ол қай мәдениеттің тәрбиесін көрсе, сол мәдениеттің құндылықтарымен сусындайды.

Салт-дәстүр – бұл мәдениеттің ежелден келе жатқан семиотикалық жүйесі, адамзат мәдениетін қалыптастырушы фактор бола отырып, ол өзі тіршіліктегі жалпыадамзаттық құндылықтардың жасалу, таңбалану, берілу формасы әрі тетігі. Салт-дәстүр қоғам болмысын реттеп, бар және болуы мүмкін қатынастарды анықтай отырып, ол өзі адамзат мәдениетінің іргелі құндылығы болып табылады.

Этномәдени құндылық – бұл сол дәстүрдің мағынасы мен мәні арқылы дәріптелетін рухани қасиет. Мысалы, *сүйінші ғұрпы – қуанышты бөлісу, қуана білу, позитивті ойлау, бауырмалдық құндылықтарына; аунату ғұрпы – жақсыны үлгі тұту, идеалға ұмтылу; сыбаға – сыйластық, жөн-жобаны білу, ағайын-бауыр, туған туыс, құда-жекжат арасындағы жақындастық, этикалық нормалар; көңіл сұрау – халін білу, этикалық норма, бауырмалдық; байғазы – бауырмалдық, ағайындық, жомарттық; ерулік – қонақжайлылық, тез тіл табысу, аралас-құралас болу, жаңа ортаға сіңісіп кетуіне ықпал ету, бөтенсітпеу, адамдарды жақын ету секілді рухани-адамгершілік құндылықтар дәріптеледі; жоқтау – бұл өмірді, адамды құндылық ретінде есептеу, өмірден өткен адамның қайталанбас қасиеттерін айқындау; сыңсу – алғыс айту, қимастық, бауырмалдық қасиеттер; көңіл айту – адамгершілік, жұбату, қайғыны бөлісу, адамдар арасындағы шынайы рухани байланыс; естірту – психологиялық дайындық жасап, өзгенің жанына аялай қарау; топырақ салу – сауап іс, топырақ салғандар неғұрлым көп болса, марқұмның көр азабы жеңілдейді деген түсініктен туған бауырмалдық, көпшілдікке, әлеуметке үйренуге, екеуара шыдамдылыққа бастайтын* құндылықтар.

Зерттеуімізде бұлардың қазақ халқының концептосферасын құрайтын негізінен отбасылық салт-дәстүр концептілері екенін көрсетуге тырыстық.

Қоғамдық формация өзгерген кезде құндылықтар бағдары да өзгереді дедік. Қазақ елі өз тәуелсіздігін алғанымен, тілі мен ділі жағынан өзге елдің жетегіне еруі, өз ұлтының құндылықтарынан біртіндеп айырыла бастауы бір жағынан әлемдік үдерістерге еру, екінші жағынан әлемнің экономикалық құрылымын калькалау, яғни урбандалу кезеңіндегі жоғалып, азайып бара жатқан ұлттық құндылықтардан көрінеді. Осыған орай, қаламгерлер туындыларында оппозициялық қасиеттерді сынау мотивтері де кездесті.

ҚОРЫТЫНДЫ

Құндылық категориясын зерттеудің басым бағыттары сонау ежелгі грек философиясынан бастау алатындығы белгілі. Ал этномәдени құндылықтар және оның көркем әдебиет арқылы көрініс тауып, дәріптелуі тұрғысында қазіргі заманғы әлеуметтік ортаның жағдайы, не жеке тұлғаның кісілік қалпы, құлқы мен әрекеті және оның көркем образ деңгейінде ашылу құбылыстары – арнайы зерделеуді қажет ететін маңызды рухани жалпыадамзаттық факторлар болып табылады. Осыған орай, философиялық, психологиялық, педагогикалық термин ретінде «аксиология» ұғымының түп-төркінін, шығу тегі мен мәнін анықтауға, саралап танытуға, талдауға бағытталған зерттеулердің ұдайы жүргізілуі кейінгі 30 жылдай уақыт көлемінде мықтап қолға алынды. Кезінде Кеңестер Одағы құрамында жасаған ұлттар мен ұлыстардың мәдениеттану, әдебиеттану, саясаттану, философия, психология, педагогика ғылымдарының кешенді пәнаралық зерттеулерге арқау болып, қарқынды өрістеуі этномәдени құндылықтардың әлемдік мәдениеттің тарихи арналы, дәстүрлі басым бағыттарын айқындайтындығынан болса керек

Көптеген зерттеулерде ғалымдар құндылық, этномәдени құндылық туралы нақты, бірізді түсініктің жоқ екендігіне сан тарап пайымдауларды ұсынып отырады. Пәндік негізде басым сипаты мен басты мазмұнын тап басып танытуға бағытталған зерттеулердің әрқайсысының да қисынды байламдары бар. Соған қарамастан «құндылық» категориясының айғақталу үдерісі адамзат тарихының бел-белестерін көктей өтіп келіп, бүгінгі уақыттың да күн тәртібінде тұрғандығын көреміз. Десек те, әлемдік танымда құндылық категориясының түрлі ғылым салаларындағы өзекті зерттеулердің шешімінде өзіндік поэтикасы нақтылана түскендігі де рас.

Этномәдени құндылық, оның әдебиеттегі көрінісі тұрғысында сөз қозғау әдеби үдерістің тарихилығымен, көркем поэтикалық кеңістігімен қамтылатын, әдебиет тарихының қилы даму кезеңдерімен сабақтастықта, күрделі танымдық толқыныстарда ғана зерделеуге ыңғай беретін салмақты, ауыр құбылыс екендігін кешенді түрде танымдық тұрғыдан зерттеу негізінде шешімін таба бастайтын мәселе. Сондықтан әдебиетте жалпыадамдық құндылықтар – жеке ұлттық мәдени, рухани игіліктерді сақтап отыратын мәдени құбылыс ретінде әрдайым өзекті. Мәдени кеңістік адамның тұлғалық қалыптасуында аса ықпалды категорияның бірі ретінде ұдайы назарға алынып отырады.

Осыған орай, қазіргі уақытта әлеуметтік орта құндылықтарын әлеуметтану, психология, тарих, педагогика сынды ғылым салалары арнайы зерттеу нысаны етіп қарастырады. Этномәдени құндылықтар – адам баласының өзін қоршаған табиғи, әлеуметтік ортамен қарым-қатынас ұстанымы, өзіне қатысты, туған ұлтына қатысты бұлжымайтын, тұрақты рухани тіректері.

Этномәдени құбылыстың жекелеген салт-дәстүрлер, ғұрыптық ерекшеліктер, әдеп пен әдет төңірегінде ғана танылмайды, адам баласының

тіршілігінде қастер тұтатын дүниесінің барлығы – құндылық екендігі бағамдалды. Олар жұмыста ең біріншіден, табиғатқа және адамның айналасындағы заттарға қатысты – *материалдық құндылықтар,* екіншіден, адамдарға қатысты, «өзім және өзге» қарым-қатынас жүйесін анықтайтын – *әлеуметтік құндылықтар,* үшіншіден, жеке адамға қатысты «мен» және «менікі» - *этникалық құндылықтар* болып қарастырылды.

Зерттеуіміздің І-тарауында қазіргі қазақ әңгімесіндегі этномәдени құндылықтар бойынша қазақ ұлтының ана тілі, атамекен, ауыл, дара мінез болмысы, отбасылық, туыстық қатынас жалпы этномәдени құндылықтар ұғымы аясында нақтыланып, арнайы әдеби материал негізінде сараланып, талданды. Сондай-ақ қазақ әңгімесіндегі этномәдени құндылықтар дискурсы, суреткер Шерхан Мұртаза шығармаларындағы ұлттық бірегей болмыс проблемасында қазақы жаратылыстан алыстап бара жатқан ұлттық құндылықтарға араша түсу миссиясы, жалпыадамзаттық өзекті құбылыстарды көркемдік кеңістікке тартудағы дара шеберлік, жанр спецификасын сақтау ерекшілігі талданды.

Ұлттық бірегейлік өзектілігінде көркем тұлғаның рухани ықпал әлеуетін қалыптастырып отырған қазақ қаламгерлерінің «әңгіме» атты шағын жанрға этномәдени құндылықтар өнегесін орнықтырудағы тіл қолданыс әлеуеті, жанрлық шарттылықтармен «тіл табысу» тәсілі, жазу дағдысындағы дара стильдік сипаттар, дәстүр мен жаңа жазу дағдылары тұрғысында ой қорытылды.

Сондай-ақ жұмыста авторлық ұстаным тұрғысында нақтылы бір этномәдени құндылықтар арқауының көркем шығармаға сіңірілу мақсатының көркемдік шешімі, жазудағы оңтайлы әдіс-тәсілдер, дара машық бойынша да зерделеулер жасалды.

Диссертациялық жұмыс барысында қазіргі қазақ әңгімесіндегі этномәдени құндылықтар категориясының көркемдік өрісін нақтылы теориялық саралау, талдаулар арқылы ғылыми негіздеу міндетінде белгілі қазақ қаламгерлерінің әңгіме жанрындағы озық туындылары талданды. Атап айтқанда, Ш.Мұртаза, Қ.Жұмаділ, Б.Нұржекеұлы, Т.Нұрмағамбетов, т.б. бірқатар жазушылардың шығармашылықтарындағы этномәдени құндылықтарды көркемдік шешімге кіріктірудегі өзіндік дара қаламгерлік қолтаңбасы, шеберліктің жаңа сипаттары анықталды. Этномәдени құндылықтарды мәтін мазмұнына сіңірудегі қаламгерлік мұрат, шығармашылық жазу тәсілдері Ш.Мұртаза, А.Алтай, Н.Ораз шығармалары негізінде алғаш рет зерттеліп, жүйеленді. Қаламгерлер туындыларындағы этномәдени аксиологемалар ұлттық формада және жалпыадамзаттық құндылықтар парадигмасында ажыратып көрсетілді.

Біз талдаған әңгімелердің басым көпшілігі қазақ ұлтының өкілі, оның өмір ортасы туралы жеке тұлғалық мінез-құлық, психологиялық, болмыс ерекшелігін арқау ете отырып жазылған. Сондықтан оларда қазақы бірегей жаратылыстың тарихи негізді болмыс бітімі тұлғаланады. Мысалы, сүйінші ұғрыпы – қуанышты бөлісу, қуана білу, позитивті ойлау, бауырмалдық

құндылықтарына; аунату ғұрыпы – жақсыны үлгі тұту, идеалға ұмтылу; сыбаға – сыйластық, жөн-жобаны білу, ағайын-бауыр, туған туыс, құда-жекжат арасындағы жақындастық, этикалық нормалар; көңіл сұрау – халін білу, этикалық норма, бауырмалдық; байғазы – бауырмалдық, ағайындық, жомарттық; ерулік – қонақжайлылық, тез тіл табысу, аралас-құралас болу, жаңа ортаға сіңісіп кетуіне ықпал ету, бөтенсітпеу, адамдарды жақын ету секілді рухани-адамгершілік құндылықтар дәріптеледі; жоқтау – бұл өмірді, адамды құндылық ретінде есептеу, өмірден өткен адамның қайталанбас қасиеттерін айқындау; сыңсу – алғыс айту, қимастық, бауырмалдық қасиеттер; көңіл айту – адамгершілік, жұбату, қайғыны бөлісу, адамдар арасындағы шынайы рухани байланыс; естірту – психологиялық дайындық жасап, өзгенің жанына аялай қарау; топырақ салу – сауап іс, топырақ салғандар неғұрлым көп болса, марқұмның көр азабы жеңілдейді деген түсініктен туған бауырмалдық, көпшілдікке, әлеуметке үйренуге, т.б. рухани-адамгершілік құндылықтарға бастайтын қасиеттер зерделенді. Зерттеуімізде бұлардың қазақ халқының концептосферасын құрайтын негізінен отбасылық салт-дәстүр концептілері екенін көрсетуге тырыстық.

Бұл мәселе жұмысымыздың II-тарауында салт-дәстүр арқылы көрініс тапқан этгомәдени құндылықтар арқылы нақты деректермен дәйектелді. Мысалы, *шашу, сыңсу, көңіл айту, естірту, жоқтау, жаназа, ат тұлдау, сүйінші сұрау, бата беру, аунату, құдайы ас беру, сыбаға, ырым ету, ерулік беру* шығармалардан нақты фрагменттер арқылы берілді. Материалдық мәдениетке жататын тағам атауларына қатысты *(қымыз, т.б.);* ыдыс атауларына қатысты *(тай саба, құнан саба, күбі, торсық, қауақ, мес, піспек, керсен, шелек, шара, тостақ, тостаған, алтын көз зерен, күміс көзе, қалайы шөміш, сырлы ожау, ағаш табақ);* ұлттық ойын атауларына қатысты *(додa, көкпар, салбурын)* үзіктер де нақты мысалдар арқылы қамтылды. Ал *қанжығаға байлау, сүйекке таңба салу* сияқты ұлтқа тән ұғымдар өзім-өзге бинарлы концептіде талданды.

Ш.Мұртаза, Қ.Жұмаділов, Д.Досжан, М.Мағауин, Б.Нұржекеұлы, Т.Нұрмағамбетов, Ж.Шаштайұлы, А.Алтай, Н.Ораз, Д.Амантай, Р. Мұқанова, А.Кемелбаева, т.б. қаламгерлер шығармашылығындағы этномәдени сипаттарды басым түрде ұлттық топыраққа байланып жазудағы көркемдік шешімдерін көрсеттік.

Зерттеу барысында қазіргі қазақ әңгімелеріндегі этномәдени құндылықтардың көркемдік шешімі қазіргі әлемдік әдеби үдерістердің озық шығармашылық тәжірибесін сіңіре отырып таза ұлттық бірегейлік түптамырынан ажырамаған, барлық дерлік туындыларда постотарлық ұлтшылдық (ұлтжандылық) нышандар батыл көрініс тапқан жаңа көркемдік беталыстар түзгендігі айқындалды. Әдеби шығарманы аксиологиялық тұрғыдан арнайы зерттеу міндетінде қазіргі қазақ әдебиетіндегі әңгіме жанрының дәстүрлі негіздері мен жаңа көркемдік бағыттары жекелеген шығармашылық тұлғалардың әдеби-көркемдік тәжірибесінде сараланып, қазіргі әңгімедегі ұлттық құндылықтардың көрініс табу үдерісі жаһандық

мәдени даму, дәстүрлі ұлттық таным, баянды ұлттық мұраттарға негізделіп отырғандығы тұрғысында жинақтаушылық мәнде де, жеке тәжірибе өнегесінде де қазіргі әдебиеттану ғылымының жаңа зерттеу бағыттарында концептуалдылық тұрғысында мәні бар тың пайымдаулар жасалды. Тақырып бойынша зерттеудің жаңа тәжірибесін орнықтыру өзектілігінде тың әдіснамалық бағдарлар ұстанымына басымдық берілді.

Ұлттық мәдени құндылық концептілерінің этнографиялық негіздерімен бірге тұтас ұлттық бірегейлік маңыздылығындағы құндылық категорияларына арнайы зер салынды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Алаш, 2003.
2 Ысмайылов Е. Әдебиет теориясы. – Алматы, 1940.
3 Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. – Алматы: Мектеп, 1969. – 243 б.
4 Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Мектеп, 1979. – 360 б.
5 Нұрғалиев Р. Екі томдық. Діңгек. – Алматы: Арда, 2009. – Т.1. – 592 б.
6 Қирабаев С. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Қазығұрт, 2007. – Т.1-8. – 464 б.
7 Кәкішұлы Т. Қазақ әдебиеті сынының тарихы. – Алматы: Санат, 1994.
8 Бердібай Р. Қазақ тарихи романы. – Алматы, 1979. – 240 б.
9 Әшімбаев С. Парасатқа құштарлық. – Алматы: Жазушы, 1989.
10 Жұмабек С. Тахауи Ахтанов. Талант тектоникасы. – Алматы: Жазушы, 2002.
11 Майтанов Б. Тәуелсіздік – күрес мұраты: зерттеулер мен мақалалар (60 жылдық мерейтойына арналған). – Алматы: Құс жолы, 2012. – 490 б.
12 Дәдебаев Ж. Жазушы еңбегі. – Алматы: Қазақ университеті, 2001. – 340 б.
13 Есембеков Т. Көркем мәтін поэтикасы. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 228 б.
14 Ысқақұлы Д. Рухани толғамдар: Зерттеулер. – Алматы, «Қаратау КБ» ЖШС; Дәстүр, 2015. – 404 б.
15 Әбдезұлы Қ. Әдебиет және өнер. – Алматы, 2003. – 183 б.
16 Ісмақова А.С. Асыл сөздің теориясы. – Алматы: Таңбалы, 2009. – 376 б.
17 Жарылғапов Ж. Қазақ прозасындағы әдеби ағымдар және көркемдік әдіс: филол.ғыл.док. – дис. – Астана, 2009. – 278 б.
18 Пірәлі Г.Ж. Әдебиеттанудың өзекті мәселелері: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 214 б.
19 Жанұзақова Қ. Қазақ прозасындағы романтизмнің көркемдік әлемі. – Астана: «Есенбекова» ИП, 2009. – 450 б.
20 Балтабаева Г.С. Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ прозасы. – Алматы: ҚазМемҚазПУ, 2012. – 273 б.
21 Қалиева А. Көркем әдебиет: шығармашылық тұлға және психологизм. – Алматы: ЖК «Сейітжанова Ж.Д.», 2012. – 200 б.
22 Бөпежанова Ә. Өнер – жеке тәжірибе. – Алматы: Жібек жолы, 2007. – кітап 1. – 328 б.
23 Елеукенова Г. Қазақ мәдениеті [Мәтін] : энциклопедиялық анықтамалық.- Алматы: Аруна Ltd, 2010.
24 Кулумбетова А.Е. Стиль казахского рассказа и повести. – Алматы: Жазушы, 1993. – 384с.
25 Савельева В.В. Художественная антропология. – Алматы, 1999.

26 Сафронова Л. Постмодернистская литература и современное литературоведение Казахстана: учебное пособие. – Алматы: КазНПУ им. Абая, 2006. – 96 с.
27 Жетписбаева Б.А. Символ в движении литературы. – Алматы: Ғылым, 1999. – 288с.
28 Садықов Х.Н. Слово.Образ.Идея: Опыт чтения и интерпретации художественного текста. – Алматы: Ғылым, 1994. – 123 с.
29 Темірболат А. Проблема хронотопа в современной прозе – Алматы: Ценные бумаги, 2003. – 199 с.
30 Ержанова Г. Кеңестік кезеңдегі қазақ романдарындағы интеллигенцияның бейнесі [Мәтін] / Г. Ержанова // Ақиқат. - 2010. - № 10. - 87-89 б.
31 Смағұлова Г. «Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері» докторлық диссертация 1998ж.
32 Ибрагимова Ұ.Б. Қазіргі қазақ әңгімелерінің көркемдік ерекшеліктері (2000 - 2008) докторлық диссертация 2010ж.
33 Қанарбаева Б. Қазақ әдебиетіндегі модернизм: Арнаулы курсқа бағытталған көмекші оқу құралы / Алматы: Экономика, 2012. – 330 б.
34 Көпбаева М. Шерхан Мұртаза шығармашылығының қазіргі қазақ әдебиетіндегі орны // Ізденіс-Поиск (гуман.ғылым.сер.). – 2008. – №4. – 180-187 бб.
35 Тебегенов Т.С. Тәуелсіздік дәуіріндегі жаңа қазақ әдебиеті (XX ғ. 90-жылдары және XXI ғ. бас кезі). – Семей: Үш биік, 2013. – 380 б.
36 Толысбаева А.Т. Қазіргі қазақ прозасындағы характер мен жағдайдың байланысу түрлері: филол.ғыл.док. ...дис. – Алматы, 2010. – 129 б.
37 Тұрысбек Р. Дүниетаным және шығармашылық. – Алматы: Санат, 1993. – 143 б.
38 Орда Г. Көркем ойдың құдіреті: зерттеулер мен мақалалар. – Алматы: «Кие» лингвоелтану инновациялық орталығы, 2007. – 304 б.
39 Сәулембек Т.Р. Постмодернистік мәтіндегі интертекстуалдық байланыстар // «Заманауи бәсекелестіктегі жоғары білім беру және дамытудың мәселелері мен перспективалары» конф.матер.жинағы. II том. – Шымкент, 2017. – Т.2. – Б. 158-163.
40 Қуантайұлы Н. Асыл сөз. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2015. – 372.
41 Веселовский А.Н. Историческая поэтика. – М., 1996.
42 Бахтин М.М. Проблема речевых жанров // Собр.соч.: в 7 т. – М.: Русские словари, 1996. – Т.5. – 732 с.
43 Хализев Е. Теория литературы: учебник / В.Е. Хализев. – 4-е изд., испр. и доп. – М.: Высш.шк., 2005. – 405 с.
44 Барт Р. Избранные труды: Семиотика: Поэтика / сост., под ред. Г.К. Косикова. – м.: Прогресс, 1989. – 616 с.
45 Бордийяр Ж. Симулякры и симуляция / пер. О.А. Печенника. – Турла, 2013. – 204 с.

46 Борев Ю.Б. Эстетика / Ю.Б. Борев. – М.: Русь-Олимп: АСТ: Астрель, 2005. 829 с.
47 Ривкин Дж., Райан М. Әдебиет теориясы. 2019ж. Астана.
48 Томашевский Б.В. Теория литературы. Поэтика. – М., 1996.
49 Фрейд З. Введение в психоанализ. Лекций. – М., 2002.
50 Шмид В. Нарратология. – М., 1991.
51 Юнг К.Н. Архетип и символ. – М., 1978.
52 Бремон К. Структурное изучение повествовательных текстов В. Проппа // В кн.: Семиотика. – М.: Радуга, 1983. – С. 429-437.
53 Бахтин М.М. Эстетика словестного творчества. – М., 1979.
54 Педагогика. №13. Год 2010 // Торшеника С.Н. Этнокультурные ценности как основа самообразования личности.
55 Қазіргі әдебиеттегі жалпыадамдық құндылықтар. – Алматы: «EVOPress», 2017. – 708 б.
56 Вестник ЧГПУ им. И. Я. Яковлева. 2015. № 1 (85) // Л. Н. Данилова. Этнокультурные ценности как средство формирования этнокультурной компетентности у старшекласников.
57 Смысл как системообразующий компонент структуры идентичности [Электронный ресурс]. – Режим доступа: http: // www.personalita.ru / 199 html.
58 Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии / С.Л. Рубинштейн. – СПб.: Питер, 2003. – С.388.
59 «Вестник Мининского университета» № 2 – 2013//Аппатова Г.А., Киселева И.А. Человек-идеал-общество: проблемы аксиологии литературы.
60 Котлярова В.В. Методологические проблемы современной аксиологии. Гуманитарные и социально-экономические науки, 2013. – №1
61 Хализев В.Е. Теория литературы: Учебник / В.Е. Хализев. – 4-е изд., испр. и доп. – М.: Высш.шк., 2005. – 405 с.
62 Райан М. Әдебиет теориясы: Кіріспе. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 292 б.
63 Жарықбаев Қ. Психология негіздері. – Алматы: Эверо, 2015. – 464 б.
64 Мырзахметұлы М. Қазақ қалай орыстандырылды? – Алматы, 2010. – 400 б.
65 Мадиева Г.Б. Ономастика: теориясы мен практикасы: оқу құралы / Г.Б. Мадиева, С.Қ. Иманбердиева, Д.Б. Мадиева. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 192 б.
66 Бижкенова А.Е. Деонимный семиозис и репрезентативность лексического и словообразовательного значений деонимов: автореф.дис... д-ра филол. наук. – Алматы, 2004.
67 Сапаров Қ.Т. Павлодар облысы топонимдерінің қалыптасуының геоэкологиялық астарлары: геог.ғылымд.канд.дис. автореф. – Алматы, 2004.

68 Ильдарханова Ф. А., Галиуллина Г. Р. Этнокультурные ценности современных семей Республики татарстан. «Центр семьи и демографии Академии наук Республики Татарстан», г. Казань
69 Жаксылыков А. Развитие прозы Казахстана. Простор 2018, 25 декабрь. – 148 с.
70 Сейсембай Т.Г., Сейсембай Г.А. Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әңгімелерінің көркемдік ерекшелігі // Вестник КГПИ.2015. №1 (37)
71 Нұрғали Р. Әдебиет теориясы. Нұсқалық. – Астана: Фолиант, 2003. – 344 б.
72 Тұрысбек Р., Байтанасова Қ. Қазіргі кезең әдебиеті. Оқулық. – Астана, 2014.
73 Фольклор және қазіргі қазақ әдебиеті. – Алматы, 2011.
74 Ғ.Мүсіреповтің шығармалар жинағы. І-том. Әңгімелер. А., «Жазушы», 2002, – 140 б.
75 Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. Орта мектептің жоғары класстарына арналған құрал. – Алматы: Мектеп, 1969. – 244 б.
76 Ысқақұлы Д. Рухани толғамдар: зерттеулер. – Алматы: «Қаратау КБ» ЖШС, «Дәстүр», 2015. – 404 б.
77 Құрман Н.Ж. Қазақ тілін оқытудың этномәдени және әлеуметтік-лингвистикалық мәселелері // Вестник Карагандинского университета. Серия «Филология». – №3(83). – 2016.
78 Мұртаза Ш. Бойтұмар: Әңгімелер / Құраст., алғысөзін жазған С. Жұмабек. – Алматы: Раритет, 2006. – 256 б.
79 Қазіргі әдебиеттегі жалпыадамдық құндылықтар. – Алматы: «Evo Press», 2014. – 408 б.
80 Әдебиет теориясы: Антология. 3-том / Джули Ривнин мен Майкл Райанның редакциясымен. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 440 б.
81 Әдебиет теориясы: Антология. 1-том / Джули Ривнин мен Майкл Райанның редакциясымен. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 568 б.
82 Елеукенова Т.Ш. Поэтика казахского рассказа. Дисс.на соиск.уч.степ.д-ра филол.наук. – Алматы, 2005.
83 Бадмаева Ц.А. Этнокультурные ценности калмыков. Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата философских наук. – Ставрополь 2007. – 23 с.
84 Сапаров Б.Б. Роль национального наследия и ценностей в формировании самосознания // https://cyberleninka.ru/article/n/rol-natsionalnogo-naslediya-i-tsennostey-v-formirovanii-samosoznaniya/viewer
85 Максимов Л.В. Этика и мораль: соотношение понятии // https://iphras.ru/uplfile/root/biblio/em/em4/2.pdf
86 Белинский В.Г. Собр.соч. в трех томах. – М., 1948. – Т.1. – 79 с.
87 Сейдімбек А. Қазақ әлемі: этномәдени пайымдау. – Алматы: Санат, 1997. – 465б.

88 Думанов Х.М., Першиц А.И. Матриархат: новый взгляд на старую проблему // Вестник Российской академии наук. — 2000. — Т. 70. — № 7. — С. 621–627
89 Есенова Х. Этнокультурные ценности в художественном образовании Казахстана // 03, 2013.
90 Тэрнер В. Символ и ритуал. – Москва: «Наука», 1983. 280 с. Хадеева А. П. Китайская ритуальная символика в аксиологическом аспекте // Культуры и языки стран Дальнего Востока: изучение и обучение: материалы Международной научно-практической конференции. Иркутск: МГЛУ ЕАЛИ, 2015. С. 251-261.
91 Топоров В. Н. Миф. Ритуал. Символ. Образ. М.: Прогресс; Культура, 1995. 624 с.
92 Тразанова Н. Ю. Параметризация паремиологии как аксиологического кода лингвокультуры: дисс. к. филол. н. – Иркутск, 2012. – 256 с.
93 Нұрмағамбетов Т. Бөрібайдың тымағын ит алып қашқан қыс. – Алматы:Атамұра, 2006. – 216 б.
94 Сейдімбек А., Әбжанов Х., Салғараұлы Қ. Ұлттық идея: тарихи тағдыры мен болашағы. – Астана: Фолиант, 2012. – 248 б.
95 Смағұлова Н.Қ. Қазақ прозасындағы рухани құндылық: Оқу құралы. Петропавл: М.Қозыбаев атындағы СҚМУ, 2008. – 83 б.
96 Әшімханұлы Д. Көп томдық шығармалар: Т.1. Тасқала: повестер мен әңгімелер. – Астана: Нұра-Астана, 2015. – 480 б.
97 Воркачев С. Г. Культурный концепт и значение // https://www.twirpx.com/file/282568/
98 Маслова А. В. Лингвокультурология. – Москва, 2001. – 183 с.
99 Қорғасбек Ж. Айгүл Кемелбаеваның «Көкқия» әңгімесі туралы // Алқа журналы № 8 (70) 2014.
100 Кемелбаева А. Түсіпхан немесе жоқтау салты туралы // Қазақ әдебиеті, 2006. – 16 маусым.
101 Кемелбаева А. Көкқия. Әңгіме // Әдебиет порталы. https://adebiportal.kz/kz/news/view/1926
102 Дәутайұлы Н. Шыңыраудан шыққан шер (Эссе) // Әдебиет проталы https://adebiportal.kz/kz/news/view/12189
103 Пірәлиева Г. Көркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелері (Түс көру, бейвербалды ишараттар, заттық әлем). – Алматы: Алаш, 2003. – 328 б.
104 Шүйіншәлиева М. Служак // http://www.elarna.net/m/koru_kk.php?id=1002004
105 Қазіргі қазақ әдебиеті: даму үрдістері, есімдер мен оқиғалар: Ұжымдық монография. – Алматы: “Print express”, 2017. – 510 б.
106 Омарова М. Қадір түні: Проза. – Алматы: «Жалын баспасы» ЖШС, 2012. – 320 б.
107 Тілепбергенов Қ. Көкек әке: Проза. – Алматы: «Жалын баспасы» ЖШС, 2013. – 192 б.

108 Ордашева С. Идеалдармен қоштасу // https://qalamger.kz/literature/debiet/idealdarmen-oshtasu/36
109 Қоныс Л. Ағылшын тілін үйретерін оқулықтың авторымын// http://ulan.kazgazeta.kz/news/34034?fbclid=IwAR0cwGMzz3CQE8zzqJyz-U3ncZTwuxtkHmlquqOxz4aF9FfeDOg1SnIHdHE
110 Франкл В. Страдания от бессмыленности жизни // https://ru.bookmate.com/reader/UYg6vI8c?resource=book
111 Франкл В. Современная литература глазами психиатра // http://lastwave.dogma.com/publ/sudi_konkursa/stati_konferencii/sovremennaja_literatura_glazami_psikhiatra/9-1-0-607
112 Раушанов Е. Қалыптасып үлгерген қолтаңба иесі // https://qalamger.kz/literature/debiet/esen-ali-raushanov-alyptasyp-lgergen-olta-ba-iesi/73
113 Валиханов Ч. Следы шаманства у киргизов // Избранные произведения / А.Х. Марғұлан ред. – Алматы, 1958. – 414 с.
114 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі: 50 мыңға жуық сөз бен сөз тіркесі. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 967 б.
115 Сәрмекова Б. ЫРым // https://adebiportal.kz/kz/news/view/21075
116 Есембеков Т.У. Функции драматизма в художественном тексте. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 304 с.
117 Ахметова З. Күретамыр. – Алматы, 2019. – 207 б.
118 Түменбай Қ. Қоңсы // http://anatili.kazgazeta.kz/news/52372
119 Құран аяттары // https://www.muftyat.kz/ru/nasihat/zhuma-minberi/2017-05-29/21941-otandyi-syu-imannan-2
120 Худайбергенов Н.Д. Қазіргі қазақ прозасындағы жалпыадамзаттық құндылықтар (1991-2016 жж.). Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазылған диссертация. – Алматы, 2020. – 150 б.
121 Рамазан Д. Жылап аққан тамшылар: Әңгімелер. – Алматы: ҚАЗақпарат, 2011. – 320 б.
122 Алтай А. Киллер сауысқан. Повестер мен әңгімелер. – Алматы: Арда+7, 2013. – 400 б.
123 Шаштайұлы Ж. Тау мен дала. Повестер мен әңгімелер. Т.1. – Алматы: Ан-Арыс, 2010. – 360 б. Т.
124 Гачев Г.Д. Национальные образы мира. Кавказ. Интеллектуальные путешествия из России в Грузию, Азербайджан и Армению. М.: Издательский сервис, 2002. – 416 с.
125 Дәутайұлы Н. Кісі иесі: повестер мен әңгімелер. – Астана: Фолиант, 2018. – 240 б.
126 Ғабитов Т. Қазақ философиясы: ұлттық идея кең мәнінде. – Алматы: Раритет, 2010. – 241 б.
127 Ораз Н. Даладан қалаға келгендер: Хикаят және әңгімелер. – Алматы: Қайнар, 2006. – 280 б.
128 Нұржекеев Б. Әңгімелер. https://www.zharar.com/index.php?do=shorttexts&category_id=10&tag_id=1

5993
129 Досжан Д. Қымыз // https://kitap.kz/book/2900/read#epubcfi(/6/2[id1]!/4/2/2/1:0)
130 Меңдеке Ә. Қоғам қоясын ақтарған суреткер // Жас Алаш, 2008. – 17 сәуір.
131 Досжанова С. Қашқынның зары // https://abai.kz/post/39703
132 Тоқтарбай Е. Бір уыс топырақ тағылымы // https://ruh.kz/kz/news/bir_uis_topirak_tagilimi/
133 Алдашбаев С. Сөздің сырын ұғып жүрміз бе? // https://tolqyn.kz/zanalyk/ruhaniyt/4557-szd-syryn-yp-zhrmz-be.html
134 Айдархан Н. Құлбек Ергөбектің Жұмабай Шаштайұлына жазған хаты // https://massaget.kz/layfstayl/debiet/syn/16344/
135 Қалижанов У. Қазіргі әңгімелер // Қазіргі әдебиеттегі жалпыадамдық құндылықтар – Алматы: Evo Press, 2014. – 708 б.
136 Сәмитұлы Ж. Ана сүті // https://www.samituly.kz/%d0%b0%d0%bd%d0%b0-%d1%81%d2%af%d1%82%d1%96-%d3%99%d2%a3%d0%b3%d1%96%d0%bc%d0%b5
137 Айдабосын Е. Сырттанның итаяғы // https://www.akalam.kz/kk/lyrics/2604
138. Қирабаев С. Ұлт тәуелсіздігі және қазақ әдебиеті: әдебиеттік зерттеулер, сын мақалалар, естеліктер. – Алматы: Жібек жолы, 2011. – 596 б.
139. Алтай А. Киллер сауысқан. Повестер мен әңгімелер. – Алматы: «Арда+7», 2013. – 400 б.
140. Исмагулова Т.М. Международный журнал прикладных и фундаментальных исследований. – 2016. – № 11 (часть 5) – С. 900-902
141. Қазіргі қазақ әдебиеттануындағы Тәуелсіздік идеясы. – Алматы: «Тіл» оқу-әдістемелік орталығы, 2011. – 528 б.
142 Дәдебаев Ж. Қазіргі қазақ әдебиеті: лекцялар курсы. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 311 б.